

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

М. Е. УАЛИЕВ

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

ҚАРАҒАНДЫ
2012

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

М. Е. УАЛИЕВ

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

ДӘРІСТЕР КУРСЫ

ҚАРАҒАНДЫ
2012

УДК 94 (574), (075.8)

ББК 63.3 (5Каз) я73

У12

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы ғылыми кеңесінің шешімі бойынша басылды

Пікір берушілер: Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетіндегі, қазақстан тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты **Ж. Т. Төлеухан**;

Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы жалпы білім беретін пәндер кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының кандидаты **Б. Ғ. Нұрмағамбетов**.

У12 М. Е. Уалиев Қазақстан тарихы: Дәрістер курсы. — Қарағанды: ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2012. — 282 бет.

ISBN 978-601-7231-65-1

Дәрістер курсы ежелгі Қазақстан тарихы заманынан бастап қазіргі кезге дейінгі аралықты қамтиды. Сонымен қатар Қазақстан территориясындағы ерте дәуір, ерте және дамыған орта ғасырларда өмір сүрген тайпалар мен мемлекеттер, моңғол шапқыншылығы, қазақ халқының қалыптасуы XV-XVIII ғғ. Қазақ хандығының саяси, әлеуметтік және мәдени тарихы, отаршылдық дәуір кезеңіндегі Қазақстан, бодандыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалыстар, XIX-XX ғасырлардың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы, Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнауы, ұжымдастыру және индустрияландыру саясаттары, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақстандықтардың майдандағы мен тылдағы ерліктері, тың және тыңайған жерлерді игеру, XX ғасырдың 60-80 жылдарында мемлекет дамуындағы қарама-қайшылықтар мен қиыншылықтар, Қайта құру саясаты, әсіресе Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы, ішкі және сыртқы саясаттары сияқты курстың аса маңызды тақырыптарын қамтиды. Ұсынылып отырған дәрістер курсы жоғары оқу орындарының, соның ішінде заң қызметкерлерін даярлайтын жоғары оқу орындарының тыңдаушыларына және Қазақстан тарихына қызығушылық танытатын қауымға арналған.

ISBN 978-601-7231-65-1

© ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы

Қарағанды академиясы, 2012;

© М. Е. Уалиев., 2012

1-ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА КІРІСПЕ. «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» КУРСЫНЫҢ ПӘНІ, МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Қазақстан тарихы бойынша дәрістің негізгі мақсаты мен міндеттері.
2. Қазақстан тарихын дәуірлеу.
3. Қазақстан тарихының аса маңызды мәселелері.

1. Қазақстан тарихы бойынша дәрістің негізгі мақсаты мен міндеттері

Өркениетті елдердегі сияқты егемен, тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарында студенттерге білім беру процесінде қоғамдық ғылымдар жүйесі енгізілген. Олар: Қазақстан тарихы, философия, саясаттану, экономика теориясы, мәдениеттану, әлеуметтану, мемлекеттік құқық негіздері пәндерінен тұрады. Иргелі ел санатына қосылуы, азаматтарымыздың осы ғылымдары толық меңгеруімен айқындалады.

Қоғамдық ғылымдар бір-бірімен тығыз байланысты. Солардың арасында Қазақстан тарихы курсы да ерекше орын алады. Қазақстан жастарының өз жерінің, елінің тарихын жақсы білуі қажет, қастерлеуі керек. Халық арасында жиі айтылатын, ақын М. Шахановтың — адамның өз туған анасынан басқа да, тағы төрт анасы бар. Олар: туған жері, туған тілі, әдет-ғұрып, салт-санасы, дәстүрі, менталитеті және туған тарихы екендігі әрқашан жадымызда сақталуы керек.

Қазақстан тарихы пәні — тәуелсіз Қазақстан Республикасының ежелгі дүниеден бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихын оқытады. Ол дүниежүзілік тарихтың бір бөлшегі. Шындығында, ежелгі дүние, орта ғасыр кездерінде қазақ жерінде көптеген тайпалық одақтар, мемлекеттер қордаланып, өсіп, өрбіді. Қазақ халқы ұлт болып құрылды. Ұлттық тарихымыздың қуанышты сәттерімен қоса трагедиялық сәттері қоса-қабат жүрді. Сол себепті Қазақ тарихын оқытудың мәні мен мазмұны еліміз бен жеріміздің өткен тарихы мен бүгінгі тарихын тәуелсіздік рухында зерделей отырып ұлттық идеямен тығыз байланыстырып қарастыру қажет. (Ұлттық идея дегеніміз — тарихтың жоғалтқанын бүгіннен іздеу, бүгіннің талабын тарихта кеткен қателіктерден арыла отырып қанағаттандыру, келешекке халық тарихының философиясы арқылы үңілу.

Ұлттық идея дегеніміз, белгілі бір тарихи кезеңге ұлттың сай болуын қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық мұраттар және оларды жүзеге асы-

рудың жолдары. Оның негізгі нысанасы, ұлттық мемлекет құру. Бұл мынандай үш өмірлік міндетті алға тартады.

1. Ұлттық саяси элита қалыптастыру.
2. Ұлттық экономикалық буржуазия қалыптастыру
3. Ұлтты жетілдіру — қазақ адамын әлем адамы дәрежесіне көтеру, тарихи дәстүрлі игі қасиеттерді адамзаттық деңгейде байыту.

Сонда ғана көп ұлтты қазақ халқының тарихы басқа елдердің тарихынан кем емес екендігіне көзіміз жетеді. Оқу үрдісінде тарихи жалғандық болмас үшін еліміздің экономикасы, әлеуметтік құрылысы, саяси дамушылығы, мәдени гүлденуі және т. б. тіршілік тұтқалары әр тарихи кезеңдерге байланысты кеңінен қарастырылып оқытылады.

2. Қазақстан тарихын дәуірлеу

Пәннің әдістемелік негізі жаңа заманымызға сәйкестендіріліп Қазақстан халқының ұлттық бірлігі, экономикалық және мәдени гүлденуі бағытында жатыр. Зайырлы, азаматтық қоғам құру, өркениетті құқықтық мемлекет қатарына қосылу еліміздің бүгінгі таңдағы басты бағыты болып отыр. Қоғамымыздың ең қабілетті азаматтары — жастар өз елінің тарихын оқып, білуі, білімді болуы барысында Отанын сүйгіштікке, әдет-ғұрып, салт-санамызды сыйлаушылыққа, тіліміз бен ділімізді нық ұстаушылыққа тәрбиеленеді.

Қазақ рухы аспандаған (1992 ж. 23 қыркүйегі мен 4 қазанның арасы) дүние жүзі қазақтарының құрылтайында Қазақ тарихы төңірегіндегі көптеген ойлар ортаға салынғаны баршамызға белгілі. Онда «Біз қазақ қайдан шықтық». «Әлемдегі өркениетте», «Тарих көшінде алар орнымыз қандай?» деген сұраулар тілге тиек, сезімге тірек болды. Осы құрылтайда белгілі тарихшы академик Манаш Қабашұлы Қозыбаев қазақ тарихы — ата тарихымызды бірнеше асқарлы белестерге бөледі. Олар:

1. Адам баласы қазақ даласында пайда болып, өмір сүрген белес.
2. Сақ, үйсін, қаңлы, алшын, ғұндар заманасы.
3. Түрік тектес тайпалар дәурені.
4. Қыпшақ белесі.
5. Моңғол үстемдігі.
6. Қазақ халықтары: халықтың, ұлттың қалыптасуы.
7. Отаршының бұғауында.
8. Қазақ халқы кеңес империясының уысында.
9. Қазақ халқы егеменді тәуелсіз ел.

Қазақстан тарихының бірнеше асқарлы белестерін білгеннен кейін енді оны уақыт кестесіне бөлуге болады.

1. Ертедегі немесе ежелгі дәуір кезеңі.

Қазіргі қазақтар ежелгі дәуірде әртүрлі атпен белгілі болған. Олар Еуразияның ертедегі көптеген тарихи оқиғаларының куәгерлері.

Қазақстан тарихының көне хронологиялық уақыты ертедегі дәуір кезеңінен басталып б.з.д. 2,5 млн.ж. — б.з. V ғ. аралығына дейін созылады, немесе Қазақстан территориясында алғашқы адамдардың пайда болуынан бастап Түрік қағанатының құрылуына дейінгі уақытпен өлшенеді.

Қоғамдық-экономикалық, саяси және мәдени қатынастарға енген тайпалар өмірі өзіндік мәдениетті болуы біздің еліміздің өшпес беттерін құрайды. Сақ кезеңін үйсін, қаңлы, алшын және ғұн мемлекеттері ауыстырды.

2. Орта ғасырлық кезең (б.д.VI ғ.-XVIII ғ. алғашқы ширегі)

VI ғасырдың ортасында біздің тарихымызда түрік кезеңі басталады. Дунай өзені мен Алтай тауларына дейінгі кең байтақ территорияны Түрік қағанаты алып жатты.

Күрделі саяси үрдістер мен объективтік экономикалық қатынастар арқылы Түрік қағанаты одан кейінгі құрылымдар қимақ-қыпшақ, керейлер мен наймандардың тайпасының тегеурінді ыркына бағынып, орын берді.

Бұл уақыт көлемінде қазіргі Қазақстанның кең байтақ ұланғайыр территориясында тайпалардың біркелкі шаруашылық және мәдени қоғамы құрылды. Қазақстан территориясына моңғол шапқыншылығы, Ақ Орда, Көк Орда, Дешті Қыпшақ, Қазақ хандығының құрылуы, қазақ-жоңғар қатынастары, қазақ-орыс қатынастары кезеңі уақыттарын қамтиды. Бұл кезеңге ұлттық сананың, мәдениеттің өсіп өркендеуі астарласа дамығандығын байқаймыз. Қазақ халқының этногенездік қалыптасып шығу үрдісі жүрді.

3. Ресей империясының отары болу кезеңі (1731 ж. — 1917 ж. қазаны аралығы).

Қазақ халқының Ресей мемлекетіне бодан болуына көптеген тарихи оқиғалар себепші болған кезең отарлаудың сипаты, салдарлары өте көп. Ол көптеген қарсы қозғалыстарды да тудырды. Халық азаттық қозғалыстар жүрді. Сырым батыр, Есет, Исатай-Махамбет, Саржан, Кенесары, А. Иманов, Б. Әжікеевтер басқарған ұлт-азаттық қозғалыстар заманы. Бұл қозғалыстар ұлттық намысты оятты. Ұлттық мәдениет пен өнер бостандыққа шақырды. Өркенмәдениетке ұмтылушылар: Шоқан, Абай, Ыбырай, Сұлтанмахмұттарды халыққа танытты қоғамдық саяси қозғалыстар мен партиялар ұйымдасты.

4. Кеңес империясы уысындағы кезең (1917 ж. қазанынан 1986 ж. желтоқсаны немесе 1991 ж. желтоқсаны аралығын қамтиды). Коммунистік, марксистік-лениндік, сталиндік идеямен қаруланған большевиктер Қазақ ұлтына зиянды саясат жүргізді. Қазақ зиялыларын қырып жойды.

Ұлттық тіл, мәдениет жойылып кетуге айналды. Экономикалық дамуда талан — таражға түсіру, экологиялық жүдеушілікке ұшыратушылық кезеңі өтті.

5. Жаңа кезең, егеменділік тәуелсіздік кезеңі (1991 ж. 16 желтоқсанынан — бүгінгі күнге дейін).

Аз ғана уақыт өтсе дағы ұлттық жаңа түзілім, мәдени және экономикалық дербестіктердің қанат жайып гүлденуі байқалады.

Қазақстан тарихын оқытуда қазіргі уақытта оған ғылыми көзқарас беріліп зерттеулер жүргізіліп, негіздер қаланып жатыр.

Біздің елдің ежелгі дүние тарихын оқытуда адамзаттың өткендегі өмірін куәлендіретін сан қилы тарихи деректер қолданылады. Олар жазбаша және заттай деректер деп бөлінеді.

Жазбаша деректер — ертедегі авторлардың хабарлары, көк тастардағы жазулар, әулеттік хроникалар, көне түркі жазулары, ғұламалардың әдеби ғылыми еңбектері қазақ даласындағы өмір сүрген ертедегі тайпалар туралы баяндайды. Оларды тиісінше бірнеше топқа бөлуге болады.

1. Ежелгі дүние авторларының жазбаша хабарлары. Ертедегі гректің оқымыстысы Геродот, географы Страбон, тарихшысы Менаандр Протектор, Рим тарихшысы Аммиан Марцеллиннің еңбектерінен көне заманнан біздің дәуіріміздің VI ғасырына дейінгі Қазақстан даласын мекендеген сақ және түркі тайпаларының тарихынан үзілді-қысқалы деректерді аламыз.

2. Ертедегі Қазақстан тарихы бойынша көптеген пайдалы деректерді Қытайдың династиялық хроникасынан да табамыз. Қытай тарихшылары өздерінің батыстағы көршілерінің жерінде өтіп жатқан оқиғалармен хабарлас болып отырған.

3. Келесі топқа ирантілді деректер жатады.

Зороастрийлік нанымдағы ертедегі ирандықтар Бехистун жартасына ойылып салынған Авеста жазбасында Парсы патшасы I Дарийдің жеңістерімен қоса сақ тайпаларының өміріне де шолу жасалған.

4. Соңғы деректерге-ертедегі түркілерді баяндайтын — Орхон-Енисей алфавиті негізінде жазылған түріктердің қиялдан туған батырлары, ел басшылары Күл Тегін, Білге Қаған және Тоныкөк (VI-VIII ғғ.) туралы ескерткіштер, руникалық жазбалар.

Қазақстан тарихын оқуда XI ғ. өмір сүрген түрік оқымыстысы Махмұт Қашғаридің «Диуан-и лұғат ат-түрік» еңбегінің маңызы басым. Ол орта ғасыр табалдырығында тұрған Қазақстан халқы-түрік тілінің әр түрлі диалектісі және тайпалар тарихы мен этнографиясы туралы баяндайды. М. Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири еңбектері (XVI ғ.) де көптеген мағлұматтар береді.

5. Жазба деректердің ішінде қыпшақ-қимақ тайпаларының тарихын бейнелейтін орыс жылнамалары да бар. Оған «Игорь полкі туралы сөз», «Ипатьев жылнамасы», «Сібір жылнамасы» т. б. түркі тайпалары өмірінен хабарлар бере отырып, Дунайдан Алтайға дейінгі аралықты «Қыпшақ даласы» деп атайды.

Бірақ та жазба мұралар толық және тоқ етерін бере алмайды. Олар заттай дәлелдермен астасады. Бұл материалдар археологиялық қазба жұмыстары арқылы табылған. Оған: еңбек құрал-жабдықтары, тұрмыстық жиһаздар, қару-жарақтар, тиындар, киім, құлаған қала мен қамал, оба орындары, қоныс пен тұрақ орындары, ертедегі адамдар, жануарлар сүйектері және т. б. жатады. Бұдан басқа, петроглифтер (тасты ойып жасалған бейнелер мен охра қызыл бояуы арқылы тасқа салынған суреттер), тас мүсіндер «балбал тастар» (VI-XII ғ.ғ. құлпытастар ескерткіштері) біздің жерімізде көптеп кездеседі.

Жазба деректер өте аз, ал заттай деректерге сан жетпейді. Осының бәрі көне мәдениетті танып білудегі мыңдаған дәлелдер. Деректердің тағы бір түрі тарихи қиял әңгімелер, фольклор мен батырлар жыры. Өкінішке орай тарихты танып-білуде ауыз әдебиетінің мұралары аз қолданылады.

Біздің еліміздің ертедегі кезеңінің тарихнамасының мәселелерін көптеген ғалымдар топтары, әр түрлі мектептер мен ғылыми бағыттарда зерттеген. Ғалымдар алғаш рет түркілердің ежелгі тарихына XVIII ғ. назар аударды. Қытай деректеріне сүйенген француз тарихшылары көшпенді Орталық Азия тайпалары туралы алғашқы зерттеулерін жазды. XVIII-XX ғ. бастапқы жылдарына дейін Дегинь, Е. Швайн, П. Паллас, Анри Кордье, Рене Груссе және т. б. түрік мемлекеті тарихы туралы осы уақытқа дейін де маңызын жоғалтпаған көлемді еңбектер жазды. Тек, қайсысы бір жағдаймен француз мектебінің оқымыстылары даңғазалықпен өткендегі қытай авторларының «территориялық» қателіктерін қайталады.

И. Марквард, Ф. Хирт, Х. В. Хаусиг, Лю-Мао-Цзай сияқты неміс мектебі шығармалары түркі халықтарының тарихын танып білуге негізделген. Әсіресе И. Маркварт қыпшақтар тарихына көп көңіл бөлген. Осылайша олардың еңбектері үйретушілік және дәлелдік жағынан қателермен кінәраттарға толы болып келеді.

Түркітануда негізгі мәселелерге етене араласушы болғандар орыс мектебінің өкілдері. Көшпенді халықтардың тарихын ең алғашқы зерттеушілер В. Н. Татищев, И. К. Кириллов, П. И. Рычковтар болды. Бұл мәселені зерттеуде М.И. Карамзин, С. М. Соловьев, В. Т. Василевский, Н. А. Аристов, П. В. Голубовскийлер үлкен үлестер қосты. Бодан халықтарының тарихына орыс тарихнамасының қайсы бір ретте немқұрайлықпен қараушылығы қате қортындыларға әкелді.

Орыс мектебінің бізге жағымды салтын әрі апарушылар В. Бартольд, А. Бернштам, Л. Гумилев, А. Левшин, С. П. Толстов, М. И. Артамонов, Л. И. Потапов, С. Г. Агаджанов, С. М. Абрамзон Қазақстан тарихының көптеген мәселелерін зерттеді.

Қазақ авторларының арасында 2 топты баса көрсетуге болады. Біріншісіне Ш. Уәлиханов, М. Тынышпаев, С. Асфендияров, Ш. Құдайбердіұлы жатады. Олардың еңбектерінде алғашқы рет қазақтың үрім бұтағын, төл шежіресін таратушылыққа да көп көңіл бөлінді.

Қазақ мектебінің екінші тобына Кеңес дәуірінің тарихшылары жатады. Қазақ елінің көне тарихын республиканың археологиясының атасы Ә. Х. Марғұлан зерттеген. Оның жасаған археологиялық қазбалары ізімен көптеген тарихи ескерткіштер зерттеген. К. Ақышов, Х. А. Алпысбаев, М. К. Қадырбаев, А. М. Оразбаев, Медоев, Н. Клапчук, К. М. Байпақов және т. б. Қазақстанды мекендеген ертедегі және орта ғасырға дейінгі аралықта өмір сүрген тайпалар мен ұлыстар туралы көптеген монографиялар мен ғылыми мақалалар басып шығарды.

Сол Ә. Марғұланның өзі көптеген жылдар бойы қола дәуіріндегі Орталық Қазақстанның тарихын зерттеп монография жазды. «Беғазы-Дәндібай мәдениеті». Қазақстан тарихшыларының бір тобы шығыс деректеріне сүйене отырып Қазақстанды мекендеген ертедегі тайпалар өмірін зерттеумен шұғылданып келеді. Мысалы: С. М. Ақынжанов, Б. Көмеков, М. А. Бусейтова, Қ. Салғараұлы, А. Ш. Қыдырбаевтар ертедегі парсы, араб және қытай деректерін ғылыми айналымда арқау етуде.

Бүгінгі күні ел тарихының өткендегі беттерін қайта зерттеп жазу жолға қойылды. Бірақ, ол көп зерттеулер мен уақытты талап етеді.

Қазақстан ғылым академиясынан шыққан (1977-1980 жж.) 5 томдық Қазақ КСР тарихы-бүгінгі тәуелсіз, егеменді Қазақстан оқырмандары үшін ескірді. Республика тарихын ерте дүниеден бері қарай әсіресе, Ресейдің отаршылық саясатын зерттеп жазуға үлес қосып жатқан қазіргі кезде көптеген тарихшылар бар. Олар: М. Қозыбаев, М. Қойгелдиев, Қ. Салғараұлы, С. Сабыров, Т. Сұлтанов, Ж. Артықбаев, Ә. Әбдәкімұлы, К. Рыспайұлы, Ч. Мусин және т. б.

Этнограф М. Тәтімов дүниежүзі қазақтарының жалпы санын бүгінгі күнге дейін санауда. Антрополог О. Исмағұлов тарихи тұлғалардың бейнесін жасауда.

Әдебиетшілер: Ә. Кекілбаев, Д. Досжанов, А. Сейдімбеков, Ш. Мұртаза, Т. Жұртбаев, О. Сүлейменов, С. Жүнісов тағы басқалар тарихи оқиғалар, жеке тұлғалар туралы жалпы рухани мәдениет салаларында көптеген шығармалар жазды.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы баспасөздері: «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш» т. б. газеттерінде, «Жұлдыз», «Жалын», «Парасат», «Сарыарқа», «Қазақ тарихы» «Аңыз адам» т. б. журналдарда тың материалдар көптеп басылып жүр.

3. Қазақстан тарихының аса маңызды мәселелері

1997 ж. 10 қазанда Елбасы Н. Назарбаев еліміздің халқына Жолдауы «Қазақстан — 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты даму стратегиясын жария етті. Ол жеті стратегиялық басымдықтан тұрады.

1-ші басымдық. Ұлттық қауіпсіздік.

2-ші басымдық. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы.

3-ші басымдық. Шетел инвестицияларының деңгейі жоғары дамыған нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу.

4-ші басымдық. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты.

5-ші басымдық. Энергетика ресурстары.

6-шы басымдық. Инфрақұрылым, әсіресе, көлік және байланыс.

7-ші басымдық. Кәсіпқой мемлекет.

Н. Ә. Назарбаевтың «Тарих тоқынында» атты еңбегі 1999 жылы жарияланған. Онда Елбасы Қазақстанның ежелгі тарихынан бастап, бүгінгі күнге дейінгі даму кезеңдерін өзіндік ой елегінен өткізген. Әсіресе «Түркі халықтарының бір жұртынан қазақ халқының қалыптасып шығуы, тоталитарлық басқару жүйесінің қалыптасуы мен орнығуы кезеңіндегі Қазақстан бөлімдері өте шынайы, тыңғылықты жазылған.

Республика Президентінің «Сындарлы он жыл» кітабында ел басы жаһандану, халықаралық лаңкестік, діни экстремизм, есірткі бизнесі; Каспий мұнайы мәселелері туралы ой толғайды.

Бұдан бұрында мемлекет басшылары әр салада кітаптарын жазған. Бұл кітапта Ел басшысы жаһандық қоғамды серпілту, түйінді мәселелер халқында ортаға өзін толғандырып жүрген ойларды тастау, салаларды шешудің өз тұрғысындағы жолдарын айта отырып, баршаны үн қатысуға шақыру.

Н. Ә. Назарбаевтың 2006 ж. 1 наурыздағы «Қазақстан өз дамуының жаңа серпіліс жасау қарсаңында», «Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына жолдауында Қазақстан бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық жаңару мен саяси демократияландырудың жана кезеңіне қадам басқалы тұр дей келіп,

Қазақстанның әлемдік рейтинг кестесінің жоғарғы бөлігіне іліккен елдер тобының ішінен мүмкіндігінше орын алуының негіздерін сараптайды. Одан әрі елбасы Қазақстанның әлемнің бәсекеге барынша қабілетті әрі серпінді дамып келе жатқан мемлекеттерінің қатарына қарай қадам басуы жолындағы негізгі басымдықтарды ұсынады.

1. Бірінші басымдық:

Қазақстанның әлемдік экономикаға ойдағыдай кірігуі – елдің экономикалық дамуының сапалық серпілісінің негізі.

2. Екінші басымдық:

Қазақстан экономикасын тұрлаулы экономикалық өрлеудің іргетасы ретінде одан әрі жаңарту мен әртараптандыру.

3. Үшінші басымдық:

Халықтың неғұрлым «әлжуаз» топтарын қорғайтын және экономиканың дамуына қолдау көрсететін осы заманғы әлеуметтік саясат.

4. Төртінші басымдық:

Осы заманғы білім беруді дамыту, кадрлардың біліктілігі мен оларды қайта даярлауды ұдайы арттыру және Қазақстан халқы мәдениетінің одан әрі өркендеуі.

5. Бесінші басымдық:

Демократияны одан әрі дамыту және саяси жүйені жаңарту.

6. Алтыншы басымдық:

Осы заманғы қауіп-қатерлер мен қыр көрсетулерге қарсы бара-бар ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру.

7. Жетінші басымдық:

Қазақстанның мүдделерін, өңірлік және әлемдік дамудың серпінін ескеретін теңдестірілген және жауапты сыртқы саяси бағытты одан әрі іске асыру.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2007 жылғы халыққа Жолдауын «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» деп атады. Еліміздің жаңа тарихи кезеңдегі даму стратегиясының өзекті де күрделі, ел дамуын айқындаушы отыз бағытын анықтап берді. Үкімет, барлық деңгейдегі билік органдары осынау тағдырлық маңызы бар стратегияны жүзеге асыруға кірісіп те кетті. Халық яғни барлық әлеуметтік топтар да өз түсінік, танымына қарай қолдау көрсетуде. «Жаңа әлем» атты тартымды да арнасы мен мазмұны кең айдардың ойланып, сараланып, қазіргі әлемдегі тың үрдістер мен құбылыстарды, саяси күштердің орналасуындағы, әлем елдері дамуындағы басым да шешуші бағыттарды мұқият ескере отырып берілгендігін енді түсіне бастадық. «Жаңа әлем» деген түсінік — жай ғана ұрымтал ұйқас, қонымды, мезгілдік сипаттағы, жайдақ ұраншыл сөз емес. Оның артында әлемдегі соңғы ширек ғасырға жуық уақыттан бергі күрделі

өзгерістердің ықпалы мен мазмұны, тіпті қайшылықтары мен қиындықтары да тұрғанын білу, тану және сараптау абзал. Осы жерде еріксіз: «Жаңа әлем» деген түсінік нені білдіреді, әлем ғасырлар тоғысында қалай жаңарды, жаңарған әлемнің басты ерекшелігі неде, бұл әлемде Қазақстанның орны қандай, өз үлесін қалай алады деген қатпарланған, қосарланған, күрделі сұрақтардың болары түсінікті де табиғи. Еліміздегі ресми билік, саясаткерлер, әсіресе, Қазақстан Конституциясына таяуда енгізілген өзгерістер нәтижесінде Парламент арқылы елдің бүкіл саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірін басқаруға, оған ықпал етуге мол мүмкіндік алып, ұлт алдында жауапкершілігі еселеп артып отырған саяси партиялардың жетекшілері қандай мәселелерді алдымен қаперінде ұстап, ондағы қандай үдерістер мен құбылыстардың даму барысын үнемі талдап, табиғатын, қоғам дамуының қандай бағыт-бағдарын жете түсінуі керек?

Бұл сұрақтар жай ғана, күнделікті күйкі тіршіліктің сұрақтары емес екені түсінікті. Оның артында ел, ұлт, ұрпақ болашағы тұрған, тағдырлық деп аталатын сауалдардың тұрғандығында.

2007 ж. 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында.

«Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару талаптарына сәйкес жаңа білім жүйесі қажет» дей келіп, ел басшысы басты міндеттерді көрсетеді де, мақсаттардың бағыт-бағдарларын жүйелейді.

Біздің ең бірінші кезекте алдымызға қойып отырған мақсатымыз — елу дамыған елдің қатарына ену.

Оған біз он жылдың ішінде, бәлкім, тіпті жеті-сегіз жылдың көлемінде қол жеткізуіміз ықтимал.

Екінші мақсат — озық отыз елдің ортасына кіру. Көш басында тұрған жиырма ел — дүние жүзінің 80 пайыз байлығын пайдаланатын мемлекеттер. Олардың тұрмысы да сол деңгейге сай. Ал қалған 80 пайыз мемлекеттер дүние байлығының 20 пайызын иемденеді. Міне, қазіргі дүниедегі теңсіздік деген осыдан да көрінеді деп реніш білдіреді.

2007 ж. 7 маусымда елбасы Н. Ә. Назарбаев интернет желісі арқылы «Қазақстан — инновациялар қуаты» деп аталатын тақырыпта интернет-конференция өткізді. Бүкіл әлемдік интернет жүйесі арқылы қазақстандықтармен сұхбат өткізіп, оларды толғандырып отырған көптеген сұрақтарға жауап қайтарды.

Елімізде интернет желісін тұрақты пайдаланушылар қатары қарқынды өсіп келе жатқандығын төмендегі деректер айғақтай түседі:

1997 жыл — 41,1 мың, 1998 жыл — 71,4 мың, 1999 жыл — 93 мың, 2000 жыл — 117,5 мың, 2000 — 200 мың, 2001 жыл — 500 мың және... 2005 жылы 1 миллионнан астам адам!

Мемлекет басшысы Н. Назарбаев қол қойған Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы тарихи мәні ерекше айтулы оқиға болып табылады. Жаңа заңның қабылдануы өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Өйткені, оның кейбір баптары уақыт талабына сай келемеуіне байланысты қайта қарау қажет болды. Сондықтан да бұл отандық білім жүйесінің дамуы мен қалыптасуына мол мүмкіндік береді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы жариялаған Сауаттылықтың он жылдығы (2002-2012) кезеңінде еліміздің жаңа заң қабылдауы есте қаларлық жәйт. Білім жүйесін реформалау үдерісінің басталуы қазақстандық білім беруді әлемдік стандарттарға барынша жақындатып, әрі қарай серпінді дамуына оңтайлы ықпал етері анық. Негізгі, «Жалпыға арналған білім» моделінен «тандау бойынша берілетін білім» моделіне өтуге бағдарланған реформалау жүйесі Қазақстан үшін өте маңызды.

Басқа мемлекеттердегі секілді Қазақстанда да білімнің бәсекеге қабілеттілігі бірінші орынға қойылып отыр. 2007 жылғы Жолдауында Елбасы көтерген бәсекеге қабілеттілік идеясы ел дамуының ұлттық ауқымдағы ішкі факторларымен қатар, жаһандық жағдайда да басты идеяға айналды.

Жаңа заң жобасы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасындағы түйіндерді шешуді заңнамалық тұрғыдан бекітеді. Атап айтқанда:

- 6 жастан бастап оқытумен 12 жылдық жалпы орта білім беруге және 11-12 сынып оқушыларын кәсіптік және кәсіби бағдарлап оқыту жүйесін енгізуге көшіру;
- жоғары техникалық мектеп жүйесін дамытумен кәсіптік орта білімнен кейінгі білім деңгейін өз алдына бөлек құру, халықаралық талаптарға сәйкес жалпы орта білім сатысынан кәсіпті орта білім беруді өз алдына бөліп шығару;
- дәстүрлі сырттай оқытуда біртіндеп қашықтықтан оқыту технологиясына көшіру және академиялық кредит жүйесіне негізделген кәсіптік кадрлар — бакалавриат — магистратура — докторантура, яғни бұл мамандықтарды дайындаудың үш сатылы тұтас моделін жасап, оны орнықтыру;
- білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру тәрізді ауқымды істер заңнан көрініс табады.

Мұғалімдердің беделін көтеру, мәртебесін анықтау, олардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ әлеуметтік жағдайлары туралы мәселелерін реттейтін нормалар да енгізіледі. Сол секілді білім берудің сапасын арттыру, талапты күшейту жолдары, мазмұнын заман ағымына қарай жа-

ңарту, білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім беру бағдарламалары, білім беру процесін ұйымдастыру нормалары да қайта қаралу үстінде. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялаудың, аккредитациялаудың бүкіл әлем мойындаған нормалар заң жобасының жаңа редакциясынан көрініс табатын болады. Және мемлекеттік құрылымдармен бірлесе отырып жүзеге асырылатын аккредитациядан қоғамдық аккредитацияға көшу шешіледі.

Атап айтуды қажет ететін тағы бір жаңалық — заңнамалық деңгейде 12 жылдық орта білімге көшу қамтамасыз етілді. 2008 жылдан бастап 12 жылдық оқыту жүзеге асырылады. Заңда 12 жылдық білімнің құрылымы анықталды.

Ол:

- бастауыш білім — 4 жыл, 1-4 сыныптар аралығы;
- негізгі орта білім — 6 жыл, 5-10 сыныптар аралығы;
- жалпы орта білім — 2 жыл, 11-12 сыныптар аралығы;

Мұнда бастауыш білім берудің оқу бағдарламалары баланың тұлғасын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін дамытуға, оқуға деген жағымды уәжі мен икемін қалыптастыруға бағытталған. Мәселен, оқуға, жазуға, санауға, тілдік қарым-қатынасына, өзін шығармашылық тұрғыдан танытуға, өзін ұстау мәдениетін дағдыға айналдыруға арналған.

Бүгінгі таңда елімізде жоғарғы оқу орындарында 700 мыңға тарта студенттер оқиды. Олардың 120 мыңы мемлекеттік грантқа ие болғандар, қалғаны ақылы оқиды. 1993 ж. елімізде 75 докторлық, 558 кандидаттық диссертациялар қорғалыпты.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев 2007 жылғы халыққа арнаған «Жаңа әлемдегі — жаңа Қазақстан» атты Жолдауында: «Біз білім берудің сапалы қызметін көрсетуде әлемдегі он-лайн тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құруымыз қажет... Онлайн тәсілінде оқыту практикасын дамытуды, ғылыми жаратылыстану бейіміндегі арнаулы сыныптар жүйесін құруды қарастырған жөн» - деп атап көрсетті.

Білім және ғылым министрілігі Елбасымыздың алға қойған осы мақсаттарын тиянақты жүзеге асыруға кірісті.

Білім беру орындарының оқу үрдістеріне жас ұрпақты оқытудың жаңашыл осы мультимедиялық технологиясына арналған «Интерактивті мектептің» ақпараттық-бағдарламалық кешенін енгізудің алғашқы қадамын Астана қаласындағы № 1 математикалық-экономикалық лицей мен Алматы қаласындағы республикалық білім беру ақпараттандыру орталығының базасы негізінде он-лайн тәсіліндегі және қазіргі заманғы білім беру технологияларының сынағы «Интерактивтік мектеп» пилоттық жобасын енгізуден бастады.

2007 ж. 3 қыркүйекте Астанадағы Райымбек батыр атындағы № 50 «Қазғарыш» мектеп-лицейінде Елбасы Н. Назарбаев ел тарихында тұнғыш рет «Жаңа әлемдегі — жаңа Қазақстан» деген тақырыпта интерактивті сабақ өткізді. Оны бір мезгілде еліміздегі 1000 мектептегі 65000 оқушы тыңдады. Онда ол жеткіншек ұрпақты оқу, білімге шақырды.

«Қарап отырсаңдар Еуропаның, Американың техникалары, киімдері, тағамдары біздікінен сапалы. Ал біз кімнен кембіз? Бізде бәрі бар. Жоғы — ғылым, жаңа технологиялар. Сондықтан осының бәрін дамытып, бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуды бірінші кезекке шығарып отырмай» — деп қорытындылады өз сөзінде Президент Н. Ә. Назарбаев.

«Давос форумының сараптауы бойынша 117 мемлекеттің арасында Қазақстан қазір 61-ші орында тұр», — деп жалғады сөзін Нұрсұлтан Назарбаев. «Ендігі мақсат — 50-ші орынды иемдену. Мұны жүзеге асыру, әрине, оңай емес. Бәсекеге сай мемлекеттің экономикасы — 83, адамның әл-ауқаты 53 талаптан тұрады. Оқу-білім жүйесіндегі талап одан да жоғары. Сауаттылық жөнінен біз әлемде алдыңғы қатарлы елдердің бірінен саналамыз. Ал сол білімді 40 пайыз ғана пайдаланып отырымыз. Неге олай? Мұның бір себебі Кеңес Одағы дәуірінде өзімізге қажетті білімді оқымағандықтан болуы керек. Ендігі жерде сол олқылықты жою үшін бар мүмкіндікті жастарға жасап, үміт артудамыз. Біз құрған осы мемлекетке күні ертең сендер ие боласыңдар».

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТ:

1. *Асфендияров С.* Қазақстан тарихы. — Алматы, 1993.
2. Қазақстан тарихы. Очерктер. — Алматы, 1994.
3. Қазақстан тарихы (ежелгі дүниеден бүгінгі күнге дейін) 5 томдық, I. Т. — Алматы, 1996.
4. Қазақстан тарихы ежелгі дүниеден бастап бүгінгі күнге дейін, Оқу құралы. — Алматы, 1993.
5. *Мусин Ч.* Қазақстан тарихы. — Алматы, 2003.
6. *Назарбаев Н. Ә.* «Қазақстан -2030» Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. — Алматы, 1998.
7. *Назарбаев Н. Ә.* Тарих толқынында. — Алматы, 1999.
8. *Назарбаев Н. Ә.* Сындалы он жыл. — Алматы, 2003.
9. *Назарбаев Н. Ә.* Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы. — Алматы, 2006.
10. *Назарбаев Н. Ә.* Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Қазақстан халқына Жолдауы. — Астана, 2007.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТ:

1. *Артықбаев Ж. О.* Қазақстан тарихы, оқулық хрестоматия. — Астана, 2000.
2. *Әбдікімұлы Ә.* Қазақстан тарихы. — Алматы, 1997.
3. *Дулатова Д. И.* Историография дореволюционного Казахстана. — Алматы, 1991.
4. Қазақстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение, В 2-х частях, — Алма-Ата, 1993-1994.
5. Қазақстан на пути к независимости. Прошлое и настоящее. Сб. статей. — Караганда, КарГУ, 1998.
6. Қазақтың көне тарихы. — Алматы. 1993.
7. *Қозыбаев М. К.* История и современность. — Алматы, 1991.
8. Новейшая история Казахстана. Сборник документов и материалов. Ч. I/ Сост. К. Каражанов, А. С. Такенов. — Алматы, 1998.
9. *Нығмет Мыңжан.* Қазақтың қысқаша тарихы. — Алматы, 1994.
10. Прошлое Казахстана по археологическим источникам. — Алма-Ата, 1976.
11. *Рыспаев К.* Қазақстан Республикасының тарихы. — Алматы, 1999.
12. *Сарыбаев С.* Қазақстан тарихы. — Алматы, 1997.

2-ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ТАРИХЫ. ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ЕРТЕ ДӘУІР

1. Қазақстан территориясындағы ерте дәуір
2. Қола дәуірі (б.з.б. XVIII-IX ғ.ғ)
3. Қазақстан территориясындағы тайпалар одақтарымен ежелгі мемлекеттер: сақтар, үйсіндер, қаңлылар, ғұндар

1. Қазақстан территориясындағы ерте дәуір

Алғашқы қауымдық құрылыс — адамзат тарихындағы бірінші әлеуметтік экономикалық формация, алғашқы адамдар қоғамның тарихы мен сатысының түзілімі. Ол адамдардың пайда болуынан басталып, таптар мен мемлекеттер шыққанға дейінгі аралықты қамтиды.

Бұл кезеңге тән қоғамдық дамуда екі негізгі саты бар. Ол ең алғашқы қауымдық құрылыс және соңғы алғашқы қауымдық құрылыс. Ең алғашқысы археологиялық кезеңдерге балағанда — палеолит, мезолит, неолитке. Ал соңғысы-энолит, қола дәуіріне және темір дәуірінің бастапқы бөлігі кезеңдерін қамтиды. (карталарды қараңыз).

Ең алғашқы даму сатысында адамдар еңбек құралдарын тастан, сүйектен, мүйізден, ағаштан жасап осы құралдар арқылы күн көріс етті. Бұл кезеңге тән шаруашылық түрі аңшылық, өсімдік терушілік және балық аулаушылық болды. Адам дайын табиғат азық-түлігін өзіне иемденді. Алғашқы қауымдық құрылыс сатысында малшылыққа, жер өңдеушілікке өту жүрді. Еңбек құрал-жабдықтарын металдан жасау басталды. Адамзат шаруашылыққа өнімділікке жетіп, рулық бірліктің өмір сүру реті түбірімен өзгеріске ұшырады.

Археологиялық ескерткіштерді зерттеу тарихы.

Бастапқыда айтып кеткендей, алғашқы қауымдық құрылыстың негізгі деректерін археологиялық қазба жұмыстарынан табылған ескерткіштер береді. Қазақстанның алғашқы тарихы археологиялық ескерткіштерін біз Семен Ремезовтың 1701 жылы құрастырған сызу кітабынан табамыз. Өте бай көне коллекцияларды Ресей ғылым академиясының Солтүстік экспедициясының өкілі Г. Ф. Миллер жинаған. И. Г. Гмелин мен Х. Барданес Семей мен Павлодар облыстарының көне зираттар комплексі туралы мәліметтер жасады. Қазақстанның Ресейге қосылғаннан кейінгі уақытты қамтитын оқымысты-географтар, геологтар, натуралистер, геофизиктер мен топог-

рафтар Қазақстанға келіп көне археологиялық ескерткіштер туралы әр түрлі мазмұндағы үздік-создық мәліметтер мен деректер берді. Солардың ішінде Г. Ф. Спаский, П. И. Рычков, П. С. Паллас, И. П. Шангин, А. Левшин, А. К. Гейне, П. И. Пашин тағы басқа еңбектері қызықты.

1862 жылдан бастап Қазақстанның көне дәуірін зерттеп білудің жаңа кезеңі басталады. В. В. Радлов өз жұмыстарын, ескерткіштерді зерттеу мен қағазға түсіруді мамандандырылған әдіспен жүргізді.

1884 жылы археологиялық комиссияның шешімі мен тапсырысы арқылы Ф. Д. Нефедев Торғай даласына, Ю. Петри мен С. Н. Назаров Қостанай облысында, А. Н. Харузин Батыс Қазақстанда, Н. Н. Пантусов Жетісуда, Е. Ф. Колб Жамбыл облысында, А. В. Селиванов Ақмола мен Көкшетау облысында қазба жұмыстарын жүргізді. Археологиялық ескерткіштер жайлы деректер қазақтың бірінші ғалымы, шығыстанушысы Ш. Уәлихановтың тамаша саяхат очерктерінде айтылады.

XIX ғасырдың 90-жылдарының аяғында Солтүстік және Батыс Қазақстанның ескерткіштерін тауып зерттеуде Орынбор ғылыми архив комиссиясы атқарды. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу ескерткіштерін түркістандық археология жанкүйерлері үйірмесі, Шығыс және Солтүстік-Шығыс Қазақстандағы ескерткіштерді Ресей географиялық қоғамның Батыс-Сібір бөлімі атқарды.

Өз кезеңінің ондаған білімдар адамдары қазақ өлкесінің өткендегі тарихын зерттеумен шұғылданып, зор үлестерін қосты. Төңкеріске дейінгі кезеңдегі зерттеуде архив комиссиясының мүшесі И. А. Кастаньенің «Қырғыз даласы мен Орынбор аймағының көне кезеңі» деген еңбегі 1910 жылы жарық көрді. Бұл еңбек осы уақытқа дейін маңызын жоймаған. Сонда да қаншама мемлекет тарапынан көмек берілсе де ұлан-ғайыр жері бар Қазақстанның өткендегі тарихын баяндау мен зерттеу «Аңтаңдақ» күйінде археологиялық картада қалып қойды.

Кеңес заманында археологиялық зерттеулер мемлекет тарапынан жан жақты қолдаулар тауып көптеген археологиялық экспедицияларды ірі-ірі ғалымдар басқарды. Батыс Қазақстанды зерттеуде М. Н. Грязнов пен М. Н. Комарова, В. С. Сорокин, Солтүстік Қазақстанды — О. А. Қривцова-Гракова, Орталық Қазақстанды — П. С. Рыков, Киселев, Оңтүстік – Қазақстанды А. Н. Бермштам зор үлестерін қосты.

Бірақ, негізгі ғылыми жетістіктерді 1946 жылдан бастап өздерінің маңдай терімен, тиянақтылығымен еңбек етіп Қазақстан археологиясына зор үлес қосқандар үлкен буын-ғалымдар К. А. Ақышов, Е. Г. Агеева, А. Н. Оразбаев, М. К. Қыдырбаев және тағы басқалары академик Ә. Х. Марғұланның басшылығымен табыстарға жетті. Республика археологиясының кең көлемде жүргізілген жұмыстарының нәтижесінде Қазақстан территориясында мекен

еткен адамдар қоғамның негізгі кезеңдері жалпылама қайта құрылым тапты. Бұл құрылым жаңа ашулар, зерттеулер арқылы археологиялық кезеңдер аумағында сәйкес алғашқы қауымдық құрылыс тарихи мәдениетін материалдық жағынан түр сипатын толықтыра түспек.

Қазақстан жеріндегі тас дәуірі. Адамзат қоғамының тарихын археологтар тас, қола, темір дәуірі немесе ғасырға бөледі. Археологтар кезеңге бөлушілік негізіне еңбек құралдары мен тұрмыстық заттардың қандай материалдардан жасалғанын арқау етеді.

Палеолит — адамдар қоғамның ең көне кезеңі. Грекшеден аударғанда көне тас ғасыры (палео-көне, литос-тас) мағынасын береді. Өз тарапынан палеолит — төменгі (шелльдік, ашельдік және мусьтерлік дәуірлерге 2,5 млн.-40 мың жыл және жоғарғы палеолит 40 тан 12 мың жыл) бөлінеді.

Адамдардың ең көне тұрағы Оңтүстік Қазақстандағы Кіші Қаратау тау қатпарлары ауданындағы Бөріқазған мен Тәңірқазған жұрты болып табылады. Олар Кемір тауының оң жақ ылдйыында Көктал өзенінен 3-5 шақырым шығысқа қарай орналасқан. Дөңдер мен жақын маңдағы тақырлардан күлгін, қара кремний, нуклеус тастарынан жасалған еңбек, аңшылық құралдары табылды. Осы кезеңнің мекен-жайларына Арыстанды және Ащысай, Ақкөл, Шабакты I орындары сонымен қатар Шу өзенінің оң жағындағы Бетпақ даладағы Қазанғап жұрты да жатады. Археолог А. Х. Алпысбаев бұл мекендерді шелль-ашельдік кезеңдеріне жатқызса, ал қайсы бір авторлар кейінгі кезеңге синантроптар өмір сүрген ортанікі дейді.

Көне дәуірдің жұрттары Жезқазған облысының Жезді ауданындағы Обалысай мекені, облыс орталығынан оңтүстік-шығысқа қарай 150 шақырым жерде Сарысу өзенінің бойында орналасқан Жаман-Айбат мекені.

Ашелльдік кезеңнің мекен жайын археолог А. Г. Медоев Сары-Арқадан және Маңғыстау түбегінен тапқан. Тастан жасалған көптеген заттар Солтүстік Балқаш өңіріндегі Семізбұғы тауларынан да табылған. Осы таудан тас алу шеберханасы да кездескен. Бифастар, чоппинглер, пластинкалар мен отшептер табылды. Осы көмекші жабдықтардың арқасында алғашқы адамдар тас қырғыштар мен садақ найза ұштарын өткір етіп, үшкірлеп жасап алған.

Мустерлік дәуірдің мекендеріне археолог А. Х. Алпысбаев Оңтүстік Қазақстандағы Тоқалы, Қызылрысбек орындарын жатқызады. Кремний тастарынан жасалған қарапайым бұйымдар осыған куә. Орталық Қазақстанда осы дәуірге жататын Батпақ 8 станциясындағы және Қарағандыдан 80 шақырым солтүстікке қарай орналасқан Есіл өзенінің Жоғарғы сағасындағы Батпақ 12 шеберхана жұрттары. Сарысу өзенінің оң жағасындағы Мұзбел станциясында орналасқан мекен. Мұнда ертедегі адамдар микрокварцит және кварцит құмдарын саз балшыққа илеу арқылы дома-

лақ, не бір жағы не екі жағы тегістелген элипс лақтырмалар жасаған. Кей тұста сол құралдардың ортасын ойып, не тесіп аңшылықта лақтырма жіпке қолданған. Олардан чопингтер және тағы басқа жабдықтар еңбек құралдарын жасаған. Зерттеушілердің түсінігі бойынша ортасы ойылған тастарды жіп байлап киіктер келе жатқанда бұғынып тұрып осылармен атқылаған. Жіп байлаған тастар жануарлардың аяқтарын матап тастаған. Осы кезеңнің мекендері Шығыс Қазақстандағы Ертіс өзенінің жоғарғы сағасында орналасқан салаларды Нарым мен Бұқтырмадан да табылды. Қазақстан территориясындағы жоғарғы палеолит дәуірінің мекендерінің жалпы қазба жұмыстарынан аңғаратын жайт мынадай: тосынан және керемет суық түсуіне байланысты кезекті мұз көшкіні арасында Қазақстан территориясы құрғай бастады. Адамдар от жағып жылынуға көшті. Археологтар қазған мәдени қабаттарда от жаққан орындар табылды. 7-5 метрлік (жер) тереңдіктегі жер қабаттарынан жабайы жылқы, тау ешкісі, бизон, мамонт, солтүстік бұғысы т.б. сүйектері шыққан.

Бұл дәуірге тән ескерткіштер Батыс және Солтүстік Қазақстан территорияларындағы әлі де болса зерттеліп жатыр. Әрине бұл жерлердің де көне тарихы еліміздің басқа аймақтардың тарихымен сабақтас болар деп сенеміз.

Мезолит кезеңі. Мезолит — грек тілінен аударғанда орта тас ғасыры, біздің дәуірімізге дейінгі 12-5 мың жылдықты қамтиды. Бұл кезең 70-ші жылдарға дейін зерттелмей келді. Соңғы онжылдықтарда қолға алынды, Мезолит кешенінің куәсі ретінде тастан құрал-жабдықтар жасау индустриясы дамыған. Адамдарды жерлеу кешені бұрынғы кезеңдерге тән сияқты табылмай тұр. Бұл кезеңде адамдар садақ пен жебе, бумерангті ойлап тапты. Еңбек өнімділігі жасалды.

Неолит. Ол — жаңа тас дәуірі біздің эрамызға дейінгі 6-4 мың жылдықтарды қамтиды. Соңғы жылдардың зерттеулер нәтижесінде бірнеше неолит мәдениетін паш ететін мекен жайлар табылды. Ол Есіл бойында және Орталық Қазақстандағы топтық ескерткіштер. Оған Келтеминар мәдениеті (Батыс Қазақстан) және Усть-Нарым мәдениеті (Шығыс Қазақстан) жатады.

Жалпы белгісі: қыштан жасалған ыдыстардың өрнекті келуі. Оларда Украинаның осы дәуірде жасалған сұр днепр және дарьесай кезеңіндегі Орта Азиялық өзенаралығы мәдениеттеріне тиесілі қыштан жасалған ыдыстарға өрнек салуда өте ұқсастықтар бар.

Оңтүстік Қазақстанда неолит дәуіріне жататын Шымкент қаласынан солтүстік шығысқа қарай орналасқан Қараүңгір мекені. Тастан жасалған құрал-саймандармен қатар сүйектен жасалған біз, түйреуіш, құлақты ине, тарақтар, алқа-моншақтар, аң тістерінен жасаған. Оларды қызыл бояумен бояп жоғарғы ернеуіне сызықтар ойынды және әртүрлі фигураларды тиісті

таңбала арқылы түсірген. Бұл үңгірде от жаққан орындар табылған. Жануарлардың көптеген сүйектері: аю, бұғы, жабайы шошқа, өгіз, арқар, қоян, борсық сүйектерімен қоса, қолға үйретілген сиырлар мен иттердің де сүйектері кездеседі.

Энеолит. Мысты-тас ғасыры біздің эрамызға дейінгі 4-3 мыңжылдықты қамтиды. Бұл тас дәуірінен қола дәуіріне өту кезеңі деп саналады. Қазақстанның далалық және орманды далалық бөлігінде энеолит — балық шаруашылығының өркендеген кезеңі деп танылады. Тобыл, Есіл бойындағы энеолит ескерткіштері осыған мысал (Ботай мекені).

2. Қола дәуірі (б.з.б. XVIII-IX ғғ.)

Қола дәуірі андронов мәдени-тарихи қауымы ескеткіштері арқылы таныс. Ол Петров, Алакөл, Федоров және Дөңбек керамикасын қамтиды.

Б.э.д. XVII-XVI ғасырларда Петров мәдениетінің ескерткіштері Батыс, Солтүстік және Орталық Қазақстан жеріндегі мекендер мен обалар көптеп зерттелген.

Петров мекендері — тереңдігі 1,5-2,5 метр ені 3,5 орлар мен екі жағасына топырақ үйінділері бар қорғаныс негізінде кездеседі. Бұл үйінділер ағаш діңгектері арқылы беріктендірілген. Қамал бекіністер бір жағынан биік жарлар мен адам шыға алмайтын терең орлар мен қоршалған. Бекіністер аумағы 5-9 мың шаршы метр болған. Құрбандыққа жылқы, сиыр малдарын шалған. Оларды арнайы белгілі бір сазбен сырланған қамалдан шыға беріс орларда шалған. Мал сүйектерімен қоса ыдыстар, ырымдық ошақ орындары кездеседі. Қорған ішінде салынған тұрақтар жер кепелермен ағаш сырғауылдар, мәткелер, діңгектер арқылы салынған төбесі көтерілген, жабылған. Үй едендері сазбен сыланып, ортасына 1-2 дөңгелете салынған от жағатын ошақтар орналасты. Қайсы бір жер үйлер екі бөлмелі болған. Үлкен бөлмеде рудалар қорытатын шеберхана орналасты.

Петров мекендерінің өзіндік ерекшелігі сол, өлген балалар тұрақ ішінде еденге жерленген. Бір бала көмілген жердің көлемі: ұзындығы 0,5-1 метр болды. Ал тереңдігі 0,8-1,1, метр. 1-3 дейін ыдыстар кей уақытта қой, ешкі сүйектері де кездеседі. Солтүстік Қазақстан жеріндегі Кеңес, Ұлыбай, Бірлік, Новоникольск, Күлепті бейіттерінен, Қарағанды облысының Сатан бейітінен қазба жұмыстарының нәтижесінде жауынгер-арбақештер жерленгендігі анықталды. Бұл қорған обалардың биіктігі 0,5 метр, ал диаметрі 12-16 метр шамасында болды. Адам жерленген қабірдің көлемі 4-2,5 метр ал тереңдігі 1,2-1,5 метр. Өлген адамдарды сол жақ қырымен бүгіп жатқызған, қолдарын жағына тіреген. Саздан жасалған ыдыс, тас пен сүйектен

жасалған тұрмыстық, әскери-аңшылық өмірде қолданған бұйымдарды қоса көмген. Бір-екі атын да құрбандыққа шалып қоса көмген.

Алакөл мәдениеті (XV-XIII б.э.д.) біздің жерімізде мекендері мен обалары көптеп кездеседі. Мекен жайлары өзен жағалықтарында, су бармайтын биік жерлерде орналасқан. Үйлері жартылай жерден қазылған одан соң ағаш шіліктен өрген төбе арқылы жабылған. Оны саз балшықпен сылаған. Егер орманды дала маңында үй салуда ағаш қолданылса, ал Орталық Қазақстанның далалық бөлігінде аумағы 1,5 метр жететін тас плиталар қолданылған.

Орталық Қазақстанда жерлеуде тастар кең қолданылған. әуелі жерді белгілі бір өлшемде қазғаннан соң оған жанамалатып тастарды тігінен қалыптастырған. Өлген адамды сол жақ жамбасымен қойғаннан соң белін бүгіп, қолдарын бет алдына жеткізіп, ана құрсағындағы нәрестенің орналасуы іспетті жер анаға берген. Қабір бетін тас плитамен жапқан. Бас жағына не кеудесіне таман 2-3 ыдыс қойған. Құрбандыққа шалған жылқы, сиыр, қой бастарын қоса көмген. Үстін оба қылып үйіп тастаған. Өлген адамдарды жасына, жынысына, әлеуметтік жағдайына байланысты әртүрлі жөн-жоралғылар арқылы жерлеген. Мысалы: әйел адамдарға әртүрлі әшекейлер, тас моншақтар, қола сақиналар, білезіктер, сырғалар, алтын жіппен өрілген шашбаулар тағып көмген. Егер өлген әйел адам неке жасына жетпеген болса, шашын алтын әшекейлермен өрген. Ал неке жасында болса, қола шашбаумен өріп қойған. Ер адамдарды қойғанда өзімен қоса қоладан жасалған қанжар, найза және тас қайрақтар қоса көмілген.

Алакөлдiктердiң шаруашылығы — малшылық, жер өңдеушілік болған. Басты орынды мал бағушылық алған. Аңшылық пен балық аулаушылық та кең етек алған. Қол өнершілікте қоладан қару-жарақ, әшекейлі тұрмыстық бұйымдар жасаған.

Федоров мәдениеті (б.э.д. XV-XI ғғ.) бұзылған зираттар мен үй орындары арқылы кездеседі. Денгейі жағынан алакөл мәдениетіне өте жақын, астарласып жатады. Бірақ мұнда өлген адамдарды өртеп күлін қойған. 2-3 әшекейленген ыдыстар мен құрбандық малдар мүшелерін қоса көмген. Бұл кезеңде аралас жұп жанұялардың пайда болғандығы белгілі. Соңғы қола дәуірі (б.э.д. XIII-IX ғғ.) Сарғары-Алексеев мәдениеті ескерткіштерімен Еуразия далалық, орманды дала айналмалы дөңес керамика түрімен танымал. Бұл кезеңнің адамдары үлкен өзендер маңына топталады, қоныс тепті. Осылайша, далалық Тобыл өзені бойында қола дәуірінде мекендердің алып жатқан жер көлемі 3-6 мың шаршы метр үйлер мен шаруашылық құрылыстарының саны 3-6 ға дейін, қайсы бір мекендер көлемі 8-10 мың шаршы метрге, құрылыстар саны 10-ға дейін барады.

Қарағанды облысының Кент тауларындағы мекен-жайы аумағы жағынан 100 мың шаршы метр болған. Бір жерге бірнеше рет қоныстану байқалды. 180-400 шаршы метр үй орындары кездеседі. Сол кездің материалдық мәдениетін металлдар, тастар мен сүйектерден жасалған бұйымдар арқылы білеміз. Қолдан құйылған садақ оқтары, сыңар жүзді пышақтар, қашаулар осы кезеңде жасалды. Сүйектен, металдан жасалған бұйымдарға саптар жасалды. Оған түрлі сурет, бедерлер салынды. Бұл кез бейіттері үлкен тастарды жартылай жерге көміп құршалды, киіз үй пішінінде домаланып келеді. Қабірлік шұңқырлардың көлемі 1-1,2, 2-2, 1,7 метр ал тереңдігі 0,7-1,3 метр. Тас кобдиша ішінде адамды сол немесе оң жамбасына бүгіп жатқызып аяқтарын айқастырған, қолы бүгіліп, саусақтары иық деңгейіне, не бетіне тақау орналасты.

Б.д.д. 2 мыңжылдықтың аяғы мен І ші жартыжылдықтың басын Орталық Қазақстан шынайы архитектуралық жерлеу комплекстерін академик Ө. Х. Марғұлан зерттеген. Ол Беғазы-Дәндібай мәдениеті деп аталды.

Шаруашылығы мен әлеуметтік ұйымдары. Алғашқы қауымдық құрылыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы табиғат жағдайына тәуелді болды. Алғашқы қауым адамдары 2-3 ондаған жандардың бірлестігі, топтары арқылы ғана өмір сүре алды. Олар тобырды құрды. Олар рулық бірліктердің бастамасын жасады. Рулық құрылым алғашқы қауымдық құрылыстың негізін салды. Онда осы кезгі адамдар жоғарғы палеолит дәуірінде бұдан бұрынғы шамамен 40-35 мың жыл әріде пайда болды.

Алғашқы адамдар тобырларында қауымдық, бірлесіп еңбек ету, еңбек құрал жабдықтары мен шыққан өнімге жалпылама меншік орын алды. Өкінішке орай, Қазақстан жерінде алғашқы адамдардың сүйектері әлі табылған жоқ.

Төтенше мәліметтер арқылы ғана ертедегі адамдар түрлері: питикантроп, синантроп және неандертальдың Қазақстан жерлерінде болғанын білеміз, тұспалаймыз. Алғашқы адамдардың көпшілігін аңшылық қанағаттандырды. Питенкантропты өз кезінде оверн местодонты, оңтүстік орман пілдері, стенон жылқысы, бактриан түйесі және өте зор трегонтерий құндызы т. б. асырап сақтады, азық қылды. Синантроппен бір мезгілде орман пілі, ертедегі бизон, енжар дала эласмотерий мүйіз тұмсығы, кең маңдайлы бұлғын-бұғы, марал өмір сүрді. Археологиялық қазбалардың деректері бойынша ең соңғы палеолит кезеңінде мамонт, жүндес мүйіз тұмсық, қасиетті бұғы, киік тағы басқалары табылды. Осы айтылғандар тізімінен көретініміз, алғашқы адамдар қай аңды таңдағанын, қайсысын аулап жегендігін байқаймыз. Олар аңшылықта түрлі әдістер қолданды. Орлар қазды, қуған аңды тұйыққа қамап ұстады, жарлардан құлатты. Тас атқыштар, найза лақтырғыштар, садақ пен оның жебесін мезолит дәуірінде ойлап тапты.

Палеолит адамдары терушілік пен балық аулаушылықпен де шұғылданды.

Тас дәуірі кезеңінде Қазақстан территориясындағы энеолит шаруашылығы күрделі өзгерістерімен белгілі. Мысалы, Ботай мекенінің тұрғындары шаруашылық комплексінде жылқы өсірумен де шұғылданған. Қазба арқылы табылған жүздеген мың сүйектердің 99,9 пайызы жылқы малынкі. Ботай жылқыларының жасы 3,4,5 жастық. Осылайша осы жастағы жылқыларды аңшылыққа ұстаған, етін пайдаланған. Сондай-ақ зубр, бұлғын, елік, киік, ортеке, аю, түлкі, қарсақ, құндыз, суыр, қоян, қабан, иттердің тұтас сүйектері де жиі кездеседі. Ботай мәдени ескерткіштері арқылы энеолит дәуірінде адамдар шаруашылығы экстенсивтік аңшылық, өсімдік теріп, жер өңдеушілік, балықшылық болған.

Оған дәлел тұрақты қоныстардың болуы, жылқы шаруашылығы, ұйтұрмыс, қол өнер ағаш, сүйек, тері өңдеу, өрушілік керамика өндірісі т. б.

Қола дәуірінің тайпалары бірегей түрде малшылық пен жер өңдеушілікпен шұғылданады. Мал бағушылық басым болды. Андронов кезеңінің тұрғындары тұрақты түрде өзендер маңына орналасты. Бұдан біз бір жерде мекендеушілікті көреміз. Археолог Б. Евдокимовтың есебі бойынша далалық Тобыл өзенінің бойында орта қола дәуірі (б.э.д. XVI-XIII ғғ. кезеңінде бір уақытта өмір сүрген 8-9 ауылда 450-500 адам, ал соңғы қола дәуірінде (б.э.д. XIII-VIII ғғ.) 4 ауылда 700-900 жан өмір сүрген.

Қола дәуірі адамдардың рулық-тайпалық ұйымдары, әлеуметтік құрылымдар, жан ұялар мен жеке меншіктік әрі қарай ыдырауына байланысты көп көшпенді мал шаруашылығына негіз жасалып бүкіл Қазақстан территориясында көшпенділер ұжымы пайда болды.

Беғазы-Дәндібай ескерткіштерін қалдырған тайпалардың қол өнері жоғары дамығандығы олардың қыш өнерінен, құрылыс салуынан және қола құю істерінің дәрежесінен байқалды. Осы археологиялық кезеңді зерттеушілер ішінде Ә. Х. Марғұланның орны ерекше.

Марғұлан Әлкей Хақанұлы (1904-1985 жж.) Еліміздің аса көрнекті ғалымы. КСРО География қоғамының толық мүшесі. Қазақ КСР Ғылым академигі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты профессор Әлкей Хақанұлы Марғұлан Қазақстан ғылымының тарих, әдебиет, өнер, археология, этнография, география, архитектура сияқты алуан түрлі саласында қажырлықпен еңбек етіп, өзіндік із қалдырған ғалым.

Баянауылда балалық шағын өткізген Әлкей ауыл мектебінен білім алып, он алты жасында өз ауылында мұғалімдік қызметте болған. Семейге келіп педагогикалық техникумде оқиды. 1925-1931 жылдары Ленинградтың Шығыс институты мен Ленинград мемлекеттік университетінің қо-

ғамдық ғылымдар факультетінің шығыс бөлімінде қатар оқып, бұларға қоса Өнер тарихы институтында лекция тыңдайды. Ленинградта оқып жүрген кезінде КСРО Ғылым академиясының Қазақстан мен Алтайдың өндіргіш күштерін, халқын зерттеуге арналған экспедициясына қатысады. «Ежелгі Қазақстан қалалары мен құрылыс өнерінің тарихынан», «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті», «Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дәндібай мәдениеті», «Қазақтың киіз үйі және оның жасауы», «Ежелгі мәдениет куәлері», «Шоқан және Манас» сияқты кітаптардың авторы. Бұл шығармалары туған өлкеміздің мыңдаған жылдық тарихи-мәдени шежіресін зерттеген құнды еңбектер қатарынан орын алады. Әлкей Марғұлан бұлардан басқа 300-ден астам ғылыми-зерттеу жұмысының 100-ден астам энциклопедиялық мақалалардың авторы. Ш. Ш. Уәлихановтың 5 томдық шығармалар жинағын шығаруда, одақ көлемінде шашырап кеткен материалдарды жинастыруға орасан зор күш-жігер жұмсады. Ол Ленин ордені, Еңбек Қызыл Ту ордені, Халықтар достығы ордені және медалдармен марапатталған.

Беғазы-Дәндібай мәдениеті. Б.д.д. Орталық Қазақстан жеріндегі 2 мыңжылдықтың аяғы және 1-ші мыңжылдықтың бас кезіндегі өркендеген археологиялық мәдениет. Қарағанды облысы жеріндегі Ақтоғай, Қарқаралы, Шет, Мичурин және тағы басқа аудандардағы қорымдарды қамтиды.

Беғазы-Дәндібай бейіттері «П» әрпі сипатына келеді. Мысалы: Топар қалалық типтес поселкесі жанында орналасқан 2-ші Дәндібай обасында адам жерленген тас қабір табылды. Оның екі жағында биіктігі 2 метрге жететін қалыңдығы 0,5-0,8 метр тас қаланған. Қабырғаларының арасы 3 метр төбесі бөренелермен шошайта жабылып, бұталы қабаттармен бастырылған. Тереңдігі 5 метрге жетеді. Оның ішінен адамның сүйегі, тасаттық тағамының қалдықтары тері өңдеуге арналған тас құрал, зәкір түріндегі мыстан құйылған зат, мыс сымның үзігі, сүйектен жасалған қапсырма. 12 ыдыс түрінің қалдықтары, қыш құмыра, кішкене текше құмыра, тостаған табылды. Беғазы қорымы қос қабырғалы бөлмелі, кіре беріс дәлізге өтпелі жол арқылы шығады. Құрылыс үшін салмағы 3 тоннаға жететін үлкен гранит плиталары қолданылған. Осыған ұқсас мавзолейді Қарағанды университетінің экспедициясы Кент тауларындағы Қызыл кент аңғарына кіре берістен тапты. Оның да қос қабырғасы бар, ортасына адам көметін жер эзірленген, қабырғалары зәулім тастардан қаланған, бұрыш-бұрышына үстік тастар орнатылған. Қауымның қатарындағы адамдарды жерленген жәшік тәрізді және жерге көмілген тас қоршаулардан тұратын ондаған молалар зерттелді.

Осы археологиялық мәдениеттің тағы бір мысалы Ақсу-Аюлы II (Шет ауданы) табылған үй жануарлары жерленген жәшік тас. Оның көлемі 2x07 метр батыстан шығысқа қаратып жерге орнатылған, беттері жылтыратып

өңделген гранит тас плиталарымен көмкерілген. Одан 58 см. тереңдіктен қой сүйектері, бүтіндей лақ сүйегі және тұтас бүгілтіп жерленген ботаның сүйегі табылған.

3. Қазақстан территориясындағы тайпалар одақтары мен ежелгі мемлекеттер: сақтар, үйсіндер, қаңлылар, ғұндар

Б.д.д. бірінші мыңжылдықта Қазақстан территориясының ертедегі тұрғындарының жаңа даму кезеңі басталды. Олар (б.д.д. VIII-VII ғ.ғ.) темірді қолдана бастады. Археологиялық кезеңге бөлушілікте бұл уақыт алғашқы темір дәуірі деп аталады. Әрине, еңбек құрал-жабдықтарына темірдің енуі өнім молшылығын жасады. Енді, алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, таптық қатынастар туды. Осылайша Жетісуда сақ, үйсін, Арал бойында қаңлылар, Орталық, солтүстік Шығыс Қазақстан бөлігінде ғұндар, Батыс Қазақстанда аландардың, алшындардың этно-мәдени бірліктері пайда болды.

Деректер мен әдебиеттерге жалпы шолу.

Ерте замандағы Қазақстан даласында мекендеген тайпалар туралы алғашқы еңбек жазған авторлардың бірі грек жазушысы Геродот болды. Ол Кіші Азияның Галикарнес қаласынан шыққан. Б.д.д. 5 ғасырдың ортасында ол небір хаттық мәліметтер, ауызша әңгімелер және жеке дара өз тарапынан көріп білушілік көп материалдар берген. Оның жазған тоғыз кітабының төртінші кітабында өзінің Солтүстік Қара теңіз жағына барғандығын, көшпенді тайпалар туралы мәліметті сонда жазғандығы мәлімдеді.

(Геродот. Тоғыз томдық тарих, адамдармен ескертпелер. Г. И. Стратановтікі) 1972. Геродот кітаптарының жеке фрагменттері С. Ж. Асфендияров, В. А. Кунтениң Қазақстанның өткендегі тарихы материалдары мен бастаулары 1935. 12-14 беттерде басылып шыққан).

Гректер Қара теңіздің солтүстік жағын жайлаған бүкіл халықтарды скифтер деп атаған. Ал Геродот болса Дон-Дунай өзендері арасын мекендеген тайпаларды ғана скифтерге жатқызған. Басқаларын ол Азия скифтері, массагеттер, сарматтар, ассылар, пасмандар, исседондар тағы басқа деп бөліп қараған. Геродоттың бұл кітабында парсылардың бұл тайпаларды сақтар деп атайтындығы туралы ескертілген. әлемдік қартаға түсіре отырып ал осы тайпалардың тұрмысын, шаруашылығы мен мәдени өмірін суреттеп жазған.

Қазақстанның ежелгі тайпаларының тарихына ертедегі грек географы Страбон өз еңбегін арнаған. Онда ол Каспий теңізінің солтүстік-шығысы,

Амудария мен Сырдария өзендерінің төменгі сағасындағы өмір сүрген массагеттердің өмірі мен тұрмысын суреттеген.

Парсы соғыстарына қатысушы Римдік тарихшы Аммиан Марцеллин (353-378) өз заманының тарихын паш еткен. Ол көшпелі халықтарға жатқызылған ғұндардың өмірін бақылап әңгімелеп жазған, қызғылықты оқыған адамды өзіне баурап алады.

VI ғасырдағы Византиялық тарихшы Менандр Протектор өз елінің 558-582 жылдарын тарих беттеріне түсірген. Қайсыбір беттерде бұрынғы бабаларымыз туралы айтылған.

VI ғасыр ортасында қазақ даласының саяси өктемдігі түркі тайпаларының қолына көшті. Византия тарихшысы Түрік қағанатының Константинопольдегі 568 жылғы бір елшілігі оқиғасын, оның ішінде дипломатия мен сауда байланысын қызғылықты етіп жеткізген.

Ежелгі Қазақстанды жайлаған тайпалардың өмірін мәлімдейтін құнды деректердің бірі-жартасқа ойып жазылған парсы патшасы Дарийдің қызметі туралы деректермен қоса I Дарийдің сақтар еліне жасаған жаулап алу соғыстары баяндалған.

Қазақстанның ертедегі тайпалары туралы бастамаларын ежелгі ирандықтардың Зороастра діни кітаптарының жинағы «Авеста» береді. Онда көшпенді малшылықпен шұғылданған қазақ даласының тайпалары турлар туралы деректер көптеп келтірілген.

Көне Қазақстанды мекендеген тайпалар туралы ертедегі Қытай авторлары да өз еңбектерін арнаған. Б.д.д. 138-126 жылдары Орта Азияда елші болған Чжан Цяньның деректері. «Ұлы хан династиясының тарихы» кітабында енгізілген. Оның айтуы бойынша қазақ даласын төрт халық: үйсін, қаңлы, янцай, және янцылар жайлаған. Олардың ішінде үйсіндер мен қаңлылар өмірі мен тұрмысы суреттелген. Осы кітаптан қайсы бір аудармалар Н. Я. Бичуриннің «Көне замандағы Орта Азияны мекендеген халықтар туралы» мәліметтері 3 томдықта бар.

Жоғарыда айтқандағыдай жазба деректерді археологиялық ескерткіштер ғана толықтырады. Бұл кезеңнің ескерткіштері Евразияда қорғандар, зираттар, обалар негізінде көп ұшырасады. Қорғандардың қираған үйінділері, төмпешіктері көлемі әр түрлі болып келеді. Формасы дөңгелек, төрт бұрышты бір жерде орналасуы 1-ден, 10-даған, тіпті саны жағынан одан да көп болып кездеседі. Биіктіктері де әр түрлі. Мысалы: археолог К. А. Ақышев басқарған экспедициясының жұмыстарын алайық. Бесшатыр зираттары Алматы облысының Іле өзенінің оң жағасында орналасқан. Оның сандық көлемі 31 қорғаннан тұрады. Тастар мен топырақ үйінділерінен, әр түрлі көлемде келеді. Бір қорғанның диаметрі 105 метр ал биіктігі 17 метр, ені бірінікі 52 м. Биіктігі 8 м. т. б.

Таулы Алтайдағы Пазырық, Шығыс Қазақстандағы Шілікті т. б. қорғандар жұртшылыққа кеңінен таныс. Табылған ескерткіш мұралар ата-баларымыздың таңғажайып мәдениеті туралы біздің түсінігімізді байыта түседі.

1969-1970 жылдары Қазақстан археологтары К. А. Ақышевтің басқаруымен Алматыға тақау орналасқан Есік қорғанын қазды. 6 метр тас үйінділерінің астынан екі оңтүстік және орталық қабірлер табылды. Орталық көмбеден ешбір құнды материалдар табылмаса да оңтүстік көмбе өте бай боп шықты. Тянь-Шань шыршаларының діңгектерінен кесіп жасаған табыттың ішінен жас сақ көсемінің мүрдесі табылды. Ғалымдар оның алтынан жасалған 4 мыңға жуық киімi жұрнақтарын қалпына келтіріп «Алтын адам» деп атады. Бұл Токио қаласында өткен халықаралық көрмесінде әлем жұртшылығын таң қалдырды.

Археологиялық қазба жұмыстарының жетістіктері туралы Қазақстан оқымыстыларының еңбектері көптеп жарық көрді. Олардың ішінде ертедегі сақ-үйсін, ғұн т. б. тайпалардың өмірі мен тұрмысын суреттейтін Ақышев, Қушаев «Іле өзені алқабындағы сақтар мен үйсіндердің ертедегі мәдениеті» атты еңбегі мысал бола алады. Қыдырбаев М. К. «Орталық Қазақстандағы алғашқы көшпенділер ескерткіштері», Қазақ КСР ғылым академиясының тарих, археология және этнография институты еңбектерін де айтуға болады.

Сақ-үйсін тайпасының антропологиялық бейнесін жасауда алғашқы қазақ антропологі О. Исагуловтың еңбектері зор.

Ертедегі Қазақстан территориясындағы тайпалар жайлы азды-көпті тарихи бастамаларды қорытындылай келіп, мына жайтты айта кеткеніміз жөн. Онда Солтүстік және Орталық Қазақстан аймақтарының жазба деректері әлі де болса толық зерттелген жоқ. Үйсін-қаңлы мәдениетінің б.д.д есперткіштері материалдары аз жиналған, ал ғұндар тарихының археологиялық ескерткіштері жоқтың қасы.

Сақтардың тайпалық одақтары.

Б.д.д. 1-ші мыңжылдықта, ерте темір дәуірінің VII ғасырында сақ тайпаларының тарихы басталады.

Сақ тайпаларының орналасу картасына көңіл аударсақ, олар Қазақстанның бүкіл территориясын мекен еткен және бірнеше топтық атаулармен белгілі. Парсының сына жазуларында: парадарайя (теңіздің арғы бетіндегі сақтар), хаомаварга-сақтары (ішімдік, сусын жасаушылар) туралы айтылады. Қайсы бір тарихшылардың пікірі бойынша парадарайя сақтар Арал өңірінде, Сырдария мен Амударияның төменгі ағысында немесе Қаратеңіздің теріскей бетінде өмір сүріп, тіршілік құрған; тиграхауда сақтары (шошақ бөріктілер) Сырдарияның орта аймағы Тән-Шәнді мекендеген, хаома-

варга сақтары Мурхаб алқабынан қоныс тепкен. Егер қазіргі Қазақстан картасы бойынша нақтыласақ, солтүстік-шығыста — аримаспылар, орталықта — исседон сақтары, батыста — сарматтар, олардан соң ежелгі грек тарихшысы Геродоттың жазуы бойынша биік таулардың етегінде, біздіңше Орал тауларының оңтүстік-шығыс жағы болуы керек — аргипей тайпалары жайлаған.

Осы тайпалар туралы мәліметтерді ежелгі дүние тарихындағы грек тарихшысы Геродот рим тарихшылары Страбон, Дионисий Периагет және сол сияқты географ-саяхатшылар, «Азия скифтері» атымен атайды. Шығыс Ирандық діни шығарма «Авестада», «Турлар» десе ал парсы патшасы I-ші Дарийдің Бехистун жартасындағы «Жорық хроникасындағы» сына жазуда «сақтар» атымен атайды.

Парсылар ежелгі халық. Нәсілдері — үнді жерорта теңіздік. Қазіргі Иран мемлекетінің жеріне б.д.д. 2 мың жылдықтың аяғында Орта Азиядан келіп қоныстанған. Ежелде өзін «арий» деп атаған. Ол таза ақсүйек мағынасын береді.

Парсылар б.д.д. VI-IV ғ.ғ. Ахеменид, б.д.д. III-VII ғасырлар аралығында Сасанид мемлекеттерінің негізгі халқы болған. Олардың тасқа жазылған ескерткіштері б.д.д. IX ғасырдың алғашқы жартысынан басталады. Солардың ішінде I-ші Дарий патшасының Бехистун жартасына ойып жазған жорық хроникасы да бар. VII ғасырда араб шапқыншылығының нәтижесінде парсы жазулары араб графикасына көшкен.

«Парсы» деген сөз Ахеменидтер мемлекетін басқарған Парсид шаһтарының әулетінен алынған. Ежелгі гректер, олардың артынан барлық Еуропалықтар Иранды Парсы елі (Персия) деп атап, 1935 жылға дейін бұл мемлекет осы атаумен келген.

Ұлы Кир. Кир (Куруш) б.д.д. 600 жылдың шамасында дүниеге келген. Ежелгі Ирандағы Ахемен әулетінен шыққан. Мидия патшасы Астиагтың жиен немересі. Өсе келе Кир нағашы атасына қарсы шауып, тағын оп-оңай тартып алады. Кир — түбі парсыдан шыққан бірінші патша. Лидия жерінің әміршісі Крезден бұрын қимылдап 546 жылы оны жеңіп астанасы Сардыны басып алады. Крезді тұтқындайды. Ол кезде Кирдің қол астында 200 мың, ал Крезде одан да көп жауынгер болған екен. Кир өте дарынды қолбасшы болған. Оның құйындатқан күйі садақты қара бұлттай жаудыратын атты әскері, түйелі жауынгерлері бір төбе болған.

Кир жеңген елін қисапсыз қырып-жоймаған. Олардан әскеріне әскер қосқан, қалаларды қиратпаған, дінін салт-дәстүрін қорламаған, саясаткер, дипломат болған. Тәуратта Кир еврейлерді Бабыл елінің құлдығынан құтқарып, туған жеріне қайтарды деп жазылған. 545-540 жылдары Кир бастаған парсы әскері Шығыс Иран мен Орта Азиядағы Дрангиано, Маргиана жерлерін

алды. Бұдан кейін Месопотамия, Сирия, Финикия, Палестина, араб түбегінің бір беткейі ақыр аяғында Фракия, Македония мен Үндістанның солтүстік батыс бөлігін жаулады. Парсылардың бұл ұлы империясы 20 әскери-әкімшілік округтарға бөлініп, шығыстың диспотия жолымен басқарылды. Кир құрған бұл империя б.д.д. 330 жылы грек-парсы соғыстарына дейін яғни 200 жылдан астам өмір сүргендігі, Кирдің сонынан патшалық құрған Камбис, Дарий, Ксеркс, Артаксеркс заманында дәуірлеп тұрған.

Кирдің соңғы шайқасы Арал өңірінде мекендеген сақ тайпаларының жерінде өткен. Тарихшы Геродоттың мәліметінде «Осы ұланғайыр даланың барлығына жуығын әлгі Кир патша соғыс ашпақ болған массагеттер иемденді. Кирдің бұл жорыққа аттануына өзін тумысынан, қасиетті адамын, нағашысының түсіндегі аян берген әмірші — менмін, дүниені билеуім керек» деген астамшыл пиғылы; екіншісі себеп — барлық соғыстарда жеңіске жетіп келе жатқан ақжолтайлығы еді. Өйткені Кирдің көзінің қиығы түскен халықтың бірде біреуі оған қарсы тұра алмай, тізе бүккен еді, делінеді. Сақтар қайсы бір тарихи шайқастарда парсы әскерінің құрамында болғандығы тарихта бар. I-Дарий қолымен шайқасқан Мильтиад бастаған афиналықтар сақтарды парсы әскерінің санынан көреді. Кирдің Крезбен соғысқан кезінде сақтар басында парсылар жағында соғысып, одақтас болып, кейін бөлініп кеткеннен бастап Кирдің көңілі қалып, оларды «сатқындар» деп кешірмеуі шындық.

Б.д.д. 530 (529 ж.) Кир массагеттерге шапқыншылық соғысын бастайды. Бұл заманда массагеттерді патшаның жесірі — Томирис (Тұмар) патшайым басқаратын. Алғашқы соғыста парсылар басым түсіп 70 жасқа келген Кир Томириске үйленбек ниетінің барын білдіртеді. Бірақ, Томирис Кирдің өзіне емес, массагеттер патшалығына құда түскелі отырғанын түсінеді. Ниетін қабылдамайды. Осы оқиға көптеген тарихи-әдеби шығармаларға желіс болды. «Түркі халықтарының тарихы» 3 томдық Қ. Аманжолов пен Қ. Рахметов, В. В. Струве «Этюды по истории Северного Пригерноморья, Кавказа и средней Азии»

Томирисдің ұлы Спаргаписті Кир патша қулықпен қолға түсіреді, ол өзін-өзі қанжармен ішін жарып өлтіреді. Филология ғылымының докторы Т. Жұртбайдың «Тарих» кітабының 212-бабында Томирис патшайым: «Қанішер Кир! Сен енді менің ақылымды тында. Тұтқынға түскен ұлымды өзіме қайтарып бер де аман-есеніңде ата жұртымнан табаныңды жалтырат, массагеттердің әскерінің үштен бірін алдап арандатқаның да жетеді. Егер де сен менің бұл айтқанымды істемесең Күн Тәңірімнің атынан ант етемін, қанша қомағай болсаң да мен сені қанға тұншықтырамын», дейді. Ал 214-бапта Геродот шайқастың қалай өткенін, парсы әскерінің барлығы майдан даласында жер жастанғанын, Кирдің өзі де сонда қаза тапқанын жазады. Болат Жандар-

бековтың «Томирис» повесінде Томирис Кирдің басын көкке көтеріп, Фархадтың қолындағы месті алды. «Масақтар! Патшайымдарың айтқанынан қайтпайды! Парсы патшасы іздеп келгенің қан еді ғой, ал енді іш кенезең кепкенше!». Осыны айтты да Томирис Кирдің басын қанға шүпілдетіп тұрған меске лақтырып жіберді. Сақ даласына сәтсіз жорықтан кейін бір жылдан соң Кирдің ұлы Камбис Сыр бойына келіп, әкесінің бейітін тауып, мәйітін қаздырып алып Персеполис жеріндегі Пасаргат қабіріне жерлеген. Осы қабірді зерттеген археологтар Кирдің бассыз қаңқасын тапқан.

Дарий бірқатар сақ тайпаларын бағындырып оларға алым-салық төлеуге мәжбүр етті. Сонда да ол дала өңіріне тереңдеп ене алмады. Грек тарихшысы Иомен сақ-массагеттерінің парсы жаулап алушыларына қарсы күресі туралы мынадай әңгіме қалдырған. Шырақ атты сақ жігіт өз денесін өзі пышақпен кескіндеп, жаулар жағына өтеді. Ол Дарийге туыстарының ренжіткенін, өш алғысы келетінін айтады. Осы сөзге сенген парсы әскерін Шырақ сақ әскерінің үстінен қапылысқа түсіртпекші болып бастап, шөл далаға апарады қырғынға ұшыратады. Өзі де жау қолынан қаза табады.

Сақтар грек-македондардың жаулап алушылық соғыстарында батырлық танытты. Үш жылдық соғыста А. Македонский (қазақта Ескендір Зұлқарнайын деп атайды) Орта Азияның қайсы бір халықтарын өзіне қаратқанмен Сырдариядан әрі өте алмады, сақтар өзінің тәуелсіздігін ұстап қалды.

Сақ тайпалары өздерінің солтүстік-шығыс және батыс көршілерімен бейбіт қатынастарға кірді. Олар ертедегі өркениет ошақтары Хорезм, Бактрия, Ассирия, Индиямен сауда саттық және мәдени байланыстарда болған.

Сақтардың ең басты шаруашылығының түрі көшпенді, жартылай көшпенді мал шаруашылығы болды (жылқы, сиыр, қой малдарын өсірді). Биік тұғырлы жылқылар мен қоса өте шыдамды қысқа аяқты жылқыларды да өсірді.

Мал өнімдері базасымен қоса қабат қол өнері де дамыды. Дөңгелекті арбалар саз, тері, ыдыстар, сауыттар, қоладан қанжар, тұрмыстық ыдыс-аяқтар т. б. жасады. Олар көшпенді және жартылай көшпенділердің өміріне ұйқасымды келеді.

Жеке адамдардың жанұялық меншіктердің пайда болуы олардың өміріндегі рулық-тайпалық қатынастарды ыдыратты. Патриархалдық қатынастар орын теуіп таптық қоғамға өту процесі жүрді. Ф. Энгельстің айтуы бойынша бұл кезең әскери демократия кейіпін туғызды. Меншіктік теңсіздіктер, таптық белгілер өсе түсті. Сақ қоғамы — абыздар, жауынгерлер, қауым мүшелерінен тұрады.

Тұрмыстық темірді қолдану, шаруашылықты жандандырумен қоса мәдениетті де дамытты. Көшпенді жылжымалы өмір ағымына сай сақтар мәдениеті әртүрлі мәдениеттермен етене араласты. Сақтар киіз үйлерде, там

үйлерде тұрды. Төбесі үшкір, биік бас киім, тізеге дейін түсетін бешпеттер киді. Белдеріне белдік байлады. Тар шалбар мен өкшесіз аяқ киім киді.

Діни нанымда олар күн мен отқа табынған. Анимизм, тотемизм және магия қоян-қолтық сақ тайпаларының санасын билеп тұрды. «Отырықшы, мәдениетті (4. Қазақ ССР тарихы 5 томдық, Т. 1. 19-б.; Я. Ильясов «Ызақек соқ — пақтары» Ташкент, 1957, 199-б.) дейтін елдер өлген бекзаттарын көлікпен пәлен айлық жерге әкеліп жерлеп, оба үймеген болар. Оба үю дәстүрі — көшпенділердің ежелден келе жатқан ел дәстүрі. Жыл мезгілінің қай кезеңі де болмасын, алыста өлген адамды сақтар бальзамдап және мумиялап өлікті сақтап тиісті көметін орынға тасымалдаған. Өлген адамның қабірінің жанына оның меншікті заттарының бір бөлігін қойған».

Сақ мәдениеті қазіргі адамдарды таң қалдырады. Оның басты компоненті «аңдар стилімен» бейнелеу өнері, зергерлік колөнер. Бұл стиль біздің дәуірімізге дейінгі VII-VI ғасырларда Орта Азия, Қазақстан, Сібір және Оңтүстік-Шығыс Еуропа тайпалары өмірінің бәрінде кездеседі. Ою-өрнек салу да дамыды. Бірақ, тері, киізбен, шүберектен жасалған ою-өрнектер біздің заманымызға жетпеген.

Антропологтардың мәліметі бойынша сақтар — европоидтер болған. Бірақ морфологиялық өзгерістерге шығыстан монголоид тайпаларының енуі арқылы ұшыраған. Антрополог О.Исмагуловтың тұжырымы бойынша сақтардың бет пішінінде 20 пайыз монголоид элементтері бар болып келеді. (Исмагулов О. И. көрсетілген еңбек, 22-38-б.б.)

Сақтар шығыс иран тілінде немесе диалектикасында сөйлеген. Көптеген тарихшылар оларды түркі тілдес тайпаларға жатқызады. Сақ қоғамы өте жоғары әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуды басынан кешірді. Өз уақытының дүние жүзінің оқиғаларының куәгері болды, әлемдік мәдениет тарихына өшпес із қалдырды.

Алтын адам. Ол «XXI ғасырдың ең белгілі археологиялық жаңалығы» Н. Ионионың «Вене» баспасынан шыққан «Жүз ұлы қазына» кітабын шыққан «Сақтың алтын адамы» мақаласында (М., 2001 ж.) Қазақ Кеңес Энциклопедиясындағы мақалада «Есік обасынан табылған алтын киімді адам және оның қасындағы заттар дүние жүзілік маңызы аса зор жаңалық» деп айтылған. Осы энциклопедияның 4-томының 19 бетінде «Алтын бұйымдардың саны жөнінен сәндік бұйымдардың қару-жарақпен тұрмыстық заттардың жоғары дәрежеде жасалуы жөнінен атақты сақты жерлеу салтынан нақты толық мағлұмат беретін көмілген заттардың сақталуы жөнінен және мейлінше әсем бас киімінің сырт киім мен аяқ киімнің айрықша белгілері жөнінен Есік обасынан табылған дүниелер ғажап таңқаларлық, ғаламат құбылыс» деп жазылған.

1969-1970 жылдары археологиялық қазба жұмысының нәтижесінде қазақ археологі Кемел Ақышев Алматыдан 50 шақырым жерде Есік қаласының солтүстік жақ шетіне жақын жердегі диаметрі 60 метрлік биіктігі 6 метрлік обаны қазған. Одан б.д.д. V-IV ғғ. сақ көсемінің қабірі табылды. Обаның орталық қабірі түгел қиратылып, тонап әкетілген, ал бүйірдегі қабірі сол күйінде сақталыпты. Аумағы 3,3x1,9 метр, биіктігі 1,5 метр ағаш қабірдің ішінде басын батысқа беріп, шалқасынан жатқан өліктің сүйегі антропологтардың анықтауынша, ежелгі сақтардың типінде жататын 17-18 жасар жауынгер.

Ең ғажабы — ол бүтіндей алтынмен апталған. Бірге жерленген жауынгерлік қаруы — алмас қылыш пен болат қанжардан басқасы бүтіндей алтыннан. Өліктің басына конус тәріздес биік алтын зер әшекей заттармен безендірілген. Олардың көпшілігі барыстың, тауешкінің, арқардың, аттың, құстың кескінімен таңбаланған. Бас киімнің маңдай жағы мүйізді қанатты қос аттың мүсінімен өрнектелген. Көсемнің басына кигені үш шабаталы шошақ бөрік. Бұл оның Тиграхауда сақтарынан шыққанын көрсетеді. Жетісу жерін солар мекендеген еді. Мойнына барыстың басына ұқсаған ұштығы бар үш оралған әшекей тағылған. Оң қолының саусағында екі жүзік біреуінің қалқаншасы бар, екіншісінің бетіне тәж киіп, қырынан тұрған адамның бейнесі салынған. Алтын әшекейлердің жасалу тәсілі де әртүрлі. Соғу, штамптану, ою, балқыту, безендіру сияқты сан қилы болып келеді. Жалғыз ғана қанжардың өзінде бірінің соңынан бірі шұбырған барыстардың, қабандардың, қояндардың, тауешкінің, қасқырлардың, ақбөкендердің, киіктердің, түлкілердің, жыландардың бейнелері бар алтын пластиналар орнатылған. Бейнелер тым кішкентай болғандықтан шебер хайуанаттардың көзге бірден түсетін белгілеріне баса назар аударған, көзді, құлақты, мүйізді, тұяқты, тырнақты әсірелей көрсеткен. Семсер мен қанжар қызыл былғары қында сақталуы. Қанжар қынының сыртындағы үлкен алтын әшекейде шауып бара жатқан бұлан мен аттың бейнесі салынған. Оң қолындағы үлкен сақинаның бірі адамның басы бейнеленген жүзік — мөр. Есік қорғанынан табылған ыдыстардың зерттелуі әлі де көңілдегідей емес. Онда 31 түрлі ыдыс табылған (құмыралар, ағаштан ойылған тік бұрышты шара аяқтар, тостақандар, өрнек сапты ожау, күміс тостақан, күміс қасық, алтын жалатқан қола тостақан және т. б.).

Ең кереметі — күміс тостақанның біріндегі 26 таңбадан тұратын жазу. Сақтарда бұдан 2,5 мың жыл бұрын жазу-сызу болған. Бұл жазуды ғалым Алтай Аманжолов былайша (аударыпты) оқыпты: «Аға, сана очук! Без, чок!» Аудармасы — «Аға саған ошақ! Бөтен (жат ел адамы) тізеңді бүк! Халықтың қарны тоқ (болғай)!», деп оқылады. Бұдан біздің байқайтыны-

мыз сақтар иран тілді емес түркі тілді тайпалар, біздің ата-бабаларымыз екен.

Тарихи әдебиеттерде «сақтар» деген жинақтаушы терминмен Орта және Орталық Азия мал өсіруші ежелгі тайпаларды атайды. Оларды грек тарихшысы Страбон «азиялық скифтер» деп жазған. Скифтерді парсылар «сафо» деп атаған көрінеді. «Сак» сөзі содан шыққан Орта Азияның оңтүстігін Арал теңізінің төңірегін, Сырдария бойын, Жетісу алқабын мекендеген сақтар одағына біріккен көне тайпалардың ең атақтылары — яксарттар, массагеттер, исседондар мен даилар. Иранның Ахемен әулетінен шыққан Кир II, Дарий I сияқты даңқты қолбасшы-патшалары сақтардың түрлі тайпалармен тіресіп, бірде жеңіп, бірде жеңіліп отырған. Әсіресе оларды қызықтырған сақ даласындағы аңызға айналған мол алтынға қол жеткізу болған сыңайлы. Мол қазына грек-македон патшасы Ескендір Зұлқарнайынды да қызықтырған. Ол 3 жыл бойы соғыста Сырдария сақтарын бағындыра алмаған. Страбон жазбаларында «Оларда күміс жоқ, темір аз, бірақ қола мен алтын көп» деп жазса, ал Геродот болса «Найзаның, жебенің, айбалтаның ұшымен жүзін жезден жасайды да бас киімін, дулығасын, белбеуі мен шығыршығын алтынмен аптайды. Олар аттарына жезден өмілдірік қап кигізеді. Жүгенін, ауыздығын және ноқталарын алтынмен жалатып, өрнектеп қояды... Оның есесіне алтын мен жездің көптігінде есеп жоқ» дейтін.

Үйсіндер мен қаңлылардың ертедегі мемлекеті. Б.д.д. III ғасыр б.д. IV ғасырына дейінгі аралықта Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуда туыстас және көршілес екі көшпенді және жартылай көшпенді тайпалар үйсіндер мен қаңлылардың алғашқы таптық мемлекеті пайда болды. Өндірістік қатынастардың әрі қарай дамуы арқасында сақтар қоғамын ірі және тұрақты таптық бірлестік ауыстырды.

Жетісу аумағында үйсін, Сырдарияның ортаңғы ағысы тұсында қаңлы мемлекеті қалыптасты. Олар көршілес Азия елдерінің саяси және экономикалық өміріне ерекше әсерін тигізді. Қазақстан көшпенділері Үнді, Ауғанстан, Пәкістан және Орта Азия мемлекеттерінің бастамаларына негіз болды. Үйсіндер — Қазақстан территориясындағы алғашқы таптық бірлестік «Үйсін» этимологиялық термині осы күнге дейін белгісіз. Дауысталып айтылуға қазақтың ұлы жүзіндегі бір этнонимдік рудың атына тәуелді. Археологиялық материалдар сақтар мен үйсіндердің этномәдени ұштастығын куәлендіреді.

Алғашқы үйсіндер туралы естеліктерді біз б.д.д. екінші мыңжылдықтың алдындағы Қытай деректері арқылы кездестіреміз. Олар үйсіндердің саны 630 мың адам деп мәлімдеді. Жоғарғы өкімет билігі «гуньмо» деп аталған басшының қолында, ал астанасы Чигучен (Қызыл алқап қаласы)

болды. Үйсін мемлекеті Іле алқабында, ал астанасы Ұлы Жібек жолына орналасты. Б.д.д. бірінші мың жылдықтың аяғында үйсін мемлекеті өзінің ең жоғарғы гүлденуіне жетті. Бұл мемлекеттің территориясы солтүстікте Балқаш көліне, батысында — Талас өзеніне дейін аралықты қамтиды.

К. Ақышев «Қазақ мемлекеті: эволюциясының басталуы мен даму кезеңдері. Сақтар мен үйсіндер мемлекеті» мақаласында Қазақ мемлекетінің түп тамырын сақ, үйсін, және ғұн тайпаларының әлеуметтік дамуынан іздейді. Шынында жазба деректер мен археологиялық қазбалардан табылған заттар өте азайып қалса да сақ, үйсін, ғұн қоғамында көшпелі қоғамда мол байлық көзін құрған бай-сақ, кедей-сақ, болғандығы белгілі немесе әрі қарай, бай-үйсін, кедей-үйсін одан әрі қоғамның антогонистік таптарға жіктелуін байқаймыз.

Тарихи оқиғалар арқылы ертедегі қазақ топырағындағы мемлекеттерге көрші-ахемендік және грек-бактиялық, қытайлық хан империяларының әсері де болғандығы белгілі (соғыстар, экономикалық байланыстар болған).

Бұл мемлекеттерде әлеуметтік теңсіздіктердің болғанын жерлеу рәсімдері-ақ байқатады. Қазылған обалардың биіктігі табылған металдың құндылықтары соның айғағы. Мысалы: әйел патша Заринаның қабірінің үстіне үш қырлы зәулім пирамида орнатылған. Малшы-диқан сақтар орналасқан ауданды құм кесектен мазар салған. Б.з.д. II-I ғасырларда үйсін қоғамы кезінде жеке меншіктің одан әрі дамып бекзадалардың қолына билік пен лауазым, байлық болғандығы тарихқа аян. Қазақтың жеріндегі көне мемлекеттерде шаруашылық түрлері көп укладты саналады. Таза малшылық көшпенділік, жартылай көшпенді және жартылай отырықшы. Ал үйсіндерде — мал және жер. Мал-мүлік жинау тауар алмасуына әкелді, таптық қатынастар пайда болды. Құл иеленушілік те кездесті. Үйсін мемлекеттерінде жартылай көшпенді негізінде өмір сүргендігін, оның көршілес жерлерге шабуыл жасап тұрғандығы туралы қытай жазба деректері «Цяньханту» «Янь-и-гуде» олар көптеген иеліктерді бағындырды. Көршілес шағын иеліктерге шабуыл жасады. Бағындыра салысымен өздеріне айналдырды деп баяндайды. («Қазақ тарихы» № 3 1994 ж.)

Үйсін бекзадалары көршілес жатқан елдермен одақтасып, қыз беріп келін түсіріп аралас-құралас болып отырды. Лауазымдық қызмет әкеден балаға мирас, мұрагерлік тәсілі арқылы берілген. Мемлекетті берік сақтап қалу мақсатында әскери-әкімшілікке сүйенді.

Үйсіндер тарихы үлкен және кіші басқарушылардың өзара соғыстарына толы. Олар басқа мемлекеттермен оның ішінде Қытай империясымен одақ жасасты. Қытай династикалық хроникасында үйсін мемлекеті тарихы б.д. III ғасырына дейін әкелінді.

Жетісудың ертедегі үйсіндері әртүрлі малдар өсірді. Тарихшылар олардың жылқы малына көп көңіл бөлгендігін атап көрсетті. Бай үйсіндер 5 мыңға дейін жылқылар иемденді. Жер өңдеумен де шұғылданады. Өсімдік тағамдары үйсіндердің тұрақты азық-түлік қорын жасады. Олар арықтық, суармалы егістіктерді игерді. Бау-бақша да болған. Археолог К. А. Ақышевтың зерттеуі бойынша үйсіндердің шаруашылығының негізі мал өсіру мен жер өңдеушіліктен тұрды.

Таптардың пайда болуын әлеуметтік теңсіздіктерді дәлелдейтін мысал үйсін кезеңнің Жетісу территориясындағы жерлеу үлгілері әр түрлі болып келеді. Бай адамдарды үлкен қорғандарға диаметрі 50-80 м. Биіктігі 8-21 м. ал кедей мүлкі аздарға кішігірім қорғанша обалар үйген.

Сонымен, ертедегі үйсіндер сақтардың этникалық жалғасы кейінгі қазақ-қырғыз халқының құрамына кірген үйсін-үйшундармен тікелей байланысты. Бұл тайпалық мемлекет біздің ғасырымыздың бас кезінде Қазақстанның саяси тарихына елеулі үлесін қосты.

Қаңлылар Талас пен Сырдария өзендері бассейндерінде ертедегі қаңлы мемлекеті өмір сүрді. Оның астанасы Битиянь қаласы болды. Біздің дәуіріміздің қарсаңында қаңлылар 600 мың адамға жетті. Соғыс кезінде олар 120 мың әскер шығара алды. Қаңлы өкімет иелері Қытай, үйсін және ғұн мемлекеттерімен дипломатиялық қатынастарға түсті. Үйсіндер тарапынан қысым көрген қаңлылар жаңа дәуірдің бас кезінде солтүстік ғұндармен одақ жасасты. Ғұн әскерлерінің көмегімен олар үйсіндермен соғыста көптеген жеңістерге жетті. Бірақ бұл одақ көпке бармады. Шығыстағы жағдайын нығайтқан қаңлылар батыстағы көршісі Солтүстік Арал бойындағы көшпенді аландар тайпаларына шабуыл жасады, олар Қырымға дейін барды. Орыс жалнамаларында олар печенегтер деген атпен белгілі. Қаңлылардың шаруашылығының негізі богорлық-лимандық жер өңдеу мен отырықшы мал шаруашылығы болды. Олар мәдени егін мен бау-бақша өсірумен де шұғылданып отырған. Жерді тас шоттармен өңдеді. Жер суландырудың қарапайым әдістерін қолданды. Ірі қара мал, қой, жылқы, ешкі өсірді. Аңшылық, қолөнер, сауда және ақша айналымы үстем шаруашылық мүддесіне қарай жүргізілді. Қаңлылар кезеңінің материалдық ескерткіштері, олардың отырықшы жер өңдеуші тайпалар болғандығын дәлелдейді. Тұрақты монументтік, кірпіштен салған құрылыстар, сарай комплекстері үй қабырғаларына салынған әсем өрнектер ертедегі қаңлылардың мәдениетінің жоғары болғандығын айқын дәлелі.

Ғұндар қоғамы. Б.д.д. бірінші мыңжылдықтың ақырында Қазақстанның солтүстік-шығыс бөлігінде ғұндардың тайпалық одағы шықты. «Ғұн» этнонимінің шығу тегі осы одақтың этникалық құрылымы сияқты бізге әлі белгі-

сіз. Оқымыстылардың айтуы бойынша ғұндар (батыс әдебиеттерде «гунидер») түркі тайпаларының негізі ядро болған саяси тайпалық одақ.

Б.д.д. 209 жылы ғұндардың өкімет билігінде Мөде келді. Ел басқару мен әскери ісінде реформалар жасаған ол дунху және үйсіндердің бір бөлігін талқандап өзіне қаратты. Ал бұдан бұрын б.д.д. 200 жылы ғұндар Хан империясын жеңіп, осыдан кейін Қытай оларға жыл сайын салық төлеп тұрды. Одан соң іле-шала ғұндардың иелігіне Байкал бойынан Шығыс Түркістанға дейінгі алып жатқан территориялар көшті. Мөде өлгеннен кейін бірнеше ондаған жылдар бойы бейбіт өмір орнады. Оны өте айлакер, саясатшыл хан императоры У-Ди бұзды. Ғұндар мен Қытай арасындағы үздік-создық соғыстар қайсы бірде жеңіспен аяқталды. Б.д.д. 123-119 жылдары ғұндар өздерінің жерлерінің едәуір бөлігінен айырылып, б.д. дейінгі 90 жылы шаньюй Хулугу қытайлықтарға күшті қарымта қайтарды. Бірақ, ғұн державасының бүкіл жаулап алу қимылдары берік болмауы себепті б.д.д. I ғасырда ыдырап кетті. Б.д.д. 47 жылы ғұндар оңтүстік және солтүстік болып екіге бөлінді. Алғашқысы Қытай қанатының астына кірсе, ал соңғысы өзінің тәуелсіздігін сақтады. Солтүстік ғұндардың жалпы Қазақстан территориясына көшіп қонуы басталды. Б.д. 93 жылы солтүстік ғұндар қытай әскерлерінің тықсыруы салдарынан Тарбағатайға дейін, олар одан соң Орталық Қазақстанға және Сырдария өзенінің жағаларына дейін кетті. Кешікпей олар Еділ, Дон өзендерінің аралығында, Арал теңізінің арғы бетін жайлады. Осында үш ғасыр бойы көшіп-қонып ғұндар, аландар т. б. тайпалармен сіңісті. Ертедегі ұлы державалар Иран мен Рим империясымен бейбіт және әскери істерде саяси байланыстарға түсті. Осы кезде ғұндар өздерінің этникалық өзгешелігінен айрылып жергілікті көшпенді тайпалармен қан айналысын жасады.

375 жылы төменгі Еділдің жайлаған тайпалар Дон өзенінен өтіп, остготтардың тайпалық одағын талқандады. Остготтардың батысына қарай орналасқан вестготтар ғұндардан ығысып, Дунай өзенінен өтіп Франция жеріне кірді. Шығыс Рим империясының жерлеріне жиі-жиі кіріп кетіп отырды. 395 жылы Константинополь іргесіне тақап келді. Осы жылы Закавказье мен Месопотамияға шапқыншылық жасады. Бұрынғы ұйымдаспаған, тонаушылық шапқыншылықтардан енді ғұндар ірі жаулап алушылықтарға көшті. Әсіресе Рим жерлеріне ғұндардың етек алуы Рутил патшаның кезінде күшейді (V ғ. бірінші ширегі). Олар Дунай бойындағы Римнің бай провинцияларын басып алды.

Қазіргі кездегі Паннония (Венгрия территориясы) ғұн державасының орталығы болып саналды. Шығыс Рим императоры Рутил патшаға жыл сайын 350 фунт алтын төлеп тұруға міндетті болды. Римдіктермен болған сәтті соғыстар арқылы ғұн ақсүйектері байып сән-салтанатта тұрды, сансыз мал, құл ұстады.

Рутил 434 жылы өлгеннен кейін билік ағасының балалары (Мунзаук-Рутилдің ағасы) Блед пен Аттиланьң (Еділ) қолына ауысты. 437 жылы ғұндар Бұрғын корольдігін талқандайды (бұл оқиға «Нибелуга туралы өлеңнің» желісінде арқау болған). 445 жылы Аттила Бледті өлтіріп жеке дара билікті орнатты. Оның қысқа, қанды басқарушылық кезеңі тарихта із қалдырды. Онда ұйымдастырушылық талантпен қоса, әскери талант та бар болатын. Дүние қоңыз, өркөкірек және қатал адам болатын.

Аттила өзінің алғашқы соққысын Шығыс Рим империясын басқарған ынжық Феодосий II-ге берді. Дунай бойындағы Рим қамалдары бірінен соң бірі қирап ғұн ордасы жолындағы барлық қалаларды алып, Балқан түбегіне атылды. Аттиланьң атты әскеріне ешкім төтеп бере алмады. Себебі, ғұндар күтпеген жерден шыға келетін. Гректердің 70 қаласы өртеліп, тоналды. Зіл зала қасіретіне ұшыраған Константинополь қаласына да қауіп төнді.

Әбусаттар 448 жылы Шығыс Рим империясы ғұндарға Дунай өзенінің оң жағалауындағы жерлерді беруге келісті және 6 мың фунт алтын төледі. Жыл сайын 2100 фунт алтын беріп тұруға келісім жасалды. Осы кезеңде Аттила әскерін Батысқа қарай бағыттады. Бұлардың соңынан остготтар, чепидтер, рутилар, герулылар т. б. тайпалар ерді. Бұл үлкен адамдар жиынтығы 200 мың адамнан асты. Ал, бұл уақытта римдіктер де қарап қалмады, қарсы күш жинақтады. Олар Вестготтар, алемандары, бурғұндар мен аландарды, франклердің бір бөлігін өз сапына кіргізді. Сонымен, біріккен рим-германдық әскер Аттиланьң ғұн германдық әскери жасалуына қарсы тұрды. 451 жылдың 16 маусымында Труа қаласына жақын жерде тарихта аты әйгілі «Халықтар соғысы» өтті. Бұл шайқаста екі жақтан жарты миллионға тарта адамдар қатысты. Негізінен соғыс герман тайпалары арасында жүрді. Себебі олардың бір бөлігі Римге одақтас христиандар еді. Ал екінші бөлігі Римге одақтас пұтқа табынған Аттила вассалдары болатын. Осы соғыстың барысында Аттила Рейн өзенінен әрі қарай кетуге мәжбүр болды. Ол өзін жеңіліс таптым деп ойламай қайтадан соғысқа дайындық жүргізді.

452 жылы көктемде Аттила әскері Италияға басып кірді. Рим қаласына тақады. Император қаладан қашты. Ежелгі астана қорғанысы әлсіз еді. Осы себепті римдіктер беделді адамдарын елшілікке, келіссөзге жіберді. Аттила Римге кіруден бас тартты. Италияны тастап қашты. Бірақ, жыл өткен соң қайта оралуға сынай танытып римдіктерді қорқытып кетті. Аттиланьң бұл шегініске келтірген нендей күш еді? Себебі мынада болды: оның жауынгерлері арасында оба ауруы эпидемиясы басталған еді және тонауға түскен елде азық-түлік тапшылығы көбейді. Аппенин тауарларынан өту жолдарында оны рим әскерлері жиі-жиі шабуылдады. Осы кезеңде ғұн державасының орталығында да бейберекеттік басталды.

453 жылы Аттила өлгеннен кейін оның державасы ыдырады. Балалары арасында ұрыс-жанжалдар көбейді. Бұл қырғи қабақтықты бұрынғы бағынышты тайпалар өз пайдасына қолданды. Ақыры ғұндар Қара теңіз маңындағы далаларға ығыса бастады. Олардың үрім бұтақтары екі ғасыр бойы көшпенділікте өмір сүрді, басқа тайпалармен араласты, VII ғасырда ғұндардың аты еске алынбайтын болды.

Аттила қара торы өңді, қара отты көзді, кең кеуделі, паң жүрісті, аласа бойлы, барлық ғұндар сияқты сақалын өсірген адам еді. Көзсіз батыр емес, керсінше шайқаста айлакерлігімен көзге түсетін. Дене күшімен сымбаты бірдей болатын. Ақ көңілді, кең пейілді жан еді. Жарқыраған қаруы, жинақы шатыры ұқыптылығын көрсететін.

Алтыны мен ақшасын сандығына сақтаған емес, бар ақшасын қажетіне жұмсайтын. Қолы өте ашық, береген еді, сондықтан да жат елдің ұлдары да жақсы көретін. Суықтығы мен қаталдығынан ғұн жауынгерлері қатты қорқатын.

Шатырының бағаналары алтыннан соғылып, іші бос, сырықтары мен қабырғалары қырланған асыл тастармен безендірілген еді.

Тұлпар аттарды жақсы көрді, тамашалады. Төсегі алтыннан жасалды, барлық жорықтарда бірге алып жүрді.

Атиланың қолы он мәрте жүз мың әскерден тұрды. Бір ғұн мерт болса, бірден оның орнын басқа ғұн тұрды.

Ғұндардың киімдері теріден және қару-жарақтары темірден дайындалды. Ғұн жауынгері садақ пен жебені және жандарында қылыш пен найзаны ұстады.

Атиланың таңбасында басында тәжі бар құс бейнелеген (бүркіт) оны жеке күзетші алып жүрді. Ғұндардың Қазақстан территориясына көптеп енуі жергілікті тайпалардың антропологиялық түрін өзгертті және түркі тілін таратты.

Шаруашылықта басты роль мал өсірушілік алды. Ғұндар жақсы ұйымдасқан жауынгер әскер ұстады. Атты әскердің оңай жылжуына байланысты басты көңіл бөлінді. Қоғамда патриархалдық рулық қатынастар орын алды. Малға жеке жан ұялық меншік дамыды. Ғұн ақсүйектерінің молаларын қазғанда табылған материалдық деректер мүлік теңсіздігі болғандығына айғақ.

Ғұндар, сақтар сияқты киіз үйлерде тұрды, қыста қыстауларды паналады. Салған үйлерді жылыту жүйесі — түтін жүретін құбырлар үй қабырғасына жиектеліп салынды. Бұл құбырлар үстінде жататын орындар орналасты. Киімдерін теріден, жүннен, қытай жібегінен, мақта матадан дайындап киді.

Ғұндар туралы әңгімелей келіп, біз олардың болашақтағы қазақ этносының пайда болуына белгілі бір үлес қосқанын айта аламыз. Түріміздің монголоид кескін-келбетіне келуі, тіліміздің түркіленуі көптеген ғасырларды алып жатқаны баршамызға мәлім.

ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

«...Царевна Сицзюнь выезжала к усуньскому Гуньмо в специальной колеснице с набором платьев и императорского уровня вещами золотой жаров ней, застежкой для пояса, украшенной белым жемчугом. С евнухами и прислужницами в количестве более ста человек. В степях ей тут же соорудили жилой дворец сигун. Она устраивала пиров, одаривала приближенных деньгами и шелковыми тканями. Была и музыка: «В старину, когда царевну выдавали замуж в Усунь, то приказывали, чтобы всадник играл на пипа (род.гитары) для успокоения её дорожных раздумий».

В императорском дворце держали целый штат девушек для засылки в подарок тюркским вождям. Её же дома они активно изучали язык степняков, овладевали грамотой, чтобы вести активную переписку с императором!...».

Қытай тарихында әрбір императорлық династиялар кезінде түріктер әр түрлі аттармен аталған. Мысалы: Ся династиясы кезінде-шунь-вэй, Инь династиясында-гуйфон, Ужоу династиясында — тяньюнь, Хань династиясы кезінде — сюнну деп аталған. Әйтеуір олардың өмір сүрген территориясы Байкалдан (шығыстан) Каспий, Арал теңіздеріне (батысқа) дейін созылып жатқандығы айтылды.

Жауынгер түріктердің Қытай империясының жерлеріне кіріп кетушілік қауіпінен сескенген қайсы бір ел басшылары анда құда болу дәстүрін жиі-жиі қарастырған. Бірде мынадай ақылға да мойын сұнған: «Егер ғұн шаньюй өлсе, сіздің қызыңыздан туған бала шаньюй болады, айтқаныңызды орындайды, себебі сіз атасы емессіз бе?» — деген ойлар. Марат Барманкулов, Тюркская вселенная. — Алматы, — 1991, — С. 129. Сонда, — С. 127.

Гуандун қаласында жарыққа шыққан. «Қытай тарихындағы әйгілі жүз әйел» кітабында. Фың ханым туралы қызықты мәліметтер бар. Қытай ақыны әрі тарихшысы Цай Дунфанның Фың ханымға арнаған жырлында:

Шығарып салып, қарсы алып
Кеселі күйме тынбайды
Талантты қызды тамсанып,
Дүние тынып тындайды
Тарихқа пірдей табынып,
Таяғын Судың қармады
Еңбекпен елге танылып,
Ғаламды аты шарлады.

Фың Лияз Хань-Уди патша дәуірінде өмірге келген. Ол Джие-Ю Ханша үйсін Күнбиі Жансиге ұзатылғанда оның нөкері ретінде қоса келіп осы елдің оң қол сардарына күйеуге шыққан. Хань-Уди патшаның үйсін елімен құдандалы болуы үйсін мен ғұндардың арасына жік салу саясатынан туындайды («Ғұндардың оң қолын кесу» саясаты). Цинь дәуірінен бермен қарай (б.д.д 475-206 жж.) ғұндар Хань патшалығымен өзге де көрші мемлекеттерді дүркін-дүркін шабуылдай берген еді. Фың — Лияу Джие ханшаның нөкері ретінде үйсін еліне келіп өмірінің жарты ғасырдан астам уақытты ішінде Қытай және көршілес елдер арасында халықтар достығын нығайтушы, елдестіруші елші ретінде Қытай тарихында қалды. Заманында Фың Лиян Хань патшалығының бас елшісіне лауазымына дейін көтерілген.

1. Су-У-ежелгі Қытай еліндегі әйгілі дипломат. Батыс өңіріндегі жұрты Қытайдың ырқына көндірушілердің көрнекті өкілі.

2. Қазақ тарихындағы Қытай қыздары тәржімалаған Дүкен Мәсімхан. Егемен Қазақстан 25 қыркүйек 2002 жыл.

«Ғұндар, үйсіндер, қаңлылар - өте ескі дәуірден Қазақстан сахарасын отан етіп, онда көп жойқын қалалардың үйіндісін қалдырған елдер» — Ә. Марғұлан «Ежелгі жылдар аңыздар» 1985 ж. 22-б.

«Ғұндар мен үйсіндердің жойқын мәдениеті көп сақталған жерлер Іле өзенінің бойы оған құятын Талғар, Шелек, Кеген, Үш Мерке өзендері. Осы арада тізбектеліп жататын ұлан байтақ обалар - ғұн мен үйсіндердің естелігі». (29-б.).

«Усунь меніңше, ру тайпалардың не тайпалар бірлестігінің аты емес, мемлекеттің, яғни хандықтың аты» - Қ.Салғараұлы «Қазақтың қилы тарихы» — А, 1992. 188-б.

...үйсіндер бүкіл ұлы жүз тайпаларының түп аталығы болып шыға алмайды ма деймін Қ.Салғараұлы.

Тайжан Досанов «Этюды по памятникам письменности древних усуней» — «Ертедегі үйсін жазба ескерткіштеріне байланысты этюдтер» Алматы «Жалын», 2002. А. Сейдімбеков «Мир казахов» — «Қазақтар әлемі» Алматы «Рауан», 2001.

«Қытай жазбаларымен негізделген Нығмет Мыңжан Қазақтың қысқаша тарихы». Алматы, 1994. «Еліміздің сол кездегі, жазба деректерде үйсіндер қоныстанған жерлердің орталығы болған Іле өзені алқабы мен Жетісу өңірі «Үйсіндердің атамекені» деп аталған.

«Біздің жыл санауымызға дейінгі 2-ші ғасырда Үйсіндер Іле өзені алқабы мен Жетісу өңірінде ірге теуіп, бұдан бұрын осы өңірде жасаған сақ тайпалары мен ұлы Иозы тайпаларымен тоғысып, қазақ халқының арғы тегін қалыптастырды. Үйсіндер Іле өзені алқабында құдіретті мемлекеттік

үкімет құрып, еліміздің Орта жазық өңірімен өте тығыз саяси-экономикалық және мәдени байланыс орнатты (10-11 б.б.).

Бахаддин Өгел-«Ұлы хун империясының тарихы» 2-і томдық Хант» баспасы Түркия, 1998 «Үйсіндер б.д.д. 176 жылы хундарға бодан болса да күшейе келе тәуелсіздігін алды» б.д.д. 40 жылы Шөже ханның тұсында үйсіндер күшейген мемлекет болған. Тіпті Самархан патшасына көмекке келген.

Академик Б. Ф. Гафуров «Таджики» М, 1972 кітабында Монғолдар жерінде тұрған ғұндардың жақын көршісі юэчжи тіпті оған ғұн ел басшылары балаларын аманатқа берген. Ол юэчжи елін үлкен және кішіге бөледі. Орта Азиядағысын «Ұлы» ал Шығыс Түркістандағыны «Кіші» деп атайды. Осы юэчжилерді күшейген үйсіндер тас — талқанын шығарған.

Көне қытай жазбаларында «Иүзілер көшпенді халық» салттары хундардікімен бірдей әуелде иүзілердің хундарға қарағанда әлде қайда күшті болғанын тек (176 ж. б.д.д.) жеңіліске ұшыраған Тарихи естелік 1-ші кітап 270-б.

«Ұлы иозі» Ұлы жүз — жүздік құрылым б.д.д 200 жыл бұрын ақ жүзеге асқан ба? Үйсін халқының ішінде сақ тайпалары да ұлы жүз тайпалары да болған.

«Ақырында үйсіндер хундардың көмегімен ұлы иозыларға шабуылға шығып, оларды батысқа қарай ығыстырып жіберді және Іле өзені ақабы мен Ыстықкөл алқабындағы құнарлы қонысқа орнықты. Ұлы жүздердің көшіп кете алмағаны осы өңірде қалып, үйсіндерге қосылады. Н. Мыңжан, 60-б.

...Есік қорғанында жатқан жас ханзаданы Т. Досжанов үйсін күнбибі Елсаудың жастау өлген ұлы Нулы деп жорамалдауға әбден болады (Т. Жұртбаев «Дулыға»).

Қазыбек бек Тауасарұлы «Орта жүз — алты арыс, Арғын, Найман, уақ, Керей, Қыпшақ, Қоңырат. «Елсау атамыз әйелін арғыннан алған, яғни ғұндарды арғын деп қарауға бола ма? (Түп тұқияннан өзіме шейін). А, 1993. 47-б.

Ұлы Қытай қорғаны. Игорь Можейконың «Әлемнің 7 және 37 кереметі» кітабында қорғанның құрлысына жеті жүз миллион адам-сағаттың кеткені, жүз сексен миллион шаршы метр топырақ пен алпыс миллион шаршы метр тас пен кірпіштің жұмсалғаны есептеп шығарған. Оның ені едәуір (5-8 метр) биіктігі 10 метрге дейін жетеді. Асқар-асқар таулардың шың құздарын жағалап кетіп бара жатқан бір ақ жылан тәрізді. Оның ұзындығы 5 мың шақырымнан асады. Осы қорғанның құрлысына жұмсалған материалдан биіктігі 5 метрлік ені 1 метрлік дуал тұрғысса, сол дуалдың ұзындығы жер шарын бір орап шығуға еркін жетеді екен.

Ұлы Қытай қорғанының құрылысы көптеген ғасырларға созылған. Ол б.д.д. IV ғасырда басталып б.д. XVII ғасырға дейін созылған. Тіпті XV ға-

сырда император Ваньлидің кезінде жаңғырту құлаған жерлерін қайта қалау жұмыстары жүрген.

Ұлы Қытай қорғанын тұрғызу әсіресе ұлы император Цин Ши — хуанди кезінде (б.д.д 238-210 жж.) ерекше қолға алынғандығын О. Гурьянның «Ұлы қорған туралы хикая» кітабынан Н. Н. Непомнящийдің «Ұлы Қытай қорғанын кім және не үшін салған» мақаласынан («Тарихтағы жүз Ұлы жұмбақ» кітабында М. «Вече» 2002 ж. 116-118 б.б.) А. Ю. Низовскийдің «Әлемнің жүз ғаламаты». М, 2001 ж. кітаптарынан білуге болады.

Қорғанның орналасу территориясына көңіл аударсақ, ол Бейжиннің солтүстік-шығыс бетіндегі Шаньхай-гуань қаласынан басталып, сол тұстағы биік тау жоталарымен жыланша өрмелеп отырып Орталық Қытайдағы Гоби шөліне шектелер тұстағы Цзяюйгуань қаласына тақау тұста біткен.

Қорған қалай және не үшін тұрғызылған. Аңыз әңгімелерге сүйенсек император Ши-хуанди түсінен шошып солтүстік шекараға қолбасшы Мэн тэн басқарған 300 мың адамдық әскер жөнелткен және артынан лек-легімен мың-мыңнан шаруаларды жіберген. Қорған саналатын өңірлерге 34 жерден құрылыс материалдарын дайындайтын жұмысқа жегілетін адамдарға ас-суын әзірлейтін базалар салынады. Құрылысшылар таңның атысы, күннің батысы бойы тоқтаусыз жұмыс істеген. Адам өлімі көп болған. Ұлы Қытай қорғаны «Әлемнің ең ұзын бейіт» деп те аталады. Өлген адамдарды қорғанға қоса қалап жіберген. Бір деректе 400 мың адам көмілді десе, енді бір деректе бір миллионға жуық адам көмілген деп те айтылады. Құрылысшылар бірінің орынын бірі басып құрылысты тоқтатпаған. XV ғасырда император Ваньли қорған күзетінде 9000 жауынгерден тұратын гарнизон тағайындаған. Қазіргі кезде бұл қорған, Ваньли чанчэн яғни Ваньли қорғаны деп те аталады.

Ал енді не үшін тұрғызған? Деген сұраққа келетін болсақ ол қорғану үшін тұрғызған. Үлкен Кеңес энциклопедиясында, Қазақ Кеңес энциклопедиясында тек бір ғана жауап, солтүстіктегі жабайы тайпалардан «яғни ғұндардан қорғану үшін салынған делінеді. Белгілі тарихшы Мұрад Аджи: «шындығында да қытай императорлары ол қорғанды жұрт үй ішімен Алтай жаққа түркілер еліне көшіп кете беретін болған соң салдыртыпты. Ол жақта өмір көңілдірек еді» деп, қытай жылнамаларында тап осылай жазылған дейді. Қытай тарихында бұл ұлы қорған бірде-бір рет қорғаныс мақсатында пайдаланылып көрген емес деп айтылады.

Жоғарыда айтылған А. Ю. Низовский, Н. А. Ионина кітаптарында қытайлықтардың түркі жерлеріне жиі-жиі қашып кететіндіктері туралы деректер көптеп айтылады. Тарихшы әдебиетші Сауытбек Абдрахмановтың «әлемнің әйгілі кереметі» айдарымен «Егемен Қазақстан» 2002, 20 желтоқсан күнгі санындағы «Ұлы Қытай Қорғаны» мақаласында Шань деген ай-

мақтың әміршісінің кітабында қытайлықтар түріктерге келіп, ел басқаруды үйреніп қайтатын көрінеді. Демек, демократиялық институттар түріктерде анағұрлым жоғары деңгейде болған — деп пікір айтқан тарихшы Мұрад Аджидтің пікірін тілге тиек етеді.

Игорь Можейконың жоғарыда көрсетілген кітабының «Ұлы Қытай қорғаны» туралы мақаласының соңында «Осыдан мың жыл бұрынғы сияқты қазір де Қытайды көктей өтетін қорған жолында кездесер таулардан асып түсіп, шөл далаларды қиып өтіп, қалаларды жанай созылып жатыр. Әрі қайран қалдырар, әрі қайғыға батырар қорған осы. Дүние жүзіндегі ең ұлы бұл ескерткіш тұтас бір халықтың сан ғасырлық еңбегі. Сонымен бірге пайдасы жоқ есіл еңбек екенін біле тұрып, тоқтатуға ешкімнің дәрмені жетпеген және тоқтатқысы келмеген. Бұл адам өміріндегі қасірет-қайғының ескерткіші болған қорған. Қытай халқының ерен еңбекқорлығын көрсететін мәңгілік ескерткіш болып табылады. Адамзаттың ортақ мақтанышы.

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТ:

1. *Артықбаев Ж. О.* Қазақстан тарихы, оқулық хрестоматия. — Астана, 2000.
2. *Асфендияров С.* Қазақстан тарихы. — Алматы, 1993.
3. *Ақышев К.* Есік қорғаны. — М., 1978.
4. *Байбатиша Ә.* Қазақ даласының ежелгі тарихы. — Алматы, 1998.
5. *Гумилев Л. Н.* Хунны. — М., 1960.
6. *Гумилев Л. Н.* Хунны в Китае. — М., 1974.
7. *Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан: летопись трех тысячелетий. — Алматы, 1992.
8. Қазақстан тарихы... Бес томдық, 1-ші том. — Алматы, 1996.
9. Қазақстан тарихы, очерктер. — Алматы, 1994.
10. Қазақтар, казахи. Тоғыз томдық анықтама. 1-ші том. — Алматы, 1998.
11. *Мусин Ч.* Қазақстан тарихы. — Алматы, 2003.
12. *Смирнов К. Ф.* Савроматы. — М., 1964.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТ:

1. *Абай Құнанбайұлы.* Шығармалары. — Алматы, 1995.
2. *Абдрахманов С.* Ұлы Қытай қорғаны //Егемен Қазақстан, 20 желтоқсан, 2001.
3. Соныкі. Алтын адам //Егемен Қазақстан, 14 маусым, 2002.
4. Соныкі. Ұлы Кир //Егемен Қазақстан, 16 тамыз, 2002.
5. *Абдрахманов С., Өтениязов С.* Аттила. //Егемен Қазақстан, 15 наурыз, 2002.

6. *Ағанов П., Қадырбаев А.* Сокровища древнего Казахстана — Алма-Ата, 1979.
7. *Акишев К. А.* Искусство и мифология саков. — Алма-Ата, 1984.
8. *Ақышев К.* Сақтар мен үйсіндердің мемлекеті //Қазақ тарихы, № 3, 1994.
9. *Алпысбаев Х. А.* Памятники нижнего палеолита Южного Казахстана. — Алма-Ата, 1970.
10. *Байпаков К. М.* История древнего Казахстана. — Алматы, 1996.
11. Сонікі. Қазақстанның ежелгі қалалары. — Алматы, 2005.
12. *Байпаков К. М.* и др. Археология Казахстана. — Алматы, 1993.
13. *Гумилев Л. Н.* Қиял патшалығын іздеу. — Алматы, 1992.
14. Ежелгі Қазақстан мифтері. — Алматы, 2006.
15. *Джандарбеков Б.* Томирис. Роман. — Алматы, 1989.
16. *Жұмабаев М.* Шығармалары. — Алматы, 1989.
17. *Жұртбаев Т.* Дулыға. 1-ші том. — Алматы, 1994.
18. *Исмагулов О.* Население Казахстана от эпохи бронзы до современности. — Алма-Ата, 1982.
19. *Көмеков Б. Е., Ғалиев А. А.* Мөде қаған. — Алматы, 2003.
20. *Қадырбаев А. Ш.* История Казахстана: первобытный мир и древность. — Алматы, 1998.
21. *Қинаятұлы З.* Моңғол үстіртіндегі соңғы түркі-моңғол тайпалары. — Астана, 2003.
22. *Марғұлан Ә.* Орталық Қазақстандағы «Беғазы -Дәндібай» мәдениеті. — Алматы, 1994.
23. *Мағулан А.,* и др. Древняя культура Центрального Казахстана. — Алма-Ата, 1966.
24. *Массон В.М.* Первые цивилизации. —Алма-Ата, 1989.
25. *Медоев А. Г.* Геохронология палеолита Казахстана. — Алма-Ата, 1982.
26. *Су Бэй Хай.* Үйсін тарихы //Қазақ тарихы, № 6, 1998.
27. *Таймагамбетов Ж. К.* Палеолитическая стоянка им. Ч. Валиханова. — Алма-Ата, 1990.

3-ТАҚЫРЫП: ЕРТЕ ЖӘНЕ ДАМЫҒАН ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР (VI-XIII ғғ. БАСЫ)

1. Түрік және Батыс түрік қағанаттары.
2. Түргештер. Қарлықтар.
3. Оғыз мемлекеті.
4. Қимақ пен қыпшақ мемлекеттері.
5. Наймандар. Керейлер.
6. Қарахандар мемлекеті. Қидандар.
7. Қыпшақ хандығы (XI басы-1219 ж.).

1. Түрік және Батыс түрік қағанаттары

2000-шы жылы қазан айында атап өтілген «Түркістанның 1500» жылдық мерей тойында ел басшысы Н. Ә. Назарбаев өзінің «Түркістан-ұлттық бостандығымыз бен елдігіміздің ақ ордасы» деген ғылыми-конференцияда сөйлеген сөзінде «Түркістан ендікпен өлшегенде де, бойлықпен өлшегенде де жер шарының кіндік тұсында орналасқан. Отырықшы үрдістің ең терістік көшпелі үрдістің ең түстік шебін иемденген. Ежелгі дүниенің ең басты трансконтиненталдық сауда арнасы — Ұлы Жібек жолының бойында тұрды. Сондықтан да оның есігі төрт тарапқа бірдей ашық болды. Шартараптың мәдени-рухани, саяси-дүниетанымдық, шаруашылық-тұрмыстың жетістіктері оған соқпай өте алмайды. Эллинизм мен тәңіршілдік, зароастризм мен манихейлік, буддизм мен конфуцишілдік, христиан мен ислам оның төріне жарыса аттады» деп шендестірді. Сонымен қоса ол ежелгі дүниедегі біздің ата-бабаларымыз сақтар, үйсін, қаңлылар, ғұндар мен қоса орта ғасырлық түріктер, оғыз, қимақ, қыпшақтар, монғолдар дәл Түркістан арқылы түбегейлі өзгерістерге ұшырап жаңаша этникалық, демократиялық, мәдени-руханияттыққа ие болғандығын, түп соңында түркі нәсілі мұсылман діні орын тепкендігін баса көрсетті.

Кезінде ақын Мағжан Жұмабаев өзінің «Түркістан» жырында былайша толғаған болатын:

Түркістан-екі дүние есігі ғой,
Түркістан-ер түріктің бесігі ғой
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің тәңірі берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,

Тұранда ер түрігім туып — өскен
Тұранның тарихы бар толқымалы
Басынан көп тамашы күндер кешкен

Тұранда түрік ойнаған ұксап отқа
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері
Тұрансыз тарқамаған алаш шері
Тұранның топырағында тыныштық тапқан
Алаштың арыстандай Абылай ері....

Ең ертедегі жазба деректерге сүйеніп айтсақ, ғұндар түрік халқының ежелгі аты болған.

Бала күнімізден ақын-жазушыларымыздың «Арғы атам-Ер Түрік» деп шалқыта төккен жырынан шежіре шешен қарттарымыздың «Алты Алаштың түбі бір, түп атасы-Түрік» деп тегімізді таратқан шежірелі сырынан құлақ-сінді болған «Түрік» атауы бәрімізге таныс, тонның ішкі бауындай жақын да жылы.

Егер қытай жылнамасына сенсек, «Түрік» атына не халықтың тарихта алған танылуы біздің жыл санауымыз бойынша 535 жыл. Бұл кезде түріктер ресми түрде жужандарға бағынғанымен, шын мәнінде билік тізгіні өз қолдарындағы жеке хандық болатын. Өзара қырқысқан қытайдың екі патшалығы шығыс ВЭЙ мен батыс ВЭЙ елшілері жужандарға соқпай түріктерге келуі осының дәлелі. Кейін олар көрші теле тайпаларын, Жужан хандығын жаулап алып 552 жыл тарихқа әйгілі Түрік қағанатын құрды, қаған — жоғарғы басшы мағынасын береді. Алып жатқан территориялық көлемі Алтай таулары, Жетісу даласы, Кавказдан Азов теңізіне дейін қазіргі Владивосток, Тынық мұқитқа дейін созылады.

Түрік тілдес халықтардың Еуропа мен Азияда қатар қоныстанып, Шығыс пен Батыстағы байланыстырып тұрған ежелгі көшпелі қауымның негізін құрғаны тарихта белгілі. Осыншама кең аймақта көшіп-қонған олар оңтүстік-шығысында қытайлардың, солтүстік-батыста славяндардың, ал оңтүстігінде парсылардың отырықшы мәдениетімен шектесіп, арасына дәнекер бола білді және оларды өз үрдісімен байыта отырып, өздері де жанжақты дамыды.

Түркі тілдес халықтардың ежелден қалыптасқан тұрақ еткен жері Евразияның сол кіндік ортасы, атап айтқанда, Орталық Азия, Қазақстан, Орта

Азия, оңтүстік Сібір, Еділ бойы және Орал өңірі. Бұл жерде қазір түркі тілдес ұлттар мен ұлыстардың жартысынан астамы тұрып жатыр.

Демограф Мақаш Тәгімовтың пайымдауынша «ежелгі көшпелі түркілер қауымы, қазіргі қазақ даласында құрылып, осында Оңтүстік Сібір нәсілі негізінде қордаланып, сол жерден солтүстік пен оңтүстікке, Батыс пен Шығысқа қарай тарап, қара нәсілдермен араласып, басқа аралас түркілер пайда болған. Сол себептен қазақ пен қырғыз, ноғай мен қарақалпақ халықтарында ежелгі түркі тілінің белгілері ғана емес, мәдениет пен кәсіпте де түпкі тамырымыз барынша сақталған деп ойлаймын» — дейді.

Тарихшы Л. Н. Гумилев «Көне түріктер» еңбегінде Түріктер тарихын 545 жылдан бастайды. Қазақ КСР тарихының 5 томдық жинағында I тарауда «түрік» терминінің 542 жылы Алтайдағы темір өндіруші тайпа атымен байланысты шыққаны сөз етіледі. Жазушы этнограф, тарихшы Қойшығара Салғараұлы тарихта түріктердің алғаш танылуы 535 жыл онда Шығыс ВЭЙ мен Батыс ВЭЙ-дің елшілерінің түріктерге қабаттаса келу жылы. Міне, осылайша «түрік» тарихы әліде де болса көп зерттеуді талап етеді. Белгілі бір тұжырымға келушілік болашақтың ісі.

Қайткен күнде де VI-VII ғасырларда құрылып, қазіргі Қазақстан және одан да тыс көп жерлерді алып жатқан Түрік және Батыс Түрік қағанаттарының құрамында қазақтың қара шаңырағын құрушы «үш» топтың алтын уық тайпа руларының болғандығы тарихи шындық-факт. Мұны IX-X ғасырлардағы қырғыз жорықтарын суреттеген «Манас» эпосы да айғақтайды. Осы жерде көңіл аударуға тұрарлық бір жайт: «Мойын-Чор» және «Тариат» ескерткіштері жазбаларында жеке-жеке аталған қарлұқ, қырғыз, қимақ, оғыз, түргеш, үйсіндермен бірге «Үш тулы түркі халқы» жайлы сөз қозғалады. Тарихи Мойын-Чор қаған-Түркі қағанатының орнына келіп, 100 жылдай өмір сүрген Ұйғыр қағанатының алғашқы ханы. Жаңа саяси бірлестіктің астанасы Орхон өзені бойында болған, қағанаттың территориясы Монғолияның солтүстік батысы, Түркі даласының шығысын алып жатқан. Аталған екі ескерткіштегі мәлімет Ұйғыр қағандарының жорықтары бұл кезде ыдырай бастаған Батыс түрік қағанатының жерлеріне яғни «Үш тулы түркі халқы» еліне жасалған болуы керек деген ой туғызады.

VII-IX ғасырлардағы қазіргі Қазақстан территориясындағы түркі халықтары үш тайпалық одақ немесе саяси бірлестік құрамына кірді.

1. Оғыз мемлекеті. Солтүстік-батысында қыпшақтар. Территориясы — Сырдарияның орта және төменгі ағысы. Батыс жерлер.

Бұл — Кіші жүздің этнотерриториялық ауданы.

2. Қимақ саяси бірлестігі. Солтүстігінде — қыпшақтар. Территориясы — Ертістен Еділге дейін. Оңтүстікте — Балқаш көлі мен Шу өзеніне дейін шектеседі.

Шамамен алғанда Орта жүздің этнотерриториялық ауданы.

3. Алғашында Түргеш қағандығы (704-756 жж.), одан соң Қарлұқ қағандығы (756-940 жж.), соңынан Қарахан мемлекеті (940-1210 жж.) алып жатқан территориясы шамамен алғанда бірдей, Жетісу аймағы, Балқаш пен Ыстық көл аралығы, Оңтүстіктегі Қазақстанның бір бөлігін Ұлы жүздің этнотерриториялық ауданы деуге болады.

Жетісу даласы, Орталық және Батыс Қазақстанда бұл кезеңге тән ескерткіштердің екі түрі кездеседі. Алғашқысы тас қорғандар. Оның астында түрік ұланы мен оның әскери атының мүрделері қойылған. Ал екіншісі «тас балбалдар». Олар ұзыншақ, төрт бұрышты тастардан қаланып жасалынды. Адам бейнелерінде жасалған бұл мүсіндер Қазақстанның, Оңтүстік Сібірдің, Моңғолияның далалық сүреңін тірілтіп әлі де тұр. Тас мүсіндер дүниесі өте бай және әр түрлі. Оның ішінде кең тарағаны ер-ұлан, беш-пентінің жағасы үш бұрышты жеңі бар. Ұлан оң қолына кесе ұстап, сол қолымен белдікке байлаған, қанжар не қылыш сабынан ұстап тұрады.

Бұл туралы ақын Олжас Сүлейменов өзінің «Жағалауларды анықтау» жырында

Оба үйді қорған қылып бір тас қойды
Екі шеңбер қосады тұла бойды
Бір қолы белдіктегі семсер сапта
Екіншісі ұстаған кәрлен кесе
Не құйылған кеседе «у» ма «бал» ма?
Меңіреу ол «іш» деп сірә айтпайды
Бейшара балшықшы түсінбейді-ау
Тасшының балғасының соққысын

Алматы 1977 жыл.

Тас мүсіндердің ішінде әйелдер бейнесі де кездеседі. Онда бас киімдері, бұрымдары, мойнына алқа, құлақтарындағы сырға да бейнеленеді. Жас ерекшелігін көрсететін жалаңаш әйел бейнелері де кездеседі. Екі қолымен кесе, не құс ұстаған қайсы бір тас бейнелер адамның басын, бетін ғана көрсететін күйде жасалған.

Орталық Қазақстан мен Жетісуда ұландар бейнелері кішігірім тас қоршаулардың, обалардың шығысына орналасқан. Олар өлген адамды еске түсірудің қызметін атқарады. Көмбеде сүйек күйіктері қабаты кездеседі. Түрік ғұрпының бізге жеткен жазба дерегі мыналар: Сол күні өлген адамның мініп жүрген атын, қолданған заттарын алып өлікпен қоса өртейді: күлін жинап алып қабірге қайта көмеді. Н. Я. Бичурин «Ертедегі Орта Азияны мекендеген халықтар туралы мәліметтер жинағы». М-Л, 1950. 230-б. Тас бейнеден шығысқа қарай тас бағандардың тізбегі кетеді. Тарихта бұл туралы айтыстар көп. Көпшілігі бұны осы ұланның ұрыс кезінде өлтірген жау-

ларының саны деп түсіндіреді. Бұл жорамалды қайсы бір қытай жылнамалары да өз кезінде «Қабір басындағы салынған тұғырға өліктің бейнесіндегі тас қояды және оған өмірінің соңына дейінгі шайқасқа қатынастығын жазады. Егер ол бір адам өлтірсе бір тас қояды. Кейде бұл тастардың саны жүзге, кейде мыңға дейін жетеді» — деп жазған.

Батырлық эпосы «Манаста». Манас өлгеннен кейін шебер Бақай оның бейнесін жасайды:...

Көк теректің діңінен өзекті бір жігінен
Ойды шебер күш салып, оның шебер қолынан
Тұлғалы оңы солынан шықты Манас екінші
Демесең ағаш-дәл өзі
Манастай оның қолы бар. Манастай оның бұты бар.
Ұқсайды тура көздері
(Манас. Қырғыз халқының эпосы мен суреттемелері. Б, 1960. 302-б.).

VII ғасырда пайда болған тас бейнелер тас қоршаулармен қоса пайда болып, далалық аудандарда XI-XII ғасырларға дейін сақталды. Ислам дінінің таралуына байланысты тасқа адам бедерін берушілікте жойылды.

Түрік қағанатын 552 жылы Бумын қаған негіздеді. Түріктердің жоғарғы басшылық жүйесі қағанның қолында болды. 552-577 жылдары түріктерді тарихқа аты белгілі Естеміс қаған басқарды, әскер басы да болған. Орта Азия мен Батыс облыстарын оның туыстары басқарды. Олар қайсы бір кездің ішкі ісіне араласпай сауда-саттыққа, керуендерден алым салық алып отырды. Салықтар қытай жібегі түрінде алынды. Сол кездегі Византия елшісі Зилмархтың (569-571 жж.) екі ел арасындағы экономикалық және саяси байланыстардың куәсі болғандығы тарихта белгілі. Елшілік сапарының жүріс жолы Қап тауы арқылы Каспий теңізінің солтүстік жағалауы. Арал теңізі Сырдария өзені бойы және әрі қарай Алтайға дейін созылған. Тіпті Константинопольде түрік коллониясы да құрылған. Бірақ түрік державсы құлағаннан кейін бұл байланыстар үзіліп қалған.

VII ғасырдың басында яғни 603 жылы Түрік қағанаты екіге бөлінді. Оның үлкен бөлігі, қазіргі біздің республика орналасқан жерлер Батыс түрік қағанатының құрамына енді. 603-704 жылдары жазба деректер бойынша оның орталығы Жетісудағы Шу өзенінде орналасқан Суяб қаласы болған. Онда қағанның басқарушылық лауазымдық кешені орналасты. Қағанның жазғы резиденциясы Мыңбұлақта болған.

Түріктер көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған. Аңшылықта ел өмірінің тіршілік көзін құрған. Ет, сүт, қымыз т. б. сүт тағамдары азық-түлік негізі болды. Киіз үйлерде тұрған, оларды жылқы малдарын жеккен арбалармен бір жерден екінші жерге алып жүрген.

VI ғасырға дейінгі кезеңнің өзінде түріктер алғашқы қауымдық құрылыс қатынастары сатысынан өтіп, таптық жіктеушілікті басынан кешірді. Билеуші жоғарыдағылардың жерге, құлдарға, малға деген жеке меншіктерді пайда болды. Рулық-тайпалық ақсүйектер-бектер деп аталады. Басқаруды рулардың мүшелері тегін-князь деп аталды. Ақсүйектер рудың атынан қаған шақыратын құрылтай кеңесіне қатысып отырды. Ерікті көшпенділердің негізгі тобы — будун (халық) немесе қара будын (қара халық) деп аталды. Қағандық ру және ақсүйектер — көк көгілдір атына ие болған. Рулық — тайпалық бөліністер етек алып әскердің өзі осы түрмен құрылды. Ер адамдардың бәрі ұландар қатарына жатты. Олар садақ, найза, жебе, қисық қылыш, сауыт, қалқан, дулыға, қару-жарақтарымен қаруланды. Түріктер табиғат күштері тәңірісіне табынды. Бәрінен күштісі көк тәңірі деп есептелді. Көшпенділердің ішінде тек түріктерде ғана жазу болған. Жазудың ең ертедегі түрі VII-VIII ғасырларда шықты. Осы кезеңге тән ескерткіштер Енисей өзені бойынан және Монғолиядағы Орхон өзені алқабынан табылды. Осыдан барып Орхон-Енисей жазу үлгісі деп аталады.

Руникалық «Орхон-Енисей және Талас» жазулары: Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк өсиет жырлары деп те аталады. Оларды XIX ғасырдың аяғында (1889-1894 жж.) дания ғалымы В. Томсон, орыс ғалымдары Н. Малов пен В. Радловтар тауып, зерттеп оқыған. Ежелгі түрік руникалық жазбаларының 90 пайыз түбірлік лексикасы қазақ тіліне келеді. Түсінуге болады. Қазіргі кезде Қазақстан бойынша осы жырларды тарихи нұсқаға келтіргендер: М. Жолдасбеков пен И. Тасмағанбетов, ал әдеби тілге келтіруші Қ. Мырзалиев деп айтылып жүр.

О, қасіретті Өтікен қойнауының халқы

Бостың,

Біресе ілгері шаптың.

Біресе кері шаптың

Барған жерден не пайда таптың

Қаның судай құйылды

Сүйегің таудай үйілді

Бек ұлдарың құл болды

Пәк қыздарың күң болды.

Білместігіңнен, надандығыңнан

Ағам қаған дүниеден өтті

Әкеміз, ағамыз құрған халықтың

Аты, даңқы өшпесін деп

Түркі халқы үшін түн ұйықтамадым

Күндіз отырмадым

Інім Күлтегінмен бірге

Екі шадпен бірге
Өліп-талып жерді ұлғайттым
Біраз ұлғайтып
Біріккен халықты от-су қылмадым
Мен өзім қаған болып отырғанда
Сөйтіп тәңірі жарылқады
Бағым болғандықтан
Сәті түскендіктен
Өлімші халықты тірілттім
Жаланаш, халықты тонадым
Кедей халықты бай қылдым
Аз халықты көп қылдым
Тату елге жақсылық қылдым
Төрт бұрыштағы халықты
Бәрін бейбіт қылдым
Тату қылдым
Бәрі маған бағынды. Күлтегін.

2. Түргештер. Қарлықтар

Түргештер туралы алғашқы мәліметтер «Күлтегін», «Тоныкөк» руникалық жазбаларында кездеседі. 704-756 жылдар аралығында Батыс Түрік қағанатының орнында Түргеш қағанаты өмір сүрген. Астанасы-Суяб қаласы және Іле өзенінің бойында орналасқан Күңгірт қаласы болған. Түргештер қағанатының негізін қалаушы Үшелік қаған. Оның және одан кейінгі Сақал, Сұлу қағандардың кезінде араб, қытай басқыншылықтарына қарсы соғыстар жүргізді. Түргеш қағанаты Шығыс Түрік қағанатымен де соғысқан (711 жылы).

Тарихта қара түргеш Талас аймағы, сары түргеш Шу өзенінің бойы тайпаларының араларында да қақтығыстар болып тұрған. 723 жылы түргештер Ферғана қарлұқтарымен және Шаш (Ташкент) тұрғындарымен бірігіп арабтарға күйрете соққы берді. 732 жылы арабтардан жеңілді. Арабтар «сүзеген» деп атаған Сұлу қаған өз әскер басшысы Баға-тархан қолынан қаза тапты. Түргештер өз қарсыластарынан бірде жеңіп, бірде жеңіліп қалып отырған. 751 жылы Тараздың қасындағы Атлах қаласы жанында Зияд-ибн-Салық бастаған араб әскерлерінің арасында 5 күнге созылған қырғын соғыс жүрген. Қытайлықтарға қарсы оның тылындағы қарлұқтар көтеріледі. Арабтар қытай әскерінен жеңілгеннен соң Шаш қаласына шегінеді. Түргеш қағандығы өз ішінен әлсіреп 756 жылы құлаған. Тарихи қорытын-

дыда олар Батыс түрік қағанатының жалғасы болды. Енді оның орнына Еділ өзенінің бойының төменгі тұсы, Солтүстік Қап тауында — Хазарлар, Сыр өзені, Арал маңында Оғыздар, Солтүстік Шығыс, Орталық Қазақстанда-Қимақтар, Жетісу жерінде Қарлұқтар мемлекеттері өмірге келді.

Қарлұқтар VI-VII ғасырларда олар Түрік, Батыс Түрік және Шығыс Түрік қағанатының құрамында болды. Ел билеушісінің лауазымы елтебер деп аталды. 744-840 жылдары Орталық Азияда жаңа мемлекет Ұйғыр қағанатының құрамында қарлұқтар да болды. Ұйғырлар көсемі қаған деп аталса, қарлұқтар көсемі жабғы атағын алды. 746 жылы қарлұқ тайпалары Жетісу жеріне қоныс аударды. 766 жылы Түргеш қағанатының орталық қалалары Тараз бен Суяб және бүкіл Жетісу жері қарлұқтардың қолына көшті. Қарлұқ бірлестігінің құрамында түркі тілдес көшпенді және жартылай көшпенді тайпалар: жікілер, бұлақтар, халаждар, түргештер, азқишлер, шарухтар, аргулар, барысхандар кірді. Оғыздар мен соғдылар да болды. Олар да кезінде 810-812 жылдары араб басқыншыларымен соғысты. Қарлұқтардың жабғысы Қимақ жеріне қашып бас сауғалады. Онан кейін араб билігі келеді. 791 жылы ұйғырлар Бесбалық түбінде қарлұқтар мен тибеттердің біріккен қолын талқандаған. 840 жылы Енисей қырғыздары Ұйғыр қағандығын талқандап, оның халқын Турфан аймағы мен Ганьчжоу ауданына еріксіз көшірді. Испиджаб билеушісі, Қарлұқ жабғысы Білге құл Қадырхан өзін қағанмын деп жариялады. Осы жылы Орта Азия саманидтері Испиджабты басып алып, ислам дінінің орталығына айналдырды. 904 жылы Жетісу түріктері Мауренахрға басып кіреді, бірақ көп ұзамай тастап кетеді.

Қарлұқтардың феодалдық мемлекетінде еншілік тайпалық жүйе басым болды. Шаруашылық жүргізуде еншілік жер-суға тәуелділік қарлұқ басшыларын өзара қырқысушылығын көбейтті. Қарлұқ жабғыларының билігі әлсіз болды. Қарлұқ қоғамы бай, кедейлерден тұрды. Ақсүйек топтардың қолында қарлұқ елінің 25 қаласы мен қыстақтары болды. Ұлы Жібек жолына орналасқан бұл қағандықтың басқа елдермен, елшілік, сауда-саттықта орасан зор маңыздылығын айта кетсек те болады. 940 жылы Ұйғыр қағанатының қайта күшеюіне байланысты түркі тайпалары Оңтүстік Қазақстан аймағына жылжып, Баласағұн қаласын орталық қала етіп таңдайды. Сөйтіп қарлұқ қағанаты өмір сүруін тоқтатады.

3. Оғыз мемлекеті

Батыс Қазақстан далаларында IX-X ғасырларда ежелгі феодалдық мемлекет-Оғыз тайпалық бірлестіктерді қалыптастырды. Тоғыз-оғыздар. Оның құрамына Оңтүстік және Батыс Қазақстан, Сырдария аңғары, Арал маңын

мекендеген тайпалар кірген. Жетісудың және Сібірдің көшпелі және жартылай көшпелі рулары мен тайпаларына осы бірлестікте болған. XI ғасырдың аяғы мен X ғасырдың бас кезінде олар Сырдарияның орта ағысынан Еділдің төменгі бойына дейін — Ырғыз, Орал, Ембі, Ойыл бойларында, Арал өңірі, Шығыс Каспий аймағында шоғырланып көшпенділікпен өмір сүрді. Хорезм, Мауернахрмен және Хорасанмен шектесті. Отырықшы мәдениетпен де шұғылданады. X ғасырда астанасы — Жанкент қаласы болды. Ел билеуші лауазымы «Жабғы» деп аталады. Мұрагерлерін «Иналдар» деп атады. Атабектер иналдарға қамқоршы болды. Оғыз әскерінің басшысы «сюбашы» 965 жылы оғыз жабғуы Киев князы Святославамен одақтасып хазарларды талқандап, Дон, Қара теңіз аймағына шықты. 985 жылы орыс княздықтарымен бірігіп Еділ Булгариясын күйретті. Әскери-тайпалық ақсүйектердің кеңесі жабғудың билігін шектеп отырды. Мемлекет қаржысына елден алым-салық жиналды. Оғыз қоғамы бай, кедей, құлдардан тұрды. Көшпенді мал шаруашылығы басты роль атқарды. X ғасырдың екінші жартысында Әлихан жабғы билігі кезінде халық наразылығы өршіді. Арабтан келген салжұқ билеушілері де алақөз болды. 1041 жылы оғыз билеушісі Шахмәлік Хорезмді жаулап алды, оны салжұқтар көп кешіктірмей өлтіріп тастады. Қыпшақтардың тегеурінінен Оғыз мемлекеті құлады. Олардың құрамына сіңісіп кетті.

4. Қимақтар мен қыпшақтар мемлекеттері

IX ғасырдан бастап XIII ғасырлар арасында Араб, Византия және Парсы саяхатшылары Қазақстанның шығыс және орталық аудандарын мекендеген түркі тілдес көшпенді малшылар тайпалары туралы бірнеше дүркін мәліметтер берді. Жазба деректер олардың көшпенді мал шаруашылығымен шұғылданған тайпалар деп әңгімелейді. XI ғасырдың парсы тарихшысы Гардизи «қимақтар аңғарларда, далаларда тұрады. Табын-табын сиыр, қой ұстады. Қысқа сүрленген ет әзірлейді. Әркім өзінің жағдайына байланысты қой және сиыр еттерін әзірлейді» — деп жазады.

XII ғасырдың ортасында өмір сүрген тағы бір автор «қыпшақтар — түйелер, өгіздер, қойлар, сиырлар және жылқыларға өте бай. Күш көлік малдары көптеп саналады, біздіңше дүниеде олардан көп мал өсірушілер жоқ та шығар» — деп дәлелдейді. Қимақ қоғамның ақсүйектерінің байлығы туралы XI ғасырдағы араб географы Идриси былай деп жазады. «Қимақтардың патшасы алтынмен тігілген мата киеді. Ақсүйектер қызыл және сары түсті жібек матасын киеді, тек қана адам осылай киім киюге құқы-

лы». (Б. Б. Көмеков Араб деректері бойынша IX-XII ғасырлардағы Қимақ мемлекеті. Алматы, 1972. 97-б.).

IX ғасырда араб географы Әл-Якуби «Китаб-ал-Булдан» еңбегінде «Түркістан мен түріктер бірнеше халықтар мен мемлекеттерге бөлінеді. Оның ішінде қарлұқтар, тоғыз оғыздар қимақтар мен оғыздар бар. Түріктердің әр қайсысы жеке-жеке мемлекет және бір-бірімен соғысып тұрады» дейді.

Шындығында VIII-XI ғасырлар аралығында қимақтардың саяси бірлестігі батысында қыпшақтар, Ертістен Еділге дейін, оңтүстікте Балқаш көлімен Шу өзенінің аралығын мекендеген. Абу ибн Мұхаммед ал-Идиристің «Афак» кітабының оныншы жәдігерінде қимақтар елінің елді мекендері мен картографиясын суреттейді. «Қимақтар елі ұлан байтақ құнарлы, орманды, нулы жерде орналасқан. Олар оңтүстікте тоғыз оғыздармен батысында қарлұқтармен, оңтүстікке қарай Тибет және шығысында Марака теңізімен шекаралас. Бұл патшалықта 16 қала бар. Оларға: Астур, Наджа, Бурах, Сиан, Мана, Мастанах, Банжир, Дахлан, Ханауғихан жатады. Тараз қаласынан бұл елге 81 күндік дала жолымен ғана жетесің».

Қимақтар өмір сүрген ата-жұртың шаруашылығы мен кәсібі туралы Әл-Идриси жазбаларында: «алқап жаңбырлы, сулы жерлерде егінжайлар орналасқан. Онда бидай, күріш егеді, аңғарлар мен далаларда табын-табын жылқы өсіреді. Түйе малын қастерлейді. Сиыр, қой-ешкі ұстайды. Бие сүтімен қымыз ашытады. Жылқы етін қысқа сүрлейді. Аң аулайды. Өзендерде балықтардың үлкендері мен кішілері де бар. «Санжа» деген улы балықтың ұлтабарынан алынған «у» қырық жылға дейін уын сақтайды. Олардан қытай, үнді, дәрігерлері «у» алады. Өзендердің жағасы өте қалың жыңғыл мен ну орманға толы, жыңғылдардың тамырлары уланған адамдары емдегенде тез арада сауықтырып жібереді» деп ғажаптаған.

Осы жәдігерде автор қимақтардың металлургиясын, қол өнерін басқа жұрттармен сауда-экономикалық байланыстарын да көрсетеді. Алтын Астурдан Наджа деген кішігірім қалаға дейінгі жерде жатыр. Сол тұста адам баласы шыға алмас биік таулар бар. Онда патшаның байлығы мен көмбесі орналасқан. Оны патшаның өзі тағайындаған адамдар — көмбешілер мен күзетшілер сақтайды. Алтын түйіршіктерін сумен жуып алады басын біріктіріп, сиыр жапасын жағып, қорытады. Қорытпаларында патшаның үлесі де бар сыбағасын беріп көпестер өз елдеріне қайтады.

Астур қаласында темір рудниктері бар. Одан ұсталар таңғажайып көрікті заттар жасайды. Астурлықтар өте батыр ауадан болсын, судан болсын келген жауларды шекарасына кіргізбей ақ қару-жарақтырының күштілігімен бет қаратпайды.

Қимақ қағандарының әлеуметтік-қоғамдық құрылысы мен қарым-қатынастарын В. В. Бартольд «Худуд-ал Әлем» зерттеу еңбегінде «Қимақтар-

дың патшасын — хакан деп атайды. Оның елден алым-салық жинайтын он бір адамы болған. Алым жинаушылық әкеден балаға мирасқа қалдырылған» дейді. Әл Идриси «Хакан ұлы патша оның тағына тек қана жанұясының адамдары ғана отыра алады. Киімдері алтынмен апталған басына алтыннан тәж киеді. Қарамағандағы халқына жыл ішінде төрт рет көрінеді. Хаканның хаджибі — уәзірлері бар. Ол құрған мемлекет адал да шыншылдығымен халқына қадірлі. Патша елімен бірге той тойлайды. Тойды зәулім де сәулетті ғимаратта өткізеді. Сондықтан халқы оны ерекше қадірлейді. Астана халқы мұң-мұқтаждықсыз әр нәрсені іске жарата біледі» деп таңданады. Сонымен қоса автор: «Тек қана беделді адамдар ғана қызыл және сары түсті жібектен киім киеді» деп ескерте кетеді.

Көшелер, базар алаңдары, храмдар болған. Ертіс өзенінің бойындағы көптеген қалаларда солардың ішінде Мастанах-бұрынғы патша резиденциясы, Астура, Систан қалаларында. Өзендерден кеме жүргізіліп, саудасаттық дамыды. Базарларда бағалы аң терілері төрт түлік мал, астық өнімдері, алтын, күміс, темірден жасалған тұрмыстық жабдықтар мен еңбек құралдары, зергерлік бұйымдар және тағы басқалар саудаланған. Тибет муксусы үнді, қытай муксусынан артық деп танылған. Жезден жасалған тиындар ақша орнында қолданылған. Қимақ әйелдері сұлу ерлерге қарағанда байсалды, күш қуаты мол және өр мінезді.

Қимақтардың діні, сенім-нанымы сабейлік күн мен періштелерге және түркілеріміздің тотемдік және тағы басқаларға табынушылық болған. С. М. Ақынжанов «Орта ғасырлық Қазақстан тарихындағы қыпшақтар» зерттеуінде Қимақтардың төтемі «Жылан», «Аждаһа» Оғыз хандығын ойрандаған қыпшақ тайпаларының құрамында болған қимақтарды да айта кетеді. Ал жазушы Байбота Серікбай ұлы Қошым Ноғай «Садағаң кетейін Сапыраным...», «Сауран» және басқа атауларға қатысты ойлар мақаласында «Құмиян» қаласын ойрандатқан ордалы жыландар болған — деп халық аузындағы әпсананы алға тартады.

Сонымен VIII-XI ғасырлар аралығында қимақ-қыпшақ тайпалары аралас өмір сүрді. XI ғасырдың басында қимақ қағандығы құлап орнын қыпшақ хандығына берді.

«Қыпшақ» этнонимі VII ғасырда танымал болған. Алғашқы қоныстану территориясы Ертіс өзенінің жоғарғы сағасы мен Шығыс Қазақстанның далалық өңірі еді. X ғасырда олар Орталық Қазақстан территориясына еніп, батыс Сібір жерлеріне дейін көшіп қонып жүрді. XI ғасырда Орта Азия шекараларына дейін келеді. Хорезм шаһарының басқарушы әкімдері оларды әскери қызметке көптеп алды. Олар енді батысқа қарай жылжыды. Махмуд Қашқаридің сөзімен айтқанда: «Есіл қыпшақтар еліндегі өзен». Ал Арал теңізі ауданы, оларша «оғыздар мен қыпшақтар мекені». Қыпшақ-

тардың жеке бір бөліктері Маңғыстауға дейін кірді. XI ғасырдың ортасына қарай олар орыстардың оңтүстік далалық аймақтарына дейін жетті. Ертедегі орыс деректеріне бұл жерлер «Қыпшақ даласы» деп аталды. Қыпшақ бірлестігі өз жолындағы бүкіл тайпаларды қимақтар, қаңлыларды т.б. өзіне біріктірді. Осы кезеңде екі этнотерриториялық батыс-қыпшақ және шығыс қыпшақ бірлестіктері пайда болды. Бұл бірлестіктер ішінде қазақ халқының этногенезінде шығыс-қыпшақ бірлестігі басты роль атқарады.

Олар басқа да түркі тілдес халықтардың құрылып дамуына өз үлестерін қосты. Қыпшақтар интинсивтік мал шаруашылығымен айланысты. Қой, жылқы, түйе өсірді. Барлық малдар жайылым жерлерде бағылды. Жылқы малы қыпшақ өмірінде басты роль атқарды. Ол байлықты бағалаушы да болды. Жылқылармен Ауғанстан, Иран, Египет, Византия, Үнді елдеріне сауда-саттық жасады. Мал асырауда көшіп қону белгілі бір бағыттар мен жерлер арқылы жүрді. Көшіп-қону аумағы жазда Орал тауларының етегі болса, ал қыс қонысы Арал теңізінің ауданы, Сырдарияның төменгі ағысы болды. Қыпшақтардың бір бөлігі жер өңдеумен де шұғылданды. Олар көбінесе тары екті. Араб әл-Омардың айтуы бойынша «Егінжай алқаптары оларда аз. Бидай мен арпа өте аз мөлшерде, тары егісі көп тараған жиі. Аңшылық өркендеген. Ол оларға ет, елтірі, тері береді. Өзендер жағалықтарында балықшылық дамыған».

Қыпшақ қоғамы әр дәрежелік, әлеуметтік теңсіздіктерге толы болды. Хандар, бектер табын-табын жылқы т. б. малдарға, жандарға иелік етті. Қатардағы қауымдастар, жатақтар, кісі есігінде жүретіндер қоғамның басқа бөлігін құрды.

5. Найман атты тайпалар одағы

Сегіз — оғыз сегізінші ғасырда жоғарғы Ертіс пен Орхон өзені арасында пайда болып, Хангайдан Тарбағатайға дейінгі жерлерді алып жатыр. Найман мен керейлердің бір бөлігі Қарахан мемлекетінің құрылуына әсерін тигізді және оның құрамында болды. Олар біздің дәуіріміздің екінші мың жылдығының басында қазақ халқының этногенетикалық жағынан түзілуінде үлкен роль атқарады.

Ал оған дейін ше? Олар Орталық Азияда өте күшті ұлыстардың бірі еді. Шыңғысханның әкесі Есугей баһадүрдің тұсында найман елін Иналых Білгі Бұқа хан билеген. Ұлыс адамдары оны қадір тұтқан. Оның екі баласы Таян (Байбұқа) хан мен Бұйрық хан арасында бірлік болмай найман жұрты екіге бөлінді. 1199 жылы керейлермен одақтасқан Шыңғысхан қолы Алтай аймағындағы Ұлыңғыр көлінің маңындағы шайқаста Бұйрық хан жеңіліс

тауып, кыргыз еліне қашқан. (1206 жылы өлген) Таянханның баласы Күшлік 1218 жылғы соғыста моңғолдардан жеңіліп, Бадахшада өлтірілген.

Керейттер, керейлер туралы деректер X ғасырдың бас кезіне жатады. Тайпалық бірлестіктері түркі тілдес және моңғол тілді болған. Олардың батысында наймандар, солтүстігінде меркіттер, шығысында татарлар, оңтүстігінде таңғұттар мекендеген. Ордалары екі қалада орналасты: Орхон өзенінің бойындағы Қатынбалық және Хуанхэ өзенінің бұрылысының теріскейіндегі Қара-Хато қаласы. 1007 жылы керейлер, наймандар сияқты христиан дінінің несториандық тармағын қабылдаған. Әмірші Қан Хан несториандықты құптаған. Оң хан Тұғрыл моңғолдармен әр түрлі қарым-қатынастарда болған. Ол кезінде Шыңғысханның әкесі Есугеймен дос болған. 1202 жылы Шыңғысхан Тұғрылды өлтіріп, елін жаулап алды. Керейлер моңғолдарға тәуелді болды. Моңғол қағаны ел билеушілерін өзі тағайындап отырды. Керейлер кейін Шығыс Қазақстан жеріне қоныс аударды.

Керейлер мен найманалар Орта жүздің құрамына кіретін ірі тайпалар. Олар қазақ халқының этногенездік қалыптасып шығу үрдісінде үлкен орын алады.

6. Қарахандар мемлекеті. Қидандар

Жетісу мен Шығыс Түркістан территорияларын алып жатқан Қарахан мемлекетінде (940-1220 жж.) феодалдық қатынастар пайда болып әрі қарай нығая түсті. Астанасы басында Баласағұн (Шу өзені бойында), кейін Ордакент (Тараз) қаласы. Хандықтың негізін салған Сатұқ Боғрахан (915-955 жж.)

Тұрғындар өмірінде негізінен көшпенді және жартылай көшпенді мал шаруашылығы болды. Оның ішінде жылқы өсіру кең қанат жайды. Аңшылық пен балық аулаушылық ерекше орын алды. XI-XII ғ.ғ. түркі тайпаларының қайсы бір бөліктері жер өңдеумен де шұғылданған. 1034 жылы Қарахан мемлекеті батыс және шығыс хандықтарға бөлінген. Басты қалалары: Тараз, Баласағұн, Бұқара, Самарқанд.

Қарахан мемлекетінің саяси жүйесінің негізінде бөліктік құрылым жатты. Мемлекет көптеген үлкенді-кішілі облыстар бөліктерден тұрып, оның әр қайсысының басында басқарушылар отырды. Бұл басқарушылар жалпы хақан билігіне бас иіді. Хақан өзінің туыстары мен жақындары арқылы аудан, облыс, қалалардан алым-салық алып отырды. Ол икта деп аталды. Жер салығы да осы икта жинаушылар қолына көшіп өмір бойы оның байлығының көзін құрды. Олар мемлекеттің келешегіне нұсқан келтірді. Ымырашылдық ақыр аяғы келіп мемлекетті әлсіретті. Қидандардың шап-

қыншылығы Қарахан мемлекетінің құлауын тездетті. Қидандар монғол тайпаларынан шықты. Жетісудың түркі тілді тайпаларымен араласып одан әрі қарақытай атына ие болған.

Наймандар мен керейлердің алғашқы тарихи пайда болу мәселесі өте күрделі. Көпшілік зерттеушілер оларды көп тілді тайпалардан деп санайды.

Қидандар. Қидан (қарақытай) тайпаларының мемлекеті Х ғасырдың орта тұсында Тынық мұқиттан Алтайға, Керулен өзенінен Ұлы Қытай қорғанына дейінгі аймақты алып жатты. Қидандарды Солтүстік Қытайдағы иелігінен енді күшейіп келе бастаған чжурчжендер қуып шығып, Солтүстік Батысқа қарай ығыстырды. Бастапқы кездері қидандар Енисей өзенінің оңтүстік батысында өздерінің Еміл қаласында ордасын құрады. Кейін одан әрі Жетісумен Шығыс Түркістанға қарай бет алды. Олар Жетісудағы Қарахан билеушілері мен көшпенділер арасындағы қайшылықты тиімді пайдаланды. Сөйтіп көшпенділерді қолдай отырып, алдымен қарахандықтардың билігін, кейіннен иелігін тартып алды. Енді жерінен айырылған қидандардың көшпенді тайпаларын бастаған. Елұй Дашы Жетісу мен Шығыс Түркістанды өз иелігі етеді. Қидандар Қытайға үстемдік еткен тұста өз билеушісі әулетін Ляо деп атаған. Жетісу мен Шығыс Түркістанға қоныстанған соң, қидандар Ляо Си мемлекеті болып танылады. 1141 жылы Самарқанд қаласының маңында Санжар сұлтанға соққы берген. Қидандардың билігіндегі жерлер Хорезм мен Бұқараға дейін жетті. Олар билікті толық орната алмады. Әскери тәртіпке ғана көңіл бөлді. Ляо Си мемлекеті ақыр-аяғы әлсіреді. 1211 жылы Жетісуға келген найман тайпаларынан жеңіліп оларға берілді.

7. Қыпшақ хандығы (XI-ғасырдың басы-1219 жыл)

Дешті Қыпшақ даласы XI-XIV ғасырларда қолданылған тарихи географиялық ұғым. Одан бұрын Оғыз даласы атанған. Оғыздардан тараған Қыпшақ ұлысының кимақ саяси-әлеуметтік қауымын құрып, байтақ мәдени із қалдырған өлке. XV ғасырдың екінші жартысынан бастап қыпшақтардың негізгі мұрагері және ұрпағы болған қазақ халқының байтақ мекені Дешті Қыпшақ даласы. Ол кейін «Қазақ даласы», «Қазақ сахарасы» деген атпен белгілі болды. XI-ғасырда Ертісті мекендеген кимақ мемлекетінің жерлерін еншіледі. XI ғасырда Еділдің оң жақ бетіне өтіп орыс жылнамаларына «половцы» деген атпен белгілі бола бастады. Батыс Еуропа, Византия тарихында «құман» немесе «коман» деп аталды. «Қыпшақ даласы» орыс жылнамаларында шығысы Еділ, батысы Днепрге дейін созылып жатқан жерлерді атаған. Қыпшақтар Қарпат, Дунай шептеріне дейін өтті. Еділдің құяр сағасы мен Саксин төңірегін мекендеген. Оларды «Саксин тобы» деп

аталатындары орыс далаларына қоныстанды. Осы кең алқаптар Плато Карпини мен Рубрук саяхаттарынан, шығармаларынан көрініс тапты. Армян патшасы Гетум қыпшақтардың қонысы шығыста Хорезм патшалығы одан әрі Ертіске дейін созылатынын айтып таңдана жазған.

Жалпы осы тұста айта кететін жайт мынау: моңғол шапқыншыларына қарсы әсіресе қыпшақ бірлестіктері әл-ауқатына байланысты қарсылықтар көрсетті. Мысалы: Каспий маңындағы қыпшақтарға жорық 1237 жылы басталды. Бұл жаулап алу соғысында Еділдің Каспийге құяр сағасында Бошман бастаған қыпшақ жасауылдары оларға көпке дейін қарсылықтар көрсетті. Қытай жылнамасында бұл қыпшақтар қорғанысының соңын былай деп баяндаған: «Өзен суы қайта бастағанда моңғолдар әскерінің басшысы Мөңке құдай жолымды оңғарды » деп айтыпты. Ал бұл тұтқынға түскен Бошманға «тізенді бүк, басыңды и» — деп бұйырғанда Бошман: «Мен де сендей көсем болғанмын бір кезде және өліммен қорқытпа! Алдына келіп шөгетін мен түйе емеспін!» — деп жауап қайтарған екен. Оны Еділге тұншықтырып өлтіріпті.

Бұдан кейін қарсылықты Дунай мен Еділ арасында көшіп-қонып жүрген қырық мың түтін қыпшақты бастаған Қотан хан көрсетті. Моңғолдардың қыспағына ұшыраған ол Венгрия жеріне қоныс аударды, венгр феодалдары сатқындығынан қаза тапты. Басшысыз қалған қыпшақ тайпалары әрі қарай үдіре көшіп, жол бойғы елді мекендерді жайпап өтіп, болгардың Тырнова қаласын алды. Көп ұзамай оларды моңғол шапқыншылары да қуып жетті.

Моңғол жаулап алушыларына қарсы күресте ерлік танытқан алыстағы Египеттегі қыпшақ тұқымынан тараған мамлюктер, олардың басшысы сұлтан Бейбарыс болатын. Бейбарыс өмірі араб елдерінде тараған «Зират Бейбарыс» ауыз әдебиет жырларында айтылған. Ол 1223 жылы Қара теңіздің солтүстік жағалауында көшіп қонып жүрген қыпшақ жанұясында дүниеге келген. Батый шапқыншылығы кезінде, яғни XIII ғасырдың 40-шы жылдары көптеген әскери тұтқындармен бірге египет сұлтаны ас Салих Найм аддиннің түркі тілді әскери құрамынан бірақ шықты. Әскери өнерде: жебе тарту, жекепе-жекте алдына жан салмады. Әскер басшысы таланты да бар еді. Ол 1250 жылы Франция королі Людовик IX бастаған крест жорықшаларын талқандады. Мамлюк билеушісі Айбаққа жақпай қалған Бейбарыс Сирияға өз жолдастарымен өтіп кетіп, тек Кутуз сұлтанның шақыруы бойынша 1260 жылы қайтып оралып, әскери қызмет атқарды. Оған Кутуз бір қыстақты сыйға тартады. Осы жылдың қыркүйек айында Бейбарыс қатысқан египет әскері Наблус қаласының түбінде моңғол шапқыншыларын талқандайды. Осы соғыста ерекше көзге түскен Бейбарыс Кутуз сұлтаннан Алеппо қаласын беруді сұрайды. Бұл есебін Кутуз орындамаған соң, оған

қарсы көтеріліс ашып оны өлтіреді, өзі сұлтан болып тағайындалады. Өзі сұлтан болып тұрған 1265-1282 жылдары мамлюк әскерінің «Бахрилердің» күш қуатын арттырады. Египет пен Сирияны қосады. Бұл біріккен мемлекет крест жорықшыларын тойтарып, өз тәуелсіздігін қорғап қалады. Бейбарыс басқарған 17 жылдың ішінде монғол шапқыншыларына 9 рет тойтарыс беріледі. Осының бәрінде де қыпшақ көсемі жеңіске жеткен. Сирияның өзінде ислам діні тақуалары ассассиндермен күресіп, 1271-1273 жылдары оларды күйретіп, Сириядан біржолата қуып шығады. Ол өз кезінде мықты саясат ұстаған.

1. өз әскерінің құрамын қыпшақтар есебінен нығайтты.

2. парсы монғолдарына қарама-қарсы Алтын Ордамен (яғни қыпшақ хандығымен) тығыз одақтық байланыста болды және осы мақсатты орындау жолында Дешті-Қыпшаққа баратын жалғыз жол Дарданелл бұғазын бақылап отырған Византия императоры Михайл VIII Палеологпен қарым-қатынасын жақсартты.

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТ:

1. *Асанов П., Кадырбаев А.* Сокровища древнего Казахстана. Алма-Ата, 1979.

2. *Аманжолов К., Рахметов Қ.* Түркі халықтарының тарихы. 1-3 кітап. — Алматы, 1996-1999.

3. *Артықбаев Ж. О.* Қазақстан тарихы, оқулық хрестоматия, Астана, 2000.

4. *Ахинжанов С. М.* Кипчаки в истории средневекового Казахстана. — Алма-Ата, 1989.

5. *Әбілғазы.* Түрік шежіресі. — Алматы, 1992.

6. *Гумилев Л. Н.* Көне түріктер. — Алматы, 1994.

7. *Кумеков Б. Е.* Государство кимаков в IX-XI вв. по арабским источникам. — Алма-Ата, 1972.

8. Қазақстан тарихы. Очерктер. — Алматы, 1994.

9. Қазақстан тарихы. Бес томдық. 1-ші том. — Алматы, 1996.

10. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы, 2005.

11. *Құдайбердіұлы Ш.* Түрік, қырғыз, қазақ хәм ханлар шежіресі. — Алматы, 1990.

12. *Мусин Ч.* Қазақстан тарихы. — Алматы, 2003.

13. Мұрат Аджи. Қыпшақтар. Ұлы дала және түріктердің ежелгі тарихы. — М., 1999.

14. *Назарбаев Н. Ә.* Тарих толқынында. — Алматы, 1999.

15. *Салғараұлы Қ.* Түріктер (Тужию) Жужандар. — Алматы, 1999.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТ:

1. *Айдосов А.* Қорқытнама. — Алматы, 1997.
2. *Байбатиша Ә.* Қазақ даласының ежелгі тарихы. — Алматы, 1998.
3. *Барманқұлов М. К.* Тюркская вселенная. — Алматы, 1996.
4. *Бичурин Н. Я.* Орта Азия және Шығыс Түркістан. Оқу құралы. — Алматы, 1997.
5. *Бұлтай М. Ж.* Түріктер неге мұсылман болды? — Алматы, 2000.
6. *Бартольд В.* Түркілер тегі //Ақиқат, № 2, 1992.
7. *Байпақов К.* Қазақстанның ежелгі қалалары. — Алматы, 2005.
8. *Берденова К. Ә.* Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуы мен экономикалық даму негіздері. — Алматы, 2000.
9. *Дербісалиев Ә.* Жылғадан басталған дария. Отырар өркенияты. // Қазақ тарихы, № 1, 1996.
10. *Егеубай А.* Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» (ХІ ғ.) //Жұлдыз, № 3, 1996.
11. *Есім Ғ.* Суфизм тарихы және философия //Ақиқат, № № 3,4,5,7,9,11. 1997.
12. *Жұмабаев М.* Шығармалары. — Алматы, 1989.
13. *Жұртбаев Т.* Дулыға, 2-ші том. — Алматы, 1994.
14. *Көмеков Б.* Қыпшақтардың саяси қарым-қатнастары. //Қазақ тарихы, № 1, 1994.
15. *Қадырбаев А.* Қазақстан моңғол шапқыншылығы қарсаңында //Қазақ тарихы, № 2, 1994.
16. *Нысанбаев Ә.* Қорқыт ата. — Алматы, 1999.
17. *Нысанбаев Ә.* «Диуани-Хикмет» — даналық қазынасы. //Ақиқат, № 7, 1998.
18. *Сыздықов С.* Қарлық қағанаты шаруашылығы, саяси-әлеуметтік құрылымы //Қазақ тарихы, № 5, 1995.
19. *Шәлекенов У.* Түркістан — Тұранның көне астанасы. //Қазақ тарихы, № 3, 1997.

4-ТАҚЫРЫП ҚАЗАҚСТАН МОҢҒОЛ ЖАУЛАУШЫЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕ (XIII ғ.). АЛТЫН ОРДА (1243 ж. — XV ғ. ОРТАСЫ). XIV-XV ғғ. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР

1. Шыңғысханның Қазақстан мен Орта Азия территорияларын жаулауы. Ұлыстардың құрылуы.
2. Алтын Орда (1243 ж. — XV ғ. ортасы).
3. XIV-XV ғғ. Ортағасырлық мемлекеттер.

1. Шыңғысханның Қазақстан мен Орта Азия территорияларын жаулауы. Ұлыстардың құрылуы

Татар-моңғол тайпаларының саяси жағынан басын біріктіріп, Моңғол феодалдық мемлекетінің негізін салушы Темучин болды. Ол тарихтағы бір деректер бойынша 1162 жылы, екінші бір деректер бойынша 1155 жылы ірі ноян Есугай баһадүрдің отбасында туған. Темучин ер жете келе негізгі қарсыластарының барлығын жеңіп, Моңғолдың бүкіл тайпаларын өзінің қол астына біріктірген. 1206 жылдың көктемінде Онон өзенінің сағасында Темучинді жақтаушы — моңғол ақсүйектерінің құрылтайы болып, онда ол салтанатты жағдайда Шыңғысхан деген атпен моңғолдардың әміршісі болып жарияланды. Осыдан кейін Темучин өзін хан көтерген ақсүйектердің құлқынын тойғызу мақсатында көрші елдерді жаулау, оларды талау-тонау үшін әзірлік жүргізді.

Шыңғысхан әскери-ұйымдастыру принципі мемлекеттік құрылыстың негізі етіп алды. Елдің бүкіл жері мен халқы он қанат /барунғар/, сол қанат /жоңғар/ және орталық /гол/ атты үш әскери-әкімшілік округке бөліп, әрбір округте он мың адамнан тұратын бірнеше түмгелер /түмендер/ болды. Олар өз кезегінде «мыңдық», «жүздік», «ондықтан» құрылды.

Өте қатал тәртібі, мұқият құрылымы бар әскер басында моңғолдардың феодалдық жоғарғы тобының өкілдері — нойондар, баһадүрлер, мергендер, сечендер тұрды. Шыңғысханға бұлардан басқа, өзіне шын берілген, 10 мың таңдаулы жауынгерлерден тұратын кешігі /ұланы/ қызмет етті. Оның көмегімен Шыңғысхан нойондар мен феодалдарды өзіне тәуелді етіп ұстады.

1207-1208 жылдардың қысында Шыңғысханның үлкен баласы Жошы Енисей қырғыздарын және Сібірдің оңтүстігіндегі басқа да «орман халықтарын» бағындырды. 1208-1209 жылдары Шыңғысхан әскерлері тұтқиылдан шабуыл жасап, таңғұттық Си Ся мемлекетін күйретті. Шыңғыстың қа-

харынан сескенген қазіргі Шығыс Түркістан аймағындағы ұйғырлар монғолдарға өз еркімен бағынды.

Олардың елбасшысы Баршық өзін Шыңғысханның боданымын деп мойындаған. 1211 жылы Шыңғысханның қолы Солтүстік Қытайға бет алды, 1215 жылы олар сол кезде Цзинь мемлекетінің астанасы Болған Чжундуды /Пекинді/ бағындырды.

Қытайда моңғолдар соғыс ісінің сол замандағы жоғарғы техникасымен танысты. Қытайдан көптеген қару-жарақ, қамал бұзатын машиналарын және оны қолдана білетін адамдарды, қолөнершілерді алған. Шыңғысхан өз әскерінің санын көбейтіп, жауынгерлік дайындығын одан әрі жетілдірді.

Сөйтіп, ол Шығыс Еуропа мен Алдыңғы Азияға жол ашатын Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алу жорығына жан-жақты әзірленді. Бұл үшін ол мұсылман көпестерінен, монғолдардың қол астында болған босқындардан мәліметтер алып, Қарақытайлар мемлекетінің, содан кейін Хорезм шахындағы ішкі жағдай мен әскери күштер туралы деректерге қанықты, соның негізінде ойластырылған іс-қимылдың бағдарламасын жасады.

Шыңғысхан Қазақстан мен Орта Азияға жорықты Жетісу арқылы жүргізбекші болды. Өз басының жеке жауы найманның ханы Күшлік ханды талқандап, бай қалалары бар Жетісуды өзіне қарату үшін, оған 1218 жылы Жебе ноян бастаған әскер тобын жіберді.

Жетісуды Шыңғысхан әскері қарсылықсыз оңай басып алды. Монғолдарға қарсы тұруға жарамай қашып кеткен Күшлік ханның мұсылмандарды қудалауы, қаталдығы, жігерсіздігі, салықпен зар илеткен зорлық-зомбылығына ыза болған жергілікті халық Шыңғысханға мойын ұсынатынын білдірді. Жетісуды бағындырғаннан кейін Шыңғысханның Мәуереннахрға, сол кезде бүкіл Орта Азияны билеп отырған Хорезм мемлекетіне қарсы жорыққа жолы ашылды.

Көп кешікпей оған сылтауда табылды. 1218 жылы көктемде Шыңғысхан Орта Азияға сауда керуенін жіберді. 500 түйеден тұратын керуенінде моңғол жансыздарын қосып есептегенде барлығы 450 адам болатын. Көп адамы бар керуен 1218 жылдың жазында Отырарға келіп жетті. Отырардың билеушісі Қайырхан Иналшық көпестерді тыңшылық жасады деп күдіктеніп, оларды өлтіруге бұйырды. Шыңғысхан: «Хорезм шахы менің бұл талаптарымды орындамады, мен жіберген елшілерді өлтіруге өмір берді» — деп өзінің әйгілі «Отырар апаты» деп аталатын жорығын бастайды.

Орта Азияны бағындыру үшін Шыңғысхан өзіне тәуелді елдерден алған жасақтармен қоса жалпы саны 150 мыңға дейін адамы бар қалың қолды бастап шықты. Моңғол әскері Отырарға таяп келгенде, моңғолдардың басшысы Шағатай мен Үгедей бастаған бірнеше түменді қаланы қоршау

үшін қалдырып, әскерлердің Жошы бастаған басқа бір шоғырын Сыр бойымен төмен бағыттады.

Жебе мен Сүбедей басқарған үшінші шоғырға Сырдарияның жоғарғы ағысы бойындағы қалаларды бағындыру міндетін жүктеді.

Шыңғысхан кіші ұлы Төлемен екеуі әскердің негізгі күштерімен Бұхараға беттеді.

Хорезмнің шахы Мұхаммед моңғолдарға қарсы тұруға дайын емес еді. Өзін онша жақсы көрмейтін жергілікті феодалдардың күш біріктіріп, өзіне қарсы шығуынан қорыққан ол әскери күштерді әр қалаға бөліп ұстап отырған. Мұның өзі Шыңғысханға қалаларда тұрған шағын-шағын шоғырларды оп-оңай қарсылықсыз құртып жіберуге мүмкіндік жасады.

1219 жылдың күзінде Шыңғысхан орасан зор армияны бастап, Жетісу арқылы Мәуереннахрға аттанды. Оңтүстік Қазақстанның жергілікті халқы моңғол басқыншылығына қатты қарсылық көрсетті. Мұнда Шыңғысхан әскерлері Отырар қаласына келіп, оны қоршауға алды. Қайырхан басқарған қалада 80 мыңдай әскер бар еді. Отырар қорғанысы Қазақстан мен Орта Азияның халық бұқарасының моңғол басқыншыларына қарсы жүргізген ерлік күресінің айқын көрінісі болды. Қарамағында қамал бұзатын техникасы, соның ішінде жанып кететін күбіршіктер, ататын машиналары болса да, моңғолдар бұл қаланы алты ай бойы ала алмады.

Қаланың құлауына опасыздық себеп болды. Әскер басыларының бірі — Караджа түн жамыла қала қақпасынан шығып, моңғолдарға өтіп кетті. Қаланы қоршап тұрған моңғол әскерлері осы қақпа арқылы ішке лап берді. Моңғолдар қаланы әбден талады, халқын қырғынға ұшыратты. Осыған қарамастан әскердің бір бөлігі мен қала халқы Қайырханның басшылығымен оның ішкі қамалына кіріп алып, бір ай бойы қайыспай қарсылық көрсетіп, бір адамы қалғанша соғысты. Әбден титықтап барып алған қамалдағы жаралы адамдарды моңғолдар қырып салды.

Сөйтіп, Отырар қамалын жермен-жексен етіп, Шағатай мен Үгедей бастаған моңғол шоғырлары Шыңғысханға келіп қосылды.

Сыр бойындағы қалалардың тұрғындары да ерлікпен қорғанды, соның бірі Сығанақ қаласы еді. Ол өзі жақсы бекінген, халқы көп, ірі сауда орталығы болатын. Жошы бастаған моңғолдар қаланы ұрыссыз беруді талап етіп, Сығанаққа Хасан қожа көпесті жіберді. Сығанақ халқы келіссөзге көнбеді, сатқын есебінде Хасан қожаны өлтірді. Содан кейін моңғолдар езеурей шабуылға шықты. Жеті күнге созылған шабуылға қала тұрғындары табан тіресіп қарсыласты. Бірақ көп ұзамай Сығанақ жеңілді. Моңғолдар қаланы талап, халқын аяусыз қырды. Көп ұзамай Үзгент және Баршынкент алынды. 1220 жылы 4 сәуірде моңғол әскерлері Жент қаласын бағын-

дырды. Әскердің Жошы жіберген басқа бір шоғыры Шехркентті (Янгикентті) басып алды.

Сыр бойындағы қалалардың қарсылығын жеңгеннен кейін Шыңғысханның әскерлері Орта Азияның ішіне баса көктеп енді. Бірақ мұнда да олар халық бұқарасының қасарысқан қарсылығына кездесті. Үргеніш қаласының тұрғындары қаланы бірнеше ай бойы қорғады. Сондықтан бұл қалаға Жошы, Шағатай және Шыңғысхан өз әскерлерін әкелуге мәжбүр болды. Қала алдырмады. Оны тура шабуылмен ала алмағаннан кейін, моңғолдар Әмудария өзенінің бөгетін бұзып, қаланы суға тоғытып барып алды.

Моңғол басқыншаларына Орта Азияның ең ірі қалалары Бұқара мен Самарқандтың халқы да табанды қарсылық көрсетті. Самарқанд пен оның төңірегін еңбекшілері моңғол шабуылдарына тіресе тойтарыс беріп, өздері батыл шабуылға шығып отырды. Моңғолдар қала билеушілері мен шонжарлардың сатқындығының арқасында ғана Самарқандты басып алды.

1219 жылдан 1221 жылға дейін Шыңғысхан әскерлері бүкіл Орта Азия мен Қазақстанға ойран салып өтті. Талай қалаларды талап, жойып жіберді. Хорезм шахы Мұхаммед Иранға қашып кетті. Ол кейін Каспий теңізі аралдарының бірінде өлді. 1220-1221 жылдардағы қысқы жорықтардың нәтижесінде моңғолдар Хорезм жерін тегіс жаулап, Орта Азиядағы соғыс қимылдарын аяқтады. 1221 жылдың көктемінен бастап соғыс Хорасан, Ауғанстан және Солтүстік Иран мемлекеттерінің жеріне ауысты.

Моңғол әскер басшылары Жебе мен Сүбедей нояндар басқарған 30 мыңдық жасақ Солтүстік Иранны басып алып, 1222 жылы Кавказға кірді. Моңғол әскерлері аландарды, қыпшақтарды және қалқа өзенінде орныққан орыстарды тас-талқан етіп жеңді. Олар орыс жерінің оңтүстік аймағын ойрандап, Қазақ (Дешті қыпшақ) даласы арқылы 1224 жылы Шыңғысханның Ертістегі ордасына қайта оралды.

Сонымен, 1219-1221 жылдардағы шапқыншылықтың салдарынан Қазақстан мен Орта Азия Шыңғысхан империясының құрамына енді. Шыңғысханның жаулап алған байтақ жері түгелімен оның балаларына бөліп берілді. Шыңғысхан Ертістен Орал тауларына дейінгі, одан әрі батысқа қарай «моңғол атының тұяғы жететін» аймақты үлкен ұлы Жошының билігіне берді. Орта Азиядағы иеліктерінен Жошы ұлысына — Әмударияның төменгі жағындағы аудандар (Солтүстік Хорезм) мен Сырдария кірді. Жошының ортасы Ертіс алқабында болды.

Шыңғысханның екінші баласы Шағатайдың үлесіне Мәуереннахр, Жетісу және Қашқар тиді. Оның Ордасы Іле алқабында орналасты.

Үшінші баласы Үгедейге Батыс Моңғолия мен Тарбағатай жері қарады. Оның ордасы қазіргі Шәуешек қаласының маңында болды.

Кіші ұлы Төлейге — Шыңғысханның негізгі жұрты — Моңғолияның өзін мұраға берді.

Сонымен Қазақстан жері моңғолдың үш ұлысының құрамына: үлкен (далалық) бөлігі — Жошы ұлысының, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан — Шағатай ұлысының, Жетісудың Солтүстік-Шығыс бөлігі — Үгедей ұлысының құрамына кірді.

2. Алтын Орда (1243 ж. — XV ғ. ортасы)

1227 жылы Шыңғысхан өлді. Ол өлгеннен кейін 1235 жылы Қарақорымда өткен моңғол ақсүйектерінің құрылтай жиналысы Шығыс Еуропаға жаңа жорық жасауға шешім қабылдады. Моңғол әскерлерін Шыңғысханның мұрагер немересі, Жошының ұлы Батый /Бату/ басқаратын болды.

Батыйдың екпінді жорығы барысында моңғолдар кең байтақ жерге ие болды. Оның шегі батыста — Днестрге, шығыста — Ертіске, оңтүстікте — Солтүстік Кавказға дейін жетті. Батый иеліктерінің құрамына оңтүстік-шығыста Солтүстік Хорезм мен Сырдарияның төмен жағындағы жерлер енді. Орыс княздіктері де Батыйға тәуелді бодан болды. Осындай аса зор мемлекет шығыс деректемелерінде Көк Орда, ал орыс жылнамаларында Алтын Орда деп аталды. Алғашында Алтын Орда Моңғолия империясына оның бір ұлысы ретінде енген еді, ал XIII ғасырдың 60-шы жылдарынан кейін ол дербес ел болып бөлінді.

Алтын Орда халқы этникалық жағынан біркелкі болған жоқ. Отырықшы аймақтарда — Еділ бұлғарлары, қала қыпшақтары, орыстар, армяндар, гректер, ежелгі хазарлар мен алан ұрпақтары, хорезмдіктер тұрды. Далалық өңірді негізінен мал шаруашылығымен айналысқан түркі тілдес Қыпшақ, Қаңлы, Найман, Қоңырат, Керей т. б. тайпалар мекендеді. Дешті Қыпшақ төңірегі мен Еділ бойына қоныс аударған моңғолдар аз болған жоқ. Олар жергілікті түркі тілдес халықтарымен сіңісіп кетті. Алтын Орданың орталық аймағы — Еділ бойы қазіргі Саратовтан Астраханға дейін (астанасы — Берке Сарайы немесе әл-Жадид), негізгі әскери феодалдық күші — қыпшақ тайпалары. Алтын Орда өзін билеген хандары — Батый 1243-1256 ж., Берке 1257-1266 ж., Мөңке-Темір 1266-1280 ж., Төде Мөңке 1280-1287 ж., Төле-Бұқа 1287-1291 ж., Тоқа-Темір 1291-1312 ж., Өзбек 1312-1342 ж., Жәнібек 1343-1357 ж. тұсында қуатты кемеліне келіп, билігі мейлінше күшейе түсті. Егер Жошы мен Батый Моңғолиядағы ұлы ханға белгілі бір дәрежеде бағынышты болса, Беркеден бастап Алтын Орда хандары өздерін тәуелсізбіз деп есептеді. Ол Батыс Еуропамен, Мысырмен, Кіші

Азиямен, Үндістанмен, Қытаймен сауда-саттық жүргізді, әр түрлі кәсіпшілікпен айналысып, қолөнерді дамытты.

Берке хан тұсында Алтын Ордаға ене бастаған ислам діні кейін Өзбек хан тұсында мемлекеттік дінге айналды. Саяси өмірдің ерекше маңызды кезеңдерінде билеуші әулеттің өкілдері бастаған феодалдық алпауыт бектердің құрылтайы шақырылып тұрды. Мемлекет құрылысы әскери негізде болды, шет аймақтарда әскери әкімшілік биледі. Қарулы күштер оң қол, сол қолға бөлініп, оларды ханзада-ұғландар, түменбасы, мыңбасы, жүзбасы, онбасы басқарды.

3. XIV-XV ғғ. Ортағасырлық мемлекеттер

Ақ Орданың негізін салған Шыңғыс ханның немересі, Жошының тұңғыш ұлы Орда-Ежен еді. Бастапқыда ол Алтын Орданың құрамында болды. Жошы өлген соң оның балалары мемлекетті бөліске салды. Алтын Орданың орнатушысы және оның ең жоғарғы билеушісі Батый хан әскердің оң қанатын тікелей өз қарамағына қалдырды да, сол қанатты (Жоңғарды) Орда-Ежен мен оның төрт інісі-Улур, Тоқа-Темір, Шингкум, Сингкумге берді. Сөйтіп Сырдария алабынан Балқаш көліне дейінгі кең байтақ жер іргелес отырған ру-тайпалармен қоса түгелдей Орда-Еженнің билігіне көшті. Шығыс Дешті-Қыпшақ жерінде XIII ғ. орта кезі мен XV ғ. бірінші ширегінде Ақ Орда мемлекеті пайда болды. Рашид ад-Динның жазуына қарағанда (XIV ғ.) Жошы ұлысының Шығыс бөлігін (сол қанатын) әкесінің көзі тірісінде үш інісімен бірге Жошының үлкен ұлы Орда (Орда Ежен, Орда Ичен) алады. Муьин ад-Дин Натанзидің (Ескендір анонимі) мәліметі бойынша Орда-Ежен 1321 жылы Сауран қаласында өлген. Ал Стэнли Лэнь-Пульдің дерегінде оның өлген жылы 1315 деп көрсетілген. Осы орайда Муьин ад-Дин Натанзидің шығармасындағы тағы бір дерек назар аударуды қажет етеді. Онда Орда Ежен Ақ Орданы 25 жыл билеп, 1344 жылы Сығанақта өлді делінген.

Әбілғазының айтуынша (XVII ғ.) осынау жерді оған інісі Бату хан XIII ғ. орта кезінде бөліп береді. Орданың мирасқорлары іс жүзінде дербес билеушілер болады. Рашид ад-Динге жүгінсек, Бату хан ұрпағының вассалымыз деп сөз жүзінде ғана мойындайтын «өз ұлысының тәуелсіз алдиярлары» болады.

Шығыстағы шекарасы Ертіс атырабы мен Алтай тауларына дейін созылып жатты. Хан Ордасы алғашында Ертісте және Алакөл маңында, яғни Орда-Еженнің әкесі Жошы ханның бастапқы отырған жерінде болды. Ақ Орданың билеушілері XIV ғасырдың екінші жартысында өздері Алтын Ор-

даның қол астында екенін сөз жүзінде мойындағанымен, іс жүзінде тәуелсіз саясат жүргізді. Барлық ішкі саяси күш Ақ Орданың өзінде болды. Сол себептен де Шығыс қолжазбаларында Ақ Орда Алтын Ордамен қатар өмір сүрген, одан бөлек жеке мемлекет ретінде сипатталады. Тәуелсіздік жолындағы саясатты Ақ Орда ханы Орыс хан бастады. Орыс хан 1361-1377 жылдары Ақ Орданың тағына отырды. Ол Жошының 13-ші ұлы Тоқа Темірдің төртінші ұрпағы (Жошы-Тоқа-Темір-Өз-Темір-Қожа Бәдік-Орыс хан). Ол 1368-1369 жылдардан бастап Ақ Орданың астанасын Сығанақ қаласына көшірді және осы қалада Орыс хан соқтырған теңгелер осы кезден бастап белгілі болды. Осы оқиғаға байланысты мемлекеттің аты өзгерген деп есептейді. Бірқатар зерттеушілер Қазақстан жеріндегі осы бір мемлекетті Көк Орда деп атайды. Тегі Орда-Ежен иелігінің аты бастапқы кезде Көк Орда, ал Шәйбанның ұлысы — Ақ Орда деп аталса керек (бәлкім, Бату ханның бүкіл иелігі — Шәйбан ұлысын да қоса — Ақ Орда деп атаса керек). Шәйбан ұлысы Орда ұрпақтары иелігі құрамына енгеннен кейін бүкіл мемлекет Ақ Орда деп аталып кетеді. Тарихи деректерде бұл атау XV ғ бастап белгілі (Муин әд-Дин Натанзи т. б. авторлар). XIV ғ. соңынан бастап Ақ Орда жері сол сияқты Өзбек ұлысы деп аталады. Осы мәселе төңірегінде В. Г. Тизенгаузеннің «Алтын Орданың тарихына қатысты материалдар жинағы» деген еңбегіндегі араб деректерінен біз мұндай бөлістің болғандығын білеміз. Орыс хан Ақ Орданы дербес билеп, оның саяси тәуелсіздігін нығайтуға ұмтылды. Ақ Орданың Сырдария маңындағы аймақтарында егін және қала шаруашылықтарын дамытуды қолға алғаны белгілі. Орыс хан Шымпай тұсында-ақ Ақ Орданы өзіне бағындыруға әрекет етті. Дәл осы кезде Ақ Орда ханы Орыс ханға қарсы құрылған тарих сахнасына Тоқтамыс пен Едіге қарсы шықты.

Бұл кезең феодалдық өзара қырқыстың өршіп, Ақ Орданың Жошы ұлысынан (Алтын Ордадан) іс жүзінде бөлініп, өз алдына жеке мемлекет болған кезі еді. Тоқтамыс сұлтан Ақ Ордадағы соғыс кезінде Самарқанға қашып кетіп, Әмір Темірдің құзырында әрі қонақ, әрі тұтқын ретінде біраз тұрады. Ақ Орданың күшеюінен сескенген Әмір Темір Тоқтамысты оған қарсы айдап салады. Темірдің әскери көмегіне сүйенген Тоқтамыс 1374-1375 жылдары Орыс ханға қарсы жорыққа аттанады. Соғыста Орыс ханның баласы Құтлұқ-Бұқа өлгенмен, Тоқтамыс әскері талқандалады. XIV ғ. соңғы ширегінде және XV ғ. бас кезінде көрші Моғолстан мемлекеті сияқты Ақ Орда Әмір Темір әскерінің шапқыншылығына әлденеше рет ұшырайды.

Әмір Темірдің шыққан тегі — түріктеніп кеткен моңғол тайпасы — Барластан. Ол XIV ғ. 60-жж. Мәуреннахрда етек алған феодалдық ішкі қырқыстар мен соғыстар кезінде алға шығады. 1370 жылы ол өкіметті тартып

алып, Орта Азияны 35 жыл басқарады. Осынау жылдары ол көрші облыстар мен елдерге жасаған басқыншылық, талау-тонау соғыстарына, бүкіл әлемдік империя құру ұмтылыстарына толы жылдар болады. Ол аса ірі жаулаушылық соғыстарды барып тұрған қатыгездікпен жүргізеді.

Орта Азияны біріктіру қимыл-әрекеттерімен бірге ол Шығыс Дешті-Қыпшақтың Жетісу мен Тянь-Шань жерлерін басып алу мақсатында әскер жұмсап, шапқыншылықтар жасап отырды. Солтүстік пен Батыс жақта Темірдің жаулап алу жоспарына Алтын Орда кедергі жасады. Бірақ одан бұрын Темір әуелі Мәуреннахрдың көршілері – Ақ Орда мен Моғолстанға семсер салды. Орта Азиядан тыс жатқан жерден бірінші етіп Темір солардың шебіне басып кірді.

Темірден жаңа әскер алып екінші рет жорыққа аттанған Тоқтамыс Орыс ханның ұлы Тоқтақия басқарған Ақ Орда әскерінен тағы да жеңіледі. 1375-1376 жылдардағы қыста Орыс хан Темір мен оның одақтасы Тоқтамысқа қарсы өзі жорыққа шығады. Екі жақ Сығанақ түбінде күннің тым суып кетуіне байланысты Орыс хан шайқасты тоқтата тұрады. Келесі жылы (1376) Орыс хан Темірге қарсы аттанады. Ол осы жорық кезінде қаза табады (1376-1377). Басқа деректер бойынша Орыс хан 1380, 1381 жылдары қайтыс болған делінеді.

Тоқтамыс 1377 жылдың аяғында Ақ Орданың Сығанақ, Сауран қалаларын басып алады. Насыр-ад-Дин баһадүр ханның көмегімен өзін Ақ Орданың билеушісі етіп жариялайды.

Тоқтамыстың Орыс ханды, оның балаларын жеңуі ешқандай кездейсоқтық емес. Ол батыс елдеріне арқа сүйеді, генуездік көпестерден ақшалай да, әскери де көмек алып тұрды. Сондай-ақ ол Самарқан мен Бұхара саудагерлерінің қорғаны болған Темірдің қолдауына ие болды. Бірақ екі одақтасы да тұрақты емес еді. 1377-1378 жылдары Тоқтамыс Ертіс пен Еділ маңындағы басқа да қалаларды бағындырды. Сонымен Тоқтамыс Ақ Орда мен Көк Орданың билігін өз қолына алды.

Көк Орданың басқа этностармен және басқа мәдениетпен байланысқан нақты шекарасы болған жоқ. Оның ішкі қуат-күші әлі сақталып тұрған. Ал Алтын Орда мен Ақ Орда XIV ғасырдың аяғында бастапқы ішкі қуатынан айырылып қалған болатын. Сол себепті де Еділ мен Ертістің бойында халықтар қуатынан айырыла бастаса, Көк Орда әжептәуір күшейіп алған еді. Мұндай жағдай Тоқтамысқа Еділдің сол жағалауын иеленуіне мүмкіндік бар екенін көрсетті.

Ақ Орда хандығы Тоқтамыс тұсында одан әрі күшейе түсті. Ақ Орданың билігіне және әскери күшіне ие болған Тоқтамыс 1380 жылы Алтын Орданы алды. Сөйтіп ол бір мезгіл(1380-1395 жж) Ақ Орда мен Алтын Ордаға хан болды. Бірақ Тоқтамыс хан тағына отырғаннан кейін Әмір Темірге қарсы

шықты. Әмір Темір мен Тоқтамыс арасында ұзаққа созылған қанды шайқас басталып, нәтижесінде 1395 жылы Әмір Темірден жеңілген Тоқтамыс Сібірге қашып кетеді (оны 1406 жылы Сібір ханы Шәдібек өлтіреді).

Ақ Орданың бұрынғы ханы Орыс ханның баласы Қойыршақ ұзақ уақыт бойына Әмір Темір сарайында болды және Әмір Темірдің Тоқтамысқа қарсы жорығына белсене қатынасты. Өйткені, Тоқтамыс оның ата жауы еді. 1634-1641 жылдары жазылған жеті томдық энциклопедиялық еңбек «Баһр әл-асырардың» авторы Махмуд ибн Әмір Уәлидің айтуынша: «1395 жылы Әмір Темір Терек алабында Тоқтамыс әскерін талқандағаннан кейін жанында жүрген Орыс ханның баласы Қойыршаққа патшалық алтын тон, алтын қылыш және хан сарайы санатындағы батыр әскерлерді сыйлап, Жошы ұлысының хандығын тапсырған». Бұған қарағанда Әмір Темір Ақ Орданы бодандық жолмен тәуелді еткен. Бірақ Орыс ханның немересі Барақ сұлтан 1423-1424 жылдары Ақ Ордаға хан болып алғаннан кейін Сырдария бойындағы басты қала Сығанақ және оның атырабындағы «атасы Орыс ханнан қалғандарды заңды мұра ретінде қайтарып алуға» әрекет істеді. Барақ хан 1425-1426 жылдары Ұлықбекке (Әмір Темірдің немересі) қарсы жорыққа аттанды. Бараққа қарсы Ұлықбек те шықты. Ең алғашқы ұрыстақ Ұлықбек әскері талқандалып, оның өзі әрең қашып құтылды. Бұл жеңіс нәтижесінде Ақ Орда Темір әулетінің үстемдігінен тәуелсіз болып алды. Алайда, Ақ Ордада ішкі феодалдық тартыс аяқталмады. 1428 жылы Барақ хан жау қолынан қаза тапты. Барақ хан Ақ Орданың ең соңғы ханы болды. Барақ хан өлген соң Ақ Орда ыдырады да, үкімет билігі Жошының кіші ұлы Шайбан тұқымынан шыққан Әбілхайыр сұлтанның қолына көшті.

Ақ Орда дербес мемлекет ретінде моңғолдан соңғы кезеңде, шаруашылық қайта түлеп жаңғыра бастаған, жергілікті түрік және түріктенген ақсүйектер рөлі күшейген жағдайда туып қалыптасты. Онда ежелден Қазақстан даласын мекендеген түрік тілді тайпалар және Шыңғыс хан шапқыншылығы кезінде шығыс аудандардан осы араға ауып келгендер тұрған. Соңғылары ішінде түрік рулары, тайпаларымен бірге түріктенген моңғол тайпалары да бар еді. Бұл жерді қыпшақтар мен наймандар, үйсіндер мен арғындар, қарлұқтар мен керейіттер (керейлер), қаңлылар мен қоныраттар, маңғыттар, т. б. көптеген тайпалар қоныс еткен еді.

Ақ Орданың отырықшы аудандарында жерді шартты түрде иелену мен жеке меншіктің түрлері толығынан анықталды. Көшпелі аудандарда мал жеке меншік деп саналып және сол мал дала алпауыттарының қолында жинақталып тұрған жағдайда, жайылымдық жер қауымның иелігінде деп қанша айтылғанымен, өріс-қонысты еркін билеуге құқы бар текті байлар сол жердің нағыз қожасына айналды. Деректерде Ақ Орда елінде ақсүйектер жер иеленушінің инджу, милк, сойырғал сияқты түрлері болғаны және

тархандық сый тарту да болғандығы айтылады. Қатардағы көшпелілер мен жер иеленушілерді қанау түрлерінің кейбірі деректерде кездеседі. Мысалы, Ақ Орданың еңбекші халқы хандар мен аксүйектер пайдасына күпшір, зекет, тағар тәрізді салықтар төлеп, әртүрлі парыз-қарыздарды да өтеп тұрған. Соғыстар мен өзара қырқыс халық бұқарасының хал-ахуалын қиындапта түседі. Мемлекетті Орда Ежен тегінен шыққан хан басқарады. Оған Жошы әулеті еншілерінің иелері (ұғландар) мен ірі-ірі көшпелі аксүйектер (бектер, әмірлер, баһадүрлер) бағынған. Олар өздерінің еншіліктері мен қарауындағы тайпаларға әкімшілік-саяси билікті жүргізіп тұрған.

1227 жылы Жошы хан өліп, Жошы ұлысы екіге жіктелгенде жарыққа шыққан Орда Ежен ұлысынан бастап, 1428 жылы қайтыс болған Ақ Орданың соңғы ханы Барақ ханға дейінгі аралықта Ақ Орда хандығы екі жүз жыл өмір сүрді. Ақ Орда хандығы алғашында Алтын Ордаға тәуелді иелік саналғанымен ұзамай-ақ тәуелсіз мемлекетке айналды. Бұл тек Алтын Орданың өз ішінен ыдырауы нәтижесінде ғана емес, қайта соғыс жорығында бүлінген халық шаруашылығының қайта қалпына келіп жандануы, өндіргіш күштердің өсуі, саяси, шаруашылық, мәдениеттің өркен жаюы, әскери күш арқылы Алтын Орда үстемдігінен құтылып, бейбіт өмір өткізуді аңсаған тілегі негізінде жарыққа шықты. Алтын Орда мемлекетінде жүргізілген соғыстар мен ішкі феодалдық қырқыстың тақсиретін тартқан, ауыр алым-салықтың азабын арқалаған қалың халық бұқарасы Алтын Орда үстемдігінен құтылуды аңсады. Шығыс Дешті Қыпшақты билегісі келген Ақ Орда билеушілері халық бұқарсының бұл армандарын өз мақсаты үшін шебер пайдаланып, Ақ Орданы Алтын Ордадан тәуелсіз, дербес ел етуге ұмтылды. Мұны халық бұқарасы қолдады. Сөйтіп, Орда Ежен тұқымынан шыққан Ақ Орда билеушілері Алтын Ордадан тәуелсіздік алып, Ақ Орданы дербес елге айналдырды.

Алтын Орда мемлекеті мен Ақ Орда мемлекеті арасында айырмашылықтар бар еді: Алтын Орда-әлеуметтік және мәдени даму дәрежесі әрқелкі, түрлі тілде сөйлейтін сан алуан халықтарды жаулап алу негізінде әскери күшпен бір мемлекетке бағындырған, шаруашылық негізі әлсіз, этникалық жағынан ала-құла ел болатын. Оған қарағанда, Ақ Орданың этникалық негізі бірыңғай еді, оның негізгі халқы-осы өңірде ежелден өмір сүріп келе жатқан қазақ елі болды. Олардың Шыңғыс жорығынан әлдеқайда бұрын қалыптасқан біртұтас этникалық территориясы, бірыңғай шаруашылық тұрмысы, біртұтас қыпшақ тілі, мәдениеті және елдік тұтастығы бар еді. Сол заманда араб тарихшысы Әл-Омари айтқандай: «Ертеде бұл мемлекет қыпшақ елі болған еді». Қазақ халқын қалыптастырған түркі тілдес ру-тайпалар сол дәуірде «қыпшақ» деген жалпы атты қолданған еді. Бұл тұтастық Ақ Орда мемлекеті дәуірінде де сақталды және дами түсті. Шыңғыс

хан жорығында кейбір этникалық топтардың келіп қосылуы және соғыс жорығы салдарынан аздаған адамдардың бұл елден бөлініп, басқа жаққа барып сіңісіп кетуі бұл тұтастықтарға ықпал жасай алған жоқ, қайта Ақ Ордаға үстемдік еткен моңғол билеушілері тез арада өзі билеген жергілікті халыққа сіңіп кетті. Ақ Орда билеушілерінің арғы тегі Шыңғыс тұқымынан тараған ханзадалар болғанымен, оның негізгі халқы қазақ еді, оның әскери күші де қазақтар болды. Бұл мәнінен алғанда Ақ Орда қазақ қауымының саяси негізі болды. Ақ Ода дәуірінде өндіргіш күштер дамып, шаруашылық пен мәдениет өркендеді. Бұл қазақ халқының жеке халық болып қалыптасу барысын ілгері дамыта түсті. Ақ Орда мемлекеті кейінгі қазақ хандығының құрылуына негіз қалады, тіпті қазақ хандығының негізін салушылар Жәнібек пен Керей Ақ Орданың әйгілі ханы Орыс ханның немересі (Барақ ханның баласы) еді. Осы Жәнібек пен Керей құрған қазақ хандығы тұсында қазақ халқының өз алдына жеке халық болып қалыптасу барысы толық аяқталды. Соның ішінде екі жүз жыл өмір сүрген Ақ Орда дәуірін қазақ халқының тарихи дамуындағы маңызды белестердің бірі деп есептеледі.

Феодалдық бытыраңқылықтың күшеюі XV ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанның Солтүстік-Батыс және Орталық аймағында Ноғай ордасы мен Әбілхайыр хандығының пайда болуына әкелді. Қазақстанның орталық, батыс және солтүстік-батыс бетінде бірнеше тәуелсіз феодалдық иеліктері құрылып, олардың арасында билік үшін күрес толассыз жүріп жатты. Осындай жағдайда Жошы әулетіндегі Шайбанның ұрпағы Дәулет-Шайх-оғланның баласы Әбілхайыр саяси өмір сахнасына шықты. Орталық және Солтүстік Қазақстан тайпаларын билеп отырған топтардың қолдауымен ол 1428 жылы Тура өңірінде (Батыс Сібір) хан болып жарияланды. Оның хандығының құрамына Қият, Маңғыт, Шынбай, Найман, Қарлұқ, Үйсін тағы басқа сол сияқты тайпалар енді.

Шығыс Дешті-Қыпшақтың феодалдық бытыраңқы жерлерін біріктірген «көшпелі өзбектер мемлекетінің» яғни Әбілхайыр хандығының Қазақстан тарихында елеулі орны бар. Оның иелігі Ноғай ордасының шығыс бетін, батыста — Жайыққа, шығыста — Балқашқа дейінгі, оңтүстікте — Арал теңізі мен Сырдарияның төменгі ағысына, солтүстікте — Тобыл мен Ертістің орта ағысына дейінгі жерлерді қамтыды.

Әбілхайыр басқарған 40 жылдай уақыт ішінде елдің саяси жағдайында тұрақтылық пен тыныштық болмады. Оның қолынан билікті алу үшін күрескен әр түрлі топтармен күрес жүргізуге тура келді. Жошы әулеті – оны ішінде Ибак-хан, Береке-сұлтан, Орыс ханның ұрпақтары Жәнібек пен Керей тағы басқалары — Әбілхайырға үнемі қарсы шығып отырды. 1446 жылы ол өзіне қарсы болып жүрген күшті шонжарлардың бірі — Мұстафа

ханның әскерлерін талқандады. Сол жылы Әбілхайыр хан Сырдария өзені мен Қаратау бауырындағы Созақ, Сығанақ, Аққорған, Үзкент қалаларын басып алып, Сығанақты өз хандығының астанасына айналдырды. 50 жж. Әбілхайыр Мәуереннахрдағы Темір ұрпақтарының ішкі тартысына араласып, Самарқанд пен Бұхараға талау-тонау шапқыншылықтарын жасайды.

1456-1457 жылдарда ойраттармен болған шайқастарда жеңіліске ұшыраған Әбілхайыр елдің бірлігін қамтамасыз ете алмады. Оған наразы Керей мен Жәнібек сұлтандар және олардың қол астындағы көшпелі халықтың бір бөлігі Моғолстанға қоныс аударып, Шу мен Қозыбас (Талас) өзендерінің бойына барып орнықты. Осыдан кейін көп ұзамай 1468 жылы Әбілхайыр көп жорықтарының бірінде қайтыс болды да, «Көшпелі өзбектер мемлекеті» ыдырап кетті.

Алтын Орда ыдырап, Ақ Орданың әлсіреуі нәтижесінде Қазақстанда бой көтерген мемлекеттік құрылымдардың бірі — Ноғай ордасы еді. XIII ғасырдың екінші жартысында бөлектене бастады. Бұл жағдай әмір Едіге тұсында XIV ғасырда жалғасып, оның баласы Нұр ад-дының (1426-1440) кезінде аяқталды.

Ноғай ордасы Еділ мен Жайық арасындағы созылып жатқан жалпақ дала мен құмды, таулы жерлерді мекендеді. Оның халқы солтүстік батыста — Қазанға, оңтүстік шығыста — Арал, Атырау өңірлерінің солтүстігіне, тіпті, Маңғыстау мен Хорезмге дейінгі жерлерде көше-қонып жүріп мекендеді. Сыр бойындағы қалалар мен қамалдардың да бірқатары осы Ноғай ордасына қарады. Оның орталығы — Жайықтың төменгі сағасындағы Сарайшық қаласы.

Ноғай ордасының негізін қалаған Едіге 1396-1411 жылдар аралығында Алтын Ордада бүкіл билікті өз қолынан шығармай, оны өзі тағайындаған хандар арқылы басқарып келді. «Беклер бегі» ұлы әмір атанған Едіге көрші ұлыстардың өміріне де ықпал етіп отырған.

Едіге түрік тектем халықтардың тарихи зердесінде өшпес із қалдырды. «Ел қамын жеген Едіге» — деп ардақтаған халық оның тұлғасын «Артынан келіп қарасам, қаһардан пайда болғандай, алдынан келіп қарасам, лапылдан пайда болғандай», — деп сүйсіне жырға қосты. Ол 1399 жылы Литва-Польша әскері мен Тевтон ордені рыцарьларының біріккен жасақтарына күйрете соққы берді. 1408 жылы Едіге орыс әскерлерін талқандап, Мәскеуге дейінгі жерлерді жеңісті жорықпен жүріп өтті. Оның есімі тарихи шежіре-жылнамалардың бәрінде де үлкен құрметпен аталады.

Ноғай ордасы негізінен Маңғыттардан тұрды. Сонымен қатар оның құрамына Қоңырат, Найман, Арғын, Қаңлы, Алшын, Қыпшақ, Кенгерес, Қарлұқ, Алаша, Тама және басқа ру тайпалары кірді. Олардың басшылары билік пен жер үшін толассыз тартыстар жүріп жатты. Осы алауыздық оның

да түбіне жетті. XV ғ. бірінші жартысында Ноғай ордасының орнына Қазан, Қырым, Астрахан хандықтары құрылды. Ноғай ордасы да этникалық емес, көбіне саяси құрылым еді. Оны мекендеген тайпалар қазақ халқының қалыптасуының күрделі этникалық процесінде де өз әсерін тигізбей қалған жоқ.

XIV ғасырдың ортасында ыдыраған Шыңғысхан империясының жерінде тағы бір хандық — Моғолстан мемлекеті құрылды. Ол Шағатай әулеті иеліктерінің шығыс бөлігінде қалыптасты. Бұл мемлекеттің негізін қалаған моңғол әмірлерінің бірінің баласы — Тоғылық-Темір хан (1348-1362 жж.). Ол Шығыс Түркістаннан бастап Жетісу өңірінен Оңтүстік Сібірге дейінгі көлемі зор, таулы-тасты, өзенді-көлді, ашық далалы, орман-тоғайлы жерлерді мекендеген түркі тектес тайпалардың басын қосты. «Моғолстан» тарихи жағрафиялық термині «моңғол» атауынан шыққан. «Моңғол» есімі Орта Азия мен Қазақстанда түркі және парсы тілдеріндегі тарихи туындылардың бірінде «моғол» деп айтылып жазылатын болған.

XIV-XV ғасырларда Моғолстан құрамына Шығыс Түркістан, Оңтүстік-Шығыс Қазақстан және Орта Азияның кейбір жерлері кірді. Моғолстан орта ғасырлық авторлардың деректерінде мемлекеттің құрылу кезеңіне қарай «Моғол» атты этникалық саяси біртұтастыққа бірігудің ұзақ араласу және сіңісу процесінен өткен жергілікті түрік және түріктелген моңғол тайпаларының мемлекеттік-саяси бірлестігі болды. Оған кіретін тайпалар: дұғлаттар (дулаттар), қаңлылар (бекшіктер), керейттер (керейлер), арғындар (аргинут), баириндер, арлаттар, барластар, булғашылар және басқалары. Кейбір тайпалардың, мәселен, үйсіндердің аты аталмағанымен, олардың бірлестікте болғанына ешбір күмән жоқ.

Сонымен XIV ғасырдың орта шенінде Жетісу, Қырғыз жерлерін қамтып жатқан Моғолстан мемлекетінің құрылуы, Дешті Қыпшақтарды біріктірген Ақ Орданың пайда болуымен қатар жүзеге асқан Қазақстан тарихындағы маңызды оқиға болғаны даусыз. Моғолстан ордасының орныққан орталығы — Алмалық қаласы.

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТ:

1. *Ахметов Б.А.* Государство кочевых узбеков. — М., 1965.
2. *Бартольд В.В.* Туркестан в эпоху монгольского нашествия, Соч. Т. 1., — М., 1963.
3. Его же. История Туркестана, соч. Т. II. — М., 1964.
4. Его же. Царствование Тимура., соч. Т. II. — М., 1964.
5. *Дулати М.Х.* Тарих — и — Рашиди. — Алматы, 1999.
6. *Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан: летопись трех тысячелетий. — Алма-Ата, 1992.

7. **Кпчанов Е.** Жизнь Тимучжина, думавшего покорить мир. Изд. 2-е с изменениями. — Алма-Ата, 1992.

8. Қазақстан тарихы, очерктер. — Алматы, 1994.

9. **Мусин Ч.** Қазақстан тарихы. — Алматы, 2003.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Алар А.** Моңғолдың қысқаша тарихы. // Қазақ тарихы, № 5, 1997.

2. **Әлімгереев Қ.** Жошы хан және оның мемлекеті: // Қазақ тарихы, № 4, 1994.

3. **Данияров Қ.** Маңғылтану және Шыңғасхан тарихы. // Қазақ тарихы, № 2, № 2,4, 1996.

4. **Де Оссон К.** От Чингизахана до тамерлана. — Алмата, 1996.

5. **Жұртбаев Т.** Дулыға. 2-ші том. — Алматы, 1994.

6. **Егоров В. Л.** Золотая Орда: мифы и реальность. — М., 1990.

7. **Есенберлин І.** Алтын Орда. Тарихи трилогиясы. — Алматы, 1993.

8. **Кәрібаев Б.** Көк Орданың Ақ Ордаға айналуы // Егемен Қазақстан, 23 азан, 1998.

9. **Қыраубайқызы А.** Алтын Орда әдебиеті. // Егемен Қазақстан, 19 желтоқсан, 1998.

10. **Мағауин Е.** «Едіге» халық эпосы — Алматы, 1993.

11. **Мағауин М.** Қазақ тарихының әліппесі. — Алматы, 1995.

12. **Пищулина К. А.** XIV-XV ғғ. бірінші жартысындағы Қазақстан аумағындағы мемлекеттер // Егемен Қазақстан, 23 қыркүйек, 1998.

13. **Пищулина К. А.** XIV-XV ғғ. Ұлы даладағы ел дінгектері // Егемен Қазақстан, 1 қазан, 1998.

14. **Салғараұлы Қ.** Бірінші Әбілқайыр хан // Қазақ тарихы, № 2, 1994.

15. **Сұлтанов Т.** Шыңғыс хан және оның ұрпақтары. — Алматы, 2003.

16. **Сұлтанов Т.** Алтын Орда. — Алматы, 2004.

17. **Сұлтанов Т.** Темір және оның империясы. — Алматы, 2004.

18. **Тортаев С. Ә.** Орта ғасырдағы дүние жүзі тарихы (маңызды оқиғалар тізбесі). — Алматы, 2003.

19. **Ян В.** Шыңғысхан. — М., 1959.

5-ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ. «ҚАЗАҚ» ЭТНОНИМИ. ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІ

1. Қазақ халқының құрылуы.
2. «Қазақ» этнонимі.
3. Қазақ жүздері.

1. Қазақ халқының құрылуы

Қазіргі таңда Еуразия құрлығындағы ең ірі мемлекеттің бірі болып отырған, саны жағынан да әлемдегі өскен ұлттардың бірі саналатын қазақ халқының тарихи тамыры мен қалыптасқан дәстүрі тереңнен бастау алатындығы күмән туғызбайды. Түркі халықтарының арғы тегі мен болмыс-бітімін зерттеушілердің қай-қайсысы да, мейлі шетелдік, я болмаса отандық ғалымдар болсын, зерттеулерін жүргізу барысында қазақ халқының тарихын аттап өте алмайтындығы — бүгінгі күннің шындығы. Сондай-ақ, өз халқымыз, өз Отанымыз тарихын дәлелді дәйектермен нақтылап, ғылыми тұрғыдан игеріп, ел игілігіне ұсынатын ең әуелі ұлттық ғылымның өзі екендігі де анық.

Осы орайда отандық тарих ғылымы өз мүмкіндігін толық көрсете алды ма, қолдағы барды ұқсату, пайдалану мәселесі дұрыс жолға қойылған ба деген мәселе көкейде қылаң береді. Өйткені, отандық тарих ғылымының жеткен жетістіктерін термелеп, арғы-бергі тарихымызды жіліктеп көрсеттік десек те, әлі де болса кейбір тарихи оқиға, құбылыстар туралы біріне бірі қайшы келетін, кейде тіпті қарадүрсін ғылыми тұжырымдар мен пікірлердің орын алып отырғандығын аңғаруға болады.

Ресей империясының, кейін кеңестік биліктің әуелі жерді, сонан соң санын отарлау саясаты салдарынан бодан халықтардың тұтастай бірнеше ұрпағы өзінің шынайы тарихын білмей өскені белгілі. Ұлттық тарих пен болмысты шынайы зерттеуге талпынған ғылымды тұншықтыру, ақиқатты жалғанға, оңды теріске айналдырудың соңы ұлттың өзін-өзі танып білу мүмкіндігінен айырды. Өйтсе де, жүйелі ғылым айта алмаған, көрсете алмаған тарихи шындық халықтың көкірек көзі мен жадында жүйесіз түрде болса да сақталып қала береді.

«Ұлт» сөзін өмірдегі қолданысына қарай пайымдау таразысына тартсақ, оған; «тарихи жағдайларға байланысты белгілі бір аумақты (территорияны) тұрақты мекендеп иелену арқылы тілдің, діннің, мәдениеттің, дәстүрдің, әдет-ғұрыптың ортақтастығы негізінде қалыптасып, елдік мүддесі

біріктірген халықтардың (адамдардың) жиынтығы» деген анықтама беруге болады.

Демограф ғалымдардың зерттеулері негізінде қазіргі кезеңде дүние жүзінде 5 мыңнан астам халықтар бар деп есептеледі. Әрбір халықтың жеке халық болып қалыптасуы үшін көптеген тарихи кезеңдерді басынан өткізуіне тура келеді. Бұл күрделі процесс бір немесе екі ғасырдың ішінде болмайды, халық болу үшін бірнеше ғасырларды керек етеді. Мәселен, Қазақстан жерінде халық болып құрылу процесі алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, одан кейін энеолит б.д.д. III-ші мың жылдық: қола дәуірі (б.д.д. II-І мың жылдық) темір дәуірі (б.д.д. I-ші мың жылдық) кезеңдерінен немесе бұл кезде өмір сүрген ру-тайпалардың өсіп-өркендеуінен басталады. Олар негізінен Қазақстанның ұлан-ғайыр территориясын ежелден мекендеген байырғы (автохонды) тайпалар мен тайпалар бірлестігінен құралған. Археологиялық деректерге сүйенетін болсақ, олар мал шаруашылығымен, егіншілікпен, металл өндіру және оны өңдеумен айналысқан.

Орта Азия мен Қазақстанның ерте дәуірдегі кезеңдерін зерттеп жүрген ғалымдардың пікірлеріне қарағанда, біздің жерімізде қола дәуірі (Андронов, Беғазы–Дәндібай мәдениеттері) мен темір дәуірінде өмір сүрген тайпалардың (сақ, сармат т. б.) түркі тілдес болғандығы айтылады.

Ботай мекені энеолит дәуіріне жатады. Ол Қостанай облысы жеріне жатады. Оны Никольск ауылының мұғалімі, кейін мектеп директоры Есләмбек Зікрияұлы ашқан болатын. Оның осы мекеннен тапқан жылқы сүйектері, тастан, сүйектен, балшықтан, мүйізден жасалған құралдар, қару-жарақтар, үй бұйымдарын Көкшетау мұражайында жәй экспонат ретінде ұсталған.

1970 жылы Петропавл педагогикалық институтының тарих пәнінің оқытушысы Виктор Зайберт Ботайды бүкіл әлемге жария етті. Оның еңбегін Ботай да қайтарды. Ол осы Ботай мәдениеті тақырыбына әуелі кандидаттық, содан кейін докторлық диссертация қорғады. Сондай-ақ В. Зайберт «Ботай-ежелгі адамдар мекені» атты еңбегі үшін Берлин ғылым академиясының корреспондент-мүшесі атанды. 1983 жылы Ботай жерінде бүкілодақтық, ал 1995 жылы Бүкіләлемдік семинар-симпозиумдар өткізілді. Бұған 40-50 ғасыр бұрын Ботайда жылқы өсірілгендігі дәлелденді. 1998 жылы осынау аса құнды тарихи-мәдени ескерткіш ЮНЕСКО-ның арнайы тізіміне енгізілді. Ботай ежелгі адамдар мекені болып аталды, жоғары және орта мектептердің оқулықтарына енгізілді. Жылқы мен қазақты бөліп қарау мүмкін емес. Қашанда жылқы бар жерде қазақ бар, қазақ бар жерде жылқы өседі. Әлемдік ғылым 5300 жылдық тарихы бар ежелгі адамдар мекенін тікелей жылқы түлегін өсірумен байланыстырады. Ол дәстүр күні бүгінге дейін жалғастырып отырған басқа емес, тағы да қазақ. Осы ай-

тылғандардан мынандай логикалық байлам жасауға болатын сияқты. Осыдан 53 ғасыр бұрын Ботайды мекендеп, жылқы өсірген ежелгі адамдар «жылқының етін жесе — тісіне, жемесе — түсіне кіретін» бүгінгі қазаққа тікелей қатысты. Олар біздің нақты ата-бабамыз.

Қазақ халқының шыққан тегі туралы көптеген аспектілері ішінен өзекті ретінде лингвистикалық және антропологиялық мәселелерін бөлшектеп алған жөн. Қазақстанның ертедегі тарихын екі аумақты кезеңге: үнді-еуропалық және түріктік кезеңге бөлуге болады. Лингвистикалық тіл жағынан Қазақстан тұрғындары үнді-еуропалық топтың ежелгі түркі тобына кіреді, яғни бұл кез б.з.д. III-I мыңжылдықтарды қамтиды.

Сақтар біздің заманымыздан бұрынғы VII-IV ғасырларда Орталық Азияны мекен еткен, аса күшті тайпалық одақтар құрған. Мысалы, «шошақ төбелі тымақ киетін сақтар» негізінен, Іле өзенінің алқабы мен Жетісу өңірін мекендеген. Бұлар IV-III ғасырлардың айналасында әртүрлі жіктерге бөлініп, үйсіндердің, қаңлылардың, алаңдардың тайпалық одақтарын құрған. Іле өзенінің алқабы мен Жетісу өңіріне үйсіндер иелік етеді де, қаңлылар Қаратау, Сырдария аймағын мекендейді. Алаңдар Арал теңізі мен Каспий теңізінің солтүстігіне билік жүргізеді. Ал қытайлықтар хуше, уже деп атаған қыпшақтар әуелі Ертіс бойында, Тарым, Халбин тауларының бөліктерінде көшіп, қонып жүрген.

Біздің жыл санауымызға дейінгі ең күшті тайпалық одақ — Үйсін хандығы жөнінде қытай жылнамаларында көп деректер бар. Өйткені олар төрт жүз жыл бойы мемлекеттік қарым-қатынас жасап отырған. Қытай империясының Уди деп аталатын патшасы үйсіндермен тату-тәтті тұру үшін Шижун ханша мен Жейейу ханшаны үйсін күнбилеріне ұзатып, Іле өңіріне келін еткен. «Бұлармен бірге келген Фың Лиану ханым үйсін елінде дарынды дипломат болып қызмет атқарған», — дейді Шыңжан тарихшылары. Ұлы Жібек жолының ашылып, Шығыс пен Батыс елдері арасындағы сауда, мәдени қатынастардың өркендеуі де осы тұс.

Сол замандарда Қытай елінің бірлігіне, жерінің тұтастығын сақтауына күшті қауіп төндірген тайпалық одақ — ғұндар еді. Қытайлар һүн, батыс зерттеушілер «ғ» деген әрпі болмағандықтан хун деп атаған 24 тайпадан тұратын осынау көшпенді ұлыс екі жүз жыл бойы көршілеріне тыныштық бермеген. Б.ж.с. дейінгі III ғасырда дәуірлеп, жаңа жыл санаудың I ғасырында ыдыраған ғұндар қазіргі Моңғолия жерінен шығып, өзінің көсемі Мөте (Мөде) төңірік тұсында төңірегіндегі талай ұлыстарды бағындырып, шығыста Лиануху өзенінен бастап, батыста Памир тауына дейінгі, солтүстікте ұлы қорғанға дейінгі (Қытайдың ұлы қорғаны сол кезеңде салына бастаған) ұлан-байтақ өңірге үстемдік еткен, дейді Шыңжаң тарихшылары. Ғұндардың бір бөлігі ежелгі қазақ ұлыстарымен араласып, біздің

халықты құраған ірі тамырдың біріне айналған. Әсіресе, олардың үйсіндерге сіңуі — бөлек әңгіме...

Сөйтіп, үйсіндер мен қаңлылардың моңғолоидтық нәсілге өтуі басталды. Бұл процесс тарихи деректерге қарағанда б.з. I-V ғасырларын қамтиды, мұның өзі жергілікті жұрттың кескін-кейпіне, оның тіліне белгілі дәрежеде әсер еткені даусыз. Оның үстіне бұл тайпалық одақтардың қоныстарына жүргізілген археологиялық зерттеулер олардың әдет-ғұрып, салт-санасында, діни-наным сенімдерінде бірін-бірі қайталайтын ұқсастық қасиеттерінің барлығын байқатады. Олардың жұрттарынан табылып жүрген ыдыс-аяқ, құрал-сайман, төрт-түлік үй жануарларының сүйектері, егін егуге қажетті құралдар, қол диірмендер т. б. өмірге қажетті бұйымдардың табылуы, олардың да бір-біріне ұқсастығын, экономикалық жағынан бұлардың арасында ешбір қайшылық жоқтығын дәлелдейді.

Ал б.з. VI ғасырынан бастап үйсін, қаңлы және басқа тайпалар тарих сахнасынан көрінбейді, аттары аталмайды. Оған себеп бұл кезде Қазақстан жерінде, әсіресе оңтүстік аймақта шығыстан Алтай, Сібір жақтан келген түркі тайпаларының басымдылығы болса керек. Олар негізінен: Байырку, Бұлақ, Қарлұқ, Кимек, Едіз, Қыпшақ атты тайпалары. VI ғасырда Қазақстан жері түгелдей құдіретті бір тұтас мемлекет — Түркі қағанаты құрамына кірді. Жазба деректерден алғаш Түрік қағанатының (542 ж.) одан кейін Батыс түрік қағанаты (603 ж.) сияқты феодалдық мемлекеттер құрылғандығы белгілі. Осы қағанаттықтардың құрамында 30-дан астам түркі тілдес ру-тайпалардың болғандығы тарихта айтылады. Үйсіндер мен қаңлылар осы тайпалармен араласып, сіңісіп кеткенге ұқсайды. Тонькөк жазуында «бұрынғы үйсіндердің жерін жайладық» — деген сөздерге қарағанда, олар расында да түріктерге тәуелділікке түскен. Сөйтіп, VI-VIII ғасырда олар түркі тілдес болды деген болжамдар айтылады.

702 жылы Батыс түрік қағанаты тарағаннан кейін оның орнына Түргеш қағанаты (704-756 жж.), Қарлұқ қағанаты (756-940 жж.), Оғыз мемлекеті (IX ғ. соңы-XI ғ. басы), Кимек қағанаты (893 ж.-XI ғ. басы), Қыпшақ хандығы (XI ғ. — 1219 ж.), Қарахан мемлекеті (942-1212 жж.) өмір сүрді. Осы мемлекеттердің ішінде қазақтардың халық болып қалыптасуына, әсіресе екі мемлекеттің тарихи рөлі ерекше болған. Оның біріншісі — Қыпшақ хандығы (XI-XIII ғғ.) Еділ мен Ертіс аралығындағы кең байтақ жерді иемденді. Этникалық жаңа үрдіс басталды. Қыпшақ хандығы тұрып-жатқан жұрт қазіргі қазақ жерін мекендеушілерден тұрды. Қыпшақ тілі негізгі тілге айналды. Қазақтардың өзіне тән антропологиялық кескіні қалыптасты. Қыпшақтар қазақ халқының қалыптасуында маңызды роль атқарады. «Қазақ» этнонимінің шығуына, таралуына әсері тиген — Шығыс Дешті-Қыпшақ, Мауеренахр өлкесі еді бұл.

Екінші мемлекет — Оңтүстік-шығыста өмір сүрген Қарахан мемлекеті. Бұл өлке гүлденген қалалар мен отырықшы қолөнер мен Ұлы Жібек жолы, сауда-саттық, егіншілік пен бау-бақша өркендеген территория болатын. Моңғол шапқыншылығынан бұл жерге Наймандар мен керейлер ығысып келіп этникалық құрамға енді. Олар да қазақтың генеологиялық құрылымын жасайды.

Олардың орнына келген қидандар — бұған дейін қазіргі Маньчжурия жеріндегі Шана-Мүрен өзені бойында көшіп жүрген ғұндардың бір тармағы. Қидан империясының картасында моңғол-шивэйлар жоқ. Онон, Керулен өзендерінің жағалауларынан жалайырлар мен тайшуыттарды, шығыс шекарасынан татарлар мен қоңыраттарды, солтүстіктегі Орхон өзенінің бойынан меркіттерді, Байкалдың батыс жағынан ойраттар мен қырғыздарды, солтүстік батысынан наймандарды (картада, неге екені белгісіз, шаймань деп аталыпты), батысынан Тяньшань ұйғырларын, оңтүстік ұйғырларын, оңтүстігіне таңғұт мемлекетін, оңтүстік шығыс жағынан оңғұттарды көреміз. Моңғолдар меркіт пен тайшуыттың оңтүстігіндегі азғантай жерді алып жатыр.

Билікке таласқан топтардың өзара қырқысуынан Қидан мемлекеті әлсіреп, Цзинь деп аталған Чжурчжень мемлекетінің қарауына көшеді. Қидандардың Елүй Дашы басқарған бір бөлігі жаңа билеушілерге бағынбай Орта Азияға ауған, сонда Қара-қидандар мемлекетін құрған.

Сақтар мен ғұндардың араласуынан шыққан қазақ ата-бабаларының Шыңғыс хан таққа көтерілгенге дейінгі хал-жағдайы осындай. Ұлы империя құрған ғұндар, Ұлы Түрік қағанатының негізін салған аса ірі тайпалық одақтар — жалайырлар мен тайшуыттар, татарлар мен қоңыраттар, наймандар мен ұйғырлар, қырғыздар мен меркіттер бірді-жарым бөлігі болмаса XIII ғасырдың басына дейін Батысқа тұтастай қоныс аударған жоқ-тұғын. Шыңғыс хан тарих сахнасына шыққан кездегі Моңғолия картасына қарасаңыз, бәрі өз мекендерінде отыр. КСРО Ғылым академиясының «Наука» баспасы 1980-жылы шығарған зерттеуші Л.Викторованың: «Монголы: истоки происхождения народа и истоки культуры» деп аталатын кітабында ірі ғалымдар Малов (1951 ж.) пен Басқақовтың (1964 ж.) соңғы пайымдауларына сүйеніп, ғұндарды түркі тілдес болған дейді, ал ғұндардан қият, тайшуыт тарайды. Өте-мөте назар аударарлық нәрсе-тайшуыттардың бір бұтағы бөріжеген (тілі келмейтін көршілері «бурджиген» деп атап келе жатыр) ұрпағынан Теміршінің (тілі келмейтіндер «тимучин» деп атап кеткен) бабалары тарағаны анық. Демек, Темірші-Шыңғысхан түркі тілінде сөйлеген.

Кейбір зерттеушілер Теміршіге «шыңғыс-хан» деген ат беріп, ақ киізге көтеріп ұлы хан сайлаған жер — Онон өзенінің бойы деп жазды. Академик

Әлкей Марғұлан Теміршіні түркі тілдес тайпалар қазіргі Қазақстанда Семей облысының жерінде, кейін ұлы Абай туып-өскен аймақтағы Шыңғыстау етегінде ақ киізге көтерген деп болжайды. Сол жерде Орда деген тау да тұр. Яғни, Темірші жаздық Ордасын сол таулардың етегіне тіккен де, қыстауын Қоракорымға салған. «Қара» деген сөздің қазақша «үлкен» деген мағынаға меңзейтінін ұмытпайық. Мысалы, «қара мал»-сиыр, жылқы, түйе, «қара жол», қара құм — үлкен құм тағы басқалар. «Қарайғанға қараймын қара ма деп» деген өлең жолындағы «қара» деген сөз «үлкен бір нәрсе ме «деген мағына бергенмен, кейін өзгеріңкіреп «мола», «зират» деген мағынаға ауысқан. («ол манай қазір қалың қорымға айналып кетті» деген сияқты).

Ал «Шыңғысхан» атауы жөнінде Петербург ғалымдары Кляшторный мен Сұлтанов: «Значение титула Чингиз (Чингис, Хингис)-хан до сих пор точно не устанвлено. По мнению ряда востоковедов, титул «чингиз» происходит от тюркского слова «тенгиз»-море, океан и композит Чингизхан, соответственно, означает океан-хан», то есть, «Владыка океана», «Всемирный хан» — деп жазыпты. Дегенмен, тарихшы Ч.Мусиннің «Қазақстан тарихы» оқулығында, Алматы, 2005, 136-137-бб. Моңғол шапқыншылығының қорытындысында Қазақ халқының қалыптасуына байланысты пікірі: «Халық болып қалыптасуы процесі тоқталды... Орталық, Солтүстік, Шығыс және Батыс Қазақстан жеріндегі Қыпшақ мемлекеті де ауыр жағдайға ұшырады... Нәтижесінде қазақ жерінде этникалық бірлестіктердің құрамы бұзылып, халық болып қалыптасу процесі XV ғасырға дейін немесе 200 жылдай уақытқа кешеуілдеді», деді. Ал Бек Тоғысбайұлы «Қазақ қайдан шыққан?» деген зерттеуінде (Егемен Қазақстан, 10 қаңтар 1998 ж) халықтың тыныштығын, бірлігін сақтаушы ретінде Шыңғысхан мен оның ұрпақтарына өте зор баға береді».

«Ел бірлігін, мемлекетті сақтау жолында не бір қатігездіктерге барған патшалар барлық елдердің тарихында бар. Мысалы, Македонский, Цезарь, Гитлер, Сталин т. б. Шыңғысхан өз билеушісін, ханын сатып опасыздық жасағандарды қарауына еркімен көшсе де кешірмеген. Әскерлері көрінген қаланың бәрін қирата бермеген, «еркіңмен беріл» деген талабын орындамаған қалаларды, елдерді қырғынға ұшыратқан. Ең бастысы — ешбір елдің, халықтың діни нанымдарын жоюға тырыспаған, мешіттерге, шіркеулерге тимеген. Басып алған елдерде өзі тұрақтамай, балаларын қалдырған, олардың негізгі міндеті — тыныштық сақтап, әскер үшін алым-салық жинау болған. Осындай жүйе, тәртіп орнату үшін оның балалары, немерелері Тынық мұхитынан Адриатика теңізіне дейін жорық жасаған.

Шыңғысханның балалары, ұрпақтары, қолбасшылары басқарған әскерлермен бірге сол кезде даму сатысы жоғары Шығыс елдерінен жартылай

жабайы Еуропа жерлеріне көп мәдени қазына, ғылым-білім, кездеме-матаның не бір тамаша түрлері, оқ-дәрі, тас ататын, өрт салатын машиналар жеткен. Ғұлама тарихшылар мұны үлкен прогресс ретінде бағалайды. Өртүрлі князьдар билеген орыс халқы, герцогтар, принцтер бас-басына үстемдік еткен Еуропа елдері бір орталыққа бағынған күшті мемлекет құруды, соғыс өнерін солардан үйренді десек артық айтқандық емес» — деп бағалайды.

Қазақ халқының этностық қалыптасуының аяқталуына дейін оның құрылу кезеңдері туралы не айтуға болады?. Әрине, моңғол шапқыншылығы салдарынан Қазақстан жеріндегі ру-тайпалардың арасындағы географиялық-тарихи қалыптасқан үрдіс әсіресе мәдени-экономикалық байланыстар әлсіреді. Жетісу мен Оңтүстіктің 23 қаласы жермен жексен етілді. Егіншілік, отырықшы қол өнер, материалдық мәдениет еншілестері тоқырап қалды. Ел-жұрт ата-қоныстарын тастап үдіре көшті. Мысалы, қыпшақтардың бір бөлігі Солтүстік Қазақстан мен Батыс Сібір жерлеріне көшті. Қазақстан жерлері Шыңғысхан балаларының ұлыстарына бөлінді. Бұның зардабын этникалық туыстас халықтар тартты. Бірақ, әрине тіл бірлігі есте жойылмады. Түркі тілдестер өз әдет-ғұрыптарын, салт-саналарын XIV ғ. өзінде-ақ кірме моңғол жаулаушыларына таңып берді. Осы араласулар нәтижесінде қазіргі қазақ халқының (антропологиялық, этникалық және лингвистикалық негізде) бірінғай тұтас қосындысы келіп шықты.

Әлбетте, XIII ғ. 40 жылдарында ту көтерген ежелгі түрік жұртының қыпшақ тектес руларын біріктірген ұлы мемлекетіміз Бату құрған — Алтын Орда болатын. Бұл мемлекеттің саяси және әкімшілік құрылымы қаруындағы халықтың шаруашылық жағдайына, жер ыңғайына орай қалыптасты. Алтайдан Дунайға дейінгі кең байтақ жерді алып жатқан бұл мемлекеттің Еуропалық бөлігі Ақ Орда (оң қанат) — ал Азиялық бөлігі Көк Орда (сол қанат) деп есептелді. («Ақ»сөзі түрік тілінде «Батыс», «Көк» сөзі «Шығыс» мағынасын береді). Әрине, Көк Орда Қазақстанның территориясының көлемі: 1357 ж Алтын Орданың ұлы ханы Жәнібек өлді. Бату ханның соңғы тұяғы Бердібек те екі жылдан соң көз жұмды. Бұлғақ кезең басталды. Алтын Орда тағына талас жиырма жылдай жүрді. Он төрт хан бірін бірі ауыстырды. Орыс хан, Тоқтамыс хан және Барақ хандар Алтын Ордада — Сарай қаласында биліктерге жетті. Бұл хандар Орта Азия билеушісі Ақсақ Темірмен оның ұрпақтарымен көп жылдаркүрес жүргізді. Сырдария бойы, Сығанақ, Отырар, Сауран, Түркістан қалалары ақыры қайтарылып алынды. 1428 ж. Барақ хан опасыздықпен өлтірілді. Жошының Шайбан әулетінен Әбілқайыр хан «көшпелі өзбек хандығын» құрды. Әбілқайыр хандығы- 1428-1468 жж. өмір сүрді. Алайда, бүкіл Қазақстанның жерінде өмір сүрген ру-тайпалар түркі тілінде сөйлегенімен территория-

лық бөлінуге ұшырады. Ол, 1380 ж. Куликова даласында орыс әскерлерінен жеңілу, 1388, 1391 және 1395 жж. Ақсақ Темірдің Тоқтамысқа қарсы жасаған үш соғысынан соң Алтын Орданың күйреуінен басталды.

XIV-XV ғғ. феодалдық қатынастардың нығайуы негізінде Ақ Орда, Көк Орда, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы (XIV-XV ғғ.), Моғолстан (1346-1514 жж.) Көшім хандықтарының қол астында өмір сүріп жатқан рулар мен тайпалар өз ара болып жатқан соғыстар мен тартыстарға қарамастан, халықтар арасында өзара бірігу, топтасуға ұмтылу үрдістерін бастан кешірді. Атақты «92 баулы өзбек-қыпшақ» атты шежіреде көрсетілген бұл ру — тайпалардың барлығы кейін қазақ халқының құрамына кірген.

Осындағы «өзбек» атауының шығуы 30 жыл бойы хан болған Өзбек ханның (1312-1342 жж. Алтын Орда) есімімен байланысты деуге болады. Ибн-Рузбихан (XVI ғ.) былай деп жазды: «Бүгінде олардың бірі шайбанилықтар және олардың жоғарғы мәртебелі ханы ата-бабадан бері билеуші болып келеді. Екінші тайпа күші мен батылдығы арқасында бүкіл әлемге танылған қазақтар және үшінші тайпа Астрахан патшаларының қол астындағы маңғыттар (ноғайлар)». Сондықтан да тарихшы Ибн Рузбихан (XVI ғ.) өзбектерге басты үш халық жататынын жазғанда өзбектерді этникалық (халықтық) сипатта емес, саяси жағдайда көрсетіп отыр. Ол өзбектерге кіретін үш халықтың:

1. Шайбанилер. Олар — түркіленген моңғол тұқымдары.
2. Қазақтар. Олар — қыпшақ т. б. қазақ тайпалары.
3. Маңғыттар. Олар — қарақалпақтар мен ноғайлар.

Рузбиханның айтуы бойынша, ең көбі және ержүректілері қазақтар болған. Бұл деректерден байқағанымыз, Өзбек хан билік құрған кездің өзінде қазақтар халық ретінде ерекшелене бастаған.

Тарихшы К. А. Пищулинаның көз қарасы бойынша Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Әбілқайыр әміріндегі өзбек хандығы, Моғолстанның құрамындағы түркі және түркіге айналған моңғол тайпаларының араласып жымдасуы, уақыттың әрі қарай өтуіне байланысты этникалық үш тармақ — Үш жүз қалыптасқан да тәрізді.

Осы құрылымдар ішіндегі көптеген түркі тайпалары XV-XVI ғ. ішінде «қазақ» есімді халыққа бірікті. Олардың тілі, мәдени-әдеби үлгілері заттық-рухани мәдениеті қазақ антропологиялық түр-кейпіне кіріп даму үстінде болды. Үздік-создық жүрген феодалдық талас-тартыстар уақытында өндіріс күштердің әлсіреуіне экономикалық мешеулікке, туыстық-этникалық топтардың, тайпалардың бір-бірінен қол үзуіне де әкеп соқтырды.

Бірақ, этникалық туыс-жақын тайпалардың басын қосқан бір ғана қазақ мемлекетін құру мүддесі XV ғ. 50-ші жылдардың ортасында өмірге келді. Осы кезеңде Жошы ұрпақтары қалмақтардан көп қасірет шегіп, Жетісу,

Сығанақ, Сайрам, Ясы, Ташкент жерлерінен ығысып, бірде қайта алып ит жығысқа түсті. Ақыры XV ғ.80-ші жылдарының ортасында Батыс Жетісуға Шығыс Дешті Қыпшақтан, Сырдың орта ағысындағы егістік аймақтардан, Қаратаудан 200 мыңға тарта адам қоныс аударды. Бұл шоғырлануы кейінгі уақыттарда шаруашылық территориялық тұтастығында тұрақталып, Қазақ мемлекетін қалыптастырды.

Қозыбасы — қазақ хандығының туы тігілген жер екендігі баршамызға белгілі. Ол туралы айғақ болатын дерек тарихшы Мұхамед Хайдар Дулати (1499-1551 жж.) өзінің «Тарихи Рашиди» еңбегінде (166 бет) былайша баяндаған. «Сол күндері Әбілқайыр хан Дешті-Қыпшақты түгел иеленді. Ол Жошы әулетінің сұлтандарын шабуылдай берді, Жәнібек хан мен Керей хан одан қашып Моғолстанға келді. Есенбұға хан оларды жақсы қарсы алып Моғолстанның батыс жағынан Шу өзенінің Қозыбасы деген жерін берді». Қозыбасы Алматы облысының Жамбыл ауданында, Алматыдан батысқа қарай 95 шақырым жерде орналасқан. Ескі «Ұлы Жібек жолының сүрлеуі.»

Сонымен қатар М. Х. Дулати «Қасым хан билеген заманда (1522 ж) халықтың саны бір миллионға жетті. Өздерін «қазақпыз» деп атады» деген де сөздер бар.

«Тарихи Рашиди» еңбегінде көптеген тарихи адам аттары аталған. Олар: Бабыр, Ұлыбек, Қазақ ханы Қасым т. б. Дала, көшпенділер өмірін біле білген Мырза Мұхамед Хайдар Дулати: — Қасым хан, моғолдық әмірлер — Жүніс хан мен Сұлтан Саид хандарға берген жауаптарында (Олар сірә «қалалар мен уәлайттарда неге тұрмайсыңдар» десе керек, берген жауаптарының мағынасы былайша берілген) «Біз дала адамдарымыз. Мұнда қымбатты бұйымдармен таңдаулы тағамдар болмайды. Біздің ең үлкен байлығымыз — жылқы, ең тәтті тағамымыз — соның еті, біз үшін ең қалаулы сусын — жылқы сүті, содан дайындаған қымыз. Біздің елімізде бау-бақша мен үйлер жоқ. Біздің көңіл көтеретін жеріміз жылқы жайылған дала біз бәріміз сол жерге бірге барып, жылқыны қызықтаймыз»... (Бір аяқ қымыз ұсына отырып) «Біздің қонақжайлығымыз осында» — деген сөздер бар.

Қазақтың халық болып қалыптасуы ертеден басталған. Ол 10 рулық-тайпалық бірлестіктерден тұрады. Оларға: Үйсін, Жалайыр, Дулат, Қаңлы, Арғын, Қыпшақ, Керей, Найман, Қоңырат, Алшын тайпалары кіреді. Үйсіндер мен қаңлылар біздің жыл санауымыздан бұрынғы III-II ғасырларда әртүрлі тарихи деректер арқылы белгілі болған. Ал қалғаны біздің дәуіріміздің ғасырларында атала басталды. Ал, ең ертедегі ата-бабаларымыз — андрондықтар, сақтар, ғұндар, түріктер.

Сөйтіп, қазақ халықының ұлт болып қалыптасуы өте ұзақ үрдіспен өткеніне көзіміз жеткендей болды. Экономикалық және территориялық жа-

ғынан айтар болсақ, ол б.д.д. 3 мың жылдықтан бері күрделі және саиқа-
лы даму жолынан өтті. Оны бүгінгі күнгі қазақ халқының материалдық
және рухани мәдениеті дәлелдейді. Саяси және әлеуметтік тарихымыз бір
реніш, бір қуанышқа толы болып келеді.

2. «Қазақ» этнонимі

Қандай да бір этнос, ұлт туралы сөз болғанда оның ат-атауына тоқтал-
май өту мүмкін емес. «Қазақ» этнонимикасын айқындау халқымыздың тар-
ихын зерттеудің аса қажетті де күрделі мәселелерінің бірі болып табыла-
ды. Оның қажеттілігі қазақ ұлтының өткені мен келешегіне тікелей байла-
нысты болса, күрделілігі аталмыш мәселе төңірегінде көп жазылып шыыр-
ланып, шытырманға айналып кеткендігінде. Қазақ этнонимикасы туралы
тікелей және жол-жөнекей қалам тартқан авторлардың ішінен тек біздің
бұл жолғы зерттеу нысанымызға іліккендердің өзі 80-нен асып жығылады.
Олардың алдыңғы қатарында И. Г. Андреев, А. Н. Бернштам, В. В. Бар-
тольд, П. Бутков, В. В. Вельяминов-Зернов, Г. Вамбери, Н. И. Веселовский,
К. Ибрагимов, Н. М. Карамзин, С. Г. Кляшторный, А. Левшин, В. Ми-
норский, И. Маркверий, М. Х. Дулати, Қ. Халид, К. Порфирородный,
Г. И. Рамстед, О. Ю. Сенковский, А. Н. Самойлович, Су Бэй Хай, З. В. Тоғ-
ан, А. Н. Чулошников, В. Ф. Шахматов, В. П. Юдин бар.

Өз ұлтымыздың өкілдері ішінен Ш. Уәлиханов, М. Ақынжанов, Х. Әділ-
гереев, Ә. Марғұлан, М. Тынышпаев, Н. Мыңжан, Т. Сұлтанов және
1998 жылы басылып шыққан бес томдық қазақ тарихының II томының ав-
торларын (бас редакторы М. Қозыбаев, тақырыптық авторлары Б. И. Көме-
ков, К. А. Пищулина) атаған жөн. Сонымен сөз болып отырған мәселе төңі-
регінде ұшан-теңіз еңбек жасалған.

«Қазақ» сөзінің шығу төркіні туралы алуан түрлі ғылыми болжамдар
мен көзқарастар бар. Бірақ әлі де нақтылы, толық дәлелденген пікір айтыла
қойған жоқ.

Дегенмен ол пікірлер мен болжамдардың кейбірі көңіл аударуға тұрар-
лықтай. Көне түркі тіліндегі деректерге қарағанда, «қазақ» деген атау Ор-
хон, Енисей жазбаларындағы «қазғак оғлұм» деген сөздегі «ғ» әрпінің тү-
сіп қалуы нәтижесінде тұрақтанған. Алайда түрік тілінің заңдылықтары
бойынша бұл пікір де қолдау таппады. Ежелгі Сібір тайпалары тілдерінде
«қазақ» сөзі «мықты», «берік», «алып» мағынасын берген. Кейбір тарихи
деректерге қарағанда Х ғ. Кубань өзені алқабының «Казахия» деген аты
болғандығы жөнінде Византиялық император Константин Порфиродный-
дың пікірі бар. Х ғ. араб жазушысы Матсуда өзінің шығармаларында «ка-

жек», «кашек» аталған ел мен халықты тілге тиек етеді. Араб тарихшысы Мұхаммед әл-Ауфи «Таңдамалы әңгімелер мен аңыздар» (Үндістан, 1228) қазақ ұлыстарының 3 тайпасы жөнінде жазады. Фердоуси (940-1020) әйгілі «Шахнама» еңбегінде «Қазақтар елі — қазақ хандығы — Көк теңіздің (Арал теңізі) солтүстік жағында орналасқан халқы көп мықты мемлекет» — деген мәлімет келтіреді.

Айтылған деректерді қорытындылар болсақ, Шығыс Дешті Қыпшақта «қазақ» атауы IX-X ғасырларда әлеуметтік мағынада қолданылса, ал XI – XII ғғ. осы аттас этникалық әлеуметтік топтардың болғандығы байқалады. XIII ғ. басында жазылған мәмлүктік Египет мемлекетінің «араб-қыпшақ» сөздігінде «қазақ» сөзіне «еркін», «кезбе» деген түсіндірме берілген. Бұл аймақта қазақ сөзі Алтын Орда мен Египеттің арасындағы байланыс кезінде қыпшақтардың келуіне байланысты пайда болуы мүмкін.

Қытайдағы қазақ ғалымы Н. Мыңжанидың мына бір пайымдауы көңіл аударарлықтай: «Қазақ халқының қысқаша тарихы» дейтін еңбегінде ол былайша ой түйеді: алдымен «қазақ» атауы (этнонимі) тарихи мәліметтерде өте ерте заманнан бері қарай кездеседі. Екіншіден, бұл атау сонша өзінің көнелігіне қарамастан халық атауы болмай, жеке ру, тайпаның аты ретінде қабылданып келді. Кейіннен тайпалар одағының аты болды. Мәселен, Кіші жүздің Алшын ұлысын құрайтын кердері, керейіт, тама, табын, жағалбайлы, телеу, рамадан рулары көп уақыт бойы «қарт қазақ» атанып келді.

Ш. Уәлиханов «қазақ» атауын «ержүрек», «батыр», «батыл» деген сөздердің синонимі деп есептесе, В. В. Радлов бұл атауды «тәуелсіз, еркін адам» деп анықтайды. Ш. Құдайбердиев «Қазақ жылнамасында» «қазақ» этнонимінің мағынасын «өз бетімен өмір сүретін халық» деп түсіндіреді.

Орта Азия тарихын зерттеуші, ұлты мажар, ағылшын ғалымы Герман Вамбери жоғарыдағы деректерге сүйене отырып, шығыстанушылардың ішінде алғаш рет: «Қазақтар ертеден келе жатқан біртұтас халық», — деген пікір ұсынды (Vambery H. Das Turkenvolk in seinen ethnologischen und ethnographischen Beziehungen. Leipzig, 1885). Г. Вамберидің бұл пікірін қолдап, тақырыпты тереңдете түскен ғалымдардың бірі А. Н. Бернштам болды. Ол өз зерттеулерінің нәтижесінде: «Қазақ» атауы «хас» («қас») және «сақ» екі тайпаның бірлестігінен «қассақ» («қазақ») этнонимі қалыптасты деген қорытындыға келген. Аталған ғалымдар терминологияны талдауға жаңа бетбұрыс әкелмегенімен «Қазақтар өзіндік өркениет жасаған біртұтас халық», — деген пікір қалыптастырды.

Алаш этнонимі екі түбірден тұрып мынандай мағыналар береді: «Ал»-«қызыл», «алқызыл», «шын»-«қасқыр» (қазақша теңеуде «шын»-«шын-

дық», «шыңы», «ұлылық»: «шоң»-«күшті», моңғолша «чино»-«қасқыр»: орысша «щенок» «қасқырмен иттің күшігі» мағынасын береді).

- Алшын
- Ашина «Қызыл қасқырлар» немесе «Жеңімпаздар»
- Алаша «Берш» қасқыр
- Алшын тайпасының ішіндегі екі ру Беріш, Алаша ескі төтемдік атпен аталады.
- Алаш «Қызыл құрт» — Қызыл қасқыр

«Құрт»-жалпы түркіше «қасқыр» мағынасын береді. «Құртқа» — ұрғашы қасқыр. «Башқұрт»-«Басшы қасқыр».

Х ғ. аяғында Қаңлы, Қыпшақ, Түрік, Ұзы т. б. тайпаларды ығыстырған алшын тайпалары Еділ мен Дунай аралығын жайлады. Орыстар оларды сарғыш түсіне қарай «половцы»-жалпы славян тілінде ол «сары», «жарық», «ақшылтым» мағынасын береді.

Еділ мен Дунай аралығын жайдаған көшпенділерді византиялықтар «кумандар» деп атаған «куман»-«кұмай-ит» мағынасын береді. «Ит-қасқыр» Құман моңғолша, ноғай — тағы «ит» мағынасында.

Сондықтан ертедегі «Алаш» этнонимі қазақ халқының тарихын жасайды.

Алшын	V-VII ғғ.		
Ашина			
Түрік			
Көктүрік	XI-XVI ғғ.	A	Сүйінбай ақын — «Алаш — менің байрағым», «Алаш» партиясы, «Алаш Орда» — үкіметі, «Алты Алаш», Алаш — азаматтары, зиялылары. «Жас Алаш» — газеті. «Алаш — Банк» және т. б.
Шары		L	
Сары			
Сары-Ашын			
Сарачин		A	
Половец			
Құман		III	
Ноғай			
Қазақ XV-XXI ғғ.			

Қазақ қоғамы және ондағы әлеуметтік байланыс түрлері

Хан, аталық, нақ, ұлыс сұлтаны, Жарғы, ел басшыларының мәжілісі, ел басшыларының кеңесі, ру басшыларының кеңесі, ақсақалдар жиыны, Қаз – ел жиыны- рулар қатыстырылады.

Ақсүйек — төре, асыл сүйек — қожа, тархан. Қарасүйек — бай, мырза, ру қауымдары, би және батырлар, ер азаматтар, жырау, сал, сері,

ақын, мешкей, жатақ, кірме, шала қазақ, төлеңгіт, құл — құтандар.

Төре, қожадан басқа барлық қазақтар қарасүйекке жатады.

Ақ үйлі аманат, елшілік, ант-серт, мәжіліс, жиын-той, кеңес, қаз, жарғы, анда құда, құрдас-тамыр, жандос, дос, әдет-ғұрып, салт-сана, тіл әдебиеті, дін, наным-сенімдер, ас беру, шүлен тарту, міндетті қонақасы, бөлінген енші, сауын беру, жамалғы, қоналғы, комендация, ұшыр, бітір, зекет, танаптық, харедж — алым салықтар, бастанғы және т. б. Меймандостық, «Үме» яки «Асар» — «жылу, жәрдем, ерулік, қалжа, шілдехана».

3. Қазақ жүздері

Халқымыздың тарихында жүздердің пайда болуы туралы да әр түрлі пікірлер бар. Жүздердің құрылуы туралы нақты деректер жоқтың қасы. Бұл жөніндегі тарихшылар пікірі де алуан түрлі.

– «Жүз» — сөзінің сандық ұғымына көңіл бөлетіндер (А. Левшин, А. Чулошников);

– «Жүз» — «әскери-тайпалық ұйымдастырудың триальды жүйесі деп түсіндіретіндер (Зуев, В. В. Востров, С. Мұқанов);

– «Жүз» — қазақ жерлерінің Шыңғыс хан балаларының ұлысына бөлінуімен түсіндіретіндер (М. Тынышбаев);

– «Жүз» — ежелгі юз тайпаларының екіге бөлінуімен байланыстыратын зерттеушілер (Қытайдағы қазақ тарихшылары);

– «Жүз» — шаруашылық, экономикалық және климаттық — географиялық жағынан бөлінген территориялар деп қарайтындар (В. В. Бартольд, Юдин).

Жүзік құрылым туралы аңызға құлақ салсақ Майқы бидің үлкен қызы Үйсін даладан бала тауып алған. Ол баланы Арқа жеріне апарып тастайды. Кейін баланы қайтару керек болады, артынан әуелі Үйсін, сосын Қобынұлы Болатқожа, сосын Қоғамұлы Алшын іздеп барып бәрі де қайтпай қалады. Содан үш рулы ел тарапты делінеді. Аңызда Майқы қазақ хандығын құрған тарихи қайраткер бейнесіне сипатталады.

Жүздік құрылым туралы алғаш уәжілі пікір айтушы — Шоқан Уәлиханов болған. Ол «қазақ жүздері XV-XVI ғғ. моңғол ұлыстары негізінде пайда болды» — деп топшалайды. Ал тарихшы В. В. Бартольд «жүздік құрылымның шығуына көшпелі мал шаруашылығын жүргізу жағдайының әркекшілігі себеп болды» деген пікір айтады. Мұхамеджан Тынышпайұлы (1879-1937) болса өзінің «Қазақ халқының тарихына қатысты материал-

дар» деген еңбегінде Ш. Уәлихановтің пікірін әрі толықтыра түсті. Ол жүздердің құрылу кезеңін Батый дәуіріне апарып тіреп, шығу себебін Жошы ұлысының әміршілік-территориялық бөлінісінен іздейді. Оның жазуынша «Ұлы жүз Жошының үлкен ұлы Орда Ежен басқарған ұлыс, шығысында Кіші жүз алғаш қазақтар (ноғайлар)» шоғырланған. Жошының кіші баласы Тоқай-Темір билігіндегі Кавказ-Қырым арасындағы территорияда, Орта жүз осы екеуінің аралығындағы Бату мен Шайбан ұлысында қалыптасады.

Жүздердің шығу кезеңін тарих қойнауына терең жіберетін, немесе бері қарай әкелетін авторлар да баршылық. Мәселен, Шығысты, әсіресе Орталық Азияны зерттеуші орыс ғалымы И. Бичурин б.д. 635 жылы қазақ даласында түркі тілдес көшпенділер — сақтар қытайлардың жиі болған шапқыншылықтарына қарсы үйсіндер жерінде — Үлкен Орда, Есіл мен Ертіс бойында — Солтүстік Орда, Балқаш пен Каспий аралығында — Кіші Орда құрған деп тұжырымдайды.

Қазақ халқының жүзге бөлінуі Қазақ мемлекеті құрылғанан кейінгі кезде өз жерін қорғау қажеттілігінен туған. Бұл туралы қазақтың тұңғыш ағартушы ғалымы Ш. Уәлиханов былай деген: «қазақ жүздерінің құрылу себебі, олар (қазақтар) көшіп-қонып жүрген жерлерінде өз құқықтарын қорғау үшін одақтар құрған. Ол одақ — қазақ жүздері».


Жүз — тарихи - шаруашылық және географиялық аймақ, белгілі рулық топтың территориясы. Жүз — бөлік, тарап мағынасын білдіреді. Үш жүз географиялық орны мен климаты айырмашылығымен ерекшеленеді.

Ұлы жүз. Территориясы — Жетісу, Оңтүстік Қазақстан. Рулары — үйсін, дулат, албан, суан, жалайыр т. б.

Орта жүз. Территориясы — Орталық, Шығыс, Солтүстік Қазақстан. Рулары — қыпшақ, арғын, найман, керей, қоңырат, уақ т. б.

Кіші жүз. Территориясы — Батыс Қазақстан. Кіші жүзді 3 негізгі рулық одақтар құрайды: Жетіру, Әлімұлы, Байұлы.

**ҚАЗАҚ ҚАУЫМЫНЫҢ ҚҰРАМЫНА ҚОСЫЛҒАН
РУЛАР МЕН ТАЙПАЛАР:**



Жүзге кірмейтіндер: қожа, төре, төлеңгіт, кәлеген, сунақ.

Үш жүздің тілі ортақ, бір тіл — қазақ тілі болды. Тұрмыс-салты, киімі, үй жабдықтары, әдебиеті, жырлары, шаруашылығы ұқсас, тіршілігі ортақ болды. Жауларына бірігіп тойтарыс берді, бірлесіп жорықтарға аттанды. Қазақ халқы жер, су, табиғат ортақ деп есептеді. Үш жүздің адамдары бір-бірін туыс, бауыр деп санады. «Алаш» — ертедегі түрік тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы. Қазақтар «Атамыз — Алаш, атымыз қазақ, үш жүздің ұрпағымыз» дейді. «Қазақ» көне түрік тіліндегі мағынасы «өз елінен бөлініп шығып, еркін жүрушілер», «еркін адамдар» деген ұғымды білдіреді, сонымен бірге қазақ халқының құрамына кірген тайпалар мен халықтарды айтады.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ХАНДАРЫ

	Керей — шамамен 1456 (70)-1473 (74) жылдар. Жәнібек — 1473 (74)-1480 жылдар. Бұрындық — 1480-1511 жылдар. Қасым — 1511-1518 (23) жылдар. Мамаш — 1518 (23)-1523 (24) жылдар. Таһир — 1523 (24)-1533 жылдар. Бұйдаш — 1533-1534 жылдар. Қожа Мақмұт — 1534-1535 жылдар. Тоғым — 1535-1538 жылдар. Хақназар — 1538-1580 жылдар. Шығай — 1580-1582 жылдар. Тәуекел — 1582-1598 жылдар. Есім — 1598-1628 жылдар. Жәнібек 1628 (29)-1644 (45) жылдар. Жәңгір (Салқам Жәңгір) — 1644(45)-1652 жылдар. Тәуке — 1652 (80)-1718 жылдар. Батыр — 1718-1726 (29) жылдар. Болат — 1726-1729 жылдар.
КІШІ ЖҮЗ ХАНДАРЫ Әбілқайыр — 1718-1748 жылдар. Нұралы — 1748-1786 жылдар. Ералы — 1791-1794 жылдар. Есім — 1795-1797 жылдар. Айшуақ — 1797-1805 жылдар. Шерғазы — 1805-1824 жылдар. 1824 жылы «Орынбор қырғыздары	ОРТА ЖҮЗ ХАНДАРЫ Қайып — 1716-1719 жылдар. Сәмеке — 1719-1734 жылдар. Әбілмәмбет — 1734-1771 жылдар. Абылай — 1771-1781 жылдар. Уәли — 1781-1819 жылдар

<p>жарғысымен» Кіші жүзде хандық билік жойылды. Патша үкіметі 1801 жылы 11 наурыздағы жарлығымен Кіші жүзде екінші хандықты құрды.</p>	<p>1815 жылы патша үкіметі Орта жүзде екінші хандықты құрды. Хандары: Бөкей — 1815-1817 жылдар. Ғұбайдолла — 1819-1822 жылдар. 1822 жылы «Сібір қырғыздары қарлығымен» Орта жүзде хандық билік жойылды. Кенесары — 1841-1847 жылдар.</p>
<p>Хандары: Бөкей — 1801-1815 жылдар Шығай — 1815-1823 жылдар. Жәңгір — 1823-1845 жылдар.</p>	

Ескеретін бір мәселе, кестеде Ұлы жүз хандары көрсетілмеген. Оның себебі, Ұлы жүзді Тәуке ханның тұсында іс жүзінде Төле би басқарды. Ал, 1720-1740 жылдары мұнда Шағатай ұрпағы Абдаллах ханның баласы Жолбарыс хандық құрды. Ол Ұлы жүз территориясы мен тайпаларының аз ғана бөлігін Ресейге қосты. Бірақ патша үкіметі Ұлы жүздің бұл бөлігіне жер шалғайлығына байланысты XIX ғасырдың ортасына дейін тек сөз жүзінде ғана билік еткен болды. XVII ғасырдың аяғы XVIII ғасырдың басында Ұлы жүз жерін жоңғарлар басып алды. Ал, XIX ғасырдың бас кезінде Ұлы жүздің едеуір бөлігі Қоқан хандығына бағынды.

1848 жылдан бастап патша үкіметі Ұлы жүз қазақтарын басқару үшін Үлкен Орда приставтығын құрды, ол Батыс-Сібір генерал-губернаторлығының құрамына енді.

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТ:

1. Қазақстан тарихы (ежелгі дүниеден бастап бүгінгі күнге дейін) Бес томдық, III. Т. — Алматы, 1998.
2. Қазақстан тарихы, очерктер. — Алматы, 1994.
3. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы, 2005.
4. Қазақтар, казахи. Тоғыз томдық анықтама. VI. Т. — Алматы, 1998.
5. История Казахстана: народы и культуры. Учеб. Пособие. Масанов Н.Э. и др. — Алматы, 2000.
6. *Кляшторный С. Г., Султанов Т. И.* Казахстан: летопись трех тысячелетий. — Алма-Ата, 1992.
7. *Мусин Ч.* Қазақстан тарихы. — Алматы, 2003.
8. *Назарбаев Н. Ә.* Тарих толқынында. — Алматы, 1999.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТ:

1. *Асфендияров С.* Қазақстан тарихы. — Алматы, 1993.
2. *Ахметов Г.* Алаш «Алаш» болғанда. — Алматы, 1996.
3. *Жолжан М.* «Қазақ» сөзі және этнонимі қайдан шыққан? // Қазақ тарихы, № 2, 1998.
4. *Калиев С.* Қазақ қандай халық. Батыс және орыс зиялылары қазақ халқы туралы (XII-XVIII ғғ.) // Қазақ тарихы, № 5, 1996.
5. *Құдайбердіұлы Ш.* Түрік, қырғыз, қазақ Һәм ханлар шежіресі. — Алматы, 1989.
6. *Масанов Н. Э.* Качевая цивилизация казахов. — Алматы, 1995.
7. *Момынова Ш. Р.* Образование казахской народности. — Караганда, 1990.
8. *Мұхаммедхайдар Дулати.* «Тарих - и - Рашиди». — Алматы, 1999.
9. *Мұқанов М.* Қазақ жерінің тарихы. — Алматы, 1994.
10. *Мұқанұлы Қ.* «Қырық сақ» — қазақ. // Қазақ тарихы, № 4, 1996.
11. *Пищулина К. А.* Юго-Восточный казахстан в сер. XIV-нач.XVI вв. — Алма-Ата, 1977.
12. *Рашид-ад-Дин.* Сборник летописей Т. 1., кн. 1,2. — М-Л., 1952.
13. *Толыбеков С. Т.* Қазақ шежіресі. — Алматы, 1992.
14. *Тынышпаев М.* Материалы по истории киргиз-казахского народа. — Ташкент, 1925; — Алматы, 1992.
15. *Уәлиханов Ш.* Шығармалар жинағы, Бес томдық. «Қазақтар мен қырғыздар», «қазақтың Ұлы жүзі» — Алматы, 1961.

6-ТАҚЫРЫП. XV–XVIII ғасырдың БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

1. Қазақ хандығының құрылуы және нығаюы.
2. XVI ғ. екінші жартысындағы Қазақ хандығы.
3. XVII ғ. мен XVIII ғ. басындағы Қазақ хандығының әлеуметтік, экономикалық және саяси хал-ахуалы.

1. Қазақ хандығының құрылуы және нығаюы

XIV–XV ғ.ғ. әлеуметтік-экономикалық және этникалық-саяси процестердің нәтижесінде Қазақстан территориясында қазақ хандығы құрылды.

Билік үшін күрес, сыртқы шапқыншылықтар Әбілқайыр хандығын әлсіретіп, оның құлдырауына әкеледі.

XV ғасырдың 50-60 жылдары аралығында Әбілқайыр хандығынан бір-қатар рулар ауа көшіп Жетісудың Шу мен Талас бойына қоныстанды.

Мұхамед Хайдар Дулат мырза өзінің «Тарих и Рашиди» деп аталатын еңбегінде былай деп сипаттайды: «Бұл кезеңде Дешті Қыпшақта Әбілқайыр билеп, төстеген. Жошыдан туған, одан тараған сұлтандарға тыныштық бермеді. Жәнібек пен Керей одан Моғолстанға қашты. Моғолстанның ханы Есен Бұға оларды ілтипатпен қарсы алып, оларға Шу мен Қозыбас өңірін берді».

Ал енді, Махмұд ибн Уәли бұл ауа көшуді лажсыздықтан болған жағдай деп баяндайды. Жошының баласы Тоқай Темірдің ұрпақтары Керей мен Жәнібектің Әбілқайырға бағынудан бас тартуының бірінші себебі, хандықта мұрагерлік дәстүр бұзылды, бізде Ақ Орда хандарының ұрпағымыз, билік жүргізуге біздің де хақымыз бар деген дәлел келтіреді.

Сонымен, Жетісуға көшу, ауа көшу емес, сұлтандардың жақындары, ірі шонжарлармен бірге, қалың бұқара халықта бірге көшті. Себептерінің бірі, ол ауыр алым-салық, езгіге түскендердің қиыншылықтары, өзара тартыстар мен соғыстар, осының барлығы қарапайым халықтың басына түскен ауыртпашылықтарды көрсетеді. Міне, осы кезде қос сұлтан халықтың наразылығын пайдалана біліп, Ақ Орда хандарының билігін көтеру үшін Шайбани ұрпағымен күреске шықты.

Ал, шын мәнінде Моғолстан әмірі Есен-Бұғаның бұндай үлкен күшке қарсы тұрарлық мүмкіншілігі болмады, сонымен қатар, Есен-Бұға мен інісі Жүністің арасы да жақсы емес еді, осы жағдайларды Керей мен Жәнібек сұлтандар епті пайдалана білді.

Міне, осындай кезеңдегі заңды бір құбылыс, ол Шу мен Талас өңірінде Қазақ хандығының пайда болуы.

Мұхамед Хайдар Дулат мырза хандықтың құрылуын 1465-1466 жылдарға жатқызады. («Тарих и Рашиди» еңбегі бойынша).

Қазақ хандығының құрылуына, нығаюына Әбілқайыр хан бөгет бола алмайды, оның 1468 ж. жорығы өзінің өліміне байланысты үзіледі.

Моғолстан мен Әбілқайыр хандығының құлдырағанын пайдалана отырып, Жәнібек пен Керей ру басылары, билер, батырлардың қолдауының арқасында қазақтар мекен еткен жерлерді біріктіру үшін күрес бастайды. Қазақ хандығы күшейе түсіп, Сырдария қалалары мен сол өңірдегі елді мекендер үшін күрес жүргізілді.

Әбілқайыр хандығындағы өзара күрестер кезінде Әбілқайырдың мұрагері, баласы Шайх-Хайдар жеңіліп, қаза табады, немерелері Мұхамед Шайбани мен Махмұд Сұлтан Астраханьға тығылып, одан соң Түркістанға қашады. Түркістанның билеушісі Әмір Темір әулетінің өкілі Мұхаммед Мазид тархан көмек беруге келіседі. Керей хан Түркістанға жорық жасап, Жәнібектің балалары Махмұд пен Еренші Созақ және Сауран қалаларын басып алады. Самарқанға кетуге мәжбүр болған Мұхамед Шайбаниды Еренші сұлтан талқандап, ол Бұхараға кетуге мәжбүр болды.

Арада екі жылдан соң, М. Шайбани Ноғай Ордасының әмірі Мұса мырзаның көмегімен Түркістанға оралып, Аркөк пен Сығанақты жаулап алады. Бұрындық сұлтан мен Созақ әміршісі Махмұд сұлтанның әскерлері жеңіліске ұшырап, бірақ, кейін М. Шайбаниды талқандап, қалаларды қайтарып алады. М. Шайбани енді Маңғыстауға қашады.

XV ғ. 80-ші жылдарында хан болған Бұрындық (1480-1511 жж.) пен Жәнібектің баласы Қасым сұлтанның кезінде күрес тағы да өршіді. Осындай кезде Моғолстанның ханы Жүніс Ташкент пен Сайрамды жаулап алады. Күрес енді аумалы-төкпелі жағдайда өтті.

Сауран М.Шайбанида ұзақ болмай, Бұрындыққа қайта көшеді, енді Отырар қоршалып, бұл кезде М. Шайбаниға моғолдардан көмек келіп, Бұрындық пен М.Шайбани бітім жасасады.

Бітім бойынша Отырар, Ясы, Аркөк, Үзкент қалалары М. Шайбанида қалды, Сығанақ, Сауран, Созақ жерлері қазақ хандығының құрамында, ал, Ташкент пен Сайрам моғол ханы Сұлтан Махмұдтың билігінде қалды.

Кескілескен соғыстарда, шайқастарда қазақ хандары басым түсіп отырды, сонымен қатар, Жетісу тайпалары мен руларын Қазақ хандығына біртіндеп қосу процесі жалғасып жатты.

Қазақ жерін біріктіруде елеулі үлес қосқан Жәнібек ханның ұлы Қасым болды.

Мұхамед Хайдар Дулати «Тарих и Рашиди» еңбегінде Қасым сұлтан Бұрындыққа бағынышты болғанымен, жігерлігінің арқасында биліктің Қасымда да болғанын әңгімелейді. Билік үшін күресте Қасым сұлтан жеңіске жетіп, Бұрындық биліктен тайдырылып, елден аластатылып, кейін Самарқан жерінде қайтыс болғанын жазады.

1511 жылдан бастап жоғары билік Жәнібек ұрпақтарына ауысады. Қасым ханның кезінде (1511-1523 жж.) Қазақ хандығы экономикалық және саяси тұрғыдан нығая түсті. Қазақ хандығының территориясы батысында Жайыққа дейінгі, оңтүстік-батыста Сырдың оң жағалауы, Аралдан Маңғыстауға дейінгі, солтүстікте Ұлытаудан асты, оңтүстік-шығысында Жетісу өңірін қамтыды. Қазақ хандығы дербес ел ретінде Батыс Еуропаға мәлім болып, Орта Азия, Сібір Еділ бойы және Орыс мемлекетімен сауда-саттық, елшілік қарым-қатынаста болады. Қазақ хандығымен елшілік байланысты орнатқан алғашқы мемлекеттердің бірі князь III Василийдің (1505-1533 жж.) билігі кезіндегі Мәскеу мемлекеті болған.

Қасым ханның негізгі бағыты да Сырдария өңіріндегі қалаларды Қазақ хандығына қарату, бұл жолда күрес тағы да Шайбани ұрпағымен болды.

Бұл кезде Мауараннахрдағы билікті қолына алған М. Шайбани Қазақ хандығының күшеюіне жол бермеу үшін, сауда қатынастарын тоқтаттырып, көпестердің араласуына тиым салынатын жарлықтар шығарып, Қазақ хандығына экономикалық тұрғыдан қысымшылық жасамақшы болды.

Бірақ, М. Шайбанидың жарлығынан, отырықшы халықтың тиімді шаруашылық байланысы, өзара қарым-қатынасы жоғары тұрды.

1509 жылы М. Шайбанидың Қасымға қарсы жорығы сәтсіз аяқталады, Түркістан өңіріндегі қалалардың көпшілігі Қасымға көшеді.

1510 ж. аяғында М. Шайбани Иранның шахы I Исмаилмен болған соғыстың нәтижесінде жеңіліс табады, Мевр түбінде өлтірілген.

Бұдан соң Сайрам қаласы Қасым ханның билігіне көшті, Моғол ханы Саид сұлтанмен ара қатынасы жақындай түсті.

Қасым хан өлгеннен соң билік үшін күрес, өзара қырқыс сияқты зардаптар хандықтың әлсіреуіне әкелді. Осындай аласапыран кезде оның ұлы, мұрагері Мамаш қаза табады. Немере інісі Тақыр (1523-1533 жж.) хан болады, ол өте катал, ел басқару ісінде дарынсыздық, әскери қабілетсіздігін көрсеткен. Тақырдың тұсында Ноғай Ордасымен шиеленістер басталады.

Тақыр ханның інісі Бұйдаштың (1533-1534 жж.) тұсында өзара қырқыстар мен соғыстар тоқтамады. Қазақ хандығының халқы азая бастайды, бұқара наразылығы көбейеді.

2. XVI ғ. екінші жартысындағы Қазақ хандығы

XVI ғасырдың екінші жартысында әлсіреген Қазақ хандығын біріктіруге үлкен үлес қосқан Қасым ханның баласы Хақназар (1538-1580 жж.) болды. Хақназар Ноғай Ордасының мырзаларын өз жағына тартып ықпалын жүргізе бастайды. Түркістан жері, Жетісу өңірі, Шу мен Талас бойы Хақназардың бақылауында болды. Өзара тартыстар бәсеңдеп, көршілес елдермен саяси-экономикалық байланыстар жандана түсті.

Хақназар Бұхара ханы Абдоллах пен Ташкенттің әміршісі Баба сұлтанның арасындағы күресті Қазақ хандығының пайдасына шешпек болды. Абдоллахты қолдау арқылы Сырдария бойындағы Сауран, Түркістан қалаларын өзіне бағындырады. Баба сұлтан болса, Бұхара ханымен Қазақ хандығының достық байланысынан сескене отырып, Хақназардың інісі Жалым сұлтан мен оның екі баласын және Хақназардың екі баласын келіссөзге келгенде өлтіріп, ал, 1580 жылы өзінің тыңшылары арқылы Хақназарға у беріп өлтіреді.

Хақназардың мұрагері, Жәдіктің баласы, Жәнібек ханның немересі, Шығай (1580-1582 жж.) қартайған шағында хан болды. Ол өзінің баласы Тәуекелмен Баба сұлтанға қарсы шығып, Абдоллахты қолдайды.

1582 ж. соғыста Тәуекел Ясы қаласының маңында Баба сұлтанды талқандап, өлтіріп, оның тұтқынға түскен баласын Абдоллахқа береді, бұл үшін Самарқанд бойындағы Африкент жерін сыйға алады.

Шығай хан өлгеннен кейін Қазақ хандығында Шығайханның мұрагері, баласы Тәуекел (1586-1598 жж.) хан болды.

Тоқтала кететін бір мәселе осы Тәуекелдің тұсында Ресей мен Қазақ хандығының арасында дипломатиялық қарым-қатынас кең өріс алды.

Ресейдің негізгі мақсаты — Қазақ хандығымен одақ құра отырып, Сібір ханы Көшімге қарсы күресу болды, сонымен қатар, Қазақ хандығы арқылы Орта Азия билеушілігімен келіссөз жүргізу болды.

Тәуекелдің інісі Ондан сұлтанның баласы Оразмұхамед пен қазақ тарихшысы Қадырғали Жалайыри 1588 жылы Ертіс бойындағы аңшылықта орыс әскерлерінің қолына түсіп қалады. Тәуекел өзінің баласы Құсайынды Мәскеуге аманатқа беріп, Оразмұхамедті қайтарып алмақшы болады. 1595 ж. маусым айында В.Степанов бастаған орыс елшілігі келіп Тәуекелдің қабылдауында болған. Осылайша, Ресей мен Қазақ хандығының арасында Сібір ханы Көшімге қарсы және Бұхара ханы Абдоллахқа қарсы одақ келісілді. 1597-1598 жж Абдоллах пен баласы Әбдімұминнің арасында өзара қырқысты пайдалана отырып, Тәуекел Ташкенттің түбінде Абдоллахтың әскерін талқандайды.

1598 ж. Абдоллах қайтыс болып Әбдімумин хан болды. Иранның шахы Аббас пен Әбдімуминнің арасындағы алауыздықты пайдалана отырып, Тәуекел үлкен әскермен Маураннахрға басып кіріп Андижан, Ташкент, Самарқанд қалаларын өзіне қаратады, 20 мыңдай әскермен Есім сұлтанды Самарқанда қалдырып, өзі Бұхараға аттанады. Бұхараны 20 күндей қоршап, шайқас кезінде ауыр жарақаттанған Тәуекел Ташкентке келіп қайтыс болады. Тәуекелдің орнына Қазақ хандығының ханы болып інісі Есім сайланды (1598-1628 жж.). Ол Бұхара мен Самарқанның билеушісі Мұхаммедпен бітім жасайды. Шарт бойынша Ташкент қаласы атырабымен қоса 200 жыл бойы Қазақ хандығының билігінде болуға тиісті болды.

Тағы бір оқиға, ол Сібір хандығының мәселесі. Ермактың әскери жасағы 1582 ж. 1 қазанында Көшімнің әскеріне шабуыл жасап оны жеңеді. Көшім оңтүстікке шегініп, ол 1598 ж. шейін орыс әскеріне қарсы күресті. Ресей бекініс салумен шаруаларын шығысқа қоныстандырып, берік орныға бастайды. Сібір хандығы 1598 ж. толығымен жеңіліске ұшырап Ресейдің құрамына енді. Бұрын Сібір хандығының қол астында болған қазақ тайпалары Қазақ хандығының құрамына енді.

3. XVII ғ. мен XVIII ғ. басындағы Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық және саяси хал-ахуалы

Бұл кезеңде XVII ғасырдың I жартысында ойраттардың шабуылының жиілей түскен кезі. Олар Батыс Моңғолия халқын құраған 4 тайпалық бірлестіктен: торғауыттар, дербеттер, хошоуттар және шоростардан тұрды. 1627 ж. ойраттардың одағы ыдырады. Ойраттар — қалмақтар, ал шоростар — жоңғарлар болып бөлінді. 1635 ж. жоңғар хандығы құрылған. Жоңғарлардың әміршісі Алтын хан, Батыр қонтайшы және Қалдан Сереннің тұсында жоңғарлардың қазақ жеріне басқыншылық жорықтарының күшейген шағы. Жоңғар билеушілері Оңтүстік Қазақстанды, ежелгі сауда жолдары өтетін орталықтарды, қалаларды өзіне бағынышты етуге тырысты.

1598 ж. Тәуекел қайтыс болғаннан кейін Есім хан оның орнына отырғаны белгілі. Қазақ тарихында ол «Еңсегей бойлы ер Есім» деген атпен танымал. Бұл ат оған ағасы Тәуекелмен 1598 ж. Маураннахрға жасаған жорықтағы ерлігі, ерекше көзге түскені үшін берілген. Негізгі мақсатының бірі бір орталыққа бағынған мемлекет құру еді. Есім ханның тұсында «Есім ханның ескі жолы» деп аталған заңдар жинағы құрастырылған. Бір орталыққа бағынған мемлекеттің болуына қарсы сұлтандар хандықты бөлшектеуге тырысты.

Ташкент Қазақ хандығына қараған соң, оны Жәнібектің немересі Жалым сұлтанның баласы Тұрсын Мұхаммед сұлтан басқарып, тәуелсіз хан болуға ұмтылды, өз атынан ақша соқтырып, алым-салықтар жинай бастайды. Сонымен, Қазақ хандығы екіге бөлініп Түркістанды орталық еткен Есім, Ташкентті орталық қылған Тұрсын Мұхамед болды, екеуінің арасындағы күрес шиеленісе түсті. 1627 ж. Тұрсын Мұхамед Есім ханның қолынан қаза табады, аз уақыттан соң 1628 ж. Есім ханның өзі де қайтыс болады.

Есімнен кейін Жәңгір хан болды. Жәңгір басы үлкен, кеудесі кең, аласа бойлы адам болған, сол себепті оны «Салқам Жәңгір» атаған.

Жәңгірдің кезінде қазақтар мен ойрат-жоңғарлар арасында үш рет ірі шайқас болған (1635, 1643, 1652 жж.). Жәңгір хан өте батыл, ержүрек қолбасшы және саясаткер болған, жоңғарларға қарсы күресу үшін Бұхара әміршісімен әскери одақ құрған. Самарқанның билеушісі Жалаңтөс батырмен біріге отырып, жоңғарларға үлкен соққы берген, өзінің көп ғұмырын жоңғарлармен соғыста өткізіп, жорықта жүріп 1652 ж. қаза тапқан.

Жәңгірдің баласы Тәуке ханның (1680-1718 жж.) кезінде бірлік күшейе бастады. Өз заманының ірі тұлғасы қазақ тарихында «Өз Тәуке» (дана Тәуке) деп аталған. Тәуке хан алауыздық пен бытыранқылықты жойып, бір орталыққа бағынған Қазақ хандығын құруға үлкен күш-қайрат жұмсайды. Хан билігін күшейту үшін көптеген реформалар жүргізіп, ру басы мен билерден құралған «Хан кеңесінің», «Билер кеңесінің» ролін арттырады.

Жүздер арасындағы үлкен дау-дамай билер кеңесінде, қазақ жүздерінің ақылгөйлері Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің алдында шешіліп отырды. Тәуке хан осындай билерге арқа сүйей отырып, мемлекеттің ірге тасын қалай берді. Атақты билермен ақылдаса отырып, қазақтың әдет-ғұрып заңдарын, тәжірибелерін жинақтап, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» сияқты қазақ заңдарын жаңа жағдайға сай етіп, толықтыртып, дамыту барысында «Жеті жарғы» заңы жасалынды. «Жеті жарғы» заңы көшпелі қазақ халқының әлеуметтік-этникалық, шаруашылық, аса құнды құқықтық ескерткіші болып табылады. Заңдар жинағында әкімшілік, қылмыстық, азаматтық істер, діни тұрғыдағы көзқарастар туралы ережелер енгізіліп, қазақ қоғамының барлық жағы қамтылды.

Тәуке ханның тұсында Қазақ хандығы едәуір күшейді. Қазақ хандығына көптеген қырғыз тайпалары мен қарақалпақ тайпалары тәуелді болды. Сонымен қатар, Ресеймен дипломатиялық және сауда байланысы ұлғая түсті.

1718 ж. Тәуке хан қайтыс болады. Қазақ хандығы дағдарысқа ұшырап, хандар мен сұлтандардың арасында алауыздық күшейді. Билік басына келген Тәукенің баласы Болат ханның үлкен хан деген тек аты ғана болды. Орта жүзді Сәмеке мен Күшік биледі, Ұлы жүзді Жолбарыс хан, ал, Кіші

жүзде Әбілқайыр хан билік етті. Барақ пен Қайып сұлтандар өз ұлыстарын өздері басқарды. Осының нәтижесінде, өзара ауызбіршілігі болмаған, бір орталыққа бағына алмаған, бөлшектенген, бытыраңқы Қазақ хандары мен сұлтандары сыртқы жауға қарсы күш біріктіре алмады.

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТ:

1. История Казахстана: народы и культуры: Учеб. Пособие /Масанов Н. Э. и др. — Алматы, 2000.
2. Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. — Алма-Ата, 1992.
3. Қазақстан тарихы, очерктер. — Алматы, 1994.
4. Қазақстан тарихы... Бес томдық. III-ші том. — Алматы, 1998.
5. *Мусин Ч.* Қазақстан тарихы. — Алматы, 2003.
6. Мұхамед Хайдар Дулати «Тарих-и-рашиди» — Алматы, 1999.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТ:

1. *Абусейтова М. Х.* Казахстан и Центральная азия в XV-XVII вв.: история, политика, дипломатия. — Алматы, 1998.
2. *Артықбаев Ж. О.* Қазақстан тарихы, оқулық хрестоматия. — Астана, 2000.
3. *Басин В.Я.* Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв. — Алма-Ата, 1971.
4. *Бабақтыұлы.* Өз-Тәукеннің «Жеті Жарғысы» // Ақиқат, № 6, 1993.
5. Қазақ хандары жылнамасы. // Сарыарқа, № 1, 1991.
6. «Қазақ хандары» // Қазақ әдебиеті, 22 маусым — 6 шілде, 29 маусым — 13 шілде, 1990.
7. Қазақтың жүз би шешендері. — Алматы, 1994.
8. Казахско-русские отношения в XVII-XVIII вв. Сбор. документов и материалов. — Алма-Ата, 1961.
9. *Құдайбердіұлы Ш.* Түрік, қырғыз, қазақ Һәм ханлар шежіресі. — Алматы, 1992.
10. *Мағауин М.* Қазақ тарихының әліппесі. — Алматы, 1995.
11. *Мусеев Б.* Қазақ хандары қорғандары // Ақиқат, № 4, 1992.
12. *Мусеев В. А.* Джунгарское ханство и казахи в XVII-XVIII вв. — Алма-Ата, 1991.
13. Материалы по истории казахских ханств в XV-XVIII вв. (извлечение из персидских и тюркских сочинении) — Алма-Ата, 1969.
14. *Пищулина К. А.* Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV-XVII вв. // Казахстан в XVI-XVIII вв. Вопросы социально-политической истории. — Алма-Ата, 1969.

15. *Салғараұлы Қ.* Хандар кестесі. — Алматы, 1992.
16. *Сұлтанов Т. И.* Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. — М., 1982.
17. *Садуақасова З.* Шыңғысханның «Жасысынан» Тәуке ханның «Жеті Жарғысына» дейін // Қазақ тарихы, № 5, 1997.

7-ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ ЖАҢА ЗАМАН ЖАҒДАЙЫНДА. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТАРШЫЛДЫҚ ДӘУІРДІҢ БАСТАЛУЫ

1. XVII-XVIII ғғ. басындағы қазақ-жоңғар соғыстары. «Ақтабан шұбырынды ...» жылдары.
2. Қазақстанның Ресейге бодандыққа түсуінің экономикалық және саяси алғышарттары.
3. Қазақ жүздерінің Ресей бодандығын қабылдауы. Қазақстандағы Ресей патшалығының отаршылдық саясатының басталуы.
4. Қазақ халқының халық-азаттық қозғалыстары (1731-1837 ж.).

1. XVII-XVIII ғғ. басындағы қазақ-жоңғар соғыстары. «Ақтабан шұбырынды ...» жылдары

XVI-XVIII ғғ. Қазақстанның шығысынан зор қауіп — ойраттардан, торғауыттардан, одан кейін жоңғарлардан төнді. Оларды қазақтың ен даласы, жайлымдық жерлері, мыңғыраған малы, сән-салтанаты қызықтырған болатын. Сөз етіп отырған уақыт аралығында тәуелсіздік үшін олармен көптеген соғыстар өтті. Торғауыттар бұрын ойраттар құрамында болған этнографиялық топ. Бұлар Қытайдың Шыңжаң өлкесінде, ішкі Моңғолияда тұрған. Торғауыттар алғаш Ресейге шабуыл жасай отырып, қалмақтарға қосылып, Жоңғария мемлекеті құрамына енген. Сондықтан Жоңғар хандығы Батыс Моңғол тайпаларының /ойраттардың/ саяси бірлестігін құрған. Шыңғысханның феодалдық империясы кезінде-ақ олар оның негізгі күшіне айналса, Моңғол империясы күйреген соң да олар ұзақ уақыт кескілесуінен сан түрлі соғыстардан кейін Қытайға баратын сауда жолдарын иемденіп, XV ғасырдың бірінші жартысында бүкіл Моңғолияға билік жүргізді. Алайда, XV ғасырдың екінші жартысында ойрат феодалдары жеңіліске ұшырап, саяси батыраңқылығын тереңдете түсті. Осының салдарынан ойрат феодалдарының ортақ мақсаты — өздерінің мүддесін қорғайтын бір мемлекеттің құрылуы қажет болды. 1635-1658 жылдары осындай мемлекет құрылды да, оның ханы Батыр қоңтайшы болды. Ол хандық құрып тұрған дәуірде феодалдық қатынастар нығайып, Жоңғария мемлекетінің ішкі және сыртқы саясаты айқындалып, жаугершілік саясаты белең ала бастады. Әсіресе бұл саясат Батыр қоңтайшының мирасқорлары Қалдан-Серендер үстемдік еткен кезеңдерде одан әрі дами түсті.

Батыр қоңтайшының хандық жасап тұрған тұсында-ақ жоңғарлар қазақтарға үш дүркін шабуыл жасайды. Бұл соғыстарға да ойрат тайпаларының көбі қатысқан.

Жоңғар феодалдарының біріккен жойқын күшіне алғаш Жәңгір хан мен Жалаңтөс баһадүр бастаған қазақ жастақтары қарсы тұрып, бұл соғыста бірнеше рет жеңіске жеткен. Мұнда 1643 ж. атақты Орбұлақ шайқасын атап өтуге болады. Алайда жоңғарлықтар осыған қарамастан өздерін жеңілдік деп санамаған.

1652 жылы Батыр қоңтайшы қазақ жасақтарын жеңіп, Қазақстанның оңтүстігіне қарай шабуылын үдетеді. Бұл соғыста Жәңгір хан қаза табады.

Жоңғарлар жергілікті елді ығыстырып, Сырдария бойындағы сауда орталықтарын қолға түсіруді мақсат етеді. Олар Жетісу жерін шауып, Шу өзеніне тоқтайды. Отырар кентін жермен-жексен етеді. Осы соққыға шыдамаған жергілікті Шапырашты руы да өз жерін тастап, жоңғарлардан ығысып, Сыр бойына қарай жөңкіп ауа бастайды. Ел басына қиын-қыстау күн туғанда, ел бірлігін, халық намысын қорғауды Қарасай Алтынайұлы өзі ұйымдастырады. Жауға қарсы жасақ құрып, жоңғар әскерлерін Шу бойынан бастап қуып, оларға жүзден аса соққы бере отырып, жауды Іле өзенінен одан әрі Жоңғар қақпасынан әрі өткізіп тастайды. Жауға қарсы шапқанда, сарбаздарының бәрі «Қарасайлап» ұран салған.

Қарасай батыр өмір бойы қарсыласқан жауына тынымсыз, талассыз күйрете соққы беріп, өз жерін жау басқыншыларынан босатып, Шу мен Іле өзендері ортасына Шапырашты, Дулат руларын қоныстандырған.

Жоңғар қақпасы қазіргі батысында Жоңғар Алатауы мен шығысында Бірліктау, Майлытау арасындағы жарты өткел. Алакөл мен Жалаңашкөл маңындағы тар шатқал болып табылады.

Қарасай батырдың ұрпағы да шетінен батырлар. Олар «Қараш батыр, Ер және Наурызбай /1706-1781 жж/ Сұраншы батыр» т. б. Қарасай ұрпақтарынан тараған батырлар туралы халық: «Ұлы жүздің ішінде Үйсіннен бұлар тараған, халқына қатаң күн туса, қамқорына жараған» — деп жырлаған.

XVII ғ. екінші жартысында жоңғар хандығы күшейе түскен және ол Ресейдің Шығыс Сібірді бағындыру әрекетіне де қауіп туғызды. Сол себепті орыс патшасы І Петр жоңғар қоңтайшысы Цеван-Рабданға елші И. Унковскийдің тобын жіберді. Орыс ағзамның басты мақсаты — жоңғарлардың назарын қазақ жерлеріне аудару арқылы, басқыншылық соғысқа итермелеп, екі жақты әлсірету еді. Әрине 1723 жылға дейін Қытайға тісі батпаған жоңғарлықтар Алакөл тұсынан қазақ жеріне келіп тиісті.

Бұл туралы атақты Қожаберген жырау: «Елім-ай» дастанында:

... Қырылу Алакөлден басталып тұр.

Қазақтар жау қалмақтан жасқанып тұр.

Орыстар мен Қытайға арқа сүйеп,

Ит қалмақ сол екі елден күш алып тұр — деп толғанады.

Жоңғар хандығы Жетісуды, Сыр бойындағы қалаларды. Қазақстанның орталығы Түркістан мен Ташкентті жаулап алды. «Елім-ай» зары қазақ даласында төгіліп жатты. Қазақтардың жоңғар шапқыншылығына қарсы тұра алмауы мына себептер ме дейміз:

а) Өз-Тәуке хан өлген соң ел билігіне таласаушылық арқылы келген ала-ауыздық, бірліктің жоқтығы;

б) Жоңғар әскерлерінің 60-100 мың болып топтасып, орыс-швед шеберлері жасап берген қарулы күшінің артықшылығы. Әскер басы, қоңтайшылар — Цеван-Рабдан, Қалдан-Серендер кеменгерлікпен соғыс жүргізді.

в) Жоңғар мемлекеті Қытай, Ресей тарапынан еш бір қарсылықтар көрмеді.

Абай Құнанбаев: «Абылай мен Кенесары қазақ халқының қаһармандары. Олардың істері мадақтауға лайық, ұмытылмайтын істер» — деген екен.

Ол, Абылай дара тұлға. Қолбасшы, саясат адамы. Жоңғар шапқыншылығы мен Ресей, Қытай империяларының көз алартуына қарсы күресіне байланысты қалыптасқан күрделі тарихи кезеңде көзге түскен халық қалаулысы. Тағдыры қыл үстінде, қылыш жүзінде, найза үшінде тұрған қазақ жұртшылығының, үш жүздің басын қосқан. Жоңғар мемлекетінің жойқын жаулап алушылығының көзін құртқан, аты жалпы алаштың ұранына айналған хан.

Абылай — Шыңғысхан нәсілінен. Оның ұлы Жошының бұтағы. Ол Жәнібектің Жәдік деген ұлынан тарайды. Жәдіктен Шығайхан, Шығайханан Есім. Есімханнан Жәңгірхан, Жәңгірден Уәли, Уәлиден қанішер Абылай, Абылайдан Көркем Уәли, Көркем Уәлиден кейін Абылай атанған Әбілмансұр. Ол 1711 жылы Түркістан билеушісі «қанішер» Абылайдың ұлы «Көркем» Уәлидің шаңырағында дүниеге келген. Әбілмансұрдың балалық шағы от пен жалынның, қайғы мен қасіреттің, өлім мен өмірдің ортасында өткен. 1723 жылы қалмақ қоңтайшысы Цеван-Рабдан жүз мыңға жуық қолмен қазақтарға келіп, еңкейген кәрі, еңбектеген балаға дейін қырып, қалың ел «Ақтабан шұбырынды Алқакөл сұлама» аталатын зұламатқа ұшырады. Сүргінге ұшыраған қазақтар Ходжентке қарай Сырдария арқылы өтіп арып-ашып, шаршап-шалдығып, Алқакөлге жетіп жығылды. Бұл жерден жұтаған жұрт Самарқанд, Бұқараға барып Түркістанның отырықшы елін аштыққа ұшыратады. Он екі жасар «Сабалақ» атанған жас бала ата-тегін, аты-жөнін жасырып күн кешеді, себебі о заманда шапқыншылар, хан тұқымынан біреуді өлтіретін болса, артында кек алатын кісісі қалмасын деп, бесіктегі баласына дейін құртып отырған. Шоқан Уәлихановтың

жазуы бойынша Әбілмансұр «жақсылық руынан шыққан бір бай қазаққа жалданыпты». Ал тарихшы Мұхамеджан Тынышбаев болса «1725 жылы қаңғыбас бала сабалақ, кейіннен атақты хан болған Абылай Төле бидің түйесін баққан». /М. Тынышбаев. Қазақ халқы тарихынан мәліметтер. Қарағанды жастары. Арнаулы басылым. 1990 ж. 3.Б/

«Абылай заманың шежірешісі Бұқар Жырау:

Ей Абылай, Абылай,
Сені мен алғаш көргенде
Тұрымтайдай ұл едің
Түркістанда жүр едің.
Әбілмәмбет төренің
Қызметкері болып жүр едің.
Қалтақтап жүріп күнелткен
Үйісін Төле билердің
Түйесін баққан құл едің»-деп жырлауы тегін болмаған.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» кейін елдің бірте-бірте есі кіре бастайды. Осы тұста айта кеткеніміз жөн, 1698 ж. басталған жоңғар ойрат, қалмақ пен қазақтар соғысы үздік-создық, өршіп-басылып елу жылдан астам созылған. Осы тұстарда халық мүддесін туғып ұстап, «көптің жоқшысы» болған ел қаһармандары қазақ даласының қай бұрышынан болса да шығып бой көрсетті. Азаттыққа ұмтылудың бір мысалы Ақтамберді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп, Күренді мінер ме екеміз» жырында да кездеседі.

Онда: Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күренді мінер ме екеміз.
Күдеріден бау тағып,
Ақ кіреуке киер ме екеміз!
Жағасы алтын, жеңі жез
Шығыршығы торғай көз
Сауыт киер ме екеміз!
Қоныраулы найза қолға алып.
Қоңыр салқын төске алып.
Қол төңкерер ме екеміз.
Жалаулы найза қолға алып,
Жау қашырар ма екеміз — деп арман қылады.

Қайрат-қимыл ел басшыларынан шықты. 1726 жылы үш жүздің жақсылары мен жайсандары Шымкенттің батысында Ордабасы тауында басып, ымыраға келді. Жаумен соғысуға мәмлеге келді. Бұл ұйымдастырушылыққа сауын айтып, басы-қасында Ұлы жүз Төле Әлібекұлы /1663-1756 жж/, Орта жүз Қазыбек Келдібекұлы /1667-1765 жж/ және Кіші жүз

Әйтеке /Айтық/ Бәйбекұлы /1688-1748 жж/ көш басшылық етіп, тірлік пен бірлік, қаһармандық пен ерлікке ұйтқы болды. Бас қолбасшысы кіші жүздің ханы Әбілқайыр, әскер басы болып Бөгембай батыр сайланды. Боралдай мен Қошқар ата өзендерінің бойына жиналған қазақ ұландары әскери жаттығулар өткізді.

Осы жылы қазақ қолы Бұланты өзенінің бойында Қара сиыр деген жерде қалмаққа бірінші рет соққы берді. Онда «Қалмақ қырылған» деген жер бар. 1729 жылы Балқаш көлінен он екі шақырым жердегі Итішпес көлінің жанында Аңырақай шайқасында қазақтардың біріккен қолы тағы да жеңіске жетті. Осы соғыста он сегіз жасар Сабалақ жекпе-жекке шыққан қалмақ батыры Шарышты /оны Қалдан-Сереннің ұлы деп те атайды/ өлтіріп, жауға атасы «Абылайлап» ат қойып «кірген жерін тесік қып, шыққан жерін есік қып, түйғынша түйіліп, үш кіріп, үш шығып, қалмақты торғайдай тоздырып, іріген ірімшіктей бытыратып жіберді» — дейді. Абылайдың Шарышпен жекпе-жегі дастандар мен жырларда көп орын алған. Олар: 1985 жылғы Қытайда басылып шыққан Оразанбай Егеубай ұлының «Абылай» жыры, Абайдың туысы Көкбай ақынның «Сабалақ» дастаны т.б.

Сабалақ осы жеңістен кейін Абылай атанады. Ол атқа заңдылық берген Әбілмәмбет хан. Жеңіске жеткен белгісіз батырды хан өзіне шақыртады.

Онда ол: Шырағым, неге шаптың «Абылайлап?»
Босады жүйкем қатты, ағамды ойлап.
«Әкең кім? Ел жұртың кім? Туғаның кім?»
Жөніңді бастан аяқ айтшы жайлап.
Бала айтты қазақ, қалмақ ерегісі
Мұндайда ердің қозар делебесі
Қысылған соң аузыма түсіп кетті.

Атам — Абылай, мен болам — немересі».

Көкбай дастанның соңында Әбілмәмбет «ой бауырым» — деп Сабалақпен жылап көрісіп, «жәмиғат, тақыт иесі осы» деп өз орнын береді.

Абылай хан тағынан бас тартып, Абылай сұлтан атанады. Тек 1771 жылы Әбілмәмбет дүниеден өткеннен соң ғана хан сайланды.

Сол Абылай заманын ақын М. Жұмабаев «Батыр Баян» жырында былай деп суреттеген:

Алыстан орыс, қытай — ауыр салмақ.
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ
Артында ор, алдында көр, жан-жағы жау.
Дағдарған алаш енді қайда бармақ?!

Осы тұйықтан шығуда Абылай көп күресті. Абылай отыз жасқа жетпей ел билігіне араласты. Абылай сұлтан атанды. Ол бойында артық еті жоқ

ширақ, шапшаң, кескінді, ашаң жүзді, күлсе өмір бойы қабақ шытпайтын-дай, ал қаһарға мінсе өмірі күлмейтін шығар деп ойлайтындай адам болған. 1741 жылы Абылайды аңдып жүрген ойраттар ұстап алып, Қалдан-Сереннің қолында тұтқын ретінде аяқ-қолы кісенделіп, екі жыл бойы зынданда жатады. Тек Орта жүздің биі Қаз дауысты Қазбек бидің елшілігімен 1743 жылы босанып шығады. Кепілдікке қазақтың он атақты адамдарының балалары «ақ үйлі аманат» ретінде жоңғарларға тапсырылды. Уақытша бітім жасалып, негізгі шарт ретінде Қазақ жері Ресей бодандығынан кетіп, Жоңғария үстемдігіне бас июге тиісті болды.

Абылай ұлттық әскердің он талапқа сай құрылуын жөнге келтірді.

1. Күресте жеңу.
2. Аударыспақта басым түсу.
3. Садақ тартқанда құралай көзіне тигізу.
4. Құрықпен, шоқпармен өнер көрсету.
5. Асау атты үйрету
6. Бүркітпен түлкі алу.
7. Ат жарыста мәреге алғаш жету.
8. Қылыштасуда көзге түсу.
9. Найзалауда жауын қаңбақтай ұшыру.
10. Найза атуда нысанаға дөп тигізу.

Оның тұсында жауынгерлік сайыстар, жекпе-жектер өткізіліп тұрған. Осының бәрі екі аждаһадан /Ресей мен Қытайдан/ қазақты аман-есен алып қалушылық еді.

Абылайдың айналасына қазақ батырлары жиылды. Олар: Қара Керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ ұлы Жәнібек, Шапырашты Наурызбай, Бәсентиін Малайсары, Уақ Баян батыр, т. б.

Осының бәрі аттары аңызға айналған батырлар. Абылай Қытай империясымен елшілікте зор табысқа жетіп, 1755 жылы келісім бойынша 1736-1758 жылдары Қытай әскерінің көмегімен /90 мың МыңШың бастаған қытай қолы/, бір жағынан қазақ әскерлері қалмақты біржолата талқандады. /Тарихта 1 млн. қалмақ өлтірілген/. Елдің болашағын ескерген Абылай өз заманында үш жүздің басын біріктірді. Кімнің жау, кімнің дос екенін көрсетіп кетті. Ол 1781 жылы дүниеден өтті.

Жаңа жоғарыда айтқан Абылай хан батырларының бірі, елімізде 1991 жылы туғанына 300 жыл толу мерей тойы тойлаған батыр Қаракерей Қабанбай. Оның азан шақырып қойған аты — Ерасыл, ол 1691 жылы туып, 1769 жылы 78 жасында қайтыс болған.

Ол көп соғыстарға қатысты. Бәрі жоңғар шапқыншыларына байланысты болды. Өйткені олар қазақ елінің шығыс және оңтүстік жағындағы бір қыдыру жерлерін жаулап алған еді.

1724 жылы Түркістан қаласы үшін соғыс, 1725 жылы «Әйгілі Алакөл шайқасы», 1728 жылы Шұбар теңіз жағасындағы шайқас, 1729 жылы Бұланты өзенің бойындағы және Балқаш көлінің оңтүстігіндегі Итішпес көлі бойындағы шайқас, 1730 жылы Іле өзенің бойындағы шайқас, 1750 жылдың аяғына қарай Жоңғар қақпасындағы соңғы шайқас, осының бәрінде де батыр Қабанбай көп ерліктер жасады. Ол жоңғарларға қарсы соғысқа 103 рет кірген. Оған Абылай хан «Дара боз», «Хан батыр Қабанбай», деген құрметті атақтар да берген. Қабанбайдың «Кубас» атты аты болған. Ол онымен 40 жылға тарта серік болған.

2. Қазақстанның Ресейге бодандыққа түсуінің экономикалық және саяси алғы-шарттары

Оңтүстік Қазақстан жерлері отырықшы егіншілік орталықтары болса, орталық, батыс, солтүстік-шығыс жерлері көшпенді мал шаруашылығы дамыған аймақтарға айналды. Қазақ хандығы кезеңінде феодалдық мемлекеттіліктің шаруашылығы – натуралдық сипатта болды. Өзіндік қарым-қатынас деңгейі бар қатаң экономикалық жүйе орнықты. Малшылық егіншілік, қолөнер, сауда, қала, дала мәдениеті өз ішіндік алық-берікте өмір кешті.

Қазақ хандығы кезінде қазақ халқының саяси тәуелсіздігін, ел бірлігін, шаруашылығын өркендету жолында күрес жүргізген Қасым, Есім, Тәуке, Абылай сияқты хандар да болды. Ел ішінде, байлық үшін, жер, су көздері, керуен жолдары, жайылымдық үшін бір-бірімен таусылмайтын қақтығыстарға барған шонжарлар — билеушілер де болды. Сол көшпенді мал шаруашылығы жайлым ерекшеліктеріне байланысты жүргізілді. Көшпенді өмір салты — экстенсивтік өндірушілік шарашылықтың басты түрі еді. Жартылай көшпелі — қыста тұрақты қыстаулардың болуы — Жетісу мен Шығыс Қазақстанда кенінен таралды, олардың маусымдық көшіп-қону аумағы алыс болмады.

Бұл шаруашылықтарда қыстау маңында егіншілікпен соның ішінде тары, арпа, бидай өсірушілік болды. Ірі қара мал, қой-ешкі, жылқы өсірушілік деңгейі біршама жоғары болды.

Отырықшы мал шаруашылығы Оңтүстік Қазақстан аумағы, Сырдария, Шу, Талас, Арыс өзендері бойы, Қаратау маңында, табиғаты жайлы, шалғынды, суатты тұстарда орын тепті. Егіншілікпен айналысты.

Мамандандырылды, малшылар малын табынға қосып бақса, ал маман егіншілер өз істерімен айналысты.

Бұл прогресс ғасырлар бойы қалыптасқандықтан шаруашылықтың құрылымы мен түрленуіне, өзгерістерге ұшырауына, әр түрлі ұлттық-саяси

оқиғалар әсерін тигізді. Ал атадан балаға мирас болып қалған малшылықты жүргізу өзіндік әдістер мен жолдармен белгілі. Әр малдың жайылу қабілеті есепке алынды.

Халық тәжіребісі шаруашылықты жүргізудің 12 жылдық хайуанаттар циклін, сәйкестігін де ретке келтірді. (тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз).

Ресей империясына бодан болғанға дейінгі уақытта Қазақстан экономикалық-әлеуметтік, саяси дамуы жүйесінің өзіндік ерекшеліктері болған.

Әрине бұл дамушылық дала демократиясының негізінде ғасырлар бойы қалыптасқан еді.

- Қазақ хандығының ел билігінде болған әулетті хандары Қасым, Хакназар, Есім, Тәуке, Абылай тұстарындағы саяси беделдігі.
- Қазақ жерлерінің көшпенділік мал шаруашылығына байланысты жоғарғы топ — сұлтандар мен билердің, байлардың қолында болуы.
- «Ақсүйектер» ерекше мемлекет тарапынан қолдауда болды.
- Рулық, қарым-қатынастарға байланысты өндіруші күш, әрине бұқара, көпшілік болғандығы.

Өз-Тәуке ханның «Жеті Жарғысында» әлеуметтік қазақ қоғамының әдет-ғұрып, салт-санасының нормалары жақсы көрсетілген (1710 жылы Қарақұм съезі).

Қазақстанның оңтүстігіндегі дамыған қала тіршілігінің де өзінше ерекшеліктері болды. Қазақ хандары Сырдария бойындағы қалаларға жорықтар жасаған. Ташкент пен Түркістанды бірде алып бірде айрылып қалған. Көшпенділер мен қала тұрғындары арасында экономикалық байланыстар жүрді. Қазақстан қала тұрғындары қайсыбір ауыр салықтардан да қажыған күндері болған. Қала ақсүйектері, оны басқарған сұлтандар тархандық институттарға ие де болды.

Бірақ Қазақстан қалаларының деңгейі Орта Азия қалалары Бұқара мен Самарқанның гүлденуіне жете алмаған.

XVIII ғасырдың отызыншы жылдарынан басталған Ресейге бодан болу процесі Қазақстанның ішкі және сыртқы экономикалық шаруашылық дамуына әсерін тигізді. Олар Жайық пен Еділ, Есіл бойларын, солтүстік жерлерді алғаннан кейін дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығында өзгерістер енді. Жайлымдық, шабындық жерлер тарылды.

Бұған себепші күштер «казачество» ұстанған саясат еді.

Кіші жүз жерлеріне бұғау салынды. 1739 жылғы салынған Орынбор бекінісі кейін үлкен қалаға айналып, Ресейдің Қазақстан, Орта Азия елдерімен сауда — саттық, әкімшілік орталығына айналды. Ералы, Нұралы, Айшуақ сұлтандар, 1801 жылы Ішкі Орданың Бөкей ханы, Жәңгір хандар

Ресейдің Қазақстандағы отаршылдың саясатын жүргізуші қолшоқпары болды.

Осы ғасырдан басталған Тобылдан Ертіске дейін созылған 1300 шақырымдық бекіністер — Петропавловск, Орынбор, Тройцк, Гурьев, Семей, Орал қалалары қазақ-орыс экономикалық қатыныстарының дамуына себепін тигізді. 1824 жылы Қарқаралы, 1840 жылдары салынған Көкшетау, Ақмола, 1854 ж. Верный бекіністері бұл қатыныстар ауқымын кеңейте түсті.

Ру ақсүйектері бұрынғы жайма-шуақ өз қауымымен өмір сүру психологиясын өзгертіп, оның орнына ашулы, озбыр, дүние қоңыздық мінездерге ие болды.

Бұнымен қоса Ресейлік генерал-губернаторлар әр түрлі әкімшілік-экономикалық реформалар ұсынып, қазақ халқын езіп жаншыды.

Қытай елімен сауда ғұн, үйсін заманынан-ақ белгілі. Қытай елінің кей тұстағы егінші аймақтары үшін мал өнімдері қажет болды. Қазақ көшпенділері оларға сиыр, жылқы, тері, алтын мен күміс әкелсе, ал қытайлықтар жібек, кенеп, қазан т. б. берген.

XVI-XVIII ғ. ойрат, торғауыт, жоңғар, қалмақ кезеңінде Қазақстанның шығыс, оңтүстік аймақтары өзіндік экономикалық байланыстарға түскен (қазан, ошақ).

Жоңғария, Қазақстан, Ресей сауда-саттығы Өскемен, Семей бекіністері, Томск, Ямышев қамалдары арқылы өрістеді. Шығыс Түркістан, Жоңғар тармағында кей уақыттарда саудаға жолдар да жабылды.

Осы тұста айта кететін жайт, экономикалық қарым-қатынас барысында нарықта бір елдің алға шығып, екінші елдің артта қалу, не болмаса дүркіреп даңқы әрдайым үстем болу сәттері де кездесті.

Бұның көбісі фискальды (мемлекет қазынасына байланысты) мақсаттарды көздеушілік орын алды.

Сөйтіп, сыртқы экономикалық байланыстар XVI-XVIII ғ. ежелден бері келе жатқан дәстүрмен жалғасты. Қиын-қыстау кезеңі, гүлденуі, шарықтауы территориялық алмасып отыруы, тұрақтануы әр кезде болған. Қазақстанның көшпенді, отырықшы халықтары экономикалық байланыстар арқылы ғана өмір сүре алды.

1716 жылы жоңғар шапқыншылығы кеулей бастағанда-ақ Тәуке хан Сібір губернаторы князь М. П. Гагаринге елшісін жіберіп, қалмақтарға қарсы күресте қолдауды өтінген. Алайда, Ресей Швециямен соғысып жатқандықтан, қазақ-жоңғар тартысына араласа алмады. 1726 жылы «Ақтабан шұбырынды» мейлінше қақап тұрған кезде Әбілқайыр патша үкіметіне өкілін жіберіп, империя құрамына кіруге талпынған болатын. Бұл жолы да ханның ұсынысы жауапсыз қалды. 1730 жылы Кіші жүздің ықпалды билері Әбілқайырға Жоңғарияға қарсы күресу үшін Ресеймен одақ құруды

тапсырды. Алайда хан билер мәжілісінің шешімін бұзып, Петербурке аттандырылған елшілерге әскери одақ құру емес, Ресейдің құрамына кіруді қуаттайтын құжатқа қол қоюды тапсырды. Орыс үкіметінің Қазақстан жөніндегі жоспары тіпті басқаша еді. 1717-1720 жылдар аралығында Ертіс өзенінің жоғарғы ағысында, Жәміш, Омбы, Колбасинск, Железинск, Семей, Коряков (Кереку), Өскемен бекіністерін бірінен кейін бірін тұрғызған патша үкіметі қазақ жеріне ауыз сала бастады.

Қазақтардың жоңғарлармен алысып жатқанын пайдаланып, жергілікті көшпенді халықтың иелігінде бекіністер салу арқылы Қазақстанды жаулап алуды ойлады. 1731 жылғы ақпан айының 31 күні қазақ елшілері Сейітқұл Құндағұлұлы мен Құлтымбет Қоштайұлының Кіші жүзді империя құрамына қабылдау туралы ұсынысын императрица Анна Иоанновна қабыл алды.

Дипломат-елші М. Тевкелев оны іс жүзіне асырды. Әбілқайырдың шешімі, әрине, қазақ жерін басты жау — жоңғарлардан қорғауда белгілі рөл атқарды. Алайда жылдан жылға Ресей мемлекеті отарлау саясатын үдете түсті. 1734 жылы орыс үкіметі И. К. Кириллов басқарған арнайы экспедицияны жабдықтады. Негізгі мақсаты — Ор өзенінің бойында бекініс тұрғызу, Орта Азия хандықтармен керуен саудасын кеңейту, табиғат байлықтарын игеру, Сырдария бойында қала тұрғызып, біртіндеп өзен флотилиясын ұйымдастыру болды.

Саяси жағдайдың шиеленісіп кетуіне байланысты Кириллов басқарған экспедиция мақсаттары іске асырылмай қалды. Тек 1735 жылы Ор өзенінің бойында Ор бекінісінің негізі салынды. 1742 жылдың мамыр айының 20 күні Ресей сенаты қазақтарды және шекарлық өңірдегі бекіністерді қорғау жөнінде арнайы жарлық шығарды. 1742 қыркүйек айының 2 сі күні Орынбор Комиссиясының бастығы И. Неплюев Қалдан-Серенге жолдаған хатында Ресейдің қарамағындағы қазақтарға қысым жасамауды талап етті. Қазақтарды қорғау деген желеумен Оралдан, Сібірден әкелінген зеңбіректерді, әскери бөлімдерді Ертіс, Алтай өңіріндегі бекіністерге орналастырып, Ресей өзінің мүдделерін бірінші орынға қойды. Ертіс пен Обь өзенінің аралығында Шүлбі, Оба, Староалейск форпосттары, Кольван, Шағыр, Барнаул, Белооярск, Бийск бекіністері тұрғызылды. Кіші жүздің Ресеймен іргелес жатқан шағын өңірі орыс үкіметінің әкімшілігіне тәуелді болды.

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Кіші жүзбен Орта жүз территорияларының Ресей қол астына өтуі аяқталса да, бірқатар қазақ жерлері әлі де болса Орта Азия хандықтарына тәуелді еді. Қазақтар мен қырғыздардың XIX ғасырдың 20-30 жылдарында Қокан үстемдігіне қарсы Түркістан, Шымкент, Пішпек, Сайрам, Әулиеата аудандарын қамтыған бірнеше көтерілістері болды. Оңтүстік Қазақстан, соның ішінде Жетісу қазақтары Ресейдің шекаралық аудандарымен сауда және саяси байланыстар

жасап тұрды. Осы жағдайлар Ресейге сенімді күшейтті, Жетісу өлкесінің де оның құрамына кіруіне алғышарттар дайындады. 1817 жылы сұлтан Сүйік Абылайханұлы патша үкіметіне өзінің қарамағындағы рулар Ресей құрамына болуды қалайды деп мәлімдеді. Осы жайлы Жалайыр руынан 66 мың адам қоныс тепкен территория Ресей құрамына алынды. Оңтүстік Қазақстан Ресей ықпалының одан әрі күшеюінің кепілі осы кездерде пайда болған әскери бекіністер еді. Орта жүз бен Ұлы жүз территориялары қосылған жерлерде Ақтау, Алатау, Қапал, Сергиополь (Аягөз), Лепсі бекіністері салынды. Бұл жаңа бекіністер Ресейдің Іле аймағын отарлауға көмекші күш ретінде қызмет етті.

Патша үкіметі XIX ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақстанға саяси бағыттағы әскери шаралар жүргізілді. Осы жылдары «Азия комитеті» құрылды. Ұлы жүз қазақтарын басқару туралы нұсқауларға сәйкес 1848 жылы қаңтардың 10 күні бұл өңірге ресейлік пристав тағайындалды. Орыс отрядтарының Жетісуға тереңдеп енуі Орта Азия мен Кіші жүз арқылы іске асырылды. Ресейдің экономикалық және саяси мүдделері алдымен көз тіккен аймақтар — Қытай мен Қоқанға іргелес Жетісу және Іле өңірі болды. Ұлы жүздің оңтүстік аймақтары әлі Қоқан билігінде еді.

Ұлы жүзді жаулау 1864-1865 жж. генерал Черняевтың Әскери экспедициясы арқылы іске асты. Сонымен қоса Орта Азия хандықтары да Ресей империясының құрамына енгізілді.

Ресей империясының отаршылдық саясаты бірнеше сипатта байқалады. Олар: дипломатиялық отарлау, әскери отарлау саяси отарлау, экономикалық аграрлық отарлау және рухани отарлау.

3. Қазақ жүздерінің Ресей бодандығын қабылдауы. Қазақстандағы Ресей патшалығының отаршылдық саясатының басталуы

XVI ғасырда Қазақ хандығы солтүстіке Түменді орталық етіп, XV ғасырда пайда болған Сібір хандығымен шектесті. Ал Сібір хандығының оңтүстік шектері Солтүстік Қазақстан жерлерімен астарласып жатты. Тарихшы Мұқанов М. С. өзінің «Орта жүз қазақтарының қоныстануы мен этникалық құрамы» /Алматы 1974/ еңбегінде қазақ руларының Тобыл, Есіл, Ертістің орта ағысы бойында, Бараба даласында Батыс Сібірдің түркі тілдес халқымен көршілес көшіп жүрді, деп жазды. Осы Батыс Сібірдің ұлағайыр жерлерін қазақ ордасынан шыққан Көшім хан биледі.

1552 жылы орыс мемлекеті Қазан татарларын алғаннан соң, осы Көшім хан иелігіндегі жерлерге көз тікті. Осылайша казак атаманы Ермактың

қанішер жасауылдары «отпен атылатын оқтың» көмегімен қырып-жойып, 1582 жылы Сібір хандығының астанасы Қашлықты (Искер) алды. / Ермак 1584 ж. өлтірілді/. Көшім хандығы қазіргі Сібірдің бүкіл жерін, оңтүстік Орал өңірін және Ертіс, Есіл Тобыл өзендерінің сағаларындағы Солтүстік Қазақстан аумағын қамтыды. Сібір жылнамасында «Көшім патшаның діні мен заңы — Магомет ...» деп жазылған көрінеді. Шындығында ол өз ықпалын жүргізу мақсатында Сібірде ислам дінін таратушы — Жошы ұрпағы.

Шығыстанушы ғалым Шоқан да Көшімді қырғыз сұлтаны деп атаған. /Ш. Уалиханов. Таңдамалы шығармалар ...1 том, 121 бет/. Ол Москваға елшілер де жіберіп тұрған. Көшім хандығында 40 мыңға жуық ересек адамдар салық төлеп тұрған. Погодин жылнамасында Ермак жаулаушы казактарының жорығын былайша суреттеді. «Жайықтан Ырғыз жоталарына, одан Ырғыздың төменгі жағына келді. Жайықтан жоғары жүріп Кама өзені... одан жоғарылап Чусовой өзеніне бұрылды... Серебрянная, Баранчук, Тагил, Тура өзендері төменгі жағымен жүріп Бапанша ауылына жетті, сол жерде көшімдіктермен шайқас болды...» Көшім патшаның Ермакты және басқа казактарды өлтіруі туралы 1584 жылғы оқиғада Ермак өлгеннен кейін оның 90 жасаулы, бас сауғалап, орыс воеводалары Иван Глухов сияқтыларға қосылып, сол кездегі кәсіпкер көпес Строгановтардың көмегімен Обь өзенімен Пустоозер деген жерге жеткен.

Одант кейін орыс патшасы Борис Годуновтың бұйрығы бойынша 1598 жылы Көшім хан жасақтарына Обь шайқасында күшті соққы беріледі. Ол өзінің Қашлық қаласынан қашып шықты. Онда ол: «Тез арада кетеміз, казактардың қолынан иттікпен өлмейміз» — деген екен. Ал Күнгір жылнамасында «Бәрі қаладан далаға — Қазақ ордасына өздерінің бұрыңғы селениесінен қашты» - деп жазылған. Осы Обь шайқасында орыстар Көшім ханның 5 ұлын қолға түсіріп, Мәскеуге жөнелтеді. Бұдан соң да Көшімнің басқа ұлдары, жақындары Ресейге қарсы күрестерін тоқтатпаған. Көшім хан болса Ноғай жеріне қашып, сонда өлген делінеді. / Ақиқат, 1996 № 9, 88-91-бб./

Орыс жаулап алушылары «Сібірді жаулап алу» саясатын тереңдете түсті. Ертіс өзенімен шығысқа жылжып тұрғылықты халықтарды өзіне қаратты. Сібір жерлері ағашқа, аң терісіне, алтынға, балыққа бай жерлер болатын. Осыған қызыққан көпестер, пайдақорлар еті тірі орыс қарашекпенділері, жер аударғандар жүздеп, мыңдап оны игере бастады.

Бұл туралы кезінде орыс ғылымы М. Ломоносов: «Русьтың даңқын Сібірді игеру арттыра түспек» деп айтқан. Осындай отаршылдық саясат Бірінші Петр заманында Қазақстан туралы да қозғалды. Ол «Шығысқа бастайтін кілт — Қазақ жерлері» екендігін айтқаны бәріне белгілі. Орыс мем-

лекеті әуелі Еділ өзені бойларын, одан соң Жайық өзені бойларындағы жерлерді алды.

1706 жылы Петр I Ресейді губернаторларға бөлген. Сонда Сібір губерниясы Орал тауы мен Тынық мұхит арасында жатты. Онда елді мекендер арқылы шекараны Сенат комиссиясына белгілеген. Ертiс жағасындағы Большеречье — Колосов — Старосолдатское — Викулово — Ишим — Қайдаул — Қосқарағай — Каркино ... сызықтарын патша 1711 ж. бекіткен.

Путинцев Н. Г. деген тарихшы «Хронологический перечень событий из истории Сибирского Казачьего войска» (Омбы — 1891) еңбегінде Қытай мен Жоңғарлар арасындағы соғыс қаупінен сескенген Ресей 1745 ж. генерал-майор Киндерманның бес полкін осы жаққа жіберген. Бұл уақытқа дейін Солтүстік Қазақстан жерінде Омбы, Железинск, Ямышев, Семей, Өскемен қамалдары салынған болатын. Киндерман ара қашықтықтары 15-30 шақырымдық форпост, редут және т. б. күзет орындары саласы — ұзындығы 920 шақырымға созылған Сібір (Ертiс) шебін құрды. Осы арқылы Ресей қазачествосы оңтүстікке қарай 50-200 шақырым жылжыды. Есілдің Қызылжар деген жерінде жаңа шептің орталығы Петропавл болған «Жаңа Ишим шебін» жасады. Ол Ащы өзек «Горькая линия» арқылы өткен. 1761 ж. Сібір губернаторы Ф. И. Сойманов «Көбейіп бара жатқан қырғыз (қазақ) халқымен түсініктік үшін» деген желеумен Тобыл қаласында қазақ балалары үшін мектеп ашқан (А. Н. Копылов «Очерки культурной жизни Сибири XVI начало XIX в.» Новосибирск — 1974 год.)

Осы туралы Қожаберген жырау:

«Орыстың Еділді алғаны, етектен қолды салғаны.

Орыстың Жайықты алғаны, жағаға қолды салғаны ...»

деп айтуы нағыз шындықты айтқаны. Орыс мемлекеті Қазақстанның солтүстік, батыс, шығыс жерлеріне бекіністер салды.

Оған: 1716 жылы Омбы, 1718 жылы Семей, 1720 жылы Өскемен, 1739 жылы Орынборды, 1742 жылы Петропавловскіні салулары айғақ. Қазақтың елді мекендері қыстақ, жер, су аттары орысша атала бастады. Қазақ жерлеріне басып кірген қазақ атамандары әскери бекіністер маңындағы жерлер игеру үстінде, ата-бабадан келе жатқан жаз жайлаулық жерлерді қазақтардан тартып алды. Осының бәрі қазақ халқының көшпенді мал шаруашылығына зиянын тигізді.

XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. басында Ресей үкіметі Кіші жүз және Орта жүздің солтүстік жерлерінде көшпенділікпен шұғылданған елді отырықшылыққа итермеледі. Қазақтар қыс қыстауға икемделіп, шөп дайындауға көше бастады. Егіншілікке қарай бет бұрды.

Қазақстанның Ресейге қосылу мәселесі төңірегінде 1981 жылы Кеңес Одағының көлемінде 250 жылдық мерекелі той-думан өткізілгені бәрімізге аян.

Тоталитарлық коммунистік көзқарастағы Кеңес қоғамы осы оқиғаны «прогрессивтік» мәнді құбылыс ретінде идеологиялық саясатта ту етіп көтерді.

Жалпы түрік жұртынан Қазақстанның Ресейге қосылуын кейінгі жылдары әлемдік басылымдарда, соның ішінде Алманияда тұрып жатқан Баймырза Хайыт жазған еңбектерде, монографияларда басқаша мағынада түсінуге болады. Оның «Түркістан мысалындағы кеңестік Ресейдің Шығыс саясаты» /Кельн, 1962 ж./ «Ресей мен Қытай қыспағындағы Түркістан» /Амстердам, 1971 ж./ «Түркі әлеміндегі орыс империализмінің іздері»/Стамбул, 1984 ж./ т. б. еңбектерінде патшалық Ресейдің Қазақ жерін қырып-жоюмен отарланғанын анық дәлелдермен көрсетеді. Макшеев 1890 жылы былай деп жазған екен: «135 жылға созылған /1734-1869/ қырғыз қазақтарын /қазақтарды айтып отыр/ мойынтұрық астына алу тарихы басынан аяғына дейін өте пайдалы болды».

Одан әрі автор: «Қазақ түркілерінің орыс мойынтұрығы астына кіруі, өте ұзаққа созылуы және өте машақатты болды. Өйткені бұл процесс тұрақты түрде саяси іс-әрекет пен соғыстардың дипломатиямен бірігуінен туындады. Орыстар тек қазақ далаларын емес, бүкіл Түркістанды басып алу үшін 1734-1864 жылдар аралығында ұзындығы 3689 шақырым Орынбор-Сібір шекарасын салады. Бұл әскери шекарада 141 бекініс орнатты. Ресей мемлекеті қазақ түркі хандықтарын жойды. Қазақ түркілері қазақ далаларына орыс ықпалының тарауына қарсы және өз азаттары үшін көп күресті» — дей келіп, Ташкентте 1954 жылы болып өткен бір ғылыми жиын-дағы құйтұрқы сұрақты дұрыс келтіреді. Онда «Үндістанның Англияға қосылуы прогресшіл оқиға болып табыла ма? — әрине «жок» деген жауап қайтарылған екен. Сол себепті ол «Орта Азия мен Қазақстан халықтары барлық тұрғыдан бірге өмір сүреді, сондықтан Түркістанның Ресейге қосылуы прогресшіл болды» деп есептемейтінін өзіне абырой санады.

Коммунистік ойдан арылудың арқасында КСРО ыдырағандықтан қазіргі Тәуелсіз Қазақстан тарихшылары әлемдік басылымдармен есептесіп болды. Түркі жұртының тарихын, оның тәуелсіздігін аңсаған Мұстафа Шоқай, Хасан Оралтай, Баймырза Хайыт есімдері ерекше ілтипатпен аталады. / Ақиқат 8, 1996, 61-67-бб./

«Ақиқат» журналының 1996 жылғы № 6 санында 61 бетте Камал Смайыловтың осы журналда жарияланған материалдарына шолуында Қазақстанның Ресейге мойынтұрыққа өтуінің кезеңі былайша беріледі. Құжаттарға сүйенсек: 1730 жылы қыркүйектің 8-де Кіші жүз ханы Әбіл-

қайырдың Анна Иоановнаға жазған хатында: «...Орта жүз бен Кіші жүздің барлық халқымен бірге Сіздің алдыңызға басымызды иеміз, біз Сіздің құлыңызбыз һәм күллі қарапайым халықпен бірге сіздің қамқорлығыңызда болғымыз келеді» делінген.

Ал Ұлы жүз сұлтандары мен билерінің Аннаның атына 1733 жылы жазылған хатында былай делінген: «Ұлы жүздің игі жақсылары мен бектері Сізге ұлы императрица, яки ақ патшаға бодан болуға әзір, атап айтқанда, Қодарбек, Төле би, Сыпатай батыр, Хангелді батыр, Бөлек батыр, сондай-ақ ұлы жүздердің бектері бодан болуға даяр отыр ...»

Орта Азияны зерттеуші Баймырза Хайыт бір еңбегінде 1731 жылы Әбілқайырдың орыс патша әйеліне жазған хатында, әңгіме бодан болу жөнінде емес, қамқорлық жөнінде болды, деп көрсетті. Автор қазақ жерінің Ресей империясының құрамына кіру кезеңін екі кезеңге бөліп қарайды:

Ресей қамқоршы ролін атқару кезеңі. 1731-1855 жж.

Қазақ жерін әскери күшпен еріксіз бағындыру кезеңі. 1856-1868 жж. /Қазақ. Алматы. 1994, 76-б./

4. Қазақ халқының халық-азаттық қозғалыстары (1731-1837 жж.)

1783-1797 жж. Кіші жүздегі Сырым Датұлы басқарған көтеріліс.

Ресей үкіметінің отарлау саясаты XVIII ғ. соңғы ширегінде асқындай түсті. Әсіресе Кіші жүз жерлеріне сұғына енушілікті әскери Жайық құрамалары оны ашықтан ашық жүргізді. Көптеген жерлер Жайық өзені бойлары қамал бекіністеріне толып кетті. Олар: Сахарная, Горск, Кулагин, Зеленовск қамалдары. Жергілікті қазақтар Жайық өзенінен әрі өте алмайтын жағдайға ұшырады. Сонымен қатар мал мен адам басына да қауіп-қатер төнді.

Ал Сырым Датұлына ол кім болған деген сауалға келсек, ол туралы тарихшы М. Вяткин былай деп жазады. «Сырым жас кезінде-ақ ақылды, адал болған. Жиырма жасында байбақты руының биі атанды. Ол ел басқаруда тама руының ақылгөй қариясы Малайсарыдан үйренді, 2 мындай шаңыраққа билік жүргізді» — деді.

Ол 1772 жылы Емельян Пугачёв көтерілісіне өз сарбаздарымен келіп қосылып, патша әскерлеріне қарсы қимылдар жасаған. Оған себеп 1782-1783 жылдың қысқы айлары мал өсірген елге «жұт» әкелді. Бұл туралы прапорщик Сүлейменов Астрахань губернаторы Жуковқа «Гурьев қаласының арғы жағындағы далада жылқысы, сиыры бар өліп жатқан тіпті, көп

мал көрдім, байқауымша бұл малдың саны қойлардың санын санамағанда 10 мыңдай болар» деп баяндаған.

Осындай қиын кезеңде басталған көтеріліс ұлт-азаттық сипат алды. Жергілікті хан Нұралы патша үкіметінің сойылын соқты. Қазак басқыншыларынан Кіші жүз халқын арашаламады. Итаршы сияқты Сырым көтерілісшілерін ұстап, жазалауға күш салды. Бұл саясатты кейінгі ел басшылары Ералы хан, Айшуақ сұлтандар да ұстанды. Ел билігі үшін болған таластар ұлт-азаттық көтерілістің буыны бекіп, сәтті аяқталуына кесірін тигізді. Патша жазалаушы күштері бұл ішкі жағдайдың қиындықтарын сәтті пайдаланып отырды. Отаршылдық саясат одан әрі өрістеді. Көтерісшілер саны 1785 жылы 6 мың адамға жетті. Мысалы, Жайық әскери кеңесінің мәліметі бойынша Барақ батырдың жасауылдары 2 мың, Тіленші батырдың жасауылдары 1500 адам, ал Сырым батырда 2700 жасауылы болды.

Кіші жүз жеріндегі ауыр жағдайды казак атамандарының айуандық шапқыншылықтары туралы Сырым Датұлы 1790 жылы Екінші Екатерина патшайымға былай деп хат жазған:

«...әскери атаман Д. Донсков жазықсыз 225 үйді талқандап, мал мүлікті тонады, 150 адамды өлтірді, 57 адамды тұтқындап әкетті»

Сырым Датұлы өз кезінің сауатты адамы болғандықтан көтерілістің жеңіспен аяқталуына қолғабыс жасайды. Көмек сұрайды. Халқын қырғыннан аман қалдыру үшін 1790-1791 жылдары Табын, Кердері руларының басшыларына хат жазып, жұртты Мұғаджар тауына көшіп кетуге шақырады.

Көтерілістің 14 жылға созылуынан байқағанымыз — ол бірде өршіп бірде басылып жүрді. Тарихи оқиғалардың ішінде бір-ақ рет 1792 жылдың күзінде көтерісшілердің казактардың Елек қамалына шабуыл жасағаны бар. Бірақ ала алмаған. Алғашқы бетпе-бет шайқас 1785 жылы болған делінеді. Онда да орыс-казак горнизондары Сырым батыр жасауылдарын беттеспесе керек. 1797 жылдың аяғына дейін созылған көтеріліс бәсеңсіп барып, ақыр аяғында тоқтады. Бұл көтерілістің маңызы мынада. Ресей үкіметінің басқыншылық іс-әрекетіне қарсы жүрген ұлт-азаттық қозғалыстың алғашқы буыны болды. Көтеріліс жүрген уақыттардағы әлеуметтік топтардың тәуелсіздікке көзқарастарының әр алуандылығын ашты. Патша отарына айнала бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісіндегі жеңіліс табушылықтың көздерін кейінгі халық қозғалыстарына ашып берді.

1836-1838 жылдардағы Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс.

XIX ғ. 30-40 жылдары Кіші жүз территориясында отаршылдық саясат қасірет тудырды. Сол кездегі Бөкей Ордасының ханы Жәңгір қыр өмірін ескі әдет-ғұрып, салт-санамен басқаруға ат салыса отырып, Еуропа мәдениетінде халыққа білім алуға алғашқы мектеп ісін жолға қоя бастады.

Ал Ресей үкіметінің тегеуріні мен тәуелділік тепкісін халық көрді.

Шұрайлы жердің бәрін Юсупов деген князь, Безбородко деген графтар иеленді. Алым-салық орыстық, хандық сипатта болып қазақ қауымының адымын кеңейтпей тастады. Ауыр халге жеткен бөкейліктер қолдарына қару алып, қаң майданға түсті. Бұл ұлт-азаттық көтеріліс 1836-1838 жылдар аралығын қамтыды.

1991 жылы Исатай Тайманұлы туғанына 200 жыл толуына байланысты тәуелсіз Қазақстанның түкпір-түкпірінде дәстүрлі тойлар өткізілді. Осы тұрғыдан қайсы бір ақындар, соның ішінде Рақымжан Отарбайұлы оны былай деп жырға қосты:

Ақ бұлақ тасығанмен Жайық емес,
Жүзгенмен дөңбек ағаш қайық емес.
Ерлігін Исатайдың жырға қоссам,
Жігіттер менің мұным айып емес.
Еділ — Жайық берекелі жер екен ғой,
Байұлы бақыт қонған ел екен ғой.
Жақсының өз жұртына қадірі жоқ,
Исатай асқар таудай бел екен ғой!

Тарихи деректерге қарағанда Исатай Тайманұлы беріш руынан шыққан. Ол 1791 жылы туды.

«Исатай — азаттықты көксеген күрескер, қол бастаған батыр, құдіретті ұстаз... Ораза, намазын тастамайтын тақуа адам. Алдау, арбау, кулық-сұмдықты білмейтін, айтқанынан қайтпайтын, әділдікті талап ететін күшті хан. Исатайдың көпті ертетін қасиеті болды. Көптің арызын айтамын деп, айып тартты» - деп жазды тарихшы Халел Досмұхамедов.

Исатай заманы жоғарыда сөз еткен — патша үкіметінің қазақты, әсіресе Кіші жүзді өзіне қаратқан кез еді. «Бөкейдің елін меңгерген алып еді. Кейін хан орыс өкіметінің қарауылшысы болып қалды. Бөкейліктің елі әуелі Исатайға теріс ерді. Исатай мен хан сөйлесе бастаған еді, біріккен ел ыдырай бастады» — деп сол кездегі шындықты Уәлит Құдайбергенұлы көрсетеді.

Кезінде Исатай өзінің соғысын патша өкіметі мен ханға қарсы бағыттады. Ел Исатай жағына шықты.

Бұл ұлт-азаттық көтерілістің себебі неде? Басты себеп, қазақ жерлеріне отарлап келген орыс үкіметінің озбырлық саясаты. Жәңгір ханның шашбауын көтерген патшаның жансыздары оны өз халқына айдап салды.

Тәуелсіздікті сөз еткен, жер туралы дау айтқан алдыңғы қатарлы ел басшылары қуғынға ұшырады. Оны біз сарай ақыны, хан балаларының тәрбиешісі Махамбет Өтемісұлының өмірінен байқаймыз. Жәңгір хан сарайында өткен старшындар жиналысында ханның патша өкіметіне бас июшілік

іс-қимылдары Исатай және Махамбет тарапынан қарсылықтар көрді. Хан Махамбетті тұтқындап, 1833 жылы Исатай Тайманұлын қуғынға салады.

«Исатай мен Махамбет басқаларды маған бағынбауға шақырды. Олар старшина Қарабөбек пен Жаланға шабуыл жасады. Барлығыңызға жоғарыда айтылған бойсынбаушыларды ұстап маған әкелуді бұйырамын» — деді Жәңгір.

Исатай мен Махамбет бір халық жиналысында ханның басқарушылығынан кетуді уағыздайды. Шындығында опасыз ханның болғандығынан елге болмағаны дұрыс деп танылды.

Бұл ұлт-азаттық көтеріліс үш кезеңнен тұрады.

1-кезең. 1833-1836 жж. қамтиды. Ол көтеріліске әзірлік кезеңі.

2-кезең. 1837 жылдың бастапқы айларынан 1837 жылдың қараша айының ортасына дейінгі уақыт. Көтерілісшілер патша жазалаушыларын қолдаған.

Жәңгір ханға қарсы атанған кезең.

3-кезең. 1837 жылғы желтоқсаннан 1838 жылғы шілде айының аралығы. Көтеріліс жеңілген кезеңі.

Тастөбе, Ақбұлақ, Қиыл өзендері және Бекетай құмындағы шайқастар кезеңі.

Енді қозғалыстың оқиғаға толы сәттерін сөз етейік. 1837 жылы көтерілісшілер саны 4-5 мыңға жетті. Орынбор генерал губернаторы көтеріліс басшыларын ұстау үшін Жәңгір хан үмітін орындауға кірісті.

Көтерілісшілерге қарсы Кулагин, Горск қамалдарынан, Зеленов форпостынан, Орал мен Астраханнан жақсы қаруланған тұрақты казак бөлімдері мен жекеленген әскери бөлімшілері аттандырылды. Оларды жалпы басқаруға подполковник Геке деген адам шықты. 1837 жылы 15 қарашада Геке жазалаушыларымен көтерілістер Тастөбе деген жерде шайқасты. Бұл қан майданда Исатай 100 қаралы жігіттерінен айрылды. Көтерілісшілер Жайықтың сыртына өтті.

Осы жеңілістен кейін Исатай отаршыларымен соғысуға қайтадан күш жинай бастады. 1838 жылы шілде айының 12-жұлдызында құрамында 500-ге жуық жігіті бар Исатайдың негізгі тобы Ақбұлақ, Қиыл өзендері арасында құрамында 2 мыңдық жазалаушылары бар Гекенің қарулы күштерімен шайқас бастады. Исатай жасауылдары ерен ерлік көрсетеді. Зеңбіректердің күші қайран ерлер қатарын азайта береді. Шегінген Исатай аз жігіттерімен Бекетай құмындағы шайқаста қаза табады.

Орыс үкіметі көтерілісшілерді қолға түсіріп, өлімші етіп дүре соқты, каторгалық жұмыстарға айдады. Сібірге, Ригаға, Киевке жер аударды.

Көбісі сотқа жетпей түрмеде өлді. Көтеріліс басылған соң Махамбет бой тасалап жүрді. Бірақ 1846 жылы ол Баймағамбет сұлтан жіберген жендеттің қолынан қапылыста қаза тапты.

Қорыта айтқанда бұл көтеріліс патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы саяси-әлеуметтік жағдайдың асқындауы негізінде басталған ұлт-азаттық сипаттағы қозғалыс болып табылады. Сүттей ұйып отырған қазақ елінің ішкі ісіне қол сұққандығымен қоймай жергілікті хан, сұлтандарды өзінің басқыншылдық саясатына қол шоқпар еткен Ресей империясының нағыз бет пердесін ашқан қазақ тарихындағы ең үлкен көтерілісті байқаймыз. Бұл қозғалыс қазақтың санасына ой жүгіртіп, кімнің дос, кімнің қас екенін танытады.

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТ:

1. *Апполова Н. Г.* Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII — нач. XIX вв. — М., 1960.
2. *Бекмаханов Е.* XIX ғ. 20-40 жж. Қазақстан. — Алматы, 1992.
3. Қазақстан тарихи, очерктер. — Алматы, 1994.
4. Қазақстан тарихи ... Бес томдық. II, III том. — Алматы 1998, 2002.
5. *Мәшімбаев С. М.* Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. — Алматы 1994.
6. *Мусин Ч.* Қазақстан тарихи — Алматы, 2003.
7. *Сулейменов Б. Басин В.* Казахстан в составе России в XVIII — нач. XIX вв. — Алматы, 1993.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТ:

1. Абылай хан. Тарихи кырлар — Алматы, 1991 г.
2. *Алексеев Н. Г.* Русские и казахи Верховного Прииртышья в XVIII — нач. XX вв. — Алма - Ата, 1967.
3. *Ақатаев С.* «Жаңа ереже» деген не? Немесе Сібір қазақтарын басқару жайындағы Жарғы (1822 ж.) // Ақиқат, № 12, 1997.
4. *Әбдіразақов Т.* Қазақстанның Ресейге қосылуының ауыр зардаптары: // Қазақ тарихы, № 2, 1995.
5. *Әдепқызы С., Әбенев Д.* Қоныстандыру саясатына қарсы күрес. // Қазақ тарихы, № 6, 1995.
6. *Баймырза Қайыт.* Түркістанның Қазақстан бөлігінің Ресейге қосылуы туралы кейбір пікірлер // ақиқат, № 8, 1996.
7. *Басин В. Я.* Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв. — Алма-Ата, 1971.
8. *Берденова К.* Қазақ қоғамның әкімшілік — шаруашылық жүйелерінің эволюциясы. — Алматы, 1999.

9. *Вяткин М.* Сырым батыр, оқулық құралы. — Алматы, 1998.
10. *Галлиев В. З.* Битва при Буланты // Мысль — 2000.
11. *Галлиев В. З.* Аныракайская битва // Вестник Военной Академии Вооруженных сил Республики Казахстан. — № 4, 1999.
12. *Галиев В. З.* Жәңгір хан және Орбұлақ шайқасы. — Алматы, 1998.
13. *Ғизатуллин Б.* Хандық басқару қалай күйрегілді? // Ақиқат, № 6, 1996.
14. *Досмұхамедов Х.* «Исатай Тайманұлы еңіреп өткен ер еді» // Жалын, № 6, № 7, 1991.
15. *Дауменов С.* Махамбет және Жәңгір хан. // Жас Алаш, 2 қыркүйек 2003.
16. *Елагин А. С.* Казачество и казачьи войска в Казахстане. — Алматы, 1993.
17. *Ерофеева И. В.* Хан Абулхаир: полководец и политик. — Алматы, 1993.

8-ТАҚЫРЫП XIX-XX ғғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ДАМУЫ

1. XIX-XX ғғ. басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы.
2. 21905-1907 жж. орыс революциясы және оның Қазақстанға тигізген әсері.
3. Халық азаттық қозғалыстағы қазақ интеллигенциясының ролі.
4. 1917 ж. Ақпан буржуазиялық — демократиялық революциясы кезіндегі Қазақстан.

1. XIX-XX ғғ. басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы

Қазақстанның Ресейге қосылуы кезіндегі Қазақстан шаруалары қозғалыстарын зерттеушілер Ресей империясы халықтарының ұлттық-азаттық күресі тарихындағы тарамның бірі деп қарайды. Алайда Ресейдің отарлау саясатына қарсы қазақ халқы күресінің сипаты, ерекшеліктері жөнінде ғалымдар арасында әлі күнге дейін бірыңғай пікір жоқ.

Халық бұқарасының алғашқы әрі ең маңызды қимылдарының бірі Сырым Датовтың қолбасшылығындағы қозғалыс болды. Кіші жүз қазақтарының көтерілуіне патша үкіметінің қазақтарды «ішкі жаққа», Жайық сыртына өткізбей, оған тиым салуы, қазақ ақсүйектерінің бір бөлігінің құқықтарына қысым жасауы, ханның шексіз билігі және оның жақын төңірегіндегілердің қиянатшылдығы негізгі себептер болған еді. Ресейдегі шаруалар көтерілісінің көптеген қолбасшылары сияқты Сырым батырға да аңғырттық-монархиялық қиялдар тән-тұғын. «Жақсы ханға» сенушілік Сырым Датовты да құтылдырмады. Билер жөнінде ол негізінен басқа саясатты — оларды өз жағына тарту саясатын ұстанды, хан билігін қалпына келтіруге келісім беріп, көнімпаздыққа барды. Қозғалыстың отаршылдыққа және ханға қарсы сипаты соңғы кезеңіне дейін сақталғанымен, көтеріліс басшысының мұндай тактикасы оның дамуына айтарлықтай кедергі жасады.

Көтерілісті зерттеуде бірқатар талас туғызатын проблемалар, шешілмеген қарама-қайшылықты сәттер қалып қойып отыр. Ру басшыларының көтерілістегі ролі туралы мәселе даулы күйінде қалуда, Сырым Датовтың Кіші жүздегі ықпалды билермен қарама-қатынастық сипаты, қозғалыстың тоқтауы және батырдың өз жақтастары мен 1802 ж. Хиуа хандығына өтіп

кету себептері нақтыланбаған, осы уақытқа дейін оның апат болу жағдайлары анықталмаған.

Кең өлкені Ресейге қосудың аяқталар шағында бұрқ еткен 1836-1838 жж. Исатай Тайманов батыр басқарған шаруалар көтерілісіндегі бұқаралық қимылдардың отаршылдыққа және феодалдыққа қарсы бағыты анағұрлым анық байқалған еді.

1836-1838 жж. көтеріліс бұрынғы қозғалысқа қарағанда біраз басқа жағдайда өрбіді: бұл кезде Қазақстан жерінің негізгі бөлігін қосып алу аяқталған болатын, патша үкіметінің отаршылдық саясаты барған сайын ашық сипат ала түскенді. 1822 ж. «Сібір қырғыздары туралы» және 1824 ж. «Орынбор қырғыздары туралы» Уставтар, Кіші жүзде аралық басқару жүйесін енгізу патша әкімшілігінің қазақ жерлерін басып алуын жеңілдетуіне қызмет етті. Қазақ руларын құнарсыз жерлерге ығыстыру, царизмнің екіжүзділік саясаты міне, осының бәрі көтеріліске ең алдымен отаршылдыққа қарсыластық сипат берді. Жазалаушылар мен Жәңгір хан төңірегіндегілердің бірлескен отрядтарының күш басымдығына қарамастан көтерілістің негізгі қозғаушы күшін соңғы сәттерге дейін Исатайға адалдығын танытқан қатардағы көшпелілер құрады. Ал бұл аралықта Исатай Таймановтың жасағына бастапқы кезде қосылған билер мен старшындар ханнан жеңілдіктер алуға талпынып, онымен қозғалыс жетекшісінің сыртынан келіссөздер жүргізу арқылы сатқындық жасауға барды. Билер мен старшындар тобының келісімпаздық позициясы едәуір дәрежеде көтерілістің жеңіліске ұшырауын тездетті.

1836-1838 жж. қозғалыс тарихында терең зерттеуді қажет ететін даулы сәттер аз емес. Исатай мен оның серіктерінің көзқарастары, жеке бастарының қасиеттері зерттелмеген көтеріліске шыққандардың санын анықтауда әртүрлілік бар. Іс жүзінде зерттеу объектісіне тек Исатай мен Махамбет Өтемісовтың ғана іс-әрекеттері алынған. Исатайға қолдау көрсеткен, оның туы астында Ақбұлақ шайқасына дейін (12.VII.1838 ж.) табандылықпен күрескен даңқты батырлар, олардың Жәңгір ханмен, оның төңірегіндегілермен қарым-қатынасы өзінің зерттеушілерін әлі де күтеді.

Көтерілістің соңғы кезеңіндегі ерекшеліктерін ашуға көмек көрсететін бірқатар мәселелер жекелеген жасақтары 1838 ж. шілде-тамыз айларында Кіші жүздің батыс аудандарында әрекет жасаған Кенесары Қасымов ханның көтерілісімен өзара байланыста зерттелуі мүмкін: бұл стихиялы аттаныстың бағдарламасын талдап тексеруді екі туыстас ғылым-тарих пен әдебиеттің түйіскен жерінде, Махамбет Өтемісовтың поэтикалық мұрасын мұқият зерттеу негізінде баяндаған жөн болар еді.

Ұлт-азаттық қозғалысының тарихында XIX ғ.-дағы ең ірі — 1837-1847 жж. көтеріліс ерекше орын алады. Өзінің құлаш сілтемесі, Ресей сая-

сатына әсер етуі, халықты қамтуы, ұзаққа созылуы және табандылығы жөнінен ол қазақ халқының бұрынғы және өзінен кейінгі қимылдарынан едәуір ерекшеленеді. Отарлық басып алушылыққа, Орта жүзде әскери желілер салуға және өлкелер ұйымдастырылуына қарсы наразылық білдіру тұрғысында Кенесары Қасымов ханның қолбасшылық етуімен басталған бұл көтеріліс Кавказ тауларының қозғалысымен бірге 10 жыл уақыт бойы қуатты империяның күш-құралдарын өзіне аударды, Орта және Ұлы жүздердің бірсыпыра жерлерін соғыспен бағындыру мерзімдерін кейінге шегерді, сөйтіп ол қырғыздар жеріндегі жеңіліспен аяқталды.

Бұл көтеріліс царизмнің отаршылдық саясатына қарсы қазақ халқының ең қуатты қозғалысы болды. Көтерілістің шыққан кезі патшалық Ресейдің отарлық иеліктерін кеңейте түсіп, қысым жасауының әкімшілік және әскери шараларына қарамастан өзінің оңашалануын сақтап тұрған аудандардың тәуелсіздігін жоюға біржола кіріскен уақытымен тұспа-тұс келді.

1837-1847 жж. көтеріліс өзінің сипаты, қозғаушы күштері, негізгі мақсаты жөнінен отаршылдыққа қарсы бұқаралық көтеріліс болды.

Ресей империясы Қазақстанды өзіне қосып алғаннан кейін, мұнда отаршылдық тәртіпті күшейтуге бағыт алды. Ол үшін патша үкіметі осы кезге дейін өлкеде жүзеге асырылып келген округтік басқару жүйесін түбірімен өзгерту міндетін қойды, оның орнына сатылап бағындыру жүйесіне негізделген мемлекет аппаратын құруға кірісті. 1867 жылы 11 шілдеде патша Александр II – Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы Ережелер жобасына, 1868 жылы 21 қазанда — Торғай, Орал, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы Ережелер жобасына қол қойды. Сөйтіп, 1868 жылдан бастап жаңа тәртіп бойынша қазақ даласын облыстарға, облыстарды уездерге, уездерді болыстарға, болыстарды ауылдарға бөлді де, ел арасында съезд өткізіп, болыс, старшындарды сайлау дегенді шығарды. Соның салдарынан шен-шекпен үшін болатын ру-тайпалар арасындағы бұрынғы алауыздық оты өшіп, енді ол рулас, аталас адамдар арасында лаулады. Жемқорлық парамен толтырған патша әкімдері бұл мүмкіндікті өз пайдасына шебер пайдаланды.

Жаңа реформа бойынша Қазақстан жері үш генерал-губернаторлыққа: Түркістан, Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлықтарына бөлінді. Бүкіл әскери және азаматтық өкімет билігі түгелдей генерал-губернатордың басшылығына бағындырылды. Орынбор генерал-губернаторлығына — Орал /1868/ және Торғай /1868/ облыстары, Батыс-сібір генерал-губернаторлығына — Ақмола /1854/ және Семей /1854/ облыстары, Түркістан генерал-губернаторлығына – Жетісу /1866/ және Сырдария /1867/ облыстары енді. Бұрынғы Бөкей хандығының жері 1872 жылы Астрахан губерниясына қосылды. Маңғышлақ приставтығы 1870 жылы Кавказ әскери

округінің қарауына берілді, ал кейініректе Закаспий облысына енді. Әскери губернаторлар жанынан жарлықты шаруашылық және сот бөлімдерінен тұратын облыстық басқармалар құрылды, оларды вице-губернаторлар басқарды.

Қазақстанда табиғаттың мол қоры болды. XIX ғасырдың ортасына қарай көптеген кен орындары ашылып, мыс, қорғасын, күміс, көмір өндіру қолға алынды. Кен балқытатын, өндіретін, өңдейтін кәсіпорындар салына бастады.

Қазақ жерінде тауар-ақша қатынастары бірте-бірте дами берді. Оған жәрмеңкелік сауда жасаудың зор ықпалы тиді. Қазақстандағы Қызылжар, Семей, Ақтөбе, Көкшетау, Орал, сондай-ақ көрші Ресей губернияларындағы Омбы, Қорған, Түмен, Орынбор қалалары ірі сауда орталықтарына айналды, оларда жазғы және күзгі кездерде жәрмеңкелер жұмыс істеді. Қазақстан орыс кәсіпшілігі үшін мал, шикізат жеткізуші әрі өндіріс өнімдерінің тұтынушысы болды. Қазақтар жәрмеңкелер мен айырбас пунктерінде қой, жылқы, ұсақ және ірі қара малдары мен май, былғары, тері, елтірі, ешкі түбігін т. б. ауылшаруашылық тауарларын жеткізді. Бұл кезде Қазақстан Ресей астығының негізгі тұтынушысына айналды. Барлық шекаралық сауда орындары арқылы мұнда жыл сайын 400-500 мың сомға астық жеткізілді. Ресейден шұға, қағаз, қант, бояулар, темір, алтын және күміс теңгелер алды. Сауда айырбас ретінде жүрді. Баға өлшемі жұрттың бәріне бірдей үш жасар қойдың құны 1 сом күміске теңеліп, сол бойынша басқа тауарларға тиісті баға қойылды. Халықтың бай, кедей болып жіктелуінің күшейуі, жартылай көшпелі елге ақша-тауар қатынастарының барған сайын батыл енуі қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымын өзгертіп, әлеуметтік қайшылықтарды шиеленістірді және қоғамның рулық-қауымдық қалдықтарының күйреуіне себебін тігізді.

2. 1905-1907 жж. орыс революциясы және оның Қазақстанға тигізген әсері

Бірінші орыс революциясы кезінде патшалық тәртіпке қарсы күреске ұлттық аймақтардың халықтары да көтерілді. Қазақстан еңбекшілерінің 1905-1907 жылдардағы ереуілдері орыс халқының төңкерістік күресімен тығыз байланысты еді.

Желтоқсан қарулы көтерілістің әсерімен 1905 жылы 11 желтоқсанда Успен руднигінде жұмысшылардың ірі ереуілігі өтті. Ереуіл барысында орыс жұмыскері П. Топарнин мен қазақ жұмысшысы Ә.Байшағаров басқарған «Орыс-қырғыз одағы» құрылды. Жұмысшылар өздерінің жалпы

жиналысында қабылдаған талаптарын «Петиция» ретіне рудник басшысы Н. Фелльге тапсырды. Оның бірде-бір пункті қабылданбағандықтан «Орыс-қырғыз одағының» шақыруымен рудникте ереуіл басталды. Рудник кеңсесі үстіне қызыл жалау көтерілді. Бұл ереуілді Қарағанды көмір кені орындарының жұмысшылары қолдады. Патша әкімшілігі бұл жерлерге әскери отрядтар жіберіп, ереуілшілерді жазалады. Успен руднигі жұмысшыларының ереуілі Қазақстан тарихында көрнекті орын алады. Яғни ол өлкеде революциялық қозғалыстың шарықтаған кезі деп саналады.

1905-1907 жж. революциялық қозғалыстармен байланысты Қазақстанда жұмысшылардың кәсіподақ ұйымдары бой көтерді. Алғашқылардың бірі болып Оралдаға теміржолшылардың кәсіподағы /1905 ж. қараша/ құрылды, оған Н. Смуров, Н. А. Покатилов және Н. И. Ульянов басшылық жасады. Оралда басқа да бірқатар кәсіподақ ұйымдары қызмет етті. 1906 ж. Орынбор-Ташкент теміржолшыларының кәсіподағы — 6 мың мүшесі бар ең ірі ұйым болатын.

Патша үкіметі халықты революциялық қозғалыстан бөліп шығару үшін, олардың өкілдері қатысатын Мемлекеттік Дума шақыру жөнінде өзінің шешімін қабылдады. 1905 жылы желтоқсан айында I Мемлекеттік Думаны шақыру жөнінде патша үкіметінің жарлығы шығып, оған Қазақстаннан 9 депутат, оның ішінде 4 қазақ сайланды. Олар: Ә.Бөкейханов, А. Бірімжанов, А. Қалменов, Б. Құлманов. I Думаның көптеген депутаттарының патша үкіметінің саясатына қарсы шығуымен байланысты, ол 1906 ж. 8 шілдеде қуып таратылды. Сол жылы тамыз айында II Мемлекеттік Дума шақырылды. Оған Қазақстаннан 14 депутат сайланды, оның 6-уы қазақ халқының өкілдер болды. Олар: Ш. Қосшығұлов — Ақмола облысынан, Х. Нұрекенов — Семей облысынан, Б. Қаратаев — Орал облысынан, А. Бірімжанов — Торғай облысынан, Т. Аллабергенев — Сырдария облысынан, М. Тынышбаев — Жетісу облысынан.

Екінші Мемлекеттік Думада өлкенің социал-демократиялық ұйымдарынан барған депутаттар қазақ кедейлерінің мүдделерін қорғап сөз сөйледі. Олар еңбекшілердің ауыр жағдайының себептерін, жер мәселесін шет аймақтарды отарлау саясатымен шешуге болмайтынын айтты. Мәселен, Б. Қаратаев өзінің Мемлекеттік Думадағы сөзінде елдегі аграрлық қайшылықтарды үкімет шаруаларды далалық аймақтарға, соның ішінде Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарына көшіру арқылы шешкісі келеді деп көрсетті.

3. Халық азаттық қозғалыстағы қазақ интеллигенциясының ролі

XX ғасырдың басында қазақ жеріндегі отаршылдық күшеюі ұлт-азаттық қозғалысының өрлеуіне әсер етті. Бұл кезде қазақ ұлт интеллигенциясы өкілдерінің арасында Петербор, Мәскеу, Варшава, Қазан, Омбы, Орынбор жоғарғы оқу орындарын бітіргендерден либерал-демократиялық тобы қалыптасты. Оның басында ірі саяси қайраткер, көрнекті экономист-ғалым, «Алаш» партиясының негізін қалаушы, кадет партиясы орталық комитетінің мүшесі, Мемлекеттік Думадағы мұсылмандар тобының мүшесі Әлихан Бөкейханов тұрды.

Ұлттық қозғалыстың Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов бастаған жетекшілері халықтың азаттық қозғалысын конституциялық монархия, либерал-демократиялық реформалар жүргізу үшін күреске бағыттағысы келді. Олар паша үкіметінің аграрлық саясатын қатты сынға алды, Қазақстанға орыс шаруаларын қоныстандыру саясатын тоқтатуды талап етті. 1905 ж. қазанда ұлттық интеллигенция өкілдері Оралда 5 облысындағы қазақтардың делегаттарының съезін өткізіп, онда олардың ұлттық мүддесін қорғауға тиісті Ресейдің конституциялық-демократиялық партиясының филиалын құрмақшы болды. 1906 жылы Семейде қазақтардың екінші съезі болып өтті. Ол съезд кадеттердікіне жақын бағдарламаны мақұлдады. Оған өлкеде орыс шаруаларының қоныс аударуын тоқтату, Қазақстанның барлық жерлерін бұрыннан тұрғылықты халықтың меншігі ретінде тану, мектептер ашу және тағы басқа да талаптар енгізді. Олар өздерінің дін тұту ерекшелігін алу, ұлттық мәдениетін дамыту, Қазақстанда қазақ тілін басқа тілдермен теңестіре жүргізу жөнінде мәселелер көтерді.

Бұл кезде сондай-ақ демократиялық бұқара халықты жақтаушы бағытындағы топтар құрылды. Олар Мұхамеджан Сералин редактор болған «Айқап» журналының төңірегіне топтасты. «Айқап» журналы 1911-1915 жж. шығып тұрды. Оның жұмысына Ж. Сейдалин, Б. Қаратаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин т. б. араласты. Қазақ еңбекшіл бұқарасының 1905-1907 жж. ұлт-азаттық қозғалысы көп жағдайда ұйымдаспаған түде өтті.

4. 1917 ж. Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңіндегі Қазақстан

1917 жылы 27 ақпанда Петербургте буржуазиялық-демократиялық төңкеріс жеңіске жетті. Патша өкіметі құлатылды. Патша өкіметі құлатылған-

нан кейін бүкіл Ресейдегі сияқты Қазақстанда да қос үкімет орнады. Бұрынғы патша чиновниктері, меньшевиктер, кадеттер және буржуазиялық топтар басқаратын уақытша өкімет органдарымен қатар халықтық өкіметтің жаңа органдары жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының кеңестері құрылды. Патша өкіметінің құлатылғанын қазақ халқы зор қуанышпен қарсы алды. Ақпан төңкерісінен кейінгі алғашқы күндерде-ақ патша өкіметінің жергілікті органдарын жою және оған неғұрлым қызмет еткендерді жазалау жөніндегі шаралар қолға алынды. Оралда облыстың вице-губернаторы Мордвинов, жандармерия бастығы Балобанов және басқалар, Омбыда Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Сухомлинов, Петропавлда земстволық және уездік бастықтар, Орынборда Торғай губернаторы Эверсман орындарынан алынып, тұтқындалды. Қазақстанда кеңестер 1917 жылдың наурыз-мамыр айларында Семейде, Әулиетада, Петропавлда, Көкшетауда, Ақмолада, Оралда, Павлодарда т. б. жерлерде құрыла бастады. Сонымен қатар Қазақстанда қазақ интеллигенциясы басқарған қазақтардың ұлттық, облыстық және уездік комитеттер де ұйымдастырылды. Оларға комиссарлар болып ұлттық интеллигенция өкілдері, атап айтқанда, Торғай облысына Ә. Бөкейханов, Жетісу облысына М. Тынышбаев, Түркістанда М. Шоқаев т. б. тағайындалды. Уақытша өкіметтің Қазақстандағы жергілікті органдары кулактарға, орыс-қазақтардың басшы топтарына арқа сүйеді. Қазақтарды саяси құқықтарынан айырған ескі заңдар күшінде қалды, орасан зор жер иеліктері мен орыс-қазақ әскерінің сословиелік артықшылықтары сақталды. Қазақ халқының таңдаулы жерлерін тартып алушы қоныс аудару басқармасы өз қызметін өзгертпеді. Ақпан төңкерісінде жеңгеннен кейінгі Қазақстан жұмысшы табының елеулі табысы — кәсіпшілер одақтарының құрылуы еді. Ақпан төңкерісінің нәтижесінде осы кезде Омбы, Орынбор, Ташкент, Семей т. б. қалаларында қазақ жастары жастар үйірмелері мен ұйымдарын құрды. Бұл кезде империя көлемін қамтыған саяси тұрақсыздық жағдайында Орынбор қаласында шоғырланған қазақ интеллигенциясы кезек күттірмейтін ұлттық мәселелерге байланысты жалпы қазақ съезін шақыру туралы шешім қабылдады. Олар «Қазақ» газеті арқылы арнайы үндеу жолдады. 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынборда болған I бүкілқазақ съезінде «Алаш» партиясы құрылды. Төрағасы болып Әлихан Бөкейханов сайланды. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жақып Ақпаев, Әлімхан Ермековтер «Алаш» партиясының идеологтары болды.

Съезд шешімдері Ақмола, Семей, Торғай, Орал облыстарындағы және Закаспий облысының қазақ аудандарындағы мұсылмандарды басқару үшін Орынборда тәуелсіз муфтилік құру керектігін ескертті. Бүкілқазақтық I съезд шын мәнінде қазақтың ұлттық саяси партиясы «Алаштың»

сьезі болып айқындалды. «Алаш» партиясына сондай-ақ ғылыми-шығармашылық интеллигенцияның өкілдері М. Тынышбаев, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, С. Торайғыров, Ж. Досмұхамедов т. б. кірді. Бұлар 1917 жылдың жазында қалыптасқан жағдайда, тұтасынан алғанда қазақ қоғамы оған дайын болмағандықтан большевиктердің социалистік бағдарламасын қабылдамады Олар «Қазақ халқын отарлық езгіден азат ету» ұраны төңірегінде топтасты.

Патша өкіметі құлатылған соң большевиктер астыртын жағдайдан шықты. Большевиктер қатарына С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, С. Арғыншиев және басқалары кірді. Олар уақытшы үкімет саясатының мәнін халыққа ашып берді. Жұмысшылар мен шаруаларды, солдаттарды төңкерістің жеңісі жолындағы күреске топтастырды.

1917 жылдың көктемі мен жазында Қазақстан халқының барлық топтарын саясаттандыру күшейді. Ауылдар мен деревнялардың саяси өміріне туған жеріне оралған тыл жұмысына қатысқандар (150 мыңдай адам) жаңа леп алып келді. Олардың көбі ауылдарына саяси жағынан сауатты болып, бостандық үшін күресуге бел байлап оралды. 1917 жылдың маусымында Павлодар арқылы тыл жұмысына қатысушылар келді. Олар өздерімен бірге қару-жарақтар алып келді.

1917 жылдың жаз айы мен күзінде елдің барлық жерінде халық бұқарасы большевиктер жағына шыға бастады. Большевиктер қазақ халқына оңды-солды жалған уәделер берді.

1917 жылдың күзінде Қазақстанда тағы бір саяси ұйым, өзін қазақтың социалистік партиясы деп атаған «Үш жүз» партиясы болды. Оның жетекшісі Көлбай Тоғысов еді. Бұл партия большевиктік бағыт ұстап, Қазақстанның қоғамдық саяси өмірінің көптеген мәселелері бойынша «Алаш» партиясының негізгі оппоненті тұрғысында оған қарсы шығып отырды.

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТ:

1. *Асфендияров С.* Қазақстан тарихы. — Алматы, 1993.
2. *Дулатова Д. И.* Историография дореволюционного Казахстана. (1861-1917 гг.) — Алма-Ата 1984.
3. *Бекмаханов Е.* Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. — Алматы, 1994.
4. *Бекмаханова Н. Е.* Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма. — М., 1986.
5. *Берденова К. Ә.* Қазақ қоғамының әкімшілік-шаруашылық жүйелерінің эволюциясы. — Алматы 1999.
6. Қазақстан тарихы...бес томдық II, III томдар. — Алматы, 1998, 2002.
7. Қазақстан тарихы, очерктер. — Алматы, 1994.

8. *Мусин Ч.* Қазақстан тарихы. — Алматы, 2003.
9. *Толыбеков С. Е.* Кочевое общество казахов в XVII — начале XX вв. Политико-экономический анализ — Алма-Ата, 1971.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТ:

1. *Абдрахманова Б. М.* История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX в. — Астана, 1998.
2. *Абдилов М. Ж.* История казачества Казахстана. — Алматы, 1994.
3. «Айқап» беттерін ақтарғанда // Қазақстан комунизма № 8, 1990.
4. *Ақтамбердиева З.* Қатігездік қолшоқпары. Жетісу казактарының 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісін басуға қатысуы // Ақиқат, № 7, 1997.
5. *Атабаев Қ.* Қазақ баспасөзі. Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918 жж.) — Алматы, 2000.
6. *Аманжолов Д. А.* Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. — М., 1994.
7. *Анчиков Г. В.* Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлы. — Алматы, 1992.
8. *Ахмедов Ғ.* Русия думасындағы қазақ депутаттары // Жұлдыз. № 8, 1994.
9. *Ахметова К.* «Алаш» партиясы туралы бірер сөз. // Ақиқат, № 9, 1995.
10. *Әбеш М.* Тағдыр («Үш жүз» партиясын ұйымдастырушы Көлбай Тоғысов туралы) // Егемен Қазақстан, 11 маусым, 1997.
11. *Әбжанов Х.* Қазақстан интеллигенциясы: тарих пен тағдыр. // Ақиқат, № 11, 1991.
12. *Бекхожин К.* Кенесары мен Наурызбай. // Егемен Қазақстан, 29 мамыр, 2002.
13. *Боранғалиұлы Т.* Қазақ халқының атынан (1907 ж.) // Егемен Қазақстан, 16 мамыр, 1997.
14. *Бөкейханов Ә.* Шығармалары, — Алматы, 1994.

9-ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ (XVIII-XX ғғ. БАСЫ)

1. Қазақстандағы халық білімін дамыту.
2. Өлкені ғылыми зерттеу және Қазақстан ғылымы.
3. Қазақтың жазба әдебиеті.
4. Қазақ халқының саз өнерінің мұралары.
5. Қазақтардың материалдық мәдениеті.

1. Қазақстандағы халық білімін дамыту

XIX ғасырдың ортасына дейін қазақ даласында байырғы халықтың балаларын оқытуға арналған еуропалық үлгідегі мектептер жоқтың қасы еді, мұндай бастауыш мектеп 1841 жылы тек Бөкей Ордасында ғана ашылды. Отаршылдық аппараттың төменгі органдарына хатшылар мен тілмаштар даярлау үшін 1850 жылы Орынбор шекаралық комиссиясының жанынан қазақ балаларын оқытуға арналған жеті жылдық арнаулы мектеп ашылды. Оған бүкіл Орынбор өлкесінен қабылданған 30 оқушының ішінде Ы. Алтынсарин де бар еді. Бұл мектепті 19 жылда 48 оқушы бітіріп шықты. Алғашқы кезде онда мұсылман дінін оқыту басым болатын, кейін дін ықпалы шектеліп, 1859 жылы орыс тарихы, математика, жалпы және орыс географиясы мен геометрия енгізілді.

1857 жылы Орынбор үлгісімен Омбыдағы облыстық басқарма жанынан қазақ балаларына арналған мектеп ашылды, ол негізінен алғанда тілмаштар даярлады. Ширек ғасырға жуық өмір сүрген бұл мектеп 1881 жылы приход мектептері мен уездік училищеде оқитын он қазақ және он орыс тәрбиеленушілеріне арналған пансион ретінде қайта ұйымдастырылды. 1865 жылы Омбыда қазақ балаларына арналған тағы бір мектеп ашылды, ал 1869 жылы Орынбор гимназиясы жанынан шығыс тілдерінің тілмаштарын және әскери округтердің хатшыларын даярлайтын бөлімше құрылды.

XIX ғасырдың 60-жылдары Қазақстанда бастауыш мектептердің ашылуы Ы. Алтынсариннің есімімен тығыз байланысты. 1867-1868 жылдардағы реформалардан кейін мұндай мектептер қазақ өлкесінің көптеген аймақтарында жұмыс істей бастады. 1868-1869 жылдарда Орал облысында 24 орыс-қазақ мектебі, олардың қатарында 2 екі сыныптық, 6 селолық бір сыныптық, 14 жоғары сыныптық мектеп және 2 жекеше училище болды. 1877 жылға қарай Орал қазақ әскерінің 47 мектебінің бесеуі қыздар мектебі еді. Оралда 2250 оқушы оқыды, бұл сол өңірдегі мектеп жасындағы қазақ балаларының 2 пайызынан сәл ғана асатын еді. 1894 жылы Орал қаласында

ер балалардың әскери гимназиясы, қыздар гимназиясы, діни училище ашылды. Бұған қоса облыс бойынша 37 шіркеу мектебі, 77 станицалық, поселкелік шағын мектеп, сондай-ақ 10 болыстық орыс-қазақ мектебі болған еді. Бұл мектептерде барлығы 2984 оқушы оқыды.

Ақмола облысында да мектеп ісі осы шамалас болды. 1861 жылға қарай Сібір казак әскерінің бүкіл ұлан-ғайыр «Горькая шебінің» бойында казак балаларының сауатын ашуға арналған небәрі 14 мектеп қана болды, ал қоныс аударған шаруалардың балаларын, әсіресе казак балаларын оқыту жайында ол кезде сөз болуы да мүмкін емес еді.

Облыста 70-жылдардың басынан бастап мектеп ісі едәуір жандана түсті. Ер балалар және қыздар гимназиялары мен прогимназиялары, мұғалімдер даярлайтын семинария, ер балалар оқитын уездік приход училищелері, округтік әскери училище, станицалық және поселкелік мектептер, госпиталь жанынан фельдшерлік мектеп және басқа да оқу орындары ашылды. Ол кезде бүкіл облыста барлығы 2767 оқушысы бар 76 оқу орны болды; олардың ішінде 1 қазақ мектебі (27 оқушы), ер балалар оқитын 4 татар (231 оқушы) мектебі, қыздар оқитын 3 (44 оқушы) мектеп болды. XIX ғасырдың аяғына қарай облыста оқу орындарының саны үш еседей көбейді. Ауыл мектептері де ашылды, бірақ олар тым аз болды. 1898 жылы Ақмола облысында мектеп жасындағы балалардың саны 61 106 болса, олардың 88 пайызы мектепке тартылмай қалды.

1872 жылы Семей облысында 68 оқу орны жұмыс істеді, 1896 жылы олардың саны 105-ке, ал 1900 жылға қарай 114-ке жетті. 1898 жылы Семей облысы бойынша мектеп жасындағы 61 668 баланың 5 пайызы ғана оқыды.

1883 жылы қазақ балаларын оқытуға арналған ер балалар интернаты облыс орталығы Семейде, сондай-ақ уездік қалалар Павлодарда, Өскемен мен Зайсанда жұмыс істеді, ал қазақ қыздарын оқытуға арналған интернаттар Семей мен Павлодарда ғана болды. 1886 жылы бұл мектептерде 152 ер бала мен 37 қыз оқыды.

Сырдария облысындағы орыстарға арналған алғашқы мектептер 1860 жылы Райым (Қазалы) бекінісінде және Перовскіде (Ақмешіт, қазіргі Қызылордада) ашылды. Бір жылдан соң Райым бекінісінде қыздар мектебі ұйымдастырылып, оған 15 орыс қызы оқуға түсті. Райым бекінісіндегі мектепке 17 орыс және 6 қазақ баласы, Перовскідегі мектепке 16 орыс және 13 қазақ баласы қабылданды. 1863 жылы Райым бекінісінде қазақ балаларын оқытуға арналған мектеп ашылды. 1876 жылы облыста 10 мектеп жұмыс істеді. Сол жылы Түркістан өлкесінің оқу орындарын басқару жөніндегі дербес инспекция құрылды. Педагог кадрларды 1879 жылы құрылған Ташкент мұғалімдер семинариясы даярлап отырды. Нақ сол жылы «бұратаналардың» балалары үшін шәкірттер үйі ашылды. 1896 жылы облыстағы оқу

орындарының саны 78-ге жеткен, соның жетеуі «орыс-бұратана» мектебі болды. Осы мектептерде оқыған 3896 баланың (2743 ер бала және 1153 қыз) 548-і қазақ балалары еді. Бұл мектептерде 120 мұғалім, 31 мұғалима, ал «орыс-бұратана» мектептерінде 13 мұғалім жұмыс істеді. Екі жыл өткен соң Сырдария облысында бастауыш оқу орындарының саны 119-ға жетіп, оларда 5507 оқушы оқыды. 1898 жылы облыста 12 436 адамға бір мектептен келді; 206 322 қала тұрғындарына 29 мектеп және 1 273 526 ауыл тұрғындарына 90 мектептен келген еді. Қазақ ауылдарында XIX ғасырдың 80-жылдарының орта шенінен бастап мектептер ашыла бастады.

Жетісу облысының аумағында алғашқы мектептер 1868 жылдан бастап ашыла бастады. Верный және Қапал бекіністерінде приход мектептері құрылды. Облыстың қалған уездерінде 12 станицалық және поселкелік бастауыш мектеп болған еді. Барлық мектептерде 532 оқушы, оның ішінде 72 қыз оқыды. Қоғамдық қаржылардың есебінен ұсталған бастауыш селолық және қалалық мектептер ашыла бастады. XIX ғасырдың 90-жылдарының аяғында облыстың алты уезінде (Верный, Қапал, Лепсі, Жаркент, Пішпек және Пржевальский) 61 оқу орны болды, оның ішінде Верный қаласында ер балалар және қыздар оқитын классикалық гимназиялар (біріншісінде — 260, екіншісінде — 229 оқушы), әскери гимназия, үш сыныптық қалалық училище, 40 оқушысы бар қазақ пансионы, бағбаншылық мектебі, 2 ауыл шаруашылық мектебі, үш сыныптық училище жанындағы уақытша ұйымдастырылған педагогикалық курс, ал қалған уездік қалаларда — 5 екі сыныптық ер балалар мектебі, 1833 оқушысы бар 35 бір сыныптық приход мектептері (оның ішінде алтауы қыздар оқитын мектептер, бесеуі аралас мектептер) болды. Қыстақтарда «орыс-бұратана» мектептері мүлде аз еді. 1897 жылы мектеп жасындағы 89 110 баланың 97 пайызы оқымады.

Қазақстандағы патша әкімшілігінің шенеуніктері арасында қазақ халқының сауатын ашуда бастауыш білім берумен, яғни орыс жазуын, әсіресе ауызша сөйлесе білуді және арифметиканың алғашқы төрт амалын үйретумен ғана шектелу жеткілікті деген түсінік үстем болғанын атап өту керек. Орыс өкіметінің осындай кертартпа саясатының нәтижесінде Қазақстанның жалпы орта білім беретін оқу орындарында орыс емес ұлт балаларының өте шектеулі бөлігі ғана оқыды.

Қазақ халқы арасында ұлттық орта (гимназиялық) білім беру патша үкіметінің жалпы білім беру жоспарынан алынып тасталған сияқты көрінді. Қазақ балаларының орта оқу орындарына түсуіне жол бермеу үшін отаршылдық үкімет орындары оқу ісін мұқият қадағалап отырды. Ұлттық зиялылардың пайда болуынан, ұлт сана-сезімінің өсіп, қазақ халқының отаршылдық режимге қарсы ұлт-азаттық қозғалысының өрлеуінен қорыққан

патша үкіметі қазақтарды жалпы орта білім беретін оқу орындарына жолатпауға тырысты.

Отаршылдық әкімшіліктің Қазақстанның байырғы халқының гимназиялық (орта) білім алуы саяси зиянды деп тануы күмәнсіз факт, ол аймақта еуропалық үлгідегі ұлттық жалпы орта білім беретін оқу орындарының болмауынан көрінді. Қазақстан аумағында ұлттық орта оқу орындарының болмауы қазақтарды өз балаларын орыс орта оқу орындарына беруге мәжбүр етті.

XIX ғасырдың екінші жартысында болыстар мен ауылдардағы қазақ балалары әдетте мұсылман мектептері мен медреселерде оқыды. Патша үкіметі қазақ даласында мұсылман мектептерінің ашылуына жол бермеу үшін шаралар қолданды. Ол жергілікті отарлық органдар мен оқу бастықтарына мұсылман мектептерін қатаң бақылау жөнінде нұсқаулар мен ережелер жіберді. Осы ережелердің шек қоятын талаптарының бірінде былай делінген: «Облыстың мектептері мен медреселерінде балаларын оқытқысы келетіндердің оқу орны бастықтарынан алған рұқсат куәлігі болуға тиіс». Куәлік үшін 50 тиын мөлшерінде алым алынды. Оқу құқығына куәлік алудан жалтарған және өз балаларын мектептер мен медреселерге өз бетінше берген адамдарға бірінші жолы — 10, екінші жолы 30 сом айыппұл салынды, ал үшінші ретте 5 тәуліктен 15 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алынып, одан әрі олардың өз балаларын мұсылман мектептерінде оқытуына тыйым салынатын болған.

Қандай да болмасын шектеулерге қарамастан жер-жерде, әсіресе Қазақстанның ислам дінінің ықпалы күшті болған оңтүстік облыстарында мұсылман мектептері ашыла берді.

1896 жылы Ақмола облысында — 547 оқушысы бар 13, 1898 жылы — 425 оқушысы бар 11 мектеп пен медресе болды.

1884 жылы Семей облысында - 615 оқушысы бар 10, 1895 жылы 900 оқушысы бар 17 мектеп пен медресе жұмыс істеді.

1894 жылы Торғай облысында 457 оқушысы бар 59 мектеп пен медресе болды.

1896 жылы Орал облысында — 4926 оқушысы бар 206, 1897 жылы 4 113 оқушысы бар 198 мектеп пен медресе жұмыс істеді.

Сырдария облысында (Ташкент қаласын, Ташкент, Шымкент, Әулиеата, Түркістан, Перовск және Қазалы уездерін, сондай-ақ Әмудария бөлімін қоса алғанда) 1892 жылы 27082 оқушысы бар 1497 мектеп пен 35 медресе, 1895 жылы — 28 898 оқушысы бар 2409 мектеп пен 34 медресе болды.

1891 жылы Жетісу облысында — 12 510 оқушысы бар 64, 1897 жылы — 12 835 оқушысы бар 88 мектеп пен медресе жұмыс істеді.

Қазақ балалары жаздығүні киіз үйлерде, ал қыстығүні жертөлелерде оқытылатын. Әдетте киіз үйлерді жекелеген адамдар қайырымдылық негізінде беріп отырды, жертөлелер бүкіл ауыл болып бөлген қаражатқа салынды.

Медреселерге келетін болсақ, олар әдетте тұрақты тұрғындары және мешіттері бар белгілі бір мекендерде орналасты. Медресенің үй-жайларын әдетте жекелеген «қайырымды адамдар», ал кейде барлық дін жолын ұстанушылар салып берді. Түрі жағынан олар қазақтардың әдеттегі тұрғын үйлерінен ерекшелігі шамалы еді — төбесі тегіс етіліп, қабырғалары күйдірілмеген кірпіштен немесе шымнан салынатын. Қалалық қоныстарда қалалық мектептер үлгісімен салынған медреселер болды. Мысалы, мұндай медреселер Семейде, Ақмолада, Петропавлда, Оралда, Көкшетауда бар еді. Оңтүстіктегі қалаларда олар — ортаазиялық, ал солтүстік пен батыста татар медреселеріне ұқсас болатын. Барлық медреселер «ерікті» қайырымдылық есебінен жақтаңдырылды.

Бұл кезеңде оқу құралы «Шариат-ул-иман» немесе «Иман-шарт» болды. Құран оқумен бірге, татар және араб тілдеріндегі кітаптар бойынша исламның негізгі қағидалары мен басты ғұрыптық ережелер оқытылды. Олардың арасынан мыналарды тізіп келтіруге болады: «Бадауам», «Ақырзаман», «Фазаил-уш-шухур», «Истуани», «Қырық хадис», «Фихка-Каидани», «Әптиек», «Софы-Аллаяр», «Чар-Китаб».

Мектептерде көбінесе 8-ден 17 жасқа дейінгі балалар білім алды. Медреселерде мектепте білім алған және өз білімін тереңдетуге тілек білдірген адамдар оқыды. Медресеге түскендер «талиб-улам» (білімге ұмтылушылар) немесе шәкірттер деп аталды. Олар Орта Азияға және Еділ татарларына жалпы белгілі оқулықтар мен оқу құралдары бойынша араб филологиясын және мұсылман діні құқығын, сондай-ақ діни философияға қатысты басқа да бірқатар пәндерді оқыды.

Медреселердің «мұғалімдеріне» келетін болсақ, олар негізінен алғанда дін жолын ұстанушылардың ұсынысы бойынша тиісті үкіметтік органдар бекітіп, тағайындаған молдалар болды. Бұл молдалар мешіттерде діни қызмет атқара жүріп, медреселердегі істерді басқарды және шәкірттерді оқытумен айналысты.

Тағайындалған молдалар Қазақстанның тек қана солтүстік, солтүстік-батыс және ішінара солтүстік-шығыс облыстарында ғана болды. Ал оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарда жергілікті медреселерде немесе Орта Азияның медреселерінде білім алған жеке адамдар ғана мешіт молдасы және медресе мұғалімі болып қызмет істеді. Бұл молдалардың бәрі негізінен Бұхарада оқыды. Бұхарада оқу үшін оңтүстік облыстардан ғана емес,

сонымен қатар солтүстік және солтүстік-шығыс облыстардан да адамдар баратын еді.

Қазақстанның батыс және солтүстік облыстарының молдалары негізінен татар медреселерінде оқығандар. Олар Стерлибашево (Уфа губерниясының бұрынғы Стерлитамак уезі) деревнясындағы медреседе, Карғалы (Уфа губерниясының бұрынғы Орынбор уезі) деревнясындағы медреседе және Троицк қаласындағы «Зейнулла-иман медресесі» деп аталатын медреселерде оқып, білім алған.

Шамамен XIX ғасырдың аяғынан бастап қазақтар Орал мен Еділ бойы қалаларында ашылған «жаңа әдіспен» оқытатын татар медреселеріне ден қоя бастады.

XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап өлкеде оқу округтері құрылды. Орынбор оқу округіне Орал және Торғай облыстары, Батыс Сібір оқу округіне Ақмола және Семей облыстары, Түркістан оқу округіне Сырдария және Жетісу облыстары қарады. Облыстық басқармаға және оқу округтеріндегі «бұратаналар» мектептерінің инспекторына бағынатын облыстық мектеп инспекторлары тағайындалды.

2. Өлкені ғылыми зерттеу және Қазақстан ғылымы

Ресей империясының экономикасы мен саяси өмірі саласына Қазақстанның енуі оның ерекшеліктерін жан-жақты зерттеуді, оның тарихи өткен-кеткенін ой елегінен өткізіп, табиғи ресурстарын, өндіргіш күштер деңгейін анықтауды қажет етті. Қазақстанды зерттеумен Ресейдің толып жатқан ведомстволары — Ғылым академиясы, Географиялық қоғамы, Таукен ведомствосы, Қатынас жолдар министрлігі, Мемлекеттік мүлік министрлігі, Қазан университеті жанындағы Археология, тарих және этнография қоғамы және басқа да ұйымдар айналысты.

Белгілі тарихшы және мемлекет қайраткері А. И. Левшин (1797-1879) «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы» деген іргелі еңбегінде еуропалықтарға қазақтардың географиясын, тарихы мен этнографиясын бір жүйеге түсіріп, суреттеп берді және Ш. Уәлихановтың айтуы бойынша, қазақ тарихы үшін Геродот даңқына лайық еңбек сіңірді.

Өлкеде қалыптасып келе жатқан зиялылар, мұғалімдер, дәрігерлер, саяси айдаудағылар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қазақстан аумағында құрылуы немесе қызметі халықшылдар есімдерімен байланысты емес ғылыми экспедиция, қоғам, мұражай жоқтың қасы. Олардың көбісі мұнда саяси айдауда болды немесе қызмет бабымен келді. Өлкеде ғылыми жұмыспен

айналысу орыс революционерлерінің Қазақстандағы өмірінің сәулелі шақтары болып табылады.

Отаршылдық пиғылдағы патша өкіметі XIX ғасырдың екінші жартысында көптеген жергілікті өлкетану қоғамдары мен бөлімшелерін ашады. Жергілікті өлкетану қоғамдарының міндеттері «географиялық, статистикалық, этнографиялық және жаратылыс-тарихи материалдар жинап, өңдеу және тарату, ғылыми экспедицияларды жаратқандыру» болды.

Алға қойылған міндеттер барлық аудандарда бірдей дәрежеде жүзеге асырылмағанмен, олар ғылыми даярлығы бар әр түрлі адамдарды біріктірді. Өлкетану қоғамдарының жанынан шағын кітапханалар, өлкетану карталары, этнографиялық экспонаттар коллекциялары құрылды.

Патша өкіметінің отарлау саясатына деген қарсылыққа қарамастан, өлкетану қоғамдарының жұмысында айқын екі ағымның өкілдері болды. Бір жағында — патша өкіметінің отарлау идеологиясын жүргізушілер: генералдар, губернаторлар, дін қызметшілерінің бір бөлігі мен шенеуніктер тұрса, оларға қарама-қарсы жақта прогресшіл пиғылдағы зиялылар: мұғалімдер, дәрігерлер, агрономдар, табиғаттанушылар, саяси жер аударылғандар тұрды.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан мәдениетінің дамуына Қазақстанда айдауда жүрген халықшылдар елеулі үлес қосты. Өлкеде бір-қатар халықшылдық үйірмелер пайда болды, оларда көптеген мәселелер, соның ішінде ұлт мәселесі де талқыланды, бірақ олар негізінен ағартушылық бағытта қызмет етті.

Қазақстанның әр түрлі қалаларында көптеген ғылыми қоғамдар: облыстық статистика комитеттері, географиялық қоғамның бөлімдері, 1887 жылы Орынбор ғылыми мұрағат (архив) комиссиясы ашылды.

Ғылыми зерттеу орталықтарының бірі Орынбор болды. Мұнда XIX ғасырдың орта шенінде Қазақстанды зерттеушілер Я. В. Ханьков, М. И. Иванов, белгілі шығыстанушы В. В. Григорьев, тарихшылар В. В. Вельяминов-Зернов, П. А. Юдин жұмыс істеді. Л. Мейер қазақ өлкесі туралы «Орынбор ведомствосының Қырғыз даласы» (1865) деген арнаулы монография шығарды. Л. Н. Гумилев, В. Н. Плотниковтер, В. Н. Игнатев, П. Н. Оводов және басқалар жекелеген мәселелерді зерттеді.

Орынборда Орыс географиялық қоғамының бөлімі және Торғай статистика комитеті ашылды. Олардың қызметкерлері арасында Н. Дмитриев, Б. Скалов, П. Добровольский, бірқатар саяси жер аударылғандар болды. Олармен бірге қазақтар М. Бабажанов, Т. Сейдалин, Б. Дауылбаев, С. Жантөрин, Б. Наурызбаев, А. Сейдалин, А. Бейсенов, Б. Қаратаев, Ұ. Асауов жұмыс істеді. М. Бабажановтың Д. Сейдалиннің, С. Жантөриннің, Б. Наурызбаевтың, Х. Қаржасовтың этнографиялық еңбектерін өлкетану қоғам-

дары жоғары бағалады. Еңбектердің көпшілік бөлігін — Батыс Сібір бөлімі, бірқатарын 1897 жылы құрылған Орынбор және Түркістан бөлімдері басып шығарды. Географиялық қоғам бөлімдерінің «Жазбалары» революцияға дейінгі Қазақстан тарихының, оның экономикасының, тұрмысының, мәдениетінің, этнографиясының құнды деректемелері болып табылады.

1887 жылы Орынбор ғылыми мұрағат (архив) комиссиясы құрылды. Комиссия мұрағат ісін тәртіпке келтіруді, өлкенің өткен тарихын зерттеуді, археологиялық және этнографиялық материалдар жинауды өзінің негізгі міндеті деп санады. Комиссияның «Труды» деген өз баспасөз органы болды. 1894-1917 жылдарда бұл басылымның 34 саны жарық көрді. Мұрағат комиссиясы Қазақстанның өткен тарихын зерттеуге зор көңіл бөлді.

Өлкетанудың тағы бір орталығы Орал болды. Онда жиналған әр түрлі материалдар өңделіп, «Памятные книжки», «Уральские областные ведомости» және «Уралец» газеттерінде мақала түрінде жарияланып отырды. Бұл аймақты зерттеушілер қатарында Н. Бородинді, В. П. Кранихфельдті, Н. П. Огановскийді, М. К. Курилинді және басқа адамдарды атап айтқан жөн. Батыс Қазақстанды зерттеуде антрополог А. А. Харузин, этнограф М. С. Бабажанов елеулі рөл атқарды. Зерттеулердің нысанасы қазақтардың тарихы мен шаруашылығы, балық аулау кәсіпшілігі, шаруалардың қоныстануы болды.

Омбы маңызды мәдени және ғылыми орталық болатын. Мұнда ХІХ ғасырдың орта шенінде зерттеушілер Н. М. Красовский, Н. А. Абрамов, кейініректе Н. Н. Балкашин жұмыс істеді. Жергілікті ғалымдар мен саяси жер аударылған зерттеушілер Ақмола статистика комитетінің жанындағы Географиялық қоғамның бөлімшесіне бірікті. Қоғам жұмысына белсене қатысушылар арасында Ф. А. Щербина, Г. Н. Потанин, Н. Петропавловский, А. И. Сведенцев, Л. К. Чермак, Д. Клеменц, В. Остафьев, Н. Я. Ядринцев, И. Я. Козлов, Н. Я. Коншин, Г. Е. Катанаев, С. Гуляев, И. Я. Словцов, Н. А. Золотов, Ю. А. Шмидт және басқалар болды.

Батыс Сібір өлкетану қоғамдарына қазақтар М. Шорманов, Ш. Уәлиханов қатысты. Ә. Бөкейханов өз қызметін сонда бастады.

90-жылдарға қарай Батыс Сібір географиялық қоғамы бөлімінің мүшелері қатарында Қазақстан аумағында қызметте жүрген және саяси жер аударылған көптеген адамдар: Ф. А. Щербина (Омбы), Л. К. Чермак, А. И. Янцеквич (Петропавл), М. И. Суворцев (Семей), В. А. Роголевич (Атбасар), Е. П. Михаэлис (Өскемен), Н. Я. Коншин (Семей), Л. А. Кузнецов (Петропавл), Г. А. Галимонт (Семей) болды. Бөлім қызметкерлері арасында Верный, Зайсан, Лепсі, Атбасар, Көкшетау және басқа қалалардан келген адамдар жұмыс істеді.

Солтүстік Қазақстанды зерттеуде өлкетану қоғамдары көп жұмыс атқарды. Өлкенің тарихы, экономикасы, табиғи жағдайлары жөнінде едәуір материалдар жинап, жариялады.

Петропавл, Көкшетау, Ақмола, Атбасар өлкетанушылары Географиялық қоғамның Батыс Сібір бөлімінің қызметкерлері болды және бөлім жұмысына көмек көрсетті. Түрлі уездердегі кейбір дәрігерлер Омбы медицина қоғамының жұмысына араласты. Олардың арасында Н. И. Пахолков (Петропавл), М. А. Шестаков (Семей), В. Д. Осовнин (Көкшетау), Н. Л. Зеланд (Верный), В. К. Барсук, Б. М. Мариупольский (Петропавл), А. А. Полубинский (Ақмола облысының облыстық дәрігері) және басқалар бар еді.

Саяси айдаудағылардың өлкетану жұмысына қатысуының жарқын мысалы Семей статистика комитетінің қызметі болып табылады. Ол 1883 жылы саяси айдаудағы Е. П. Михаэлистің көмегімен ашылды. Оған айдаудағы халықшылдар Н. И. Долгополов, А. А. Блек, А. А. Леонтьев, С. С. Гросс, П. Кашинский, жергілікті өлкетанушылар А. Земляничин, Г. Шестаков, А. Герн, С. Никитин және басқалар қатысып тұрды. Олармен бірге комитетте Абай Құнанбаев, Әміре Айтбакин болды.

Өлкетанушылардың күш-жігерінің арқасында этнография, жергілікті өсімдіктер және жануарлар дүниесі, минералогия бойынша бай экспонаттар жинақталған жергілікті мұражай құрылды. Бұл Қазақстанда ғана емес, бүкіл Сібірге де мәлім мұражайлардың бірі болатын. Сонымен бірге, статистика комитетінің кітапханасы ашылды. Оған Ертіс өңіріне қатысты кітаптар, көркем әдебиет жинақталды, балалар кітабы бөлімі жұмыс істеді. Кітапхана ондаған газеттер мен журналдар алып тұрды. Өлкенің мәдени өмірінде статистика комитеті зор рөл атқарды. Географиялық қоғамның Семей бөлімін ашу туралы мәселе қойылды. Семей өлкетанушылары өз мақалаларын «Семипалатинские областные ведомости», Семей облысының «Памятные книжки», «Восточное обозрение», «Сибирская газета» газеттерінде жариялап тұрды.

Ташкенттің ғылыми мекемелері Оңтүстік Қазақстанды зерттеу орталығына айналды. Онда халықшылдар П. И. Пашино, Г. С. Загряжский, Д. Иванов, В. И. Межов, Г. Усов, И. Гейер, Е. Смирнов және басқалар ғылыми қызметпен айналысты. Алайда отаршылдық әкімшілікте маңызды қызметтер атқарған Н. И. Гродеков, С. А. Идаров, Н. А. Маев, Г. А. Арендаренко, А. П. Хорошхин, М. А. Терентьевтер де жергілікті мәселелерді зерттеумен шұғылданды. Жергілікті өлкетанушылар олармен тығыз байланыста болды. «Материалы для статистики Сырдаринской области», «Туркестанские ведомости» газеттерінде өлкетанушылық сипаттағы көптеген зерттеулер жарық көрді. Қазақстан проблемалары бойынша бірнеше арнаулы зерттеулер басылып шықты. Сонымен бірге мұнда да ғылыми ко-

ғамдардың қызметіне қазақтар мен татарлар қатысты. Е. Букин, Н. Жетпісбаев, Ә. Диваев, Қ. Қостанаев ерекше зерттеулер жүргізді.

Зерттеу қызметі орталықтарының бірі Жетісу болды. Мұнда П. П. Семенов-Тянь-Шанский, кейініректе А. Н. Краснов, А. Ф. Голубев, М. И. Венюков экспедициялық сапарлар жасады. Н. А. Аристов, Ф. Костенко, Н. Н. Пантусов, Г. С. Загряжский, Р. И. Метелицын, В. А. Монастырский, А. Флеров және басқалар ғылыми қызметпен айналысты.

Оңтүстік Қазақстан зерттеушілері материалдарын әр түрлі басылымдарда, атап айтқанда, «Туркестанские ведомости», «Семиреченские областные ведомости» газеттерінде, үздіксіз шығып тұрған «Материалы для статистики Туркестанского края», «Материалы для статистики Сырдаринской области», «Памятные книжки Семиреченской области» атты сериялық еңбектерде, ведомстволық басылымдарда жариялап отырды.

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды зерттеумен Ташкент қаласындағы Түркістандағы әр түрлі ғылыми қоғамдарына біріккен адамдар айналысты. Н. Л. Зеланд, Н. И. Маев, А. П. Хорошхин, В. И. Межов, Г. А. Арендаренко, Е. Т. Смирнов, И. В. Аничков, И. Гейер, Н. П. Остроумов осындай өлкетану қоғамдарының қатысушылары болды.

Сонымен қатар, жергілікті жерден шыққан, «Қазақтардағы дене және ақыл-ой тәрбиесі», «Орыс-қазақ және қазақ-орыс сөздігі» деген мақалалардың авторы Ешмұхамед Букиннің өлкетанушылық еңбектерін атап өту қажет. Құдабай Қостанаев «Перовск және Қазалы уездері қазақтарының этнографиялық очеркі» деген еңбек жариялады. Ноғайбай Жетпісбаев археологиялық жұмыстармен айналысты. Мұнда Ш. Ибрагимов те жұмыс істеді. Әбубәкір Диваев қазақ фольклористикасы жөнінде алуан түрлі материалдар жинап, жариялады.

1896 жылы «Дала облыстарын зерттеу жөніндегі экспедиция» жұмыс істей бастады. Далалық өлкенің барлық уездерін зерттеу жөніндегі бұл экспедиция құрғанда Мемлекеттік мүлік министрлігі зерттеу нәтижелерін Қазақстанда жер саясатын жүргізуге пайдалануды көздеді. Экспедицияның міндетіне аумақты табиғи-тарихи жағынан зерттеп, суреттеу, жер түрлерін, бұл мәселедегі ауылдар мен болыстардың маңызын, шаруашылық жүргізу, жерді пайдалану тәсілдерін анықтау кірді. Ресейдің Орталық губернияларынан әкелінген шаруаларды қоныстандыру мақсатында шаруашылық-статистикалық зерттеуге баса көңіл бөлінді. Экспедицияның құрамына Ф. А. Щербина, Ә. Бөкейханов, Л. К. Чермак, П. А. Васильев, Н. Ф. Гусев, Н. Белев, В. А. Владимировский, Н. Ф. Дмитриев, қазақ зиялыларының үлкен тобы — Ұ. Базанов, Т. Жалмұхамедов, И. Жақсылықов, И. Құдайқұлов, И. Тілекеев, Г. Саркин, Р. Мәрсеков, Е. Итбаев, М. Бекетаев, М. Шомбалов, Д. Сатыбалдин, Т. Есенқұлов және басқалар кірді.

XIX ғасырдың 60-90 жылдарында қазақ зерттеушілері дүниетанымының қалыптасуына халықшылдық идеология көп әсер етті. Олар айдаудағы халықшылдардың көзқарастары мен әдіс-тәсілдерін меңгерді. Алайда олардың арасында идеялық алшақтықтар да болды. Олардың бір бөлігі үстем тап позициясын ұстанып, өткенді дәріптеді. Ал тұтас алғанда, қазақ қоғамдық ой-пікірі патриархаттық қалдықтарынан, идеялардағы жетілмеушіліктен, нысандарындағы толыспаушылықтан арыла бастады. Қазақ ағартушылары көшпелі қоғамдағы тоқыраушылыққа қарсы шықты, егіншіліктің және тұтас қоғамдық өмір дамуының маңыздылығын түсінді.

Экспедицияға қатысушылар арасында экономистер, ботаниктер, топырақтанушылар, агрономдар болды. Олар материалдар жинап, қазақтардың жер пайдалануы жөнінде Ф. А. Щербинаның экспедициясы жинап, өңдеген материалдардың он үш томын басып шығаруға әзірледі (I-XIII т. 1898-1908). Бұл материалдар XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы қазақ шаруашылығының жай-күйі жөніндегі тендесі жоқ деректеме болып табылады. Қазақтардың шаруашылығы, шаруалардың қоныстануы тақырыптарындағы материалдар XIX ғасырдың аяғында журналдар мен газеттердің беттерінде кеңінен жарияланды. Алайда мұндай мақалалар авторларының көпшілігі Ресейдегі аграрлық дағдарысты шаруаларды өзге жерге қоныстандыру есебінен шешуге болады деген пікірде болды. Олар қазақ ауылдарының жағдайын, қазақ халқының менталитетін ескермеді.

Алайда аграрлық қатынастарды зерттеушілер еңбегінің құндылығы мынада: олар мол деректі материалдар қалдырды, әлі күнге дейін маңызы зор статистикалық жұмыстар жүргізді.

Ғылыми қоғамдарды қызықтырған тағы бір мәселе қазақ халқының тарихы болды. Қазақстан тарихы көптеген ғалымдардың зерттеу нысанасына айналды. Қазақ халқының өзіндік ерекшелігін зерттеушілер білімнің әр түрлі салалары бойынша жұмыс істеді. Саяси жер аударылғандардың назарын Қазақстан археологиясы аударып, Н. Коншин, Д. Кастанье, А. Харузин, Л. Чермак, Д. А. Клеменц, Л. Каллаур, Д. И. Ивановтар Қазақстандағы бірқатар объектілер туралы еңбектер жариялады. Қазақтардың этнографиясы жөнінде де көптеген мөлшерде мақалалар жарық көрді. Осы сипаттағы барынша қызықты еңбектердің бірі Ф. Зобниннің «Қазақ даласындағы еріксіздер, құлдар және төлеңгіттер туралы мәселе жөнінде» деген еңбегі еді. Мұнда мұрағат материалдары мен қолда бар әдебиет пайдаланылды.

XIX ғасырдың екінші жартысында зерттеушілер статистикалық деректерді жинап, өңдеу барысында көлемді жұмыс жүргізді. Мәселен, XIX ғасырдың 70-80 жылдарында Қазақстанда халық санағы жүргізілді. Е. Михаэлис пен А. Тилло Семей қаласы және бүкіл Қостанай уезі бойынша халық санағын жүргізді. Статистика комитеттерінің күшімен халық және тү-

тін санағы, өскери ат санағы жүзеге асырылды. Мәселен, 1888-1892 жылдарда әскери ат санағы ішінара Ақмола және Семей облыстарында да жүргізілді.

Қазақстанды басқару саласындағы әкімшілік реформаларға байланысты қазақтардың дағдылы құқығын зерделеп, жүйеге келтіру керек болды. XIX ғасырдың қыркыншы жылдарынан бастап әр түрлі мекемелер қазақтардың дағдылы құқығы жазбаларын жинауға кірісті.

Қазақтардың дағдылы құқығы бойынша Д. Андре, А. Леонтьев, И. И. Крафт, Г. С. Загряжский, Н. Гродеков және басқа зерттеушілер көп жұмыс істеді. Мәселен, сот ісін жүргізу, отбасы, жер құқығы жөніндегі халықтық ғұрыптар жазбасы Семей комитетінің назарын аударды.

Қазақтардың дағдылы құқығы жөніндегі материалдарды жинауға А. Л. Леонтьев, С. С. Гросс, А. Блок, Е. Михаэлс, А. Карелин, Н. Якимовтар бастамашы болды. 1886 жылы статистика комитеті «Қазақтардың заңдық ғұрыптарын зерттеуге арналған материалдарды» басып шығарды. Оған саяси жер аударылғандардың еңбектері енді.

Қазақ жұртшылығы дағдылы құқық жөніндегі басылымның жарық көруіне ризашылықпен қарады. Ол туралы «Дала уәлаятының газеті» арнаулы хабар басты. Бұл жинаққа қосымша 1890 жылы А. Леонтьев «Қазақтардың дағдылы құқығы» деген мақала жариялады. Мұнда автор қазақтарда шарифаттың ешқашан да құқыққа негіз болмағанын көрсетті. Мұсылман діні де, XIX ғасырдың аяғына қарай енген орыс ықпалы да далада ежелден келе жатқан дағдылы құқықты бұза алмады. Бұл қағидаға басқа заңгерлер — Н.И.Гродеков, Г.С.Загряжский, А.Изразцов, Р.И.Метелицын қосылды.

Қазақстан жөніндегі ғылыми материалдардың қомақты қорын жасауда облыстық статистика комитеттері едәуір рөл атқарды. Статистика комитеттері туралы ережеде былай делінген: «Бұл комитеттердің басты мақсаты жергілікті әкімшілік статистиканы дұрыс ұстау, атап айтқанда: әрбір губернияда немесе облыста үкіметтің талап етуімен және Орталық статистика комитетінің нұсқауымен сол губернияның немесе облыстың жер мөлшері мен жерінің сапасы, халық саны және өндіргіш күштері туралы дәл статистикалық мәліметтер жинаудың мейлінше дұрыс әдістерін белгілеу және бұл мәліметтерді тексеру мен өңдеу болып табылады...». Бұл орайда халықшылдар көп күш жігер жұмсады. 1878 жылы Ақмола, 1896 жылы Орал, 1895 жылы Торғай, 1879 жылы Жетісу, 1887 жылы Сырдария облыстық статистика комитеттері ашылды.

Статистика комитеттерінің басылымдарында облыс бойынша өндіргіш күштер, халық шаруашылығы, суландыру жүйелері, қатынас жолдары, тұрғындар және олардың кәсіптері, алым-салықтар, оқу-ағарту және т. б. туралы егжей-тегжейлі мәліметтер жинақталған шолулар ерекше орын ал-

ды. Бұл шолуға қоса, жиынтық статистикалық кестелер беріліп отырды. Бастапқыда мұндай шолулар «аса мәртебелі» губернаторлардың жыл сайынғы есептеріне қосымша ретінде жазылатын. Уақыт өте келе шолуларда статистикалық материалдармен қатар, жекелеген авторлардың мақалалары да жариялана бастады. Түркістан өлкесінде ұзын саны 100-ге таяу шолу басып шығарылды, соның ішінде: «Жетісу облысы бойынша шолулары» 1882 жылдан 1913 жылға дейін үнемі шығып тұрды, Сырдария облысы бойынша «Шолулар» 1885 жылдан 1895 жылға дейін шығарылды. Бұған қосымша Сырдария облыстық статистика комитеті 1891 жылдан 1907 жылға дейін «Сырдария облысының статистикасына арналған материалдарды» жыл сайын шығарып тұрды.

Комитеттер облыстық шолуларға қоса өз еңбектері мен басқа басылымдарды да шығарды. Мысалы, Сырдария комитеті өз еңбектерінің бір томын, «Сырдария облысының статистикасына арналған материалдар жинақтарының» 13 санын басып шығарды. Жетісу облыстық статистика комитеті «Жетісу облысының ескерткіш кітапшалары мен мекен жай-күңгіз-белерінің» (1898-1905) 5 томын жариялады.

Саяси айдауда жүргендер қазақ халқының өткені мен бүгінін халықшылдық тұрғыда зерттеді. Мәселен, этнографиялық зерттеулерде олар әрқашанда әлеуметтік және саяси мәселелер көтеріп отырды. Олардың өз зерттеулері мен мақалаларында либералдық және реформистік бағыт ұстанды. Халықшылдар қазақтардың өмір шындығын экзотика ретінде қарастыруға қарсы шықты. Тұтас алғанда халықшылдар қазақ қоғамының күрделі құрылымын ақырына дейін түсіне алмаса да, олар біреулердің екіншілерін қанауы көңіл аударды, орыс және қазақ халықтарының еңбекші бөлігінің езілген жағдайына қоғамның назарын аударуға тырысты. Патша самодержавиесін сынап, бостандық идеяларын насихаттады.

Қазақстанда саяси айдауда жүргендер өздерінің ғылыми қызметінде халықшылдықтың жалпы идеялық негіздерін басшылыққа алды, бірақ әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық жаңа нақты жағдайлар оларды көбінесе күтпеген тұжырымдар жасауға мәжбүр ететін. Олар шет аймақтардың әлеуметтік-экономикалық өміріне капитализмнің енуін аңғара отырып, осыған байланысты өлкедегі шаруалардың қоныстануына және жұмысшылардың жағдайына, өңдеуші және тау-кен өнеркәсібінің дамуына ерекше ден қойды. Халықшылдар жазған еңбектер патша әкімшілігінің ресми басылымдарымен салыстырғанда шыншыл және ғылыми жағынан орнықты болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан аумағында көптеген тарихи-статистикалық, этнографиялық, геологиялық, географиялық экспедициялар жұмыс істеді. Әдетте, олардың белсенді қатысушылары халықшыл-

дар болды. Әрбір экспедицияға жергілікті ұлт өкілдері, көбінесе қазақтар жолбасшы және тілмаш болып қатысты.

Екі халық өкілдерінің мұндай өзара қатынастары, олардың арасындағы байланыстар қазақтар мен орыстардың жақындасуына себепші болды. Қазақ және орыс өкілдерінің шығармашылық достастығы қазақ қоғамдық ой-пікірінің дамуында демократиялық негіз қалады. Орыс отаршылдарына қарама-қайшы, орыс демократиялық және революцияшыл ой-пікірінің өкілдері қазақ және орыс зерттеушілерінің арасында достық қатынастардың дамуына жәрдемдесті.

3. Қазақтың жазба әдебиеті

XVIII ғ. аяғы — XIX ғ. бірінші жартысынан бастап қазақ әдебиетінің дамуында жаңа дәуір басталды. Бұл кезде қазақ әдебиетіндегі бұрынғы әншілік-жыршылық дәстүр біртіндеп ығыстырылып, оның орнын жеке поэтикалық шығармашылық басты. Ақындар өздерінің өлеңдері мен жырларында өмірдің нақты шындығына үңіліп тануға, жеке көзқарастарын еркін білдіруге тырысты, осымен байланысты ақындардың шығармашылығы дамып, жеке толғаныстарында көркемдік шеберлікке жетудің жолдарын іздестірді. Осының нәтижесінде қазақ әдебиеті ұлттық дарынды тұлғалардың көптігімен, бір-біріне мүлдем ұқсамайтын дара туындылардың сан қырлы сипатымен ерекшеленді. Олардың ішінен поэтикалық дарыны зор небір суырып салма, импровизаторлар дараланып шықты. Солардың арасынан жауынгер ақын Махамбет Өтемісовтың (1803-1846) творчествосын ерекше бөліп айтқан жөн. Оның көптеген шығармалары 1836-1838 жылдардағы Исатай Тайманов бастаған халық-азаттық көтерілісіне арналды. Махамбет — көтерілістің жалынды жыршысы ғана емес, сонымен қатар Исатайдың адал серігі, даңқты батыр ретінде көтерілісті ұйымдастыруға белсене қатысты. Ол өзінің ұран іспеттес жуынгерлік жырларымен көтерілісшілерді рухтандырып, жігер беріп отырды. Сондықтан Махамбеттің өлеңдері халық-азаттық көтерілісінің қуатты дауысы және ұраны болып табылды.

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүріп, өздерінің халықтың мұн-мұқтаждарымен үндесіп жатқан тамаша шығармаларымен танымал болған Нысанбай, Шернияз, Сүйінбай, олардан кейін іле-шала шыққан Бақтыбай, Маралбай, Өспе, Кемпірбай қазақ мәдениетінің тарихында өшпес із қалдырды. Қазақтың көрнекті ақындары Шортанбай, Дулат, Мұрат, Орынбай, Шөже, Біржан, Жамбыл, Майкөт, Әсет, т. б. өлең-жырлары өздерінің терең мазмұнымен жұртшылықты тәнті етті. Айтысқа түсіп жүлде алып, өлеңде-

рі жұрттың есінде, аузында жүрген қазақтан шыққан қыз-келіншектер де аз болған жоқ. Сара, Ұлбике, Айсұлу, Манат, Балқия, Рысжан, т. б. солардың қатарына жатады.

Қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы — Абай Құнанбаев (1845-1904) артында өлеңдер, дастандар, қара сөзбен жазылған ғақлиялардың мол мұрасын қалдырды. Ол өз шығармаларында адамгершілікке, рухани тазалыққа үндеді. Халыққа жат кулық-сұмдықты, залымдықты шенеді. Абай паракор билеушілерді, ашкөз судьяларды, надан молдаларды жек көріп, әшкерлеп отырды. А. Құнанбаев әр адамның адамзат қоғамына қызмет ету жолы ең алдымен еңбекте, тек еңбек ғана материалдық және рухани игілікке жету құралы деп білді. Еңбекші бұқараның өмірін жақсарту жолдарын ол егіншілікті, қолөнерді және сауданы дамытумен тығыз байланыстырды. Абай жас ұрпақты ғылым мен білімді үйренуге, адалдыққа, имандылыққа шақырды. Ол ғылым мен білімнің қоғам үшін маңызын ашып көрсете келіп, бұлардың «өсек, өтірік, мақтаншақтың, еріншектік, бекер мал шашпақтықпен» сыйыспайтынын ерекше атады. А. Құнанбаев туралы қазақтың аса көрнекті ойшыл жазушысы Мұхтар Әуезов былай деп жазды: «Абай өзінің кіршіксіз ақ жүрегін тебіrentкен сансыз ойларын тамаша шығармалары мен жырларының бетіне маржандай төгілдірді, оның әрбір бетінен, әрбір жолынан, әрбір сөзінен бізге соншама ыстық, соншама жақын леп сезіледі, ол леп кешегі өткен заманның, кешегі тәркі дүниенің соққан тынысы болса да бізге түсінікті, жүрегімізге қонымды. Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы — заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің үнімізге қосылып жаңғырып жаңа өріс алып тұр».

Абайдың ақын шәкірттері өз балалары — Ақылбай, Мағауия, туысы Көкбай, інісі Шәкәрім қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылатын көптеген шығармалар қалдырды. Әсіресе, Шәкәрім Құдайбердіұлының /1858-1931/ жазғандары көп болды. Ол соңғы уақытқа дейін халық жауы ретінде аталып, есімі жұртқа белгісіз болып келді.

Адамдық борыш ар үшін,

Барша адамзат қамы үшін,

Серт қылам еңбек етем деп,

Алдағы атар таң үшін,

— деп серт еткен ол қазақ халқының мәртебесін биіктетіп, мол әдеби мұра қалдырды. Шәкәрім жазған «Қазақ шежіресін», «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Дума», «Дубровский әңгімесі» /Пушкиннен/ деген поэмаларын, Хафиз ақын өлеңдерінің, американ жазушысы Бичер-Стоу Гарриеттің «Том ағайдың лашығы» деген романының, Лев Толстойдың шығармаларының қазақ тіліндегі аудармаларын атауға болады. Қазақтың ірі ойшыл

шежірешісі, ақыны Мәшһүр Жүсіп Көпеев те /1858-1931/ осы Шәкәрім тұстас өмір сүріп, халық сүйіп оқитын шығармалар жазды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының саяси-мәдени өмірінде жарық жұлдыздай көзге түскен, әміршіл-әкімшіл заманның құрбаны болып аттары ұзақ уақыт бойы аталмай келген Ахмет Байтұрсынов /1873-1938/, Мағжан Жұмабаев /1893-1938/, Жүсіпбек Аймауытов /1889-1931/, Міржақып Дулатов /1885-1935/ сияқты алыптардың мұраларымен қазақ халқы кейінгі кезде ғана танысуға мүмкіндік алды. Олардың еңбектері мен олар туралы деректер қазір көп жариялануда. Солардың арасында 1992 жылы «Жалын» баспасы шығарған «Бес арыс» жинағын атауға болады.

Ахмет Байтұрсынов қазақ елінің тәуелсіздігі, қазақ халқының бақыты үшін үлкен соқпақты жолдан өтіп, қазақтың тіл білімін дамытуға зор үлес қосты. Оның аудармасында Крыловтың «Қырық мысалы» қазақ тілінде шықты. «Маса» деген атпен өлеңдер жинағы жарық көрді. Саясатқа, мәдениетке байланысты орасан көп шығармалар жазды. Ахмет Байтұрсынов «Алаш» партиясын ұйымдастырушылардың бірі. Ол өнерлі адам болған, шығарған әндері де сақталған. Оның еңбектерінің дені тілге байланысты, сондықтан да Қазақтың ұлттық академиясының Тіл институтына Ахмет Байтұрсынов есімі берілген.

Қазақтың Пушкині аталған Мағжан Жұмабаев сыршыл ақын болған. Мұхтар Әуезов оны қазақ ақындарының қара қордалы ауылында туып, Еуропадағы мәдениетпен сұлулық сарайына барып, жайлауы жарасқан ақын деп суреттейді. Ол қазақ әдебиетіндегі Абайдан кейінгі аса биік тұлғалардың бірі. Сондай ірі тұлғалардың қатарына Жүсіпбек Аймауытовты да жатқызуға болады. Ірі драматург, қара сөзбен жазғандары, өлеңдері көп бұл әдебиетшіні де халық қатты қастерлеп сүйіп оқыған.

Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш,

Емесін жемісі көп тамаша ағаш,

Қалғаниша жарты жаңқам мен сенікі,

Пайдалан шаруаңа жараса, алаш, -

деп келетін Міржақып Дулатов тек ақын ғана емес, сонымен бірге үлкен күрескер, саясатшы да болды. Ол «Алаш» партиясын құруға, Алаш Орда үкіметін басқаруға қатысты. Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін жан аямай күресті. Әдебиеттегі осы сияқты алыптардың өнегесімен, күрестің қызып жатқан күндерінде ұйымдастырылған «Айқап», «Қазақ» сияқты басылымдарда көркем шығармалар, жатық жарияланымдарымен көрінген қазақ зиялылары аз болған жоқ. Мұның өзі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақтың ұлттық мәдениетінің жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанын көрсетеді.

4. Қазақ халқының саз өнерінің мұралары

Бұл кезеңде өмір сүрген көптеген аса көрнекті кәсіби композитор-әншілер мен күйшілердің шығармалары халықтың музыкалық классикасының негізін құрады.

Көптеген халық композиторлары өз заманындағы білімді адамдар еді, олардың бәрі дерлік хат танитын, кейбіреулері орыс тілі мен араб тілін білетін, бірақ өз шығармаларын нотаға түсіріп жаза алмайтын еді. Композиторлардың дүниетанымы тарихи тұрғыда шектеулі бола тұрса да, олардың шығармаларында әлеуметтік қайшылықтар айқын бейнеленді, әділетсіз заңдарға, билеп-төстеуші сұлтандардың зорлық-зомбылығына қарсы күреске шақырған әуен анық естілді. Әндер мен күйлерге бас бостандығы, әйелдер теңдігі жөніндегі халық армандары арқау болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы музыка өнерінің дамуына Құрманғазы Сағырбайұлы, Дәулеткерей Шығайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Ықылас Дүкенұлы сияқты композитор-музыканттар үлкен үлес қосты.

Құрманғазы Сағырбайұлы (1806-1879) Бөкей Ордасының Жиделі деген жерінде кедей отбасында туды. Ол бала кезінен-ақ ауылда естіген күйлерін өздігінен үйрене бастайды. Құрманғазының дарынды домбырашылығы жас кезінен-ақ жұрттың назарына ілікті, сөйтіп ол кәсіби күйшілік өнеріне біржола ден қойды. Оның алпыстан астам күйлері (олардың кейбіреулерінің бірнеше нұсқасы бар) сақталған. Олардың көпшілігі — көркемдік әсерлілігі мен мазмұндылығы жөнінен кемел туындылар. Құрманғазы күйлерінің бірі өмір жайындағы философиялық толғау, бірі нәзік махаббат лирикасы болса, енді бірінде халық мерекелерінің шат-шадыман көріністері бейнеленеді. «Көбік шашқан» күйінде халықтың Каспий өңірінде болған су тасқынынан азап шегуі бейнеленсе, «Балбырауын» күйінде халық мерекесі суреттеледі. «Сарыарқа» тындаушы қиялын ұлан-байтақ далаға жетелесе, енді бір күйлері халықтың қайғылы тағдыры жайлы толғандырады. Құрманғазының көптеген күйлері өмірбаяндық шығармалар іспеттес. Мәселен, «Кісен ашқан» күйі осындай. Феодалдар, байлар мен патша шенеуніктері Құрманғазыны күрес рухына толы шығармалары үшін қуғындап, абақтыларда азап шеккізді.

Дәулеткерей Шығайұлы (1820-1887) — аса көрнекті композиторлардың бірі. Оның қырыққа жуық күйлері сақталған. Дәулеткерейдің лирикалық, нәзік сырлы, әсем нақышты күйлері сұлу қалпымен, өзіндік стилімен ерекшеленеді. Мысалы, «Жігер» атты күйінде шалқыған шабыт айқын аң-

ғарылса, «Бұлбұл», «Керілме» және т. б. күйлері жүректің нәзік қылын шертетін сыршыл туындылар. «Желдірме» күйін нағыз халықтық рух айқын көрініс беретін халықтың дәстүрлі атжарысын бейнелейтін екпінді де әсем ырғақты пьеса деуге болады.

Төттімбет Қазанғапұлының (1815-1862) шығармашылығы XIX ғасырдың аспаптық музыкасына қомақты үлес қосты. Оның шертпе күйлері шығарып, орындаушы ретінде даңқы жайылды. Күйлерінің көпшілігіне әсерлі, асқақ лирикалық сарын тән. Төттімбет «Саржайлау» мен Сарыөзен» күйлерінде өзінің туған өлкесінің сұлулығын жырласа, «Ерке атан», «Бозайғыр» т. б. күйлерінде жануарлардың мінез-қаракеттерін көркемдік тұрғыда суреттейді.

Қобызға арналған шығармалар классикасының қалыптасуына Ықылас Дүкенұлының (1843-1916) композиторлық таланты мен орындаушылық шеберлігі зор ықпал жасады. Ықылас қарапайым малшы отбасынан шыққан. Оның әкесі Дүкен қобыз тартқан, ал атасы мен көптеген бабалары жыршы, бақсы болған. Ықылас әкесінің өнерін үйренумен қана шектелмей, қобыздың үнділігін анағұрлым жақсартып, қобызға арнап бірегей шығармалар шығара бастады. Оның эпикалық аңыздар мазмұны негізінде шығарылған «Қорқыт күйі», «Қамбар күйі», «Қазан күйі» сияқты көркемдік деңгейі жағынан аса жоғары бірқатар күйлері кеңінен таралған. Ықылас тәкаппар патша шенеуніктері мен менменсіген байларды келекелеген «Жарым патша», «Бес төре» секілді күйлер шығарды. Оның «Жалғыз аяқ», «Жез киік» дейтін күйлері өміртуралы, халықтың тауқыметті тіршілігі туралы толғанысқа толы.

Сарымалай (1835-1885) сыбызғыға арнап классикалық күйлер шығарумен қатар, аса шебер орындаушы болған. Оның шын аты Садық болатын. Ал Сарымалай деп (сары, кедей, жалшы болған соң) жас шағында байдың малшысы болып жүрген кезінде атап кеткен, Сарымалай сыбызғы тарту өнерін әкесінен үйренеді. Ол эпос, аңыз-ертегілердің желісі бойынша бірқатар тамаша күйлер шығарды. Мәселен, Сарымалайдың «Қоңыр қаз» деген күйінде Қыз Жібектің түсіне енген қоңыр қаздың қайғылы қаңқылынан Төлегеннің («Қыз Жібек» эпосы) қазаға ұшырағанын біледі.

Қарт адам мен оның қызын өзінің сүтімен аштықтан сақтап қалған інген туралы «Нар идірген» күйі; жау айдап әкеткен сиырларды туған ауылына алып келген бұқа туралы «Қоңыр бұқа» күйі де осындай күйлер қатарына жатады.

Біржан Қожағұлұлының, Мұхит Мералиевтің, Ақан сері Қорамсаұлының, Жаяу Мұса Байжанұлының, Абай Құнанбаевтың, Зілғара Қыдыратокиннің, Құлтума Сармұратұлының, Сара ақынның, Сералының, Жарылғапбердінің тағы басқа көптеген ақын, әнші-композиторлардың шығармашы-

лық және орындаушылық шеберлігі арқасында ән мәдениетінің классикалық үлгілері мейлінше дамып, жоғары дәрежеге көтерілді.

Біржан сал Қожағұлұлы (1834-1897) туған өлкесінің ән мәдениетін терең білумен қатар, оған өзінің шығармашылығымен қомақты үлес қосты. Біржанның музыкалық ақындық шығармашылығының демократиялық сипаты айқын көрініп тұрады. Оның «Біржан сал» деген әнінде адамның арнамысын жан ұшыра қорғау бар; «Шідер» деген әнінде пайдакүнем, ашкөз бай келекеленсе, «Ғашығым» дейтін әнінде махаббаттың күйініш-сүйініші толғана жырланған.

Біржанның «Жанбота» деген атакты әнінде Жанбота болыстың зорлық-зомбылығы айыпталады.

Батыс Қазақстанға тән халық әндерінің өзіндік ерекшеліктері аса көрнекті композитор-әнші Мұхит Мералыұлының (1841-1918) шығармашылығында айқын көрінді. Мұхит шығармашылығы лирикалық жанрдан тұрады. Оның әндері оптимизмге, адамға, табиғатқа деген сүйіспеншілікке толы.

Талантты ақын, композитор-әнші Ақан сері Қорамсаұлының (1843-1913) көптеген шығармалары қазақтың халық әндері классикасының қазынасына қосылды. Ақан серінің, әрі ақын, әрі көптеген тамаша әндер шығарушы композитор ретінде даңқы жайылды. Музыкалық-поэтикалық мол мұра қалдырған. Ақанның әсерлі, сазды әндері (40-тан астам) жүрекке жылы тиер жан толқытар сыршылдығымен ерекшеленеді. Ақан серінің әндерінде тұрмыстың, қоғамдық өмірдің күрделі әлеуметтік проблемалары көрініс тауып, адамның ар-намысын аяққа басатын ескілік қалдықтарына және әлеуметтік теңсіздікке қарсылық шебер бейнеленеді.

Ақан сері Қорамсаұлы қайғылы трагедиялық мазмұндағы әндері де бар. «Бала Ораз» дейтін әнінде халық ішінде ескіден келе жатқан аңызда айтылатын кедей жылқышы мен бай қызының бір-біріне ғашық болып, екеуінің де өлуімен тынған бақытсыз махаббаты жырланған.

Қазақтың ұлы ақыны **Абай Құнанбаевтың** (1845-1904) да көп қырлы шығармашылық және ағартушылық қызметінің елеулі бөлігі — оның әндері. Оның музыкалық тілінің қалыптасуына негіз болған қазақтың халық музыкасы, ішінара орыс шаруалары мен қаланың әндері, сондай-ақ демократиялық сарындағы тұрмыстық және классикалық романстар.

Абай өзі қазақшаға аударған А. С. Пушкин мен М. Ю. Лермонтов өлендерін халыққа жеткізу үшін оларға арнап өзгеше бір үлгідегі әндер шығарды. Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасынан аударған Татьяна хатының сөзіне шығарған «Татьянаның қырдағы әні» қалың елдің сүйікті әніне айналды. Торғай даласына барған бір орыс журналисінің айтуынша, ол осы әнді Нүрпейіс деген қазақтың үйіне барғанда тындаған. Үй иесі дем алып

отырған қонағын көңілдендіру үшін Абылай Қарабатыров деген әншіні шақыртыпты. Ол бірнеше әннен кейін жаңа бір ән шырқайды. «Шынымды айтсам,-деп жазды әлгі журналист, — мен өз құлағыма өзім сенбедім. Қайран қалмай қайтемін, әлгі карт қазақ ән салғанда айна қатесі жоқ... нақ Татьянаның Онегинге хатын айтып отырды... Бұл хатқа, әрине, отырғандардың барлығы риза болды, әсіресе Нүрпейістің әйелі ерекше сүйсініп тыңдады».

Абай әндері қазақ халқы мен орыс халқының арасындағы бауырлас достықты нығайтуға игі ықпал етті.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ музыкасындағы аса үлкен құбылыс Жаяу **Мұса Байжанұлының** (1835—1929) шығармашылығы болды. Ауыл молдасынан оқып жүрген Жаяу Мұса оны місе тұтпай, үй-ішінен жасырынып Омбыға кетіп қалады. Ол приказчик болып жұмыс істеп жүргенде орыс тілін үйреніп, хат таныған соң, орыстың газеттері мен журналдарын оқи бастайды, сырнай мен скрипкаға қосып, қазақ, орыс, татар әндерін айтып үйренеді. Жалған жала кесірінен ол «қырдағы қауіпті адам» ретінде сотталып, әскерге алынды. Жаяу Мұса әскери бөліммен бірге Петербургте, Қазанда, Севастопольде, Польшада, Литвада болып, еліне келгенде ізіне түскен дұшпандары оның астындағы атына дейін тартып алады («Жаяу» деген ат содан қалған). Жоқшылық зардабын шеккен Жаяу Мұса әнші-композиторлық өнерді кәсіп етті.

Жаяу Мұсаның әндері (60-тан астам әні сақталған) музыкалық көркемдігі мен мазмұны жағынан әр алуан: феодалдар мен байлардың дүние-қорлығы мен сараңдығын келекелеуге келгенде уытты да зілді, сүйген адамынан айырылған қайғысын айтқанда шерлі, сұлулықты жырлағанда әсем сазды, туған жерінің көркіне сүйсінгенде асқақ әуенді болып келсе, өзінің өмірі туралы толғанғанда сырлы да мұңды болып келеді. Жаяу Мұса шығарған әндерінде өзінің қазақ халқының ән әуендерін ғана емес, орыс, украин, татар, поляк әндерінің нақыштарын да шығармашылықпен пайдаланып отырған. Осындай кайнар бұлақтарды үйлесімді қолданып, шеберлікпен ұштастыра білген Жаяу Мұсаның музыкалық тілі өзгеше бір үлгідегі түрімен ерекшеленеді.

Ол болашақтағы қуанышты күндер туралы, өз Отанының жарқын келешегі туралы жана әндер шығарды. Жаяу Мұса халықтың есінде аса көрнекті ақын, композитор және әнші ретінде, әділдік пен халық бақыты жолындағы күрескер адам ретінде сақталып қалды.

Қазақ халқының XVIII-XIX ғасырлардағы музыкалық өмірін зерттеуде, сондай-ақ қазақ музыкасының мазмұны мен ерекшеліктерін айқындауда орыстың ғалымдары мен саяхатшыларының сіңірген еңбектерінің маңызы зор.

Қазақ өндерін жазып алуда С. Г. Рыбаков көп еңбек сіңірді. Ол 100-ден астам ән жинады; халық музыкасының өткен дәуірге тән негізгі сипаттары сақталған бұл әндер қазақ халқы тарихының әр түрлі кезеңдеріндегі музыка тілінің дамуын түсіну үшін айқын негіз болып табылады. С. Г. Рыбаков қазақтарда сұлулық, пен ғашықтықты жырлайтын лирикалық әндердің неғұрлым көп тарағандығын атап көрсетті.

Этнограф А. А. Ивановский «Қырғыздың халық ақыны Ноғайбай» деген мақаласында қазақтың композитор-әншілері шығармашылығының әлеуметтік мазмұны өткір болатындығын жазған.

Ғалымдар мен саяхатшылардың қазақ халқының музыкасы жайындағы еңбектері орыс ғылымының демократиялық дәстүрлерін айқын сипаттайды. Оның алдыңғы қатарлы қайраткерлері бауырлас халықтардың, рухани қазыналарына әрқашан ықыласпен, сергектікпен қарап, әділ бағалап отырды.

Орыс музыкасымен байланысы нәтижесінде қазақтың халық музыкасы байи түсті, сонымен қатар оның өзі де басқа халықтардың фольклорымен бірге кейбір орыс композиторлары шығармашылығының қайнар көзіне айналды. П. И. Паншино жазып алған қазақ әндерінің әуенін М. П. Мусоргский (1839-1881) А. С. Пушкиннің «Капитан қызы» деген романы бойынша өзі жазбақ болған «Пугачевшина» операсы үшін таңдап алған. (Бұл опера ұлы композитор қайтыс болғандықтан жазылып бітпей қалды). А. П. Бородин «Князь Игорьді» жазған кезде қолында қазақ әндерінің жазбалары болған болу керек, мұны половец әскерлері хорының, (екінші бөлімінде) «Ой, айна» мен «Ғазиза-ай» әндеріне ұқсастығынан байқауға болады.

Қазақтың ән әуендері оркестрлік шығармаларда да пайдаланылды. Олар капельмейстр В. В. Лейсектің Ташкенттегі Түркістан ауыл шаруашылығы көрмесіне арнап (1890) жазған «Сарт, қырғыз және татар әндерінен құралған азиялық попури» деген белгілі шығармасына енген болатын.

5. Қазақтардың материалдық мәдениеті

Қазақтардың XVIII-XIX ғасырлардағы материалдық мәдениетінің жайкүйі қоғамның экономикалық дамуы деңгейімен анықталды. Оның дамуы барысына көшпелі қазақтар экономикасының дамуындағы басты фактор ретінде көшпелі мал шаруашылығы әсер етті. Бұл жағынан алғанда егіншілік, сауда дамуының, көрші халықтардың прогресті ықпалының да маңызы аз болған жоқ.

Материалдық мәдениеттің маңызды элементтерінің бірі мал шаруашылығымен, егіншілікпен, үй кәсіпшілігімен және қолөнерімен байланысты еңбек құралдары болып табылады. Көшпелі мал шаруашылығына күрделі еңбек құралдары керек болған жоқ. Жылқы ұстау үшін құрық, арқан пайдаланылды, қайыстан немесе жылқының жал-құйрығынан тұсау мен шідер жасалды; құлындар мен боталарды байлау үшін жуан арқандар, ноқталар пайдаланылды; мал суаруға қауға, науа және т. б. дайындалды. Барлық осы айтылған қарапайым еңбек құралдарын, ер-тұрман әбзелдерін қоспағанда, мал өсірушілер өздері жасап алып отырды. **XVIII** ғасырдың аяғында қазақ даласына орыстардың қысқа шөп дайындауға арналған шалғылары біртіндеп тарала берді. **XIX** ғасырдың орта шегінде шалғымен қоса темір айыр да кеңінен қолданыла бастады.

Қазақстан аумағында суармалы және тәлімді егіншіліктің ежелгі ошақтары ертеден болып келген еді. Осыған байланысты қазақтарда егіншілік құралдарының қарапайым түрлері болды. Мәселен, тіс ағаш, мала, егін оратын орақ, ағаштан жасалған аша, ағаш күрек, сыпыртқы егіншілік құралдарына жатады. Егісті суару үшін суды көтеріп шығаратын әр түрлі аспаптар — атпа, шығыр, сондай-ақ кетпендер мен күректер пайдаланылды, оларды жергілікті ұсталар өздері істеді.

Салт атқа арналған әбзелдерді қоспағанда қазақтың мал шаруашылығына және егіншілікке байланысты негізгі еңбек құралдары Қазақстанның бүкіл аумағында бір-біріне ұқсас болды. Қазақтың ат-тұрман әбзелінің ішіндегі ердің сыртқы түрі мен дайындау тәсілінде жергілікті ерекшеліктер байқалады. Олардың үлгілері тиісті өзіндік атаумен аталып келді. Ердің ең көп таралған түрі, қайыңнан шауып жасалған алдыңғы қанаты кең «қазақ ері» болып табылады. Мұндай ерлер құрамдас бес бөліктен алдыңғы қаспен артқы қастан, екі жақтағы қапталдан және орта ағаштан тұрды. Ердің ағаш сүйегі мұқият өңделді, ал халықтың ауқатты топтарына арналған күміс кейде алтынмен құндақтап, түрлі-түсті бағалы тастан көз салған түрлері болды. Әсіресе әйелдерге арналған ерлер сәнді безендірілді.

Оңтүстік Қазақстанда ердің «құранды ер» дейтін түрі таралған. Ол 22 құрамдас бөліктен тұрған және бұл элементтердің әрқайсысының өз атауы болған, бұл бөліктердің бәрі желіммен жапсырылып, сыртынан түйенің көнімен немесе тарамысымен және қайыңның қабығымен тартылып, күміспен немесе алтынмен безендірілген.

Ер-тұрман әбзелдерін жасау негізінен ершілердің ісі болған. Олар тек қана ердің өзін емес, сонымен бірге бүкіл ат әбзелдерінің бәрі: тоқым, құйысқан, өмілдірік, жүген, айыл, тартпа, үзеңгі, таралғы, камшы және т. б. жасап, оларды әсемдеп-көркемдеп отырған. Ерші ер шабумен өз үйінде, іші-

нара арнайы шақыртып алушылардың үйінде айналысқан. Сондай-ақ қайыстан ат-тұрман әбзелдерін арнайы өретін шеберлерді «өрімші» деп атаған.

Ең көп таралған қару түрі үш метрлік «сойыл», одан соң «шоқпар» (қатты ағаш ырғайдан жасалған, ұзын күрзі сияқты) болды. Неғұрлым дәулетті қазақтардың жауынгерлік айбалтасы, жебелері мен қорамсағы бар садағы болған. Қол бастаған ықпалды билік иелері мен батырлар сауыт киіп, қалқан, қылыш, наркескен, селебе, сапы және темір ұшты найза мен сүңгі ұстаған. Қазақ шонжарлары арасында қолдан жасалған білтелі мылтық өте сирек кездесетін еді. XIX ғасырдың орта шеніне дейін аң аулау кезінде садақ қолданылды, бірақ XIX ғасырдың екінші жартысында жебелі садақ қазақтардың тұрмысынан шығып қалды деуге болады. Оның есесіне бұл кезде Ресейден және Орталық Азиядан сатып алынатын әр түрлі мылтықтар біршама көбейе түседі.

Қазақтардағы көшпелі тұрмысқа бейім шаруашылықтың үстемдігі алуан түрлі үй қолөнерінің: тоқымашылықтың, киіз басудың, ағаш, металл, тері, сүйек және мүйіз өндеудің дамуына себепші болды. Тоқымашылықпен және киіз басумен көбінесе әйелдер айналысты, олар негізінен алғанда үйге керек-жарақтардың тоқымашылық пен ісмерлікке қатысты заттарын: кілемдер, алашалар, шекпендер, киіз үй ішіндегі алуан түрлі басқұрлар, бау-шулар, текеметтер, түскиіздер, сырмақтар, аяққаптар және т. б. дайындады.

Ағаш, сүйек, мүйіз және тері ұқсатуға байланысты істермен үйшілер мен ағаш ұсталары, зергерлер, өрімшілер мен етікшілер және т. б. айналысты. Еңбек құралдары едәуір қарапайым бола отырып, қолөнерші шеберлер қазақтардың қолданбалы өнерінің биік деңгейін сипаттайтын тұрмыстық және мәдени жағынан алғанда әр түрлі бұйымдар жасады.

Көшпелі қазақтардың негізгі тұрғын үйлері көші-қонға ыңғайлы киіз үйлер болатын. Бұл — Еуразия көшпелілерінің ертеден келе жатқан тұрғын үйлерінің бірі. Көшпелі тұрмыс жағдайларында киіз үйлер тұрғын үйдің өте қолайлы түрі болды. Оның жығып, тігуі әрі жеңіл, әрі тез, көлікке теңдеп артып жүруге қолайлы, жазда салқын, ал қыста жылы болатын.

Қазақтың киіз үйлерінің үлгілері негізінен алғанда олардың үлкендігімен, яғни тігілген киіз үйде қанат деп аталатын кереге санымен анықталады. Қанаттар саны 4 қанаттан 12 қанатқа дейін және одан да көп болды.

Киіз үйдің сүйегі кереге мен уықтан, шаңырақтан және «сықырлауық» деп аталатын жарма есіктен тұратын.

Киіз үй сүйегін айналдыра уық қарына дейін 3-4 туырлық, шаңырақ пен кереге басынын арасын 2-3 үзік, сықырлауықты киіз есік жауып тұратын болған. Киізден басылатын бұл әбзелдер «киіз үй жабуы» деп аталған. Киіз үйдің киіз жабулары көбінесе ақ қойдың жүнінен басылған ақ киізден пішілген.

Қысқы қыстаулар орналасқан өзендердің аңғарлары мен тау шатқалдарына қазақтардың тұрғын үйлері тұрақты үлгімен салынатын. Бұлар жер бетіне киіз үй сияқты етіп тастан (шошала), қамыстан (доғара) тұрғызылған құрылыс түрінде, тік бұрышты жеркепе және жертөле, жер бетіне тік бұрышты етіп салынған шым үй және саз балшықтан домбаздалған соқпа там болды. Қазақстанның орманды аудандарында ағаштан салынған алты кырлы шошалалар мен орыс үлгісіндегі бір бөлмелі үйлер пайда болды.

Қыстаулардағы отырықшылыққа бейімделген тұрғын үйлердің дамуы, үй-жайлар санының көбеюі және орыс мәдениетінің ықпалы тұрғын үйлердегі керек-жарақтардың едәуір өзгерісіне әкеп соқты. Дәстүрлі ағаш жәшіктер — кебежелердің, көрпе-төсек жинауға арналған жұкаяқтардың және ескіден келе жатқан төс-ағаштардың орнына, қазақтардың тұрмысында әйнектелген ыдыс қоятын шағын шкафтар, жақтаулы ағаш кереуеттер, іші құлыпталатын, көлемі әр түрлі сандықтар пайда болды. Қазақтардың ұлттық киімінде өздеріне тән этнографиялық белгілер сақталып қалды. Киім-кешек үшін малдың жүні мен терісі негізгі материалдар болды. Киімнің едәуір бөлігі мақта-мата, жібек және басқа маталардан тігілді. Ұлттық киімнің пішіні мен түріне өзгерістер енді. Еркектер бітеу пішілген кеудесінде тік өңір-қақпағы бар, жалпақ қайырма жағалы, етегі біршама ұзын көйлек киетін болды. Еркектердің дамбалы ақ шөжім матадан ышқыры тұтас етіп тігілді. Түйе жүн тоқымадан тігілген шалбарлары пішімі жағынан іш киімдері сияқты, бірақ әлдеқайда қолпылдаған кең болатын. Сонымен бірге жаздыжүні олар ешкі терісінен иленген күдері шалбар киіп жүрді, шалбардың балақтарына төменгі жағынан тілік тасталып, ол кестемен сәнделетін. Еркектердің сыртқы киімінің ең таралған түрі шапан болды, ол көп жағдайларда фабрикалық маталардан тігілетін. Ал ауқатты қазақтар түрлі-түсті бұхара жібегінен, барқыттан қымбат матамен әдіптеп тігілген шапан киетін. Шапандар жазғы және қысқы болып бөлінді.

Қазақтар әдемі «мәуіті шапан» мен «мәуіті шекпен» де дайындады. Олардың қос шабуынан өрнек салынды, шабудың төменгі жағынан тілік қалдырылып, жұқа түйе жүні тоқымасынан тігілді.

Барлық жастағы еркектердің көбінесе күз бен қыс кезінде киіп жүретін әмбебап сыртқы киім түрлерінің бірі – шекпен қолдан тоқылған түйе немесе қой жүнінен тігілетін. Жазғы шекпеннің тоқымасы неғұрлым жеңіл, етегі қысқалау болды.

Қазақстанның барлық облыстарында қазақтардың кеңінен қолданылған қысқы сырт киімінің ежелгі түрлерінің бірі — күпі көктемде қыркылған түйе немесе қой жүнінен (жабағы жүн) дайындалды және жоғарыдан төмен қарай тығыз етіп сырылды. Ол сапасы әр түрлі матамен, көбіне тоқыма шекпенмен де қапталатын (шидем күпі).

Сырт киетін қысқы киімнің қадірлілерінің қатарына аң және үй жануарларының әр түрлі терілерінен тігілетін ішік жатады. Қазақ халқының негізгі бұқарасы елтірі ішік пен марка қозылардың терісінен тігілетін сеңсен ішікті қанағат тұтқан. Ішіктің барлық түрі иесінің әл-ауқатына қарай әр түрлі маталармен тысталатын еді.

Қазақтар арасында өте кең таралған және бәрінің қолы жететін қысқы киім түрі қой терісінен өңделіп, жүні ішіне қаратып тігілген тон болды.

Қазақтар арасында еркектерге қысқа арнап теріден тігілген киімдердің жарғақ дейтін бірнеше түрі кең таралды. Ол үш үлгіде: «тақыр жарғақ», «құлын жарғақ» және «тайжақы» үлгісінде болды. Қазақ байлары серке терісінен өңделіп қолмен жасалған «тақыр жарғақ» дейтінді киіп жүрген. Оны көбінесе сырт жағынан жібек жіппен кесте төгіп сәндеп отырған. «Құлын жарғақ» — жүні сыртына қаратылып құлын терісінен тігілген ішік түрі. Бұл үшін түсі бір, көбінесе қара түсті терілер ғана таңдап алынған. Оларға көбінесе матадан астар тігілген. Жылқышылар үшін «тайжақы» дейтін тай терісінен астар салмай, жүні сыртына қаратылып тігілген үлкен тон дайындалған. Жарғақтардың осы түрлерінің бәрі қыс кезінде жылы киім сыртынан онай киілуі үшін кең пішілетін болған.

Қазақтардың негізгі аяқ киімі былғары етік, кебісті мәсілер болды. XVIII ғасырда қазақтардың жазда киетін етіктерінің өкшесі биік, тұмсығы қайқы келген. Алайда XIX ғасырдың екінші жартысында олар сирек ұшырасатын еді. Барлық жастағы еркектердің, қыста киетін негізгі аяқ киімі ішінде киіз байпағы бар, аласа да жалпақ өкшелі, ұзын қонышты саптама етік болды. Неғұрлым ауқатты қазақтар қыс пен жазда теріден тігілген, былғары кебісі бар мәсі киіп жүрген. Бұл аяқ киім түрлерінің бәрі сол аяққа немесе оң аяққа бөлінбей, бір қалыппен тігілген. Ересек еркектердің бәрі шашын тықырлап алдырған, басына тақия, төбетей киетін. Төбетейдің сыртынан төбесі жалпақ және терімен көмкерілген бөрік киген. Мұндай бөріктер тігілген терісіне сәйкес пұшпақ бөрік, сусар бөрік, елтірі бөрік және т. б. деп аталған. Сонымен бірге жаз кезінде төбетейдің үстінен ақ киізден төбесі шошак етіп тігілген калпақ киген.

Қазақстанның бүкіл аумағында қазақтардың ең көп таралған қыстық бас киімі «тымақ» болды. Тымақтың киізден бірнеше сайлы етіп пішетін биік төбесі матамен тысталды. Екі құлағы, желкелігі мен мандайы аң (түлкі) немесе мал терісінен (елтірі) пішіліп, оның да сырты матамен тысталды. Тымақ еркектердің ең сенімді қысқы бас киімі болған. Әйелдердің киімі жекелеген түрлерінің пішіні бойынша да, олардың дайындалатын материалы бойынша да көп жағынан алғанда еркектердің киімімен ұқсас болған.

Әйелдердің көйлегі иығына тігіс түспейтін етіп пішіліп, жалпақ қайырма жағалы, жөңдері ұзын етіп тігілген. Кеуде тұсындағы өңір қақпағына

кесте төгілген. Қыздардың немесе жас келіншектердің көйлектері пішімі жөнінен де, матасы жағынан да жасы үлкен әйелдердің көйлектерінен өзгеше болған. Ол етегі бүрмеленіп, түймеленетін қатырма жағалы етіп тігілді. Жеңі жең ұшына қарай тарыла берді. Қай жастағы әйел болса да көйлектің сыртынан фабрикалық магадан тігілген қазакей киді. Қазакейдің сыртынан үлгісі жағынан еркектердің қамзолынан өзгешелігі жоқ жеңді қамзолдар киді.

Әйелдердің сырт киімі еркектердің шапанына ұқсас етіп тігілді, ауқатты әйелдерде шәйі жең жібек шапандар болған. Әйелдер ішігі еркектер ішігінен қайырма жағасымен ерекшеленетін.

Әйелдердің былғарыдан жасалатын жалпақ кемер белдіктері күміспен күптеліп, алтынмен апталып, қымбат бағалы тастармен және түсті шынылармен мол әсем әшекейленіп отырды. Кемер белдіктің зергерлік нақышқа бай қапсырма металл доғабасы немесе жылтыр танадан орнатылған ілгегі болған.

Негізінен алғанда барлық жастағы әйелдердің аяқ киімі мәсі және кебіс болатын. Қыздардың жөне жас келіншектердің ішінде қайқы тұмсық, биік өкшелі жеңіл етік киіп жүретіндері де аз болмаған.

Әйелдің жасына және оның отбасындағы жағдайына қарай олардың бас киімдері де ерекшеленіп отырды. Жаз кезінде қыздар түрлі-түсті мақпалдан, жібек пен барқыттан тігілген, төбесі жайпақ дөңгелек төбетей киіп жүрген, ол зеркестемен әсем нақышталатын еді. Бай нақышты үкілі төбетей — «қасаба» деп аталды. Қасабаның шет-шетіне моншақтан немесе бағалы металдан шекелік тағылды. Қыздардың қысқы бөріктері қамшаттың, құндыздың, сусардың жөне елтірінің терісімен биік етіп әдіптелетін. Әйелдер бас киімінде қалыңдықтың тойдағы бас киімі сәукеле ең қымбатты болып — саналды, ол бағалы металдармен, асыл тастармен, аң терілерімен барынша сәнделетін еді.

Күйеуге шыққан әйелдің негізгі бас киімі – кимешек ақ мақта-матадан дайындалған.

Ауқатты отбасынан шыққан қазақ әйелдері күмістен және алтыннан, асыл тастар мен танадан жасалған көптеген сәнді бұйымдар тағып жүрген. Бұлар — қымбат тұратын сақиналар, жүзіктер, білезіктер, сырғалар, бұрымдары мен киіміне тағып жүретін әр түрлі алқалар, шолпылар мен моншақтар, өңірліктер және т. б.

Мал шаруашылығына негізделген қазақтардың тұрмысы олардың іше-тін тамақтары мен ыдыс-аяқтарынан өте айқын көрінді. Негізгі тамақтары ет-сүт өнімдері болды. Қолында малы жоқ кедей отбасылары үшін ғана егіншілік өнімдерінің шешуші маңызы болды. Қыстығүні қазақтар көбінесе етпен, ұннан дайындалған тамақтармен, кептірілген ірімшік-құртпен

және т. б. қоректенді. Қараша айының аяғы мен желтоқсан айының басында қазақтар жетерлік соғым сойып алып отырды. Жылқының ішегіне қабырғасынан «қазы» айналдырып, ет пен майды ұсақтап турап «шұжық» дайындап алды. «Қарта», «жал-жая» да жылқы етінің бағалы мүшесі болып саналды. Қазақтардың жақсы көретін сусыны — қымыз бие сүтінен жаңа сауылған сүтті арнаулы тері ыдыста (сабада) ашыту жолымен дайындалды. Түйе сүтінен сіңімді сусын — шұбат әзірленді. Қазақстанның солтүстік аудандарында ол түйе қымызы, ал оңтүстік аудандарында «қымыран» деп аталды.

Пісірілген сүттен күнделікті ішу үшін қатық, айран ашытылды. Айран мен іріген сүтті артығы күбіге құйылды, ол «іркіт» деп аталды. Іркітті әбден коюланғанға дейін үлкен қазанда қайнатты. Бұл қою іркіт дорбаға құйылып сүзілді. Одан сүзбе алынып, сүзбеден қысқа арнап «құрт», «сықпа», «ежігей» кептірілді.

Жаңа сауылған сүттен қазақтар «ірімшік» қайнатты. Ол үшін жаңа сауылған сүтті пісіріп, оны мәйекпен ұйытқан, ұйыған сүтті ірімшігі байланғанға дейін қайнатқан, алынған ақ ірімшікке тұз және сары май қосып, дастарқанға қойған. Ұзақ қайнатылған қызыл ірімшікті кептіріп алған.

Қазақтарда дала жағдайында қойшылар қой сүтінен дайындайтын тағы да бірнеше сүт тағамдары — «қойыртпақ» және «қорықтық» болған. Таңертең отарды өргізіп кеткенде қойшылар кішкене қымыз әкеткен, ал далаға барған соң қой сауып, сүтті қымызы бар торсыққа құйған. Кешке қарай осы қоспадан өте дәмді сусын — «қойыртпақ» дейтін алынған. Оны жылы күйінде де, салқын күйінде де ішіп жүрген.

Қазақтар арасында егін шаруашылығының дамуы тары және бидай жармаларын тамаққа едәуір пайдалануға мүмкіндік берді. Жарлы жатақтар тары жармасынан сүтке не майға ботқа қайнатқан немесе көбінесе сүт, ара-тұра ет қатып, тары көже жасаған.

Бидай ұнынан бауырсақ, нан пісіріп, ет тағамдары үшін қамыр және басқа да ұннан жасалатын тағамдар дайындаған. Қауызы ұшырылған бидайды қуырып азық еткен, сондай-ақ одан бидай көже де дайындаған. Бидайды аз уақыт суға салып, келіге түйіп, оны қабығынан тазартқан, содан соң оны шойын қазанда қуырып алғаннан кейін түйіп, талқанға айналдырған. Тары талқанынан қазақтар сүт пен майға қосып ботқа немесе көже жасаған.

Қазақтар ыдыс пен керек-жарақтарды көбінесе сынбайтын материалдардан: ағаштан, теріден, жүннен, киізден және шұғадан жасаған. Көшкен кездерінде ыдыс-аяқты сыртқы беті түрлі-түсті құрақтармен өрнектелген арнаулы киіз қаптарда (аяққаптарда) сақтаған. Сусымалы өнімдер үшін то-

қыма қаптар дайындаған. Сүр ет пен сарымайды ағаштан жасалған кебездерде сақтаған.

Қымызды сақтау және тасу үшін бие терісінен түрі мен көлемі жағынан әр түрлі ыдыс жасап, оны ыстап отырған. Қымыз сақтауға арналған ең үлкен тері ыдыс — саба табаны төрт бұрышты, төрт жағынан трапеция іспетті бүйір қабырғалары көлбеу тігіліп, ұзын мойын шығарылған сыйымды ыдыс. Қымызды салт атпен алып жүру үшін де ешкінің тұтас сойылып алынған терісінен ыдыс — «мес» дейтін жасалған. Мал сауатын көнек те теріден дайындалған. Қазақтар тұрмысында ыдыстардың ағаштан жасалған түрлері де кеңінен пайдаланылды. Мәселен, олар қайыңнан жасалған үлкен тегенелер, қатты ағаштан немесе қайыңның безінен жасалған шаралар, аяқтар, тостағандар, қымыз құятын ожаулар, үлкен ағаш астаулар, ет тартуға арналған көлемді ағаш табақтар және т. б. Металл ыдыстар ішінен қазақтар өмірінде ең көп таралғаны және ең қажеттісі көлемі әр түрлі, шойын қазандар. Ең үлкен қазандар «тай қазан» деп аталды.

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан тарихы, очерктер. Алматы, «Дәуір» 1994.
2. *Асфендияров С.* История Казахстана. Алматы, 1993.
3. *Бекмаханова Н. Е.* Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма. М., 1986.
4. *Берденова К. Ә.* Қазақ қоғамының әкімшілік-шаруашылық жүйелерінің эволюциясы. Алматы, 1999.
5. *Атабаев Қ.* Қазақ баспасөзі. Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918 ж.ж.). Алматы, 2000.
6. *Уәлиханов Ш.* Жоңғар очерктері. //Ақиқат, № 2 1996 50-62-б.б.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Абай Құнанбайұлы.* Шығармалары. Алматы, 1995.
2. Абай, 150 жыл. //Сарыарқа, № 4, 1995.
3. *Ахмедов Ф.* Русия думасындағы қазақ депутаттары. //Жұлдыз, № 8 1994, 169-173-б.б.
4. *Борангалиұлы Т.* Қазақ халқының атынан (1907 ж.). //Егемен Қазақстан, 16 мамыр 1997.
5. Ай-заман-ай, заман-ай. Алматы, 1991.
6. *Әбжанов Х.* Қазақстан интеллигенциясы; тарих пен тағдыр. //Ақиқат, № 11 1991 ж. 54-62-б.б.
7. Ыбырай Алтынсарин тағылымдары. Алматы, 1993.
8. *Жаймурзин Ә.* Ұлы бетбұрыс немесе қазақ «Ренессансы» туралы. //Ақиқат, № 2 1995.

9. **Өтениязов С.** Шоқан және шығыстану. //Ақиқат, № 9 1996.
- 10.Жарқын Шәкәрім. Құрманғазы және қоғам. //Егемен Қазақстан, 23 мамыр, 1998.
- 11.**Смағұлов Ф.** Сарыарқаның «Жібек жолы» Қоянды жәрмеңкесі туралы. //Орталық Қазақстан, 6 қаңтар, 1998.
- 12.**Сармурзин А.** Қарқаралы петициясы не айтады? //Ақиқат, № 9 1995 31-35 б.б.
- 13.**Смағұлов А. С.** Қарқаралы петициясы. //Қазақ тарихы, № 1 1996, 47-52-б.б.
- 14.**Өтениязов С.** Қазақстанның ХІХ ғ. әлеуметтік хал-ахуалы. //Қазақ тарихы, № 1, 1994 39-44-б.б.
- 15.**Ғизатуллин Б.** Қазақстан жәрмеңкелері (ХІХ ғ. ортасы ХХ ғ. басы). //Қазақ тарихы, № 2 1997, 57-60-б.б.
- 16.**Кенжеахметов С.** ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басындағы жоғары оқу орнында оқыған қазақтар. //Ақиқат, № 7 1994 49-53-б.б.
- 17.1913-1918 ж.ж. «Қазақ» газеті. //Ақиқат, № 7 75-77-б.б., № 8 75-78-б.б., № 9 72-74-б.б., № 10 83-85-б.б., № 11 78-80-б.б., 1998.
- 18.«Айқап» беттерін ақтарғанда. //Қазақстан коммунисті, № 8 1990, 86-91-б.б.

10-ТАҚЫРЫП. 1917 Ж. ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ. АЗАМАТ СОҒЫСЫ. ХАЛЫҚ ҚАСІРЕТІ

1. 1917 ж. Қазан төңкерісі. Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы және оның ерекшеліктері.
2. Қазақ өлкесіндегі саяси-әлеуметтік хал-ахуал.
3. Қазақстан Азамат соғысы жылдарында (1918-1920 жж.)

1. 1917 ж. Қазан төңкерісі. Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы және оның ерекшеліктері

1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясының нәтижесінде орнаған Уақытша өкімет халықтың мұң-мұқтажын шешпеді. Ұлт мәселесі, отарлық езгі, жер мәселесі мен әлеуметтік қанаушылық өз шешімін таппады, патша өкіметінің заңдары өз күшінде қалды. Қазақ өлкесіндегі шұрайлы-шүйгін жерлер казак-орыс иеліктерінде қалса, әлеуметтік артықшылықтар кулактардың, бай-шонжарлардың қолында болды.

Большевиктердің негізгі ұраны-завод, фабрика жұмысшыларға, жер шаруаларға деген қағидадан тұрса, өзге халықтар отаршылдық бұғаудан босанып, тәуелсіздік алатын шығармыз деген үмітте болды.

1917 ж. жаздың соңы мен күздің басында барлық өлкеде халықтың басым көпшілігі большевиктер жағына шыға бастағаны белгілі. Кеңестердің ықпалы күшейіп «Бүкіл өкімет Кеңестерге берілсін!» деген ұран арта түсті. Бұл ұран қарулы көтеріліске жетелеп, Уақытша өкіметті құлатуға шақырды.

1917 ж. 24 қазанда (6 қараша) Петроградта қарулы көтеріліс басталып, жұмысшы, солдаттар жасақтары маңызды орындарды басып алады. Ал, 25 қазан (7 қараша) күні Уақытша өкімет құлатылды.

Қазан төңкерісінің жеңісі өзге аймақтармен қатар Қазақстанда да өкімет билігінің Кеңестерге өтуіне жол ашты. Қазақ даласында Кеңес өкіметін орнату жүріп жатты және ол әртүрлі жағдайда өтті: біріншіден, төңкерісті қолдаған басым жерлерде тез орнаса, екіншіден көптеген өңірде қарулы күшпен орнатуға тура келді.

1917 ж. қазан айынан бастап, 1918 ж. наурыз айына дейін Кеңес өкіметі Қазақстанның ірі елді мекендері мен қалаларында орнаса, ауылдар мен селолық жерлердің басым көпшілігінде бұл процесс азамат соғысы басталғанға дейін созылды.

Қазақ өлкесінде Кеңес өкіметін орнату жолында Ә. Жангелдин, О.Жандосов, Т. Бокин, С. Сейфуллин, Ә. Майкөтов, А. Асылбеков, А. Иманов, Т. Рысқұлов, П. Виноградов, Л. Емелев, Я. Ушанов, Ә. Айтиев, Т. Өтепов, А. Розыбакиев тағы да басқалары белсенді қатынасып, атсалысты.

Кеңес өкіметі Перовскіде (Қызылорда) 1917 ж. 30 қазанында, Шымкентте — қараша айында, Түркістан, Әулиеата, Қазалы жерінде желтоқсан айында орнады. Петропавлда жұмысшы-шаруа депутаттары Кеңесі темір жол жұмысшыларымен бірлесе отырып, 1917 ж. 12 қарашасында билік орнатты, ал Өскемен, Семей, Атбасар, Көкшетау, Павлодар жерінде Кеңес өкіметі казак-орыстар мен билеуші топтардың қарсылығына тап болып, қиыншылықтарға кездесті.

Семей өлкесінде Кеңес өкіметі 1918 ж. ақпанның 16-нан 17-не қараған түні орнады.

Торғай, Қостанай, Ақтөбе жерлерінде Кеңес өкіметі 1917 ж. желтоқсанынан 1918 ж. наурыз айының аралығында орнады. Жетісу өңіріне келсек, Кеңес өкіметін орнату күресі қарсы күштердің басымдылығына байланысты 1918 ж. көктеміне дейін созылды.

1918 ж. наурыздың 2-нен 3-не қараған түні Верныйда әскери-төңкеріс комитеті бас болған, жұмысшылардан құрылған «Қызыл Ұлан» жасақтары және большевиктік әскери полктің жауынгерлері еңбекшілердің қолдауына сүйене отырып, почта-телеграф, қару-жарақ қоймаларын, маңызды мекемелерді басып алып, Кеңес өкіметін орнатты. Наурыз айында Жаркент, Аякөз, Талдықорған, ал сәуірдің бас кезінде Лепсіде Кеңестік билік орнатылды.

Сонымен, 1917 ж. қазан айынан 1918 ж. наурыз айына дейінгі аралықта Кеңес өкіметі Қазақстанның басым көпшілігінде орнатылды.

2. Қазақ өлкесіндегі саяси-әлеуметтік хал-ахуал

Кеңес өкіметінің жеңісінен кейін өкімет билігі жұмысшы, солдат депутаттары Кеңестері арқылы жұмысшылардың, шаруалардың қолына өте бастады. Бұл шараларды іске асыруда үлкен роль атқарған революциялық комитеттер болды. Ескі мемлекеттік аппаратты өзгерту оңайшылықпен болмады, Кеңестік жүйеге қарсы күштер бой көрсетіп отырды. Байлар мен кулактардың қарсылықтары, азық-түлік тапшылығы, кен рудниктерінің жабылуы тағы да басқа іс-шаралар уездік Кеңестерден шұғыл да батыл қадамдарды талап етті.

Біріншіден, Кеңес өкіметіне қарсы күштердің тегеурінін жойып, жергілікті жерлерде Кеңес өкіметінің билігін нығайту қажет болды.

Екіншіден, уездік, болыстық Кеңестердің жер, азық-түлік, шаруашылық, сот істері, қаржы мәселесін шешуге арналған шараларды іске асыру қолға алынды. Революцияға қарсы топтармен күрес жүргізу жөніндегі төтенше комиссия, милиция құрыла бастап, еңбек, ағарту, денсаулық сақтау бөлімдері ашыла бастады. Мемлекет ісіне қажетті қызметкерлер курстары ашылып, ұлттық қарым-қатынасты реттейтін комиссиялар іске кірісті. Шіркеу мемлекеттен, мектептер шіркеуден ажыратылды, ерлер мен әйелдер теңдігі іске асырыла бастайды.

РКФСР Халком Кеңесінің 1917 ж. 22-қарашадағы «Сот туралы» жарлығы мен ескі соттың құрылымы толық қысқартылып, өлкеде соттың жаңа жүйесі енгізілді. 1918 ж. облыстардағы Кеңестік Атқару комитеттерінің жанынан сот бөлімдері, ал орталықта Қазақ өлкелік соты ұйымдастырылды.

1918 ж. көктемінде Түркістан автономиялық Кеңестік социалистік Республикасы құрылды. Ол, 1918 ж. 20 сәуірден 1-мамырға дейін Ташкентте болған Түркістан өлкесі Кеңестерінің V-съезінде іске асты. Оның құрамына Жетісу мен Сырдария облыстары кірді. Орта Азия мен Қазақстан өлкесін межелеуге дейін Ақмола, Семей облыстары орталығы Омбы қаласы болған Батыс-Сібір өлкесіне, Торғай мен Орал облыстары Орынбор губерниясына, Бөкей өңірі Астрахан губерниясының құрамында болған еді.

Сыртқы күштер мен ішкі жаулардан қорғану үшін қарулы күштер құру мәселесіне басты назар аударылды, өкіметтің 1918 ж. 15-қаңтардағы жұмысшы-шаруалардың қызыл әскерін құру нұсқауына сәйкес, өлкеде әскери бөлімдер мен облыстық, уездік Кеңестер жанынан әскери комиссариаттар, штабтар құрыла бастайды.

Кеңес өкіметінің шешімдеріне сәйкес, фабрика, завод, банктер, кәсіпорындар мемлекеттің меншігіне алынды. Жұмыс күні, еңбекақы, жұмысшылардың тұрмысын әлеуметтік жағынан қорғау, жақсарту және көмек көрсету, әйел адамдар мен жасөспірім балалардың еңбек құқықтарын қорғау мәселесі қолға алынды. Жерге жеке иелік ету жойылып, казак-орыстардың, шенеуніктердің иелігінде болған, қоныс аудару қорының меншігіндегі жерлер шаруалардың, халықтың пайдалануына берілді. Жергілікті Кеңестер мен жер комитеттері бос жерлерді, тәркілеудің нәтижесіндегі елді мекендерді есепке алып, анықтап, жерсіз, жері аз шаруаларды жермен қамтамасыз етумен, шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу жұмыстарын жүргізді.

Сонымен қатар, кеңестендіру процесінде, революциялық іс-шараларды іске асыру жолында асыра сілтеушілік, қоғамға жат әрекеттер, солақайлық саясат кең орын алғаны да белгілі. Бұндай теріс әрекеттер, асыра сілтеушілік Кеңес өкіметіне деген сенімді азайтып, халықтың наразылығын тудырды.

3. Қазақстан Азамат соғысы жылдарында (1918-1920 жж.).

Казан төңкерісіне қарсы күштер де бейтарап қалмады, ал олардың революцияға қарсы әрекеттеріне, Кеңестік жүйеге қарсы шетелдік мемлекеттер көмек көрсетті. АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Жапония сияқты мемлекеттер Ресей және оның құрамында болған елдерді өздеріне тәуелді етуге тырысты.

1918 ж. 23-наурызында Орал казак-орыстары Гурьевте бүлік шығарып, генерал Толстовтың бұйрығымен Кеңестің 9 қызметкерін атып өлтіреді, ал, 28-29 наурызда казактар Орал қаласында төңкеріс жасайды.

1918 ж. мамыр айының аяғында Антанта елдерінің көмегімен Сібір жеріндегі Чехословак әскери корпусының офицерлері бүлік шығарып, төңкеріске қарсы күштермен біріге отырып, Новосибирск, Челябинск, Томск, Петропавл, Ақмола, Атбасар, Қостанай, Семей қалаларын басып алады, Кеңес қызметкерлерін өлтіріп, елді мекендерде озбырлық, айуандық әрекеттер жасайды. К. Сүтішев, И. Дубинин, Ғ. Ыдырысов, П. Шугаев сияқты Кеңес қызметкерлері азаптап өлтіріліп, Өскемен Совдепінің төрағасы Я. Ушаковты кемеңнің оттығына жағып өлтіреді.

Бүлікшілердің қатарына ақ гвардияшылар, меньшевиктер және эсерлер қосылды. Кеңес өкіметіне қарсы Колчак пен Деникиннің және Красновтың әскери қимылдары басталады.

1918 ж. жазында Шығыс майдандағы қиыншылықтарға байланысты, 2-маусымда Қызыл әскер бөлімдері Орынбор қаласынан кейін шегінеді, осыған байланысты Ақтөбе майданы құрылады. Бұл жердегі кеңестік әскерлерге Ташкент, Қазалы, Қызылорда, Шымкент, Әулиеата т. б. қалаларда құрылған әскери-халық жасақтары көмекке келіп, Жетісу, Орынбор, Орал, Батыс Қазақстанда әскери бөлімдер құрылды.

1918 ж. соңы 1919 ж. басында Торғай және Ырғызда Ә. Жанкелдин мен А. Иманов бастаған екі атты әскер эскадроны, пулеметшілер тобы жасақталды.

1919 ж. басында Ә. Жанкелдин бастаған экспедиция майданға Мәскеуден көптеген қару-жарақ пен оқ-дәрі жеткізеді. Ақтөбе майданының әскери күші 1919 ж. 22-қаңтарда Орынборды, 26-қаңтарда Орал қаласын азат етті. М. Фрунзе басқарған әскер Қазақстанның солтүстік өңірінде, В. Чапаев бастаған әскер оңтүстік-батыс аудандарда сәтті соғыс қимылдарын жүргізіп, Колчак пен Деникин әскерлерінің қосылуына жол бермей, үлкен соққы береді. Ә. Жанкелдин мен А. Иманов Торғайда Кеңес өкіметін қалыпқа келтіреді. Ақмола, Семей жерлерінде партизандық күрес өрістеп,

Жетісу майданының солтүстік-шығыс бөлігінде 1919 ж. қазан айының ортасына шейін ақ гвардияшыларға күрес жүргізіліп, негізгі қорғаныс орталығы Черкасское селосы болды.

Колчактың армиясы үлкен жеңілістерге ұшырап екіге бөлінді, бір бөлігі Сібірге, екіншісі Түркістанға шегінеді. Түркістан майданының әскери бөлімдері 1919 ж. тамыз айының екінші жартысында Колчактың «Оңтүстік армиясын» түбегейлі жеңді. Колчак армиясының жеңілуі, солтүстік-шығыс Қазақстанның азат етілуі Орал майданының жойылуына әкелді. Осыған сәйкес, Түркістан майданының әскери бөлімдері Солтүстік Жетісуға жеткізіліп, Кеңес өкіметіне қарсылықты тез арада басты. Кеңес өкіметіне қарсы күрес Азамат соғысының майдандары жойылғаннан кейін де толастамады. 1919 ж. Верныйдағы бүлік соның бір кепілі болды, Д. Фурманов, Ғ. Мұратбаев, Б. Шагабудинов, И. Белов т. б. бұл бүлікті басуда үлкен еңбек етті.

1920 ж.ж. шетел басқыншылары мен ішкі контрреволюциялық күштердің жеңілуіне орай, Қазақстанда экономиканы қалпына келтіру, мемлекеттік құрылысты нығайту қайта қолға алынды.

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан тарихы, очерктер. Алматы, «Дәуір», 1994.
2. *Аманжолова Д. А.* Казахский автонизм и Россия. История движения Алаш. М., 1994.
3. *Атабаев Қ.* Қазақ баспасөзі. Алматы, 2000.
4. *Бөкейханов Ә.* Шығармалар. Алматы, 1994.
5. *Брайнин С., Шафиро Ш.* Очерки по истории Алаш-Орды. Алма-Ата, 1935., Мартыненко Сб. документов. Алматы, 1992.
6. *Григорьев В. К.* Противостояние (Большевики и непролетарские партии в Казахстане 1917-1920 г.г.). Алма-Ата, 1989.
7. *Қозыбаев И. М.* Историография Казахстана. Уроки истории. Алма-Ата, 1990.
8. *Қойгелдиев М. Қ.* Алаш қозғалысы. Алматы, 1995.
9. *Нұрпейсов К.* Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Ахметова К.* «Алаш» партиясы туралы бірер сөз. //Ақиқат, № 9, 1995 64-66-б.б.
2. *Әбдеш М.* Тағдыр («Үш жүз» партиясын ұйымдастырушы Көлбай Тоғысов туралы). //Егемен Қазақстан, 11маусым 1997.
3. *Богачов А.* Алашорда. //Ақиқат, № 3 40-42-б.б. № 4 28-30-б.б. 1997.
4. *Елкеев Б.* «Үш жүз» партиясы. //Қазақстан коммунисті № 8, 1990 56-63-б.б.

5. **Қозыбаев М.** Ғұмырнама жанрын зерттеу мәселелері. Алаш және Алашорда өкіметі. //Қазақ тарихы, № 4 1997.

6. **Қойгелдиев М.** Алашорда XX ғ. қазақтың алғашқы ұлттық мемлекеті. //Ақиқат, № 1 1993, 32-34-б.б.

7. **Қойгелдиев М.** Алаштың Әлиханы. //Ақиқат, № 11, 1991 63-69-б.б.

8. **Қойгелдиев М.** Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқай. //Егемен Қазақстан. 1 ақпан 1997.

9. **Қойгелдиев М.** Түркістанның ұлы перзенті. //Қазақ тарихы, № 2 1997 15-22-б.б., № 4, 44-49-б.б.

11-ТАҚЫРЫП. ӨЛКЕДЕГІ КЕҢЕСТІК МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ ҚҰРЫЛУЫ: АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУ — ҚАЗАҚСТАН ШАРУАЛАРЫНЫҢ ҚАСІРЕТІ. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ: СИПАТЫ, ҚАРҚЫНЫ, МАШТАБЫ

1. Қазақстандағы ЖЭС кезеңі.
2. 1926-1940 жж. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру.
3. 1920-1930 жж. Қазақстандағы мәдени құрылыстар. Сталиндік тоталитарлық тәртіптің жаппай қуғын-сүргіні.

1. Қазақстандағы ЖЭС кезеңі

XX ғасырдың 20-40 жж. аралығы Қазақстан үшін тыңнан жол салу — өтпелі кезеңнен, коммунизмнің бірінші сатысы социалистік қоғамның ірге тасын қалаудан басталды. Қоғамдық саяси-экономикалық дамуда бұл процесс өз кезіндік қазақ жұртшылығының феодализмнен капитализмді баспай өгіп бірден социализмге секіруші феномен ретінде танылды. Саяси айтылымдарда осы ретте орыс халқы — жұмысшы табының басшылық көмегі, ұлт аймақтарының, бұратана халықтардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени мешеулігі сөзге тиек болды. Бірақ, дәл Қазақстан үшін қайсы бір капиталистік өндірістік қарым-қатынастар, жұмысшы-шаруа одақтары, жергілікті ұлттық интеллигенция Ресей империясының XIX ғ. аяғы XX ғ. басындағы қоғамдық-экономикалық, саяси-әлеуметтік және мәдени дамушылығынан әсте қалыс қалмаған тәрізді. Қазақстан жерлері Ресей үкіметінің шикізат көзіне айналғанын дәлелдейтін материалдар өте көп.

Қазан төңкерісінен кейінгі жылдары Қазақстандағы социализм құруды жүзеге асыру Кеңес империясының, Орталықтың әр кез бақылауы, бұйрығы, кеңесі, көмегі арқылы жүзеге асырылды. Азамат соғысы жылдарынан басталған Кеңестік басқару аппаратарындағы қалыптаса бастаған әкімшілік-әміршілікке бой алдыру, коммунистік (большевиктер) партиясының бір партиялық жүйеге ықпалының молдығы тоталитарлық қоғамды өмірге әкелді. Ол өтпелі кезеңнің қиыншылықтарымен астасқан әр-түрлі шаруашылық, әлеуметтік, саяси, мәдени дамушылықтардан айқын байқалды. «Социалистік Отан», «Кеңес Одағы» ұғымдары тоталитаризмнің басты қаруы болды. Жұмысшы-шаруа Кеңестері экономикада, қоғамдық-рухани салаларда, әр-түрлі реформаларды «Әскери коммунизмі», «Жаңа экономикалық саясат», «елді индустрияландыру», «Ауыл шаруашылығын ұжым-

дастыру», «Мәдениет революциясын» жасау және т. б. басы қасында болды. Осы қайта құрушылықтардың бәрі социализмге өтпелі кезеннің бетбейнесі әкімшілік-әміршілік жүйесін, коммунистік партияның басшылық ролінің басымдығын, жеке адамдардың авторитарлық демократияға қарсы іс-әрекеттерін, өктемдіктің сан-қырлы жақтарын өмірге әкелді.

Тоталитарлық жүйе кезінде қазақ жерінде саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамушылықтарда прогрессивтік өркеніетке қарай бет бұрған қуанышты сәттер көп болды. Бірақ, қазақ халқына қарсы жүрген геноцид, ұлттық трагедия басымдығымен байқалды. 1920-1921, 1932-1933 жж. ашаршылық, сталиндік қуғын-сүргін миллиондаған Қазақстан азаматтарын баудай түсірді. Сонда да халықтың келешекке сенімі өте зор болды.

1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін қазақ зиялылары Ресей самодержавиясының бұғауынан босанған қазақ елінің тәуелсіздігіне не бір жолдарын ұсынды. «Алашорда үкіметі» — Ә. Бөкейханов, «Түркестан автономиясы» — М. Шоқай, «Кеңестер үкіметі» - қазақстандық большевиктер — сияқты мемлекеттік құрылымдар күн тәртібіне қойылды. Болашақ үшін тартыста Кеңес үкіметтілігі, большевиктік-коммунистік идея еңбекші бұқара халықтың көкейкесті мақсаты жүзеге асып кетті.

Қазақстанда Кеңес өкіметін орнату өте қиыншылықпен өтті. Ол 1918 ж. наурызына дейін созылды. Қазақстандағы Уақытша үкімет кезіндегі органдар, олардың одақтастарының күшін басу, Азамат соғысының басталып кетуі әсерін тигізді. Кеңес өкіметі Қызыл әскердің және тағы басқа өктемдік органдарының көмегімен еңбекші бұқараның қолдауымен өтпелі кезеңнің қайта құруларын бастады. Экономикада, ішкі-сыртқы саясатта, мәдениетте көптеген жұмыстар жүргізілді.

1918-1920 жж. Қазақстан жерлері Азамат соғысының от-жалынына оранды. Өз өкіметін қайтадан қалпына келтіру мақсатымен жеңілген күштер Қазақстанды табан-тірек етті. Чехословак корпусы, Колчак үкіметі, Анненков, Дутов, Токарев және т. б. ақ атамандар халық шаруашылығына, адамдар өміріне қайғы-қасыреттер әкелді. «Ақтар» мен «Қызылдар» шайқасында Кеңес үкіметінің ірі әскери, қоғам қайраткерлерінің, Қазақстан азаматтарының тарихта аты қалды. Қазақ азаматтары арасында әр түрлі қобалжулар, болашақ үшін жан пидалық іс-әрекеттер байқалды. Кеңестік Қызыл әскер құрамалары ақ гвардияшыларды Қытайға қарай асырды. 1921 ж. Кеңес территориясында бір де бір жау қалмады. Сұраққа байланысты түсіндірмелерге көңіл аударыңыз.

Тоталитаризм — кейінгі латын, totalis — (барлық, толық, бүтін) — буржуазиялық авторитарлық мемлекеттіліктің бір түрі. Тоталитарлық мемлекет қоғам өмірінің бүкіл жағына толықтай бақылау орнатушылықпен си-

патталады. Оған КСРО тарихындағы әкімшілік-әміршілік жүйе кезіндегі КОКП басқарушылығы да жатады.

Әкімшілік-әміршілдік жүйе, большевиктік, Коммунистік партияның тоталитарлық қоғамды өмірге әкеліп, оған идеологиялық басшылық жасауы «Алаш орда» партиясы мүшелерін ғана емес, сонымен қоса еш жазығы жоқ Кеңес әдебиетінің негізін салушылар — коммунистер: С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлиндерді де аямады. Сондықтан, олардың замандасы шыншыл ойшыл-философ Николай Бердяевтың «Қиялға сымайтын құбылыстай (парадокс) көрінсе де большевикшілдік іс-жүзінде орыс ұлы державашылдығының, орыс империализімінің үшінші кезеңі еді, ал оның біріншісі — Мәскеу патшалығы болса, екіншісі — Петр империясы болатын» — деуі тегін айтылмаса керек. Бір Қазақстан үшін 1928 ж. қазақ байларын тәркілеу, ұжымдастыруды күшпен жүргізу (1929-1933 жж.), 1932-1933 жж. алапат аштық, 1937-1938 жж. жаппай құғын-сүргін Н.Бердяевтың ойын дәлдеп шыққандай. Большевизмнің қазақ халқына жат идеология екендігін Әлихан Бөкейханов та айтқан болатын. Кеңес тоталитаризмі адамдарды ұлтына бөліп жатпады, қазақтар үшін нағыз геноцид болды.

Азамат соғысы (1918-1920 жж.) — үш жылдан аса уақытқа созылды. Қазан төңкерісі жеңгеннен кейін жеңіліске ұшыраған капиталистер мен помещиктер, Ресей генералдары мен чиновниктері Кеңес өкіметі — жұмысшылар мен шаруалар, еңбекшілер өктемдігі — Пролетариат диктатурасына қарсы шықты. Оларды буржуазиялық шет мемлекеттер де қолдады. Осылайша бұрынғы Ресей империясы территориясының әр жерінде ақ пен қызылдың жанкешті қырғын соғысы басталды. Шығыс майданда Қазақстан территориясында оған жақын жерлер: Сібір мен Орал, Еділ. Бұрынғы патша адмиралы Колчактың қалың армиясының қолында болды. Большевиктер партиясы «Барлығың Колчакқа қарсы күреске шығындар!» ұранын тастады. Кеңес өкіметінің Қызыл Армиясы құрылды. Қару-жарақтар: винтовкалар, пулеметтер, гранаттар, зеңбіректер және т. б. жасалды. Паровоздар мен вагондар болат құрсанып, бронепоездар жүргізілді. Қызыл әскерлер мінген эшелондар Шығыс майданға аттанды. Оларды аса көрнекті қолбасшы М. В. Фрунзе басқарды. Колчакқа қарсы соғыста № 25-ші В. И. Чапаев дивизиясының даңқы шықты. Ақтарға қарсы күресте Қостанай облысының Мариньск, Торбағатайдағы (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) «Қызыл тау қырандары», Торғайда Амангелді Иманов құрған партизан отрядтары Кеңес өкіметін қорғап ерлік күрестер жүргізді. 1920 ж. Колчак армиясы талқандалды. Ақтардың бірнеше әскери құрамалары да талқандалды. Атамандар — Дутов, Анненков, Токарев және т. б. Қазақстан жерінде талқандалып, Қытай асып жан сауғалады. Кеңес өкіметі Азамат соғысында жеңіске жетті.

Қарқаралы оқиғасы. 1921 ж. Есіл-Петропавл әскери-казак бандаларының қалдықтары уездік елді мекендерді тонап, Қарқаралыға шабуыл жасады. Бұл күш Ақмола қаласының түбінде жеңіліске ұшыраған есаул Токаревтің бандасы болатын. Олар Қытайға өтпек болған еді. Банда Минковка (қазіргі Байқадам) селосында 3 адамды, Ульянов (Ботақара) поселкесінде 13 адамды айуандықпен азаптап өлтірді. Токаревтің қолы 2,5 мың адамнан тұрған, 700 көлігі болған. 6-шы сәуір күні Қарқаралыға басып кіріп 50 шақты қызыл әскер, 60-шақты коммунистерді қырып салған. Жалпы қаза тапқандардың саны — 78. Артынан жеткен қызыл әскер 23 сәуір күні Қарқаралыдан 180 шақырым жердегі оңтүстік-шығыста ұрыс салды. Бүлікшілер жеңіліп Қытайға қашты. 1922 ж. Қытай үкіметінің қолдауымен Красноярскіде банда басшысы, мүшелері сотталып, атылды.

«Әскери коммунизм» саясаты. Азамат соғысы жылдарында (1918-1920 жж.) пролетариат диктатурасының өкіметінің (Кеңестердің) әлеуметтік ортадағы саясатының негізі күш көрсетуінен тұрды. Экономикадағы, әсіресе ауыл шаруашылығындағы басты көрінісі «Азық-түлік салғырттығы» еді. Большевиктік партияның «қайтсек те жеңіп шығамыз» деген ұраны азамат соғысы аяқталғаннан кейін әкімшілік-әміршілік басқарушылыққа ұласты. Елдегі жұмыссыздық, соғыс бүліншіліктері, шаруалар шаруашылығының әлсіреуі бұқараның осы саясатқа қарсы наразылығын туғызды.

Қазақстан тоталитарлық жүйенің қалыптасу кезеңінде: жаңа экономикалық саясат жылдарындағы Қазақстан.

Мұнда, ең бірінші Азамат соғысы (1918-1920 жж.) кезіндегі шаруашылық пен әлеуметтік дамудағы «әскери коммунизм» саясатын білген жөн. Осы саясат кезінен бастап Кеңес қоғамында әкімшілік-әміршілік, тоталитарлық жүйе орныға бастайды (қараңыз «тоталитаризм» анықтамасы). Азамат соғысы аяқталғаннан кейінгі елдің жағдайы өте ауыр болды. Оны жақсы білу үшін жоғарыда көрсетілген «Қазақстан тарихы» очерктерінің IV бөлімінің 2-тарауының 1-ші параграфын оқыңыз. Халық шаруашылығының бүліншілігін қалпына келтіру ішкі шаруашылық жұмыстарын қайта ұйымдастыру мақсатымен 1921 ж. наурыз айында РК(б)П X съезі өтті, «жаңа экономикалық саясат» қабылданды. Негізінен, ЖЭС капитализмге қарай кері шегіну болғанмен Кеңестік социализм құрылысына аз жылдар ішінде қыруар қаржы-қаражат табу көзі болды. Қазақстан ауылдары мен селолары ЖЭС кезінде қандай жетістіктерге жеткенін білген дұрыс. Тоталитарлық жүйе ЖЭС-қа 1928 ж. тосқауыл қойды.

РК(б)П X съезі 1921 ж. 8-16 наурызда Мәскеуде өтті. Онда елдің саяси және шаруашылық өмірінің басты мәселелері қаралды. Съезд жұмысына пролетариат көсемі В. И. Ленин тікелей басшылық жасады. Азық-түлік салғырттығынан азық-түлік салығына өту туралы, «әскери коммунизм»

саясатынан Жаңа экономикалық саясатқа өту туралы қаулы, қарар қабылданды. Социализмнің экономикалық ірге тасын қалауға миллиондаған шаруаларды қатыстыруға бағыт алынды. Партия бірлігі, демократияны дамыту, кәсіподақтың ролін күшейту мәселелері де қаралды. Ұлттар арасындағы теңсіздікті жою туралы сөз болды.

Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) — 1921 ж. наурыз айында РК(б)П X съезінде қабылданды. Азамат соғысы (1918-1920 жж.) аяқталысымен КСРО көлемінде «әскери коммунизм» саясаты бейбіт өмірге негізделген саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуда әкімшілік-әміршілік сипатымен және уақытша шарасыздықтан қолданысымен болашағы жоқ екендігін танытты. Пролетариат диктатурасы қан майданға түскен Кеңес территориясындағы, соның ішінде Қазақстан жеріндегі де ірі-ірі соғыс ошақтары да сөнді. Тыныштық, бейбітшілік орнады. Қираған халық шаруашылығын қалпына келтіру, Социализм құру науқанын әрі қарай жалғастыру Кеңес үкіметінің ең бірінші мақсатына айналды. КСРО-ның сол тұстағы жағдайы «әбден таяққа жығылған, аш-жалаңаш, балдаққа сүйенген сорлы адамның кейпінде еді» — деген екен В. И. Ленин.

Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) Кеңестік Ресей империясының экономикасындағы көп укладтылықты ескертті. Олар:

- натуралды (базармен байланысы жоқ) шаруашылық уклады;
- ұсақ тауарлы (базармен байланысты) шаруалар шаруашылығы уклады;
- жеке меншікті капиталистік уклад;
- мемлекеттік капиталистік (шет елдермен байланысты, корпорация, концессия, инвестиция) уклад;
- социалистік (национализацияланған жер, оның байлығы, зауыт, фабрика, мәдени ғимараттар, жұмысшы-шаруа ұжымдары және т.б.) уклад.

Осы бес укладтың үшеуі ғана социализм құрылысына, мемлекетке қаражат әкелетін еді. Олар: ұсақ тауарлы шаруалар шаруашылығы, мемлекеттік капиталистік уклад және социалистік уклад. Әрине, капитализмге қарай кері шегінушілік деп те кезінде айтылды, сыналды. Бірақ, бүкіл өкімет билігі Кеңестердің қолында болуы, пролетариат диктатурасы, оны алға жетектеуші Коммунистік партияның идеологиясы ЖЭС-ты 1921-1928 жж. қолданды. ЖЭС-тың бір тармағы азық-түлік салғырттығын азық-түлік салығына ауыстыру. Шаруа, малшы енді өзінің мемлекетке төлейтін салығының көлемін көктемге қарай білгеннен кейін өз шаруашылығын өркендетуге мүдделі болды. Салықтан қалған артық өнімін базарға апарып сата алатын құқыққа ие болды. Енді ұсақ тауарлы шаруа шаруашылығының өркендеуіне жол ашылды. Жеке меншік иесі баю жолына түсті. Шет елдік-

терге жалға берілген кәсіпорындар орасан зор табыс көзін жасады — социалистік укладты дамытуға қаржы-қаражат көзін жасады. ЖЭС сауда-саттықты, қала мен деревня арасындағы экономикалық байланысты нығайтты. Базар, жәрменкелер көбейді. Тауар-ақша қатынасы гүлденді.

ЖЭС-ң бір негізі — кооперация. Бұл ұжымға біріккен ауыл шаруашылығы, өндіріс, өнеркәсіп бұйымдарын шығарушы жекешелер базар нарқы мен мемлекет нарқының ортасындағы баға мөлшерін қадағалаушылар болды. Тауар өндіруде алдыңғы қатарлы шет елдік технологияны өндіріске әкелушілер болды. Халықтың тұрмыстық қажеттерін уақтылы орындаушылар да кооперативтер еді.

В. И. Ленин «социалистік қоғам — өркениетті кооператорлар қоғамы», «коммунизм дегеніміз бүкіл елді 100 % кооперациялау» деп тегін айтпаған болатын. Ленин орыс кооперация ілімінің негізін жасаған Н. И. Чайновты дәріптеген.

ЖЭС кезінде өндіріс пен шыққан өнімге жұмысшы бақылаулары қойылды. Партия және қоғамның әлеуметтік өмірін демократияландыруға көп көңіл бөлінді. Елді индустрияландыруға, мәдени революция жасауға ЖЭС қаржы-қаражат әкелді. Жеке меншік иелері — байлар мен кулактар табы көбейді. 1928-ші жылға қарай астық тапшылығы елді индустрияландыруға кеселін тигізді. Сталин басқарған тоталитарлық жүйе ЖЭС қарсы күрес бастады. Бірінші бес жылдық жоспардың қабылдануы (1929 ж.) 1927 ж. басталған ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқандары ЖЭС-ты жокқа шығарды.

1921-1928 жж. еркін дамыған ЖЭС елдің жағдайын жақсартты. Халық шаруашылығы қалпына келтірілді. 1925 ж ірі өнеркәсіп елдің соғысқа дейінгі өнімінің 75 пайызын, ал ауыл шаруашылығы 112 пайызын өндірді. Бұл ретте жалпы өнімдегі мемлекеттік және кооперативтік өнеркәсіптің үлесі 31 пайызға, ал жеке меншіктікі 19 пайызға тең болды.

Қазақстанда 1925-1940 жылдар аралығындағы индустриялық даму.

Қазақстан территориясы қазба байлықтарға өте бай екендігі Ресей империясының оны шикізат көзіне айналдырғанынан-ақ бізге белгілі. Көптеген тау кен зауаттары ХІХ ғ. екінші жартысынан бастап салынды. Алтын, мыс, жез, көмір, мұнай өндіріс орындары шет елдік алпауыттардың да көзін қызықтырған. ХХ ғ. басында әр түрлі ағылшын, неміс, француз, голландық компаниялар, капиталдарын Қарағанды, Спасск, Риддер, Змеегорск, Қарсақбай, Эмбі кәсіпорындарын жұмыс істетуге қосты. Олардан түскен пайыздық табыстар Ресей мемлекетінің қалтасын қалыңдатты. Кеңес үкіметі жылдары осындай кәсіпорындар национализацияланып еңбекші, жұмысшылар қолына ауысты. Қайсы біреулері мемлекеттік капитализм үрдісімен шет елдіктерге концессияларға берілді. ЖЭС кезінде, олардың

үстінен, шығарылған өнімдерге жұмысшы бақылаулары қойылды. 1925 ж. БК(б)П XIV съезі өтті. Оны тарихта индустриаландыру съезі деп атайды.

Осыдан бастап Қазақстан жерлері де Кеңес Одағындағы сияқты социалистік құрылыстар салу алаңына айналды. Бұрынғы ескі зауаттар реконструкцияланды, тоқтап қалғандарына қайтадан жан бітті. Жаңа бағыттағы ауыр, жеңіл өнеркәсіп орындары пайда болды. Қазақстан жұмысшы табы қалыптасты. Қиыншылықтар шаш-етектен болды.

Жұмысшы поселкелері, қалалар салынды. 1920-1940 жж. аралығында Қазақстан индустриялы Республикаға айналды.

2. 1926-1940 жж. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру

БК(б)П XIV съезі 1925 ж. 18-31 желтоқсанда Мәскеуде өтті. Съезд социализмнің әрі қарай өркендеуіне негіз ретінде елді индустриаландыруға өту мәселесін қарап, соның ішінде ауыр индустрияны бірінші кезекте дамытуға бағыт алды. Ауыр өнеркәсіп қана КСРО-ны машина механизмдерді сырттан әкелуші елден өз ішінде машина механизмін шығаратын елге айналдыратыны белгілі болды. Жұмысшылар мен шаруалардың одағының мызғымастай берік болуын елді индустриаландыру толық шешетін болды.

Индустриаландыру статистикасы. Бірінші және екінші бесжылдықтар кезінде яки 1928-1937 жж. Қазақстан индустриясына Одақ бюджетінен 2 млрд. сом қаржы бөлінді. Өнеркәсіп орындарын салу мен жұмыс істетуге жұмысшы кадрлары жақын жатқан аудандардан алынды. Мысалы, Риддер кенішіне 1931 ж. 1000 жұмысшы шақырылса, 9 айдың ішінде оған 11,5 мың адам келіп, 3 мың жұмысшы тұрақты жұмысқа кіріскен.

Қарағанды шахталарын салуда 1930-1931 жж. 2 мың киіз үй тігілді. Шахта салушылардың көбісі жақын жатқан ауылдардан келді. Москва, Ленинград, Донбасс, Баку жұмысшылары көмекке келіп әрбір кенші он қазақ жігітін тау-кен жұмысына үйретті.

КСРО-да қысқа мерзім ішінде ауыр индустрия, оның ішінде машина жасау, қорғаныс өнеркәсібі, сол кезеңге сай химия өндірісі іс жүзінде жаңадан құрылды. ГОЭЛРО жоспары орындалды. Магнитка, Кузбас, Днепро-ГЭС, Уралмаш, Хибин комбинаты, Москва мен Горькийдегі автомобиль зауыттары, Ростсельмаш, Амурдағы Комсомольск, Түріксиб пен үлкен Ферғана каналы, алғашқы бесжылдықтар жетістіктері болып саналады. 1926-1940 жж. Қазақстан индустриясы қазба байлығының аса молдығымен құлашын кеңге салды. Бірақ, шикізаттың бағытымен ғана дамыды. Риддер полиметалл комбинаты, Қарсақбай мыс комбинаты, Ертіс мыс қорыту за-

уыты, Шымкент қорғасын зауыты, Балхаш мыс қорыту және Ащысай полиметалл комбинаттары салынды. 1940 ж. Қарағанды көмірі Қазақстан көмірінің 90 % үлесін алды. Донбасс пен Кузбастан кейінгі КСРО бойынша үшінші орынға шықты. Мұнай шығарудан Ресей мен Әзірбайжаннан кейінгі үшінші орын алды. Химия өнеркәсібінен: Шымкент химфарм зауыты, Ақтөбе химкомбинаты, Қаратау фосфорит, Аралсульфат іске қосылды, іске қосуға даярлықтар жасалып жатты.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібі де кең құлаш алып дамыды. Алматы аяқ киім, екі тігін фабрикасы, Семей тері илеу, ет комбинаты, Атырау балық-консерв зауыты, Алматы жеміс-көкөніс комбинаттары, Талдықорған, Мерке, Жамбыл қант зауыттары, Алматы темекі фабрикасы т.б.

1928-1940 жж. республика темір жолы 50 % өсіп, 658 километрге жетті. Сібір мен Орта Азияны байланыстыратын Түркістан-Сібір теміржолы салынды. Қазақстан қалалары тұрғындары саны 50 мыңнан асатын халге жетті (7 қала), ал Алматы, Қарағанды, Семей қалаларында халық саны 100 мыңнан асты.

Түркісіб — ол Кеңестік бірінші бесжылдықтың екпінді құрылыстарының бірі. Үш жылда салынған. Ұзындығы 1452 шақырым жолды салуға орталықтан компрессор, экскаватор, электромотор, көтергіш кран, паровоз сияқты түрлі машиналар мен механизмдер жеткізілді. Түркісібі салу комиссиясында мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұлов басшылық етті. Құрылыс басшысы Қазан төңкерісіне қатысқан ірі инженер В. Шатов болды. Бұл құрылысқа атақты тарихшы, темір жол маманы Мұхаметжан Тынышпаев та қатысқан. Жаздың аптап ыстығында, қыстың үскірік аязында тек қайла, күрекпен тас қопарып, тау құлатқан, екі доңғалақты тәшкемен топырақ тасыған Түркісіб жұмысшыларының ерлік істері аңызға айналды, жырларға арқау болды, көркем сурет, кітап беттерінен орын алды.

Индустрияландыру қиыншылықтары. Тоталитарлық жүйе, Голощекиндік «Кіші Қазан» төңкерісі Қазақстан индустриясына көптеген қиыншылықтар әкелді. Олар: өндіріс орындарын салуда, өндіргіш күштерді орналастыруда, халықтың тұрмыс тіршілігінде, әлеуметтік ортада, кадрлар мәселесінде, жалақы төлеуде заңсыздықтар және т. б. көрініс тапты. Ата-балаларымыз бірақ, болашаққа сенді.

Қазақ жұмысшыларын 20-30-шы жылдары кәсіпорындарға жұмысқа тарту табиғи емес, зорлықпен жүрді. Көшпенділіктен бірден отырықшылыққа көшу қазақ ұлтына жат болатын.

Халықтың тұрмыс тіршілігі өте төменгі дәрежеде болды. Қарсақпай руднигінің 300 жұмысшысының 20-сы жатақханада, ал қалғандары әр жерде ашық аспан аясында, көшеде, рудниктің ауласында, ағаш астында, асханада, тіпті малдар қамайтын үйшіктерде тұрды. 1932 ж. Ащысайполиме-

талда бір адамға тек 1,25 кв.м. тұрғын жай тиесілі болды. Осы жылдың басында Ембі мұнайда жұмысшылардың 48 % пайызының баспанасы болмаған. Белоусов руднигінде 6 жанұяға арналған баракта 25 қазақ жанұясы тұрған. Қарағанды бассейнін салуда 1930-1931 жж. ағаш үйдің болмауы, жұмысшылардың көбі киіз үйлерде тұрғандықтан қыс айларында балалардың үсікке шалынуы жиі болған.

Жалақы шалудағы заңсыздықтар: 1930 ж. Арал балықшыларының орта айлық жалақысы 35 сом болса, ал оларға ақша бөлуші бухгалтердің еңбек табысы 300 сом болған. Қазақ жұмысшыларының қараңғылығын басынған кейбір басшылар, Кеңес қызметкерлері, Түріксібті салушылардың, Әулие Ата, Ақтөбе химия комбинаттарында құрылысшылардың жалақыларын толықтай бермей, кейде тіпті 3-4 айға созған.

Индустрияландырудың бастапқы жылдарында Риддер, Ембі, Қарсақпай, Қарағанды ескі кәсіпорындарының жаңаша түрленуіне жергілікті қазақ жұртшылығының кәсіпорындарға көптеп келуінен туындады. Ал енді Голощекиндік «Кіші Қазан» төңкерісі 1932-1933 жж. алапат аштықты ала келді. Осы кезеңде қазақ жұмысшыларының әлсірегенін, азайғанын байқаймыз. Мысалы, Әулие Атадағы қант зауытында қазақ жұмысшыларының саны 1932 ж. 409 болса, ал 1933 жылы 115-ке төмендеді. Алтай түсті металл кәсіпорнында 1932 жылы 1931 жылмен салыстырғанда 30,1 пайыздан 24 пайызға дейін, Жезқазғанда 1933 ж. 92 %-дан 73 %. Ембі мұнайда 78 %-дан 75 %-ға төмендеп кадрлар тұрақсызданды. Қарағандыда 1932 ж. қазақ шахтерлерінің дені 55,1-тан 38,5 %-ға төмендеді.

Тұрмыс қиыншылығына төзбеген донбастықтар 1932 жылы Қарағандының № 11 шахтасынан еліне қайтып кеткен. 30 адамның тек 6-ы ғана қалған.

Индустрияландыру үй шаруасындағы әйелдерге де тыныштық бермеген. 44 пайыздан 3 пайызға дейін азайып, өндіріс пен құрылыстарға жұмысқа тартылған.

Ерлер мен әйелдер арасындағы тең құқылық ұраны қазақ жанұяларында «әйел бостандығы» ұғымымен жанұяларды бұзды, бала туу азайды және т. б.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру және оның зардаптары.

БК(б)П XV съезі 1927 ж. желтоқсан айында өтті. Бұл съезд «КСРО-да ауыл шаруашылығын социалистік жолмен ұжымдастыру съезі» деп аталады. Ұжымдастыру жылдары Қазақстан халқының көпшілігі ауылдық жерлерде тұрды. Дәстүрлі мал шаруашылығын жүргізді. 1930 жылғы 1 маусымдағы дерек бойынша ауыл халқы 5,873 мың деп айтылады.

БК(б)П XV съезі 1927 ж. 2-19 желтоқсанда Мәскеуде өтті. Онда деревнядағы жұмыс, халық шаруашылығын дамытудың алғашқы бес жылдық жоспарының директивасы және т. б. мәселелер қаралды. Ұсақ шаруа

шаруашылықтарын социалистік жолмен ұжымдастыру ірі-ірі социалистік бірлестіктер құру, орта шаруаға көзқарас талқыланды.

Ірі байлар мен жартылай феодалдардың мал-мүліктерін тәркілеу туралы қаулы (1928 ж. 27 тамыз) қабылданды. 1927 ж. желтоқсанда Республика басшылығында ірі-ірі байлар шаруашылығын тәркілеу туралы комиссия құру мәселесі талқыланды. 1928 ж. тамызда Өлкелік комитет құрамында Е. Ерназаров(төрағасы), О. Исаев, Н. Нұрмақов, Ғ. Тоғжанов, О. Жандосовтар бар комиссия құрды. Осы комиссияны демеу үшін Қазақстан ауылдарына 4700 адам жіберілді. Тәркілеу барысында 1928 жылдың 10-шы қарашасына дейін 696 шаруашылық тәркіге түсіп, олардың 619-ы туған округінен тыс жерге айдалды.

«Кіші Қазан» төңкерісі. Ол 1928 жылдан-ақ басталды. 1925 ж. Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1-шы хатшысы болып келген Ф. И. Голощекин республиканың саяси-экономикалық және әлеуметтік жағдайымен танысқаннан кейін «Қазақстанға Ұлы Қазан төңкерісінің ешқандай ықпалы болмады, сондықтан мұнда «Кіші Қазан» төңкерісін жасау керек» деген теріс қорытындыға келіп, республикада репрессиялық шаралар, мал-мүлікті тәркілеу, кулак шарушылығын жою, жеке меншіктің орнына қоғамдық меншік орнату және т. б. шараларды жүргізе бастады. Көшпенді мал шаруашылығымен шұғылданған ғасырлар бойы әдепкі халықты отырықшыландыру, ұжымдасқан егін шарушылығына көшіруді ол «Кіші Қазан» — деп ұқса керек.

Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру. Партияның XV съезінің шешімдерінде шаруалар жөнінде, оларды ұжымдарға біріктірудің лениндік баламаларынан («ұжымға кірудің еріктілігі», «орташаларға» көзқарас) ауытқушылыққа жол берілді. Әкімшілік-әміршілікпен жүргізілген ұжымдастыру науқаны КСРО көлемінде де, Қазақстанда да өте қанқұйлы жүрді. Одақтағы 1-ші бесжылдық жоспарда айтылған ұжымдастыруды бітіру мерзімі, көшпенді, малшы қазақ қауымына келмейтін еді. 1929 ж. 11-16 желтоқсанда Қазақстан Компартиясының ОК-нің Пленумы отырықшы өмір салтына ауысуға дайындықты бастауға шешім қабылдады. Бірінші бесжылдықтың аяғына дейін 544 мың көшпенді және жартылай көшпенді жанұя (ұзынырғасы 566 мың) отырықшылыққа көшуге тиіс деген қаулы алды.

Колхоздар қалай ұйымдастырылды? Колхоздар бір-бірінен жырақ орналасқан 10-15 түтіні бар 10-20 ауылдың басын қосты. Қайсы бір колхоздардың территориясы шамамен 200 шаршы шақырымға дейін жетті. Не малы, не тұқымы болмаған колхоздар да болды. 1 есепші орта есеппен 12, бір техник 50 колхозды қамтып, қызмет етті. Кадрлар жетіспеді. 1930 ж. Рес-

публикада небәрі 416 агроном мен басқада ауыл шаруашылық мамандары жұмыс істеген, солардың 4-і ғана қазақ болған.

«Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын!» КСРО-да 1929-1933 жж. аралығында тұтас облыстармен аймақтарда толық ұжымдастыру ісін «кімнің тезірек жүргізетіндігі жөнінде жарыс» жүрді. Қазақстан бойынша басшысы Ф. И. Голощекин болып, оны қостаушылар О. Исаев, І. Құрамысов, Е. Ерназаров күндіз-түні ат үстінен түспей осы процесстің басы-қасында болды. 1930 жылғы 15 қаңтардағы Жарғыға сай Қазақстан 1933 ж. аяғына дейін толық ұжымдастыру ауданына жатқызылды. 1930 жылдың 10 наурызына қарай Қазақстан халқының 56,6 пайызы ұжымдастырылды. Көшпелі аудандарда бұл көрсеткіш небәрі 20 пайыз маңайында қалды. Қағаз жүзіндегі ғана ұжымдық шаруашылықтар да болды. 1931 ж. қазанына дейін 65 пайызы ұжымдастырылды.

Мал басын қырғынға ұшырату. Ұжымдастырылу басталған алғашқы апталарда көптеген аудандарда қолдағы малдың тең жартысы пышаққа ілінді. 1930 жылдың барысында 2,3 млн. ірі қара мен 10 млн. қой шығын болған. 1929-1930 жылдары барлық малдың 35 пайызы опат болған. Бір орталыққа біріктірілген мал, жем-шөптің жетіспеуінен, індеттен, жылы қора-қопсының болмауынан қырылды. 1932 ж. ақпанында елдің барлық колхоздарының 87 пайызға жуығы, жеке шаруашылықтың 51,5 пайызы тігерге тұяқсыз қалды. «Мал жан аманба?» деп амандасатын қазақ енді сол малдан жұрдай болды.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру кезеңіндегі мал басының шығынға ұшырауы (мың).

Мал түрлері	1928 ж.	1932 ж.	1935 ж.	1941 ж.
Ірі қара	6,509	965	-	3,335
Жылқы	3,616	-	-	885
Қой	18,566	1,386	-	-
Түйе	1042	-	63	-

1932-1933 жж. ашаршылық. 1926 ж. республиканың қазақ жұртшылығының 80 пайызы малмен күнелткен еді. Ұжымдастыру жылдары осы малдан айрылды. Егін шаруашылығы бел ала алмады. 1932 ж. көктемінде Қазақстанда алапат аштық жайлады. Бұндай аштық Азамат соғысы жылдарында болған еді. 1919 және 1922 жж. аралығында Қазақстанда 1 млн. адам қырғынға ұшыраған.

Ашаршылық әсіресе Орталық Қазақстан, Қарқаралы, Егіндібұлақ аудандарында алапат болды. Осы екі ауданда 1929 ж. 65 мың адам тұрса, ал 1933 жылы 10-ақ мың адам қалған. 1932-1933 жж. аштан өлген адамдардың санын Отандық және шет елдік сарапшылар әр түрлі сандармен көрсетеді: Б. Шпилер — 860 мыңнан астам, В. Монквест — 1 млн. астам, М. Олкотт — 1,5 млн. адам деп көрсетсе, ал демограф М. Тәтімов 2 млн. 22 мың дейді. Халқымыздың 42 % опат болған.

«Қызыл табан шұбырынды» — елден кету. Тәрікелеуден, ұжымдастырудан, аштықтан 1928-1933 жж. аралығында Республика халқының 15-20 пайызы шет жерлерге көшіп кетті. Өзбекстанға 300 мың ауды, Түркменстанда 40 мың қазақ отбасылары башмашыларға қосылды. Ресей, Орта Азия республикаларына, Қытай, Түркияға және т. б. шет жерлерге көшті. 1930 ж. басынан 1931 ж. ортасына дейін Қазақстаннан 281230 шаруа қожалығы көшіп кетті.

Ұжымдастыруға қарсы көтерілістер. 1929-1931 жж. аралығында Қазақстанда 372 көтеріліс болған. Оларға жалпы саны 80 мыңдай адам қатысты. Бұл көтерілістердің басты себептері: жергілікті Кеңес басшыларының ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқанын дұрыс ұйымдастырмағандығы; ұжымдардың Уставы (жарғысы) бұзылды; күштеу, зорлау, социалистік заңдылықтарды өрескел бұзышылық, тәркілеуге орташалардың да ұшырауы, ұлттық геноцид және т. б. Көтерілістер болған жерлер: Созақ, Шемонаиха, Бұхтарма, Ырғыз, Қазалы, Қармақшы, Абралы, Шыңғыстау, Шұбартау, Бүйен-Ақсу, Адай, Ақсу-Қапал-Қызылағаш, Сарқанд, Батпаққара, Бостандық және т. б. Кеңес әскері, милиция бұл көтерілістерді қанға бөктірді.

3. 1920-1930 жж. Қазақстандағы мәдени құрылыстар. Сталиндік тоталитарлық тәртіптің жаппай қуғын-сүргіні

Қазақстанның қоғамдық-саяси және мәдени өмірі. Қазақстан зияларының қуғын-сүргінге ұшырауы.

Қазан төңкерісіне дейін Қазақ қоғамында ел қамын ойлаған, оқыған, білімді ел зиялылары болған. Көп тұстарда, Ресей империясының Қазақстанды отарлау саясатына қарсы, қараңғылыққа, надандыққа қарсы күрес жолдарын тандап, әр-түрлі іс-әрекеттер жасады, Дума мінберлерінде сөз сөйледі (Б. Қаратаев, Ә. Бөкейханов, М. Тынышбаев және т. б.). Газет, журналдар шығарып, оның беттерінде ағартушылық, саяси, патриоттық мақалалар жариялады (А. Байтұрсынов — «Қазақ» газеті (1913 ж.), М. Сералин — «Айқап» журналы (1911 ж.) және т. б.). Тәуелсіздік жолын ұсынған,

саяси көзқарастарды топтастырған партиялар құрды, тіпті ол партиялар самодержавие құлатылған тұста Уақытша үкіметте құрды («Алаш Орда» партиясы, «Алаш Орда Уақытша үкіметі» Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов; «Түркістан автономиясы» Мұстафа Шоқай; «Үш жүз» Көлбай Тоғысов және т. б.). Олар Қазан төңкерісінен көп үміт күтті. Бірақ ол армандары, бағдарламалары іске аспады. Алаш зиялылары арасында коммунистік (большевиктік) көзқарастағы және Ресей самодержавиесінің қазақ жеріне қуылған азаматтары бірлескен нағыз коммунистер — Т. Рыскулов, А. Розыбақиев, С. Сейфуллин, А. Асылбеков, С. Меңдешев, П. Виноградов, Д. Деев және т. б. болды. Қазақстанда қоғамдық, мемлекеттік, мәдениет саласында Қазан төңкерісінен кейін әр түрлі қайта құрулар өтті. Осы тұста Орталық Басқару аппараттарындағы В. И. Ленин, М. П. Калинин, В. Куйбышев, М. В. Фрунзе, С. М. Киров және т. б. үкімет басшылары, қоғам қайраткерлері араласты. Қазақстанды басқарушы кадрлар орталықтың араласуымен тағайындалды.

Кеңес қоғамының социализм құрлысындағы еңбекшілердің жан-қиярлық еңбектері: «социалистік жарыс», «стахановшылар қозғалысы» және т. б. бастамалар (энтузиазмдерге) ұласты. Қазақстанда да бұл қозғалыстар қанат жайды. Осындай еңбек ерліктерін, барлық күшін социализмге бағыштау идеясын бірінші болып, қоғамның ең әлуетті күші жастар қолдады. ВЛКСМ (БЛКЖО), КИМ (ЖКИ) оның Қазақстандық өкілдері оқу, тәрбие жұмыстарының, сауатсыздыққа қарсы күрестің ұйтқысы болды, шетел жастарымен хабарласты.

Сауатсыздыққа қарсы күрес барысында Қазақстанда 20-40 жж. алфавит, жазу үш рет өзгерді. Осы кезеңде тарих ғылымында С. Асфендияров, М. Тынышпаев зерттеушілік жұмыстар жүргізді.

Әйелдер теңдігі, қалың мал тақырыбы Қазақстан қоғамында әйелдер қозғалысында елеулі орын алды.

20-40-шы жылдары Қазақстан ғылымы дамыды. Тау-кен, химия, биология, минералды тыңайтқыш, педагогика салаларында орасан зор жетістіктерге қол жеткізілді.

Әдебиет саласында, социалистік реализм, кеңес әдебиетінің классикалық үлгілерін С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Әуезов дүние жүзіне паш етті. Қазақ еңбекшілерінің еңбек ерліктерін, социалистік тұрмыс жаңалықтарын С. Мұқанов, Ғ. Мұстафин, Ғ. Мүсіреповтар жазды. Еуропалық стильмен, түркішілдік рухта Мағжан Жұмабаев жырлар шығарды. Діни, ар, ұят, ождан тақырыптарын жырларына арқау еткен Мәшһүр Жүсіп Көпеев ұмытылды, Кеңес дәуірінің бас кезінде Қарқаралы ақыны Мәди Бәпиұлы «Ұры Мәди» атанып аты шықпады.

Социализм құрылысының әрі қарай өркендеуі «тап күресінің шиеленісуімен» қоса қабат жүреді-мыс идеясы Сталиннің 20-шы жылдардың аяғында Кеңес Одағы көлемінде қолданыс тапқан, тоталитаризмнің ең қанқұйлы саясаты болып табылады. «Халық жауларына» қарсы күрес КСРО-да Қазан төңкерісінен кейін-ақ әр түрлі «Пролетариат диктатурасы» өктемдік аппараттары арқылы басталды. Саяси көзқарастар күресінде коммунистік (большевиктік) ілім жеңіп шықты. Осы марксизм-ленинизмге қарсы айтылған ойлардың қай-қайсы болса да қудалауға түсті. Социализм құрылысы кезінде, әсіресе 20-шы жылдардың соңында партия, Кеңес қызметкерлеріне қарсы «партиядан шығару», «антипартиялық оңшыл», «солшыл» блок, «оппозициялық топ» және т. б. айыптар тағылды.

Қазақстанда 1997 жыл «Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» болып аталып өтті. «31 мамыр» аза күні деп белгіленді. Жер-жерде осы қуғын-сүргін жылдарында жапа шеккен алаш азаматтарын еске алып ескерткіштер, монументтер қойылды.

Түркістан Автономиялық Кеңес Республикасы 1918 ж. құрылған. Оның құрамында Сырдария, Жетісу облыстары, Перовск-Ақмешіт, Қазалы, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Алматы (Верный), Жаркент, Қапал жерлері кірді. Бұл жерлер қазақ жұртшылығының қалың шоғырланған жерлері болатын.

1920 ж. 26-шы тамыз. Қырғыз (қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы (Қазақ АКСР-ы) Декрет бойынша Ресей Федерациясының құрамында деп есептелді. Астанасы — Орынбор қаласы болды. Оның сапына Орал, Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Бөкей, Ақмола, Семей және Адай уездері кірді.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) 1922 жылдың 30 желтоқсанында КСРО Кеңестерінің 1-ші съезінде Ресей Федерациясы, Украин КСР-ы, Белорусь КСР-ы және Закавказье Федерациясы (Грузия, Армения, Азербайжан) бірігіп, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын құрды. Қазақстан, Орта Азия республикалары Ресей Федерациясы құрамында болды. Кейін, яғни 1936 ж. тең құқылы Одақтас республикалар бұрынғы негізден алынып саны көбейіп 15-ке жетті. Олар: Ресей Федерациясы, Украин, Белорусь, Өзбек, Қазақ, Грузин, Азербайжан, Литван, Молдаван, Латыш, Қырғыз, Тәжік, Армян, Түрікмен, Эстон Кеңестік социалистік республикалары.

1921-1922 жж. Қазақстандағы жер-су реформасы. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ Қазақстан ауыл тұрғындарының арасында таптық, ұлттық және тұрмысы мен санасына ғасырлар бойы сіңген патриархалдық рулық қалдықтарды жою сияқты коммунистік идеология жүргізілді. 1921-1922 жж. жер-су реформасы Ресей отаршылдығынан қалған

жер-суға деген оны иеленуге құқылық мәселелерін шешуге арналды. Қазақ шаруаларының бұқаралық ұйымдары («Комбед») Жетісу мен Сырдария облыстарында, қазақ тұрғындарын Орал губерниясында Жайық өзенінің сол жағындағы жерге және Семей губерниясының Ертіс өзенінің бойындағы 10 шақырымдық өңірге орналастыру шараларын жүргізді.

Ақмешіттің (Қызылорданың) астана атануы. 1924 ж. наурыз айында Ташкентте қазақ жерінің тұтастығы жөнінде, 1918, 1920 жж. екіге бөлінген қазақ жерлерін қосу, межелеу туралы комиссия құрылып, оның жұмысын орталықтан В. Куйбышев, М. Фрунзе сияқты қоғам қайраткерлеріне жүктелді. Орта Азия, Ресей, Қазақстан мемлекеттіліктерін, территорияларын қайта межелеу нәтижесінде Қазақстанға Қарақалпақ автономиялы облысы, Сырдария және Жетісу облыстары қосылды. Қазақстан аумағы үштен бір есе ұлғайып, 2,7 млн. шаршы шақырымды құрды. Республика халқының саны 5 млн. 230 мың адамға жетті. Қазақтар халықтың 61,3 пайызын құрады. Ақмешіттің астана ретінде таңдалып алынуына Сұлтанбек Қожановтың үлесі бар. 1925 ж. сәуір айында өткен Қазақстан Кеңестерінің V съезі «Қырғыз» сөзін алып тастап «Қазақ АКСР-ы» деп атауды, астананың Қызылорда аталуын мәлімдеді. Орынбор қаласы, жақын аудандары Ресейге өтті.

Осы кезеңдегі бір тарихи құжатта былайша жазылған қызықты естелік бар: «Орынбордан Республиканың жаңа астанасы Ақмешітке 1925 ж. наурыз айының аяғында бір топ съезд делегаттары аттанған. Олардың ішінде мәдениет, өнер қайраткерлері Иса Байзақов, Александр Затаевич, Әміре Қашаубаев, Сәбит Мұқанов, Сәкен Сейфуллин, Қажымұқан Мұңайтпасовтар бар болатын» — делінеді.

Сауатсыздықты жою. Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) жылдарында күн тәртібіндегі ең өзекті мәселе болды. «Сауатсыз» елде социализм құруға болмайтын болды. 1924 ж. Қазақ АКСР-де «Сауатсыздық жойылсын» қоғамы құрылды. Ана тіліндегі мектеп, баспасөз, театр, клуб ісін дамыту кадрлар даярлау 1-ші кезекте тұрды. 1921-1927 жж. Республикада 200 мыңдай адам оқыды. 15 жастан 50 жасқа дейінгі сауатсыз еңбекші халықпен соғысқа дейінгі бесжылдықтарда 65 мың комсомол жастар жұмыс істеді. Олар сауатсыздармен тек мектеп үйлерінде ғана емес, клубтарда, қызыл мүйістерде жиылыстарда шұғылданды. 1936 ж. сауатсыздықты жою пункттерінде жарты миллионнан астам адам оқыды. 1939 ж. қазақ ұлтының сауаттылығы 40 пайызға жеткен. 1926-1939 жж. ішінде 9-49 жас аралығындағы барлық Қазақстан халқының сауаттылығы 25,2%-дан 83,6%-ға, соның ішінде ер адамдар арасында — 35,5%-дан 90,3%-ға дейін, әйелдер арасында 14,5%-дан 75,8%-ға дейін жетті.

Жазу, алфавит. Жиырмасыншы жылдары Қазақстанда жазу, алфавит көптеген реформаларға ұшырады. Шығыс халықтары, Орта Азия, Еділ

бойындағы халықтар 1927 ж. дейін араб алфавитін пайдаланып келді. Үкімет қаулысымен осы жылы латын қарпіне көшірілді, ал 1940 ж. кириллица енгізілді. Бір адамның үш рет сауат ашуы оңай шаруа емес.

Реабилитация — ақтау, ақталу, орынсыз тағылған айыптан ақталып шығару. Бұл көбінесе негізсіз тағылған айып — кінәні сот арқылы немесе әкімшілік жолмен жоққа шығару, абырой-атақ пен құқығын қайта қалпына келтіру жолымен жүзеге асырылады. Реабилитация әр елдің тарихында кездесіп отыратын оқиға. КОКП XX съезінің (1956 ж.) басталған «Сталиннің жеке басына табынушылық пен оның зардаптарын жою», бұндай кейінгі КОКП ОК 1989 ж. «1930-1940-шы ж.ж. және 1950-ші ж. бас кезіндегі орын алған жазалау шараларының құрбандарына қатысты әділеттілікті қалпына келтіру» шаралары реабилитациясының нақты дәлелдері.

Репрессия – басу, жаншу, қудалау, жазалау — үкімет басшыларының заң орындары арқылы өз халқын, оның жекелеген өкілдерін қуғынға ұшыратып, жазалау шаралары. 1937-1938 ж.ж. репрессияның асқындаған жылдары болды. Үржарда, Пресновкада, Қарағандыда, Алматыда және т. б. жерлерде сот процестері өткен.

ГУЛаг — лагерьлерді басқарудың мемлекеттік бас басқармасы. 1953 ж. қарай КСРО-да 6000-ға тарта саяси тұтқындар лагерьлері болған. Олар: Магадан, Воркута, Норильск, Бодайбо, Алдан, Колыма сияқты Қиыр Шығыс, Сібір жерлері. Қазақстанда: Карлаг, Степлаг, Алжир (Акмолинский лагерь жен изменников Родины) және т. б. Кеңестер Одағының территориясындағы барлық лагерьлер ГУЛагқа тікелей қараған.

Карлаг — ГУЛагтың филиалы. 1931 ж. Қарағанды алып совхозы ОГПУ ретінде құрылған. Астанасы Долинка поселкісі. Территориясы 1931 ж. — 53 мың га болса, 1941 ж. — 650 га жеткен. 1931 ж. 14 бөлімше, 64 участка болса, ал 1953 ж. 26 бөлімше, 192 участка болған. Тұтқындар санына келетін болсақ 1931 ж. 21329 адам болса, ал 1950 ж. 66208 адам болған. Осы жылдар аралығында 5430 адам атылған. Лагерь 1962 жылы таратылған.

- Степлаг — Жезказған, Балқаш жерлерін қамтиды. Карлаг құрамында болған. Лагерь тұтқындары 1936-1937 ж.ж. «Нельді-Жезказған» ұзындығы 418 шақырым теміржол жүйесін салып іске қосты. 1939 ж. «Жезказған-Жарық» теміржолын іске қосқанда онда 3786 тұтқын жұмыс істеген. Олардың қолымен Кеңгір су қоймасы, Қарсақбай, Жезді мыс, марганец зауыттары, Жезказған, Балқаш, Қоңырат түсті металлургиясы жасалды.

- Алжир (Акмолинский лагерь жен изменников Родины) — 1933 жылы, бұл Карлагтың Ақмола бөлімшесінде 2304 әйел отырса, 1952 жылы олардың саны 13 мың болған. Онда Кеңес органдары қызметкерлері мен әскери қайраткерлердің әйел, қыздары отырды. Е. Серебровскийдің әйелі,

А. С. Енукидзениң әйелі мен қызы, Н. Н. Крестинскийдің әйелі, Маршал Тухачевскийдің қарындасы, Маршал Гамарниктің қарындастарымен бірге қазақстандық зиялылар — С. Сейфуллин, Б. Майлин, Ж. Шанин, М. Сералин, Т. Рысқұлов, Т. Жүргенов, С. Меңдешев және т. б. әйелдері отырған.

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан тарихы. Очерктер. — Алматы, «Дәуір», 1994.
2. История Казахстана: белые пятна. — Алма-Ата, 1991.
3. Политические репрессии в Казахстане 1937-1938 гг. Сб. документов. — Алматы, 1998.
4. **Назарбаев Ә. Н.** Тарих толқынында. — Алматы, 1999.
5. **Берденова К.** Қазақ қоғамындағы әкімшілік-шаруашылық жүйелердің эволюциясы. Оқу құралы. — Алматы, 1999.
6. Қазақ қалай аштыққа ұшырады. -Алматы, 1993.
7. «Бесеудің хаты» 4-шілде 1932 ж.
8. «Т. Рұсқұловтың Сталинге хаты», 9-наурыз, 1933 ж.
9. «Т. Рұсқұловтың Мирзоянға хаты», 11-наурыз, 1933 ж.
10. **Қозыбаев М. К.** История и современность. — Алма-Ата, 1991.
11. Қызылдар қырғыны. — Алматы, «Өнер», 1998.
12. **Қуандықов Е.** Сүрең салған сұрқия саясат. — Алматы, 1999.
13. **Михайлов В.** Хроника великого джута, 2-ое изд. — Алматы, 1996.
14. **Мұртаза Ш.** Тұмақ. — Алматы, 1994.
15. **Омарбеков Т.** 1920-1930 жылдардағы Қазақстан қасіреті. — Алматы, 1997.
16. **Рысқұлов Т.** Собрание сочинений в трех томах. — Алматы, 1997.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Атауов С.** және басқалар. Сөзақ көтерілісі. //Ақиқат, №5, 1996.
2. **Асылбеков М.** Шұбартау көтерілісі. //Жұлдыз, № 5, 1996.
3. **Бектұров Ж.** Ақ кітап. //Орталық Қазақстан, 8 ақпан, 1997.
4. **Борангалиұлы Т.** Орынбордан — Ақмешітке. //Егемен Қазақстан, 25 ақпан, 1997.
5. **Қожамжаров Д.** Қазақ ауылында 20-шы жылдарда мәдени-ағарту жұмысы қалай жүргізілді. //Ақиқат, № 4, 1995.
6. **Қожамжаров Д.** 20-шы жылдардағы қазақ ауылының шындығы. //Қазақ тарихы, № 4, 1997.
7. **Қуандықов Е.** Зобалаң басы — өктем саясат, өлермен жандайшаптық. //Қазақ тарихы, № 4, 1996
8. **Қуандықов Е.** Ұлтшыл-фашистер атанған оппозиционерлер. //Қазақ тарихы, № 4, 1997.

9. **Ж. Айталы, Ғ. Мүсірепов.** Біздерді кімдер басқарып еді? //Егемен Қазақстан, 10 қаңтар, 2000.

10. **Талдыбаев Ж.** Қазақстан халқының қаралы кезеңдері (1926-1939 жж.). //Қазақ тарихы, № 2, 1996.

**12-ТАҚЫРЫП ҚАЗАҚСТАН 1941-1945 жж.
ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗЕҢІНДЕ.
ҚАЗАҚСТАН СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДА (1946-1953 жж.)**

1. Соғыстың басталуы мен сипаты.
2. Қазақстанды соғыс жағдайына байланысты қайта құру.
3. Ұлы Отан соғысы майдандарындағы қазақстандықтар.
4. Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жж.).

1. Соғыстың басталуы мен сипаты

Бүкіл Батыс Еуропаны дерлік жаулап алған фашистік Германия антикеңестік одақ құру жөніндегі белсенді дипломатиялық әрекетін өрістетті. 1940 жылы қыркүйекте Берлинде Германия, Жапония және Италия арасында үш жақты шартқа қол қойылды, жылдың аяғында оған Венгрия, Румыния және Финляндия қосылды.

Жаулап алынған елдердің өнеркәсібі түгелдей Германияның әскери-экономикалық қуатына қосылды. Вермахтың әскери экономикасы бұрын болмаған деңгейге жетті, әсіресе танктер, ұшақтар мен соғыс кемелерін шығару қисапсыз өсті. Гитлер осыларды пайдаланып және тұтқиылдан шабуыл жасау арқылы КСРО-ның негізгі қарулы күштерін аса қысқа мерзімде күйретеміз, сөйтіп соғысты 1941 жылдың күзіне қарай аяқтаймыз деп есеп құрды.

КСРО-ға қарсы агрессияның «Барбаросса» деп аталған жоспары соғыс басталмастан бұрын дайындалды. Фашистік Германия басшыларының алдына қойған басты міндеттерінің бірі Кеңес мемлекетін өздерінің басқаруына ыңғайлы болу үшін бөлшектеу. Бұл үшін Кеңес Одағын «Мәскеу» («Ресей») (Мәскеу, Тула, Ленинград, Горький, Вятка, Казан, Уфа, Пермь), «Остландия» (Белоруссия мен Прибалтика), «Украина» (Украина, Ресейдің Волга өңірі, Воронеж), «Кавказ» (Армения, Әзірбайжан, Грузия, Солтүстік Кавказ) сияқты отар елдерді құруды жоспарлады. Сонымен қатар фашистер кеңестік Азия жерінде «Түркістан», «Еділ-Жайық» деген буржуазиялық қуыршақ мұсылман мемлекеттерін құруды көздеді.

Кеңес Одағының құрамында 2,9 млн. адамы бар 170 дивизия оларға қарсы тұрды. Қызыл Армияның жауынгер техникасының жартысынан көбі, әсіресе танк, мотоатқыштар мен ұшқыштар құрамалары қайтадан немесе енді ғана құрылып жатқан болатын, оны 1941 жылдың соңы мен 1942 жылы аяқтау жоспарланған. Танкілер мен ұшақтардың жаңа түрлері

енді ғана игеріле бастаған. Сондықтан да Сталин әр түрлі саяси және дипломатиялық амалмен соғыстың басталуын кешеуілдетуге әрекет жасады. Ал Гитлер Кеңес Одағына шабуыл жасаудан бұрын өзінің қатерлі бәсекелесі Англияны күйретуді жоспарлады. Бірақ мұны іске асыру бір өзінің қолынан келмейтініне көзі жеткен соң, ол 1940 жылы күзде Кеңес үкіметіне «Ось» блогына (Германия, Италия, Жапония) кіруге ұсыныс жасады. Ондағы мақсаты бірлесе отырып Англияны талқандап, оның отарларын өзара бөлісу еді, дәлірек айтқанда Кеңес Одағына Үндістанды бермек болды. Сөйтіп Кеңес Одағын АҚШ, Англия және Франциядан оқшауламақ болды. Кеңес Одағының басшылығы бұл ұсынысты қабылдамады.

1937-1938 жылдары Сталиндік жаппай жазалаудан Қызыл Армия көп зардап шекті, ол ең таңдаулы білікті командирлерінен айырылды. 1939 жылы әскери жоғары білімі бар офицерлердің ара салмағы не бары 8 процент болды. 1939-1940 жылғы қыста болған кеңес-фин соғысы Қызыл Армияның қазіргі кезде кең көлемде соғысуға даяр емес екенін көрсетті. Фюрер мен оның серіктері соғыс ашуға әзірленгенде осы факторларды есепке алды. Армияда орын алған ауыр жағдайдағы өзінің кінәсін жақсы білген Сталин соғыстың басталуын ең болмағанда бір жылға кешеуілдетуге бар күш-жігерін жұмсап бақты. Сонда армиядағы жүріп жатқан қайта құрулар мен жаңа әскери техникамен жарактандыру аяқталатын еді.

Фашистік Германияның 3700 танк, 500 ұшақ, 47260 зеңбірек және минометтермен қаруланған 5,5 млн. әскері бар 190 дивизиядан құрылған жойқын күші 1941 жылы 22 маусым күні таңғы сағат 4-те Кеңес Одағымен шабуыл жасасу туралы он жылға жасалған шартты опасыздықпен бұзып, тұтқиылдан ұрыс қимылдарын жүргізді. Жау адам саны мен соғыс техникасы жағынан анағұрлым басым еді. Кеңес халқының социалистік Отанды қорғау жолындағы Ұлы Отан соғысы басталды.

Кеңес үкіметі сол күні халыққа үндеу тастап, неміс фашистерімен күреске көтерілуге шақырды. Үндеу: «Біздің ісіміз әділ. Жау қиратылады, Біз жеңіске жетеміз!» — деген сеніммен аяқталған. Әскерге жарамдыларды мобилизациялау жарияланды, елдің батыс аудандарында әскери жағдай енгізілді. 1941 жылғы 30 маусымда КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті құрылды. Мемлекеттік және әскери билік соның қолында шоғырланды.

Барлық жерлердегідей, Қазақстанның еңбекшілері де митингілер мен жиналыстарда өздерінің Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауға әзір екенін мәлімдеді.

Соғыстың әділетті сипатын, оның азат етушілік мақсаттарын айқын сезінудің кеңес адамдарының, армия мен флот жауынгерлерінің патриоттық рухын көтеруде орасан зор маңызы болды. Мыңдаған жігіттер мен қыздар және орта буын ұрпақтардың өкілдері Қызыл армия қатарына өз ықтияры-

мен қосылғысы келетіні жайында тілек білдірген өтініштер жазып жатты. 1941 жылдың 1 шілдесіне қарай елдің қарулы күштерінің саны 5,1 млн. адамға жетті.

2. Қазақстанды соғыс жағдайына байланысты қайта құру

Қалалар мен селолардың еңбекшілері соғыстың алғашқы күндерінен бастап жоғары ұйымшылдық көрсетті. Халық шаруашылығы әскери шаруашылық жоспарға сәйкес әскери жолға көшіріле бастады. Әрбір ұжым, әрбір жұмысшы мен колхозшы жанаша, соғыс кезіндегіше жұмыс істеуді өзінің ең басты парызы деп білді. Өнеркәсіптің негізгі салаларын қайта құру және осында эвакуацияланған кәсіпорындарды республика аумағына орналастыру өнім өндіру көлемін соғыстың бастапқы кезеңінде-ақ айтарлықтай артқаруға мүмкіндік берді.

Республика ауыл шаруашылығы жұмысын соғысқа бейімдеп қайта құру маусымдық жұмыстардың қызған кезінде басталды: оңтүстік аудандарда егін орағы басталып та кеткен еді. Әркім күш-жігерін тиімді жұмсап мол өнім алуға тырысты, жұмыс күнін толық пайдалану еңбек ресурстары мен техниканы тиімді пайдалануды қамтамасыз етті.

Осындай қат-қабат жасампаз еңбек майдан іргесінен эвакуацияланған халықты, өнеркәсіп орындарының жабдықтарын және колхоз-совхоздар мен МТС мал-мүлкін қабылдау және орналастырумен қабат жүргізілді, 1941-1942 жылдары барлығы 142 кәсіпорын көшіріліп әкелінді. Алматының бір өзінде 34 зауыттың, фабрика мен цехтың жабдықтары орналастырылды, олардың ішінде Луганск паровоз жасау зауытының бір бөлігі, Харьков вагон жөндеу зауыты және басқалар бар. Сондай-ақ 26 жеңіл және 14 тоқыма өнеркәсіп орнының жабдықтары келді. Украинадан әкелінген үш фабрика негізінде Семей аяқ киім фабрикасы құрылды.

Кейбір көшіріліп әкелінген өндіріс объектілері біртектес зауыттармен, цехтармен бірікті, жаңа салалар пайда болды, мұның өзі республика халық шаруашылығына үлкен құрылымдық өзгерістер енгізді. Көшіріліп әкелінген зауыттар 1941 жылғы қараша-желтоқсанда дайын өнім бере бастады. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар ұдайы ұлғайтылып, жаңадан салынып жатты.

1943 жылы мамырда Қарағандыға жақын жерде металлургия (қайта өңдеу) зауытының құрылысы басталды. Оның қорғаныс өнеркәсібі үшін зор маңызы болды, зауыт Атасу кен орны тобының негізінде құрылды. Оның құрылысын тездету үшін республика үкіметі қарашада 3 мың адам жіберді.

Қарағандыда сол жылы 28 жаңа горизонт пен 6 шахта пайдалануға берілді. Көмір өндіру 1942 жылмен салыстырғанда 35,6 % артты. Бассейіннің 200-ге жуық озаттары ордендермен және медалдармен марапатталды. 3348 жұмысшысы бар мұнай кәсіпшілігінде жарыс кең өріс алды, озаттар күн сайын 2-3 нормадан орындап отырды.

Батыс аудандардан ауыл шаруашылығының материалдық ресурстары тез әкетілді. Қазақстанға барлығы 76,5 мың ірі қара, 50,5 мың қой және 5902 жылқы әкелінді.

1942 жылы гитлершілердің жазғы шабуылдарының салдарынан Ростов, Сталинград, Воронеж облыстарынан, Ставрополь өлкесі мен Қалмақ АКСР-нан жыл аяғына дейін жалпы саны барлық түліктерінен 552,7 мың бас мал жеткізілді.

1941 жылғы шілденің орта шенінде Қазақстанға эвакуацияланған адамдардың алғашқы эшелондары келе бастады. Жылдың аяғына қарай олардың жалпы саны 386,4 мыңға жетті, соның ішінде 135,5 мыңнан астамы балалар. Эвакуацияланған жұрттың тасқыны 1942 жылы да толастамады, ірі қалаларда арнайы қабылдау пункттері құрылып жатты. Жыл аяғына дейін 532,5 мың адам осында келді. Соғыс жылдарында эвакуацияланғандардан өзге Поволжье мен Кавказдан жер аударылған халықтар да Қазақстанға еріксіз көшіріліп әкелінді, олардың жалпы саны 500 мың адамнан асты. Соғыс жылдарында осында паналағандардың жалпы саны 1,1 млн. адамнан асты.

КСРО Ғылым академиясының жекелеген институттары, Украинаның бірқатар ғылыми мекемелері мен оқу орындары да Қазақстанға орналастырылды 1941-1944 жылдары академиктер В.И.Вернадский, Н.Д.Зелинский, С.Г.Струмилин және басқа атақты ғалымдар осында еңбек етті. Олар қорғаныстық маңызы бар проблемаларды зерттеуді бір сәт тоқтатпады, өздерінің ізденіс жұмыстары арқылы жауды жеңуді жақындату үшін қолдан келгеннің бәрін істеді.

3. Ұлы Отан соғысы майдандарындағы қазақстандықтар

Соғыстың алғашқы күндерінің өзінде-ақ жаңа құрамалар мен бөлімшелерді жасақтау және жаттықтыру жөніндегі қызу жұмыс күндіз-түні бір толастаған емес: қалалардың шет аймақтарында жауынгерлерді мылтық атуға үйрету үшін полигондар мен оқ ату тирлері шапшаң салынып жатты. Қазақстанда алғашқылардың бірі болып 316-атқыштар дивизиясы жасақталды. Оның адам құрамының ұйытқысы Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының, ішінара Қырғызстанның еңбекшілері болды. Ди-

визия командирі болып азамат соғысына қатысқан, атақты Чапаев дивизиясының қатарында шайқасқан генерал-майор И. П. Панфилов тағайындалды.

Қазақстандық әскери бөлімшелер негізінен жұмысшылардан (40 %-ке дейін), колхозшылардан (50 %) және интеллигенциядан (10 %) жасақталды. Олардың шамамен әрбір алтыншы жауынгері мен командирі коммунист, бүкіл құраманың 15-20 %-ке дейінгісі комсомол мүшелері еді. Жасақталып жатқан әскери құрамалар мен бөлімшелер көп ұлтты болатын. Мәселен 316-атқыштар дивизиясының 40 %-і қазақтардан, 30 %-і орыстардан, 25 %-і украиндардан, 5 %-і басқа ұлттар өкілдері — өзбек, татар, қырғыздардан құралды.

Қаһарман қамал — Бресттің қорғаушылары алғашқы ұрыстарда теңдесі жоқ ерлік көрсетті. Олардың ішінде қазақстандықтар да болды: қатардағы жауынгер А. Мүсірепов, саяси жетекші В. Лобанов, кіші сержант Қ. Иманқұлов, зеңбірекші, пулеметші Ғ. Жұматов, Ш. Шолтарев және басқалар.

Қазақстандықтар барлық майдандар мен бағыттарда ерен ерлік көрсетті. 1941 жылдың күзіне қарай жауынгерлері мен соғыс техникасының саны және ұрыстың тактикасы жағынан басым неміс-фашист әскерлері Прибалтиканы, Белоруссияны, Молдавияны және Украинаның бір бөлігін жаулап алып, Ленинград пен Қырымды қоршады. Елге төнген қатерлі қауіп күшейе түсті. Фашистердің штабында Мәскеуді алуды көздеген «Тайфун» операциясына әзірлік аяқталған болатын.

30 қыркүйекте «Орталық» армиялары тобының қуатты шабуылы басталды, соққы бір мезгілде Мәскеудің солтүстігі мен оңтүстік батысынан берілді. Осы аса зор қиян-кескі шайқасқа жаудың 80-ге жуық дивизиясы, соның ішінде 23 танк және моторлы дивизия қатысты. 15 қарашада гитлершілер Мәскеуге «шешуші» шабуылға шықты. Жау астананың солтүстік-батыс беткейіндегі негізгі соққысын 316-дивизия мен оның көршілері қазанның 25-інен бері қорғаныс шебінде тұрған төңіректен бастады. Ержүрек панфиловшылар Дубосеково разъезі түбінде теңдесі жоқ ерлік көрсетті. Саяси жетекші В. Клочковтың жолдастарына қарап айтқан: «Ресей кең байтақ, бірақ шегінерге жер жоқ. Артымызда Мәскеу!» — деген сөзі тарихта қалды. Жауынгер-панфиловшылар ауыр шығынға ұшыраса да жаудың қаптаған танкілерін ілгері жылжытпады. Қазақстандық жауынгерлердің ерен ерлігі бүкіл кеңес солдаттарына ерліктің, Отан үшін шыбын жанын құрбан етудің өнегесі болды.

Мәскеу түбіндегі қиян-кескі ұрыстарда батальон командирі аға лейтенант Бауыржан Момышұлының жеке басының ерлігі мен командирлік шеберлігі айқын көрінді. Волоколамск тас жолындағы ұрыстан кейін көп ұзамай ол полк командирі болып тағайындалды. 1943 жылы 33 жастағы полковник Бауыржан Қазақстанда жасақталған 8-гвардиялық дивизияның құ-

рамындағы полкті басқарды. Қатаң идеологиялық тәртіп кезінде атақты жауынгердің қаһармандық ерлігі өз дәрежесінде бағаланбады, тек 1990 жылы қайтыс болғаннан кейін жұртшылықтың көп жылғы талабы орындалып, Б. Момышұлына Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

1942 жылғы 17 шілдеде 200 күн мен түнге созылып, Кеңестік қарулы күштердің орасан жеңісімен аяқталған Сталинград шайқасы басталды. Басты бағыттағы ұрыстарға Ақмолада жасақталып, генерал В. И. Чуйковтың 64-армиясының құрамына енген 29-атқыштар дивизиясының солдаттары мен офицерлері қатысты. Аздап тынығып, толықтырылғаннан кейін 38-атқыштар дивизиясы да осында келді. Оның жауынгерлері өзінің көршілері сияқты белсенді қорғаныс арқылы жауды қансыратып, оның стратегиялық маңызы бар шоқыларды алу жөніндегі жоспарын іске асыртпай тастады.

Қазақстандық екі — 28-гвардиялық және 28-атқыштар дивизиялары Сталинградтың солтүстік-батысындағы ұрыстарға қатысты. 28-армияның жауынгерлері де Волга бойындағы қамалды қорғауға көмектесті. Элиста-Астрахань жолы арқылы Волга өзенінің төменгі сағасына өтуге тырысқан неміс, румын әскер бөлімдерінің жолын Орал қаласында жасақталған 152-атқыштар бригадасының батальондары бөгеді. Бригадамен және оның көршілерімен болған ұрыстарда 2 мыңнан астам солдаттары мен офицерлерінен және 18 танкісінен айрылған жау Астраханьға шабуыл жасауға тырысқан әрекетінен бас тартты.

«Красный Октябрь» және «Баррикада» зауыттарының поселкелерін, сондай-ақ қаһарман қаланың орталық кварталдарын құрамында 10-12 % қазақтар болған 193-атқыштар дивизиясының полктары табандылықпен қорғады. Сталинград маңының солтүстік және батыс шептерін, сондай-ақ қаланың солтүстік шетін қорғаған 124-жеке атқыштар бригадасы солдаттары мен офицерлерінің үштен біріне жуығы қазақстандықтар еді.

Волга бойындағы шайқастың әуел бастан-ақ 64-армияның құрамына Қазақстанда жасақталған 156-жеке көпір салу батальоны кірді. 24 тамыздан 6 қыркүйекке дейінгі уақыттың ішінде оның жауынгерлері Волганың оң жағасына 2 мыңға жуық солдат пен офицерді, 1500 автомашинаны, 100-ден астам тракторды және 70-ке жуық зеңбіректі судан өткізді. Осы мерзім ішінде олар өзеннің шығыс жағасына 5 мыңнан астам жараланған солдаттар мен офицерлерді алып өтті.

1942 жылғы 19 қарашада Кеңес әскерлері мұқият әзірліктен кейін Волга мен Дон аралығында қарсы шабуылға шықты, жаудың қорғаныс шебін бұзып, оны барлық бағытта кері шегіндірді. Генерал Паулюс армиясының шебін солтүстіктен бұзып өткен Оңтүстік-батыс және Дон майдандарының басқа бөлімдерінде де көптеген қазақстандықтар шайқасты. Маңғыстау ауданының бұрынғы колхозшысы автоматшы Ы. Ш. Сүйінбаев жалғыз өзі

қалғанына қарамастан жау істен шығарған «КВ» танкісінің үстіне шығып алып, асып-саспай ұрысты одан жалғастырды, ондаған гитлершілдерді жайратты. Дұшпан қорғанысын бұзып өту кезіндегі ерлігі үшін ол Ленин орденімен наградталды.

Қарағанды шахтерінің баласы, жас ұшқыш Н. Әбдіров 16 рет жауынгерлік ұшу сапарында жаудың 16 танкін, 28 автомашинасы мен 18 көлік тобын, 3 взвод және елудей басқыншыны жойды. Оған қаза болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Шымкент облысының Алғабас ауданындағы «Көктөбе» колхозының бұрынғы бригадирі, минометші Қ. Спатаев жаудың бір взводтай жаяу әскерін жойды. Жалғыз өзі қалған оны жаудың танкісі таптап кетпек болғанда соңғы минаны құшақтап жау танкісінің шынжыр табанының астына жата қалады. Осылайша жаудың ілгері жылжуын бөгеді. Оған да ерлікпен қаза болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Қазақстандық 387-атқыштар дивизиясының жауынгерлері 28 желтоқсанда мұз үстімен және сау қалған көпірлер арқылы Дон өзенінен өтіп, қарсы беттегі дұшпанды өкшелей қуалады да 1943 жылғы 2 қаңтарда 2-гвардиялық механикаландырылған корпуспен бірлесе отырып, жауға ойсырата соққы берді. Әскери стратегиялық маңызы зор Тормосин қаласы алынды. Ұрыстың барысында қаңтардың 10-ынан 31-іне дейін тек бұл екеуі ғана дұшпанның 17 мыңдай солдаты мен офицерін жайратып, сонша адамын тұтқындады. Ұрыстарда көрсеткен ерлігі мен батылдығы, жоғары әскери шеберлігі, тәртібі мен ұйымшылдығы үшін олар тиісінше 72-інші және 73-гвардиялық дивизиялар болып қайта құрылды.

Кеңестік жауынгерлер ұрыс жүргізе отырып 700 шақырым ілгері жылжып, Белгород — Орел шебіне шықты. Кеңес Армиясының Сталинград түбіндегі жеңістің бүкіл дүние жүзілік тарихи маңызы болды. Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы және бүкіл екінші дүние жүзілік соғыстың барысында түбегейлі бетбұрыс жасалды. Осыдан кейін фашистер енді қайтып еңсесін көтере алмайтындай болды. Бірақ жау әлі күшті еді.

1943 жылы шілдеде Курск иінінде орасан зор шайқас болды. Кеңес халқы аса ауыр жағдайды басынан кешіріп, майдандағы күштердің арасалмағын теңестіріп қана қоймай, сонымен бірге жаудан сан және сапа жағынан анағұрлым асып түсті: адам құрамының санынан 1,2 есе, танкіден — 1,6, артиллериядан — 1,8, ұшақтардан — 2,8 есе. Осы кезеңге қарай кеңестік қарулы күштердің жауынгерлік шеберлігінің жаудан артықшылығы айқындала түскен еді.

Курск шайқасына жүзден астам атқыштар дивизиялары, танк корпусы мен бригадалары қатысты. Олардың ішінде қазақстандық бірнеше бөлімдер мен құрамалар болды. Белгородтан оңтүстік-шығысқа таман өңір-

дегі 72-гвардиялық атқыштар дивизиясының қорғаныс шебіне қарсы дұшпан екі жаяу әскер мен бір танк дивизияларын шабуылға шығарды. Жау 6 күнге созылған қиян-кескі ұрыста 7 мыңдай солдатты мен офицерінен, 46 танкісінен, 30 зеңбірегінен айырылып, бар болғаны 20 шақырым ілгері жылжыды.

Батыс және Брянск майдандарының әскерлері 5 тамызда Орел мен Белгородты азат етті. Мәскеу қаһармандарға алғашқы жеңіс салютін берді. Осыдан кейін ірі қалаларды азат еткен жауынгерлер құрметіне салют беру дәстүрге айналды.

100-қазақ ұлттық атқыштар бригадасы Калинин майданындағы 3-екпінді армия құрамында Невель операциясына қатысты. Осы ұрыстарда Алматы медицина институтының бұрынғы студенті, пулеметші Мәншүк Мәметова ерекше көзге түсті. Ол соғысқа қатысқан 9 мың шығыс әйелдері арасында Кеңес Одағының Батыры атанған алғашқы қарлығаш еді. Осы бригаданың мергені жамбылдық Ыбырайым Сүлейменов 239 фашисті жайратты. Невель қаласында бір көше соның есімімен аталады.

4-екпінді армия құрамында болған 101-қазақ ұлттық атқыштар бригадасы 1943 жылы 17 қыркүйек — 10 қазан аралығында Демидово қаласы маңындағы жаудың бекінісін бұзып өтіп, Смоленск және Витебск облыстарының 158 селосы мен деревнясын жаудан тазартты, 3 мыңға жуық басқыншыларды жойып, көптеген соғыс мүлкін олжалады. Смоленск шабуыл операциясын жүзеге асырып жатқан Батыс майдан әскерлерінің құрамында сондай-ақ қазақстандық 30-гвардиялық және 88-атқыштар дивизиялары да болды.

Курск иініндегі жеңістен кейін Кеңес Армиясының кең өріс алған жалпы шабуылының аса маңызды бір бөлігі — Днепр өзенінен өту еді. Украинаның өзеніндегі ерлігі үшін 123 қазақстандық жауынгерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Олардың арасында атқыштар М. Мамыраев, Т. Ибрагимов, Қ. Ырысбеков, С. Шәкіров, атты әскер Т. Кенжебаев, артиллерист А. М. Киселев, минометші П. Д. Литвинов және т. б. бар еді.

Қазақстандықтар соғысты жеңіспен аяқтау жолындағы шайқастарға белсенді қатысты. Ұрыстар тек майдандарда ғана болмады, сонымен бірге жау тылында да жүріп жатты. 1943 жылдың аяғына таман жау уақытша басып алған аумақта бір миллионнан астам кеңес адамдары партизандық соғыс жүргізді. Партизан қозғалысына оның Орталық штабы басшылық жасады. Партизандар жаудың соғыс техникасын, объектілерін жойып, поездарды құлатуды ұйымдастырды, темір жол көпірлерін қиратып, байланыс желілерін істен шығарды, фашист әскерлерінің штабтарын талқандады.

Украинаның партизан жасақтары мен құрамаларында 62 ұлттың өкілдері жаумен шайқасты. Мәселен, М. И. Шукаевтың партизан жасағында 79 қазақ

болды. Әйгілі партизан, Кеңес Одағының Батыры атағын алған С. А. Ковпактың құрамасында 70-тен астам қазақстандықтар, оның ішінде 56 қазақ бар еді. Украинаның партизан құрамалары мен жасақтарында 1500 қазақ соғысты, Ленинград облысында — 220-дан астам, Смоленск өңіріндегі 15 партизан жасағы мен бригадаларында — 270-тен астам қазақстандықтар бар еді. Белоруссияның әр түрлі аудандарында шайқасқан 65 жасақ пен бригаданың қатарында қазақстандықтардың саны 1,5 мыңға жеткен.

Чапаев атындағы ірі партизан құрамасындағы жасақтардың біреуінің командирі болған Қасым Қайсеновтың бір өзі жаудың 30 солдаты мен офицерін жойған. Белгілі қазақ ақыны Жұмағали Сайн Украин партизандарының қатарында жүріп, капитан Хайрутдиновтың жасағында жауынгер саяси жетекшілік қызметін атқарды. 425-полктың партизаны Ф. К. Омаров взвод командирінен полк штабы бастығының көмекшісіне дейін өсті. Осы сияқты мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Қазақстандық партизандар Польшаның, Чехия мен Словакияның, Венгрияның және басқа да еуропалық елдердің жерінде Қарсыласу қозғалысына қатысты. Польшадағы партизан қозғалысын ұйымдастырушылардың арасында Жамбыл облысы Шу ауданынан шыққан партизан қазақ С. О. Телешовтың есімі кеңінен мәлім. Ол Польшаның құрметті азаматы атанды. Югославия мен Болгария жерінде интернационалдық батальонның құрамында Кеңес Одағының Батыры З. Құсайынов, Югославияның «Өжеттігі үшін» орденімен наградталған артиллерист С. Юсупов ерлігімен көзге түсті. Тек үш елдің ғана — Францияның, Италияның, Болгарияның — Қарсыласу қозғалысы күрескерлерінің қатарында 180 қазақстандық ерен ерлікпен шайқасты.

Ресей Федерациясының солтүстік-батыс аудандарын азат етуге Ленинград майданы әскерлерінің құрамында қазақстандық 314-атқыштар дивизиясы, 219-атқыштар полкі белсенділік көрсетті. Волхов майданынан басқа да құрамалармен бірлесе қимыл жасай отырып, 31-атқыштар дивизиясы Новгородты жаудан босатты, осы үшін ол «Новгородтық» атанды. 2-Прибалтика майданы құрамында шабуылға сондай-ақ 391 атқыштар, 8 және 30-гвардиялық атқыштар дивизиялары мен 756-атқыштар полкі қатысты.

Үздік ерлік көрсетіп Кеңес Одағының Батыры атағын алған жауынгерлердің арасында қазақтың ержүрек мерген қызы Әлия Молдағұлова да бар, ол 80-ге жуық гитлершіні о дүниеге аттандырған. 1944 жылғы 14 қаңтарда күші басым жаумен шайқаста мерт болды.

Белоруссия мен Батыс Украинаны азат ету жолындағы ұрыстарда көрсеткен ерлігі үшін 30-ға жуық қазақстандық жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды.

Қазақстандықтар Еуропа халықтарын фашистік езгіден азат ету ісіне де үлесін қосты. Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерін азат ету жорығында ерекше көзге түскен Кеңес Армиясының бөлімшелері мен құрамалары арасында қазақстандық 72 және 73-гвардиялық атқыштар дивизиялары бар еді. Варшава — Берлин бағытында 1-Белорус майданының құрамында 27-Қызыл Тулы Новгородтық гвардиялық атқыштар дивизиясы шабуылға шығып 11 күнде 470 шақырым ілгері басты да 23 ақпанда Познань қаласын азат етті.

Фашистік Германия мен милитаристік Жапонияны жеңуде Қазақстанның ұлдары мен қыздарының қосқан үлесі аз болмады. Берлинге оңтүстігінен шабуыл жасаған 1-Украин майданының 5-гвардиялық армиясы дивизияларының ішінде 118-Мелитополь атқыштар дивизиясы болды. 10 күн бойы Берлин көшелерінде ұрыстар жүргізілді, 30 сәуірде Рейхстагты алу үшін жанталаса шайқас басталды. Офицерлер С. А. Неустроев, В. И. Давыдов, К. К. Самсонов басқарған батальондар шабуыл жасады. Неустроевтың батальонынан Рейхстагқа алғашқылардың бірі болып қазақстандық І. Саянов басқарған атқыштар ротасы кірді. Дәл осы күні лейтенант Рақымжан Қошқарбаевтың взводы да келіп жеткен еді, ол алқызыл жалауды Рейхстаг бағанасына басқалардан бұрын тікті. Үйдің ішінде ұрыстар жалғаса берді, көптеген кеңес жауынгерлері мерт болды. Сержанттар М. Егоров пен М. Кантария Рейхстаг шатырына Жеңіс туын келесі күні қадады. Бұл жөніндегі Бас Командованиенің бұйрығын жеткізген байланыс офицері лейтенант Әбдімәжит Ташкетбаев. 1999 жылы Рақымжан Қошқарбаевқа Халық Қаһарманы атағы берілді.

Еуропа халықтарын фашистік езгіден азат ету кезінде көрсеткен ерлігі үшін 150-ге жуық қазақстандыққа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Кеңес Армиясының Орталық Еуропадағы 1945 жылғы шайқастардағы жеңісі фашистік рейх билеп-төстеушілерін қаруын тастауға мәжбүр етті. Фашистік Германияны талқандау Еуропа халықтарын аңсап күткен бейбітшілікке жеткізді. Бірақ Шығыста соғыс жалыны әлі де лаулап тұрған еді. Жапонияның билеп-төстеушілері қаруларын қолдарынан түсіргісі келмеді, бұл арада олар АҚШ пен Англияның Тынық мұхиттағы күштері мен қаруларының біршама әлсіздігін және өздерінде әлі де аса қуатты армияның бар екенін есепке алды. Жапония КСРО Қиыр Шығыстағы қақтығыстан шет қалмағанның өзінде де, оған 1945 жылғы қыркүйек — қазан айларынан ерте қатыса алмайды деген есепке иек артты.

Қиыр Шығыстағы соғыс ошағын жою, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті мейлінше тез орнату және өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қырым конференциясында (1945 жылғы қаңтар) қабылданған одақтастықтар алдындағы міндеттемелеріне адал Кеңес үкіметі 8 тамызда Жапонияға соғыс

жариялады. 9 тамыздың таңертеңінде Қиыр Шығыстық кеңес әскерлері мен Тынық мұхит флоты жапон әскерлеріне қарсы соғыс қимылдарын бастады. Күшті неміс-фашист армиясына қарсы соғыстағы өз тәжірибесін пайдаланған кеңес әскерлері ойсырата соққы беріп, жаудың шекарада жасалған қуатты бекінісін бұзып өтті. Сөйтіп жапондықтардың қарсыласуын тойтара отырып, Маньчжурияның түкпіріне қарай пәрменді шабуыл жасады.

Шабуылдаушылар арасында Қазақстаннан барған жауынгерлер де болды: Маньчжурияда Забайкалье майданы әскерлерінің құрамында 173-гаубициялық артиллерия және 129-Молодечиндік миномет полктері өздерінің даңқты жауынгерлік жолын аяқтады. Оңтүстік Сахалинде жапон әскерлерін талқандауда 79-атқыштар дивизиясы жауапты рөл атқарды. Осы дивизияның 165-полкін Орал облысының Ақсуат ауылындағы бақташының баласы подполковник Н. Д. Құрманов басқарды. Кеңес жауынгерлерінің ерлігі мен өжеттігі, барлық дәрежедегі командирлердің жоғары шеберлігі Жапония қарулы күштерінің ең басты айбарлы тобы — Квантун армиясын талқандауды және оны тізе бүктіруді қамтамасыз етудегі шешуші фактор болды.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтары үшін аса зор сын болған еді. Соғыс елдің барлық еңбекшілерінен, ең алдымен майдангерлерден күш-жігер және рухани қуатын аямай жұмсауды, барша ой-сезімдерін бір ғана іске — сұрқия жауды талқандауға жұмылдыруды талап етті. Сөйтіп барлық ұлттардың кеңестік жауынгерлері Отанына адалдық сынынан сүрінбей өтті. Революциялық күрестің от-жалынында туып, соғыс алдындағы бесжылдықтар тұсында бейбіт жасампаз еңбек құрылысында нығая түскен бұл қасиеттер соғыс алапатында одан әрі шыңдала түсті. Кеңес адамдары өздерінің қайсар өжеттігі және ерлігімен бүкіл әлемді таңқалдырды.

500-ден астам қазақстандық жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды, олардың 101-і қазақ. Бұл атақты екі мәрте алған ұшқыш Талғат Бигелдинов Берлинге дейін барды, 305 рет аспанға көтеріліп, әуедегі ұрыстарда жаудың 7 самолетін атып түсірді, ондаған танкі мен зеңбіректі қиратып, 50-ден астам басқыншының көзін жойды. Ордендермен және медальдармен наградталған сан мың жауынгерлер арасында Қазақстанды мекеңдеген барлық ұлттардың өкілдері бар, солардың 96 638-і қазақ.

Ол кездегі біртұтас елдің әскери-экономикалық потенциалына Қазақстан еңбекшілері лайықты үлес қосты, республиканың мол табиғи ресурстары майданның маңызды арсеналдарының бірі болды. Осы жерден майданға әскер, оқ-дәрі, киім-кешек және азық-түлік тасыған эшелондар үздіксіз ағылып жатты. 1943 жылғы 6 ақпанда «Правда» бас мақаласында былай деп жазды: «Майдандарда қазақтар жақсы соғысуда, олардың еке-

рі, шешелері мен әйелдері майдан үшін тылда аянбай еңбек етуде. Қазақстан өз жерінің барлық байлығымен, тауларының барлық қазынасымен майданның қуатты тіреуі болуда».

Қазақстанның бүкіл экономикасының майданға қызмет еткені сөз болғанда республика партия және кеңес ұйымдарының рөлін, олардың басшыларының атқарған қызметін айтпай кетуге болмайды. Соғыс жылдары республика басшылары Н. А. Скворцов, Н. Д. Ондасынов, Ә. Қазақбаев, Ж. Шаяхметов және басқалар соғыстың қиын-қыстау жағдайында әскери-мобилизациялық жұмыста, сондай-ақ экономикалық және қоғамдық өмірдің барлық саласына басшылық жасауда жоғары ұйымдастырушылық қабілет көрсетті.

Кеңес халқының соғыста бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңіске жетуінде кеңестік патриотизм, өз Отанына деген сүйіспеншілік, халықтар достығы маңызды рөл атқарды.

Жеңіс қымбатқа түсті, оған жету жолында сол кезде Кеңес Одағын құраған көп ұлтты халықтың 27 миллион ұл-қыздары құрбан болды.

Соғыс жылдары шайқасып жатқан армия қатарына 1196164 қазақстандық қосылды, өнеркәсіпте жұмыс істеуге тағы да 670 мың адам мобилизацияланды, яғни республиканың әрбір төртінші тұрғыны жауды жеңуге атсалысты. Олардың көбі туған елге тірі оралмады.

Ұлы Отан соғысы жайында кітаптар аз жазылмады. Кинопенкалар да жеткілікті. Бірақ ол туралы бар шындық әлі де толық айтылған жоқ. Алайда кеңес адамдарының ерен ерлігін, сондай-ақ олардың орасан зор күшқайрат жұмсап, әлемдік өркениетті фашистік тағылардан аман сақтап қалғанын ешкім де және ешқашан да жоққа шығара алмайды. Екінші дүниежүзілік соғыстағы кеңес халқы жеңісінің бүкіл әлемдік тарихи маңызы, міне, осында.

4. Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жж.)

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін аса жауапты міндет — бүлінген халық шаруашылығын қалпына келтіру және оны одан әрі өркендету алда тұрды, ол халықтың барлық күш-жігерін жұмылдыруды талап етті. Осы ортақ міндетті орындауда Қазақстанның алатын орны ерекше болды. Мұнда эвакуацияланған зауыттар мен фабрикалар орналасқан, жаңа кәсіпорындар салынып, бұрыннан барлары кеңейтіліп жатқан. Республиканың өнеркәсібі соғыс жылдарында оның алдындағы деңгейінен асып түсті.

Соғыс зардаптары Қазақстан экономикасы үшін де ауыр болған еді. Өнеркәсіп өнімдерін, әсіресе көпшілік қолды заттардың көптеген түрлерін өндіру күрт қысқарған. Ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы да әбден тозған. Еңбек ресурстарының проблемасы қатты шиеленіскен.

Халық шаруашылығын бейбіт жолға көшіру қарқынын шапшаңдатуда жігерлі шаралар жүзеге асырыла бастады. Шаруашылық және мәдени құрылысқа мемлекеттік бюджеттен күрделі қаржы қайта бөлінді. Өнеркәсіпте 8 сағаттық жұмыс күні қалпына келтірілді, мерзімінен тыс және демалыс күндері жұмыс істеуге тыйым салынды, жұмысшылар мен қызметшілерге ақы төленетін еңбек демалыстары беріле бастады.

Төртінші бесжылдықтың (1946-1950) негізгі экономикалық және саяси міндеті — өнеркәсіпті, көлікті, байланысты және ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту.

Жұмысшылар, колхозшылар, интеллигенция республиканың бүкіл еңбекшілері соғыстан кейінгі шаруашылықты өркендету бағдарламасын жүзеге асыруға соғыс жылдарындағыдай асқан құлшыныспен кірісіп кетті. Төртінші бесжылдықта қара металлургия мықтап дамыды. Теміртаудағы зауытта үш прокат станогы мен екі мартен пеші, Ақтөбе феррокорытпа зауытында оның үшінші кезегі іске қосылды. 1950 жылдың аяғына таман металлургиялық процестердің тұйық циклімен жұмыс істейтін Қарағанды металлургия зауыты құрылысын жүргізуге дайындық жұмыстары басталды.

1947 жылы Өскеменде қорғасын-мырыш комбинаты алғашқы мырыш берді. Балқаш мыс қорыту зауытының қуатын арттыру жөніндегі жұмыстар одан әрі жүргізілді. Жезқазғанда аса ірі мыс балқыту комбинаты объектілерінің кешені салынып жатты. Текелі қорғасын-мырыш комбинатының екінші кезегін іске қосуға әзірлік жүргізілді. Шымкент, Лениногорск қорғасын зауыттары және түсті металлургияның жұмыс істеп тұрған басқа кәсіпорындары қайта құрылып, кеңейтілді.

Өнеркәсіпте бесжылдық тапсырмаларын орындау барысында жаңа техника енгізіліп отырды. Қарағанды көмір бассейніндегі шахталарда жоғары өнімді 50 «Донбасс» комбайны, көмір қазып, тиейтін және түсіретін 100-ге жуық машина, көмір және кен жыныстарын тиейтін 40 машина, 1000-нан астам қуатты қырғағыш, конвейер жұмыс істеді.

«Қаратау» кен-химия комбинаты мен Жамбыл суперфосфат зауытының бірінші кезектері пайдалануға берілді. Қостанай жасанды талшық зауытында өнімнің алғашқы тонналары шығарылды. Қарағанды синтетикалық сағыз (каучук) зауытында екі цех қатарға қосылды, Ақтөбе химия зауыты кеңейтілді. Бірқатар мұнай кәсіпшіліктерінің, соның ішінде Қаратон, Мұ-

найлы және басқалардың іске қосылуы — мұнай өндіруді 1950 жылы соғысқа дейінгі кезеңмен салыстырғанда 52 % арттыруға мүмкіндік берді.

1950 жылы электр қуатын өндіру 1946 жылға қарағанда 2,3 есе өсті, бесжылдық тапсырмасы 1,5 есе дерлік асыра орындалды.

Құрылыс материалдары индустриясын дамытуға баса көңіл аударылды, цемент өндіріле бастады. Кірпіш, әк, алебастр және басқа кейбір материалдар өндіру соғысқа дейінгі деңгейінен асып түсті. Састөбе мен Қарағанды цемент, Өскемен, Петропавл және Қостанай кірпіш зауыттары салынды. Одақтың басқа аймақтарынан құрылыс материалдарын әкелу азайғанымен оларды өндіретін өнеркәсіптің дамуы өскелең қажеттіліктен артта қалып қойды.

Жеңіл өнеркәсіп одан әрі дамыды. Жамбылда, Қызылордада, Павлодарда былғары зауыттарының құрылысы аяқталды, Шымкентте мақта-мата комбинаты салынып жатты. Бесжылдықтың аяқ шенінде осы салада 65 кәсіпорын болды.

Жаңа кәсіпорындардың қатарға қосылуы және ескілердің қайта құрылуы есебінен тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының қуаты ұлғая түсті: 178 май зауыты, 6 тоңазытқыш, сыра қайнататын 3 зауыт, макарон фабрикасы салынды.

Жергілікті және кооперативтік өнеркәсіп орындары шығаратын тауарлардың түр-түрі едәуір көбейді.

1946-1950 жылдары республика халықшаруашылығында соғыс кезеңіндегіден екі еседен астам көп күрделі қаржы игерілді, олардың көлемі жағынан Қазақстан Одақта үшінші орынға көтерілді. Осы жылдары өнеркәсіп өнімінің көлемі 1,69 есе ұлғайды, ал өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін салалардың жалпы өнімі соғысқа дейінгіден 3 еседен астам асып түсті.

Көлік пен байланыс одан әрі дамыды. 1950 жылы ұзындығы 438 шақырым Мойынты — Шу темір жолының құрылысы одан әрі жалғасты. Ақмола — Павлодар темір жолы салынып жатты. Жамбыл — Қаратау темір жолында қатынас басталды. Темір жолдардың жалпы ұзындығы 1940 жылғы 6581 шақырымның орнына 1950 жылы 8407 шақырымға жетті. Жүк тасу 1945 жылмен салыстырғанда 2 есе көбейді. Паровоздан гөрі неғұрлым тиімді тепловозға ауысу басталды.

Тас жолдардың желісі ұлғайды, автомобиль көлігінің жүк тасу айналымы 1940 жылға қарағанда 1950 жылы 1,9 есе өсті. Республиканың 21 қаласында автобустар жүре бастады.

Әуе және өзен көлігі дамыды. Ұшақпен және өзен көлігімен жүк пен жолаушылар тасу едәуір көбейді. Бесжылдықтың соңғы жылдарының өзінде ғана 119 мың адам су жолдарымен сапар шекті.

Байланыс құралдары шапшаң дамыды, бесжылдық жоспар 3 жылда орындалды: барлық аудан орталықтары телефондандырылды, совхоздардың, селолық және аудандық кеңестердің көпшілігі телефон арқылы аудан орталықтарымен байланыс жасайтын болды. 1949 жылы көктемге қарай Алматыда АТС іске қосылды. Астана Одақтың 56 қаласымен байланыс орнатты. Радио қабылдағыш пен радио нүктелерінің саны 1940 жылмен салыстырғанда 2 есе дерлік көбейді.

Белгіленген зор көлемді жұмыстарды ойдағыдай жүзеге асыруда білікті жұмысшы кадрлар шешуші рөл атқарды, олардың саны өсті. Егер 1945 жылы өнеркәсіпте 304 мың адам болса, ол 1950 жылы 366 мыңға жетті. Өнеркәсіп жұмысшылары негізінен машина жасау мен металл өңдеу саласында, олардың басым көпшілігі Қарағанды мен Шығыс Қазақстан облыстарында болды. Соғыстан кейінгі жылдары халық шаруашылығында істейтін әйелдер саны азая түсті: 1945 жылғы 51 %-тен 1950 жылы 40 %-ке дейін кеміді, өнеркәсіпте тиісінше — 46 %-тен 37 %-ке дейін. Бұл үлкен әлеуметтік жетістік еді.

1946 жылғы қуаңшылық ауыл шаруашылығының онсыз да күрделі жағдайын ауырлатты. Елдің еуропалық бөлігінде жарты ғасыр бойы болып көрмеген қуаңшылық соғыстан зардап шеккен аудандардың ауыл шаруашылығына қиын тиді. Осыған байланысты халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуде шығыстағы аудандардың, ең алдымен Қазақстанның рөлі бұрынғыдан да арта түсті. Жұмыс қолының азайып, ауыл шаруашылық техникасының істен шығып қалғанына, ал жаңаларының жетіспеуіне қарамастан, ауыл-село еңбеккерлері өздерінің мемлекет алдындағы өнім тапсыру жөніндегі міндеттемелерін ойдағыдай орындады.

Сонымен қатар соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда колхоз және совхоз өндірісін ұйымдастыруда көптеген кемшіліктердің орын алғаны анықталды: колхоз өмірінің демократиялық негізгі заңы — ауыл шаруашылық артелінің Жарғысы өрескел бұрмаланды, әкімшілдік күшейе түсті, басшылар сайланбай тағайындалды. Осындай өрескел кемшіліктерді жою үшін нақты шаралар жүзеге асырылды. Жалпы партия және кеңес органдарының басшылық ету әдістерін түбегейлі қайта құруға, әкімшілікке салынушылықты жоюға және колхоздың ішкі демократиясын қалпына келтіруге баса назар аударылды. 1949 жылдың басында колхоздарға әр түрлі ұйымдардың 214 млн. сомдық берешегі, көптеген мал, техника, колхоздардан заңсыз алынған 540 мың гектар жер қайтарылды, әкімшілік-шаруашылық қызметкерлерінің саны едәуір қысқартылды.

Кадрлар жетіспеді, оларды екі жоғары оқу орны — Қазақ ауылшаруашылық және Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институттары, 18 техникум даярлады. Оның үстіне, колхоздар мен совхоздар басқа республика-

лардың оқу орындары даярлаған мамандармен жыл сайын толығып отырды. 1947 жылы колхоздардың басшы кадрларын даярлайтын екі жылдық алты мектеп ұйымдастырылды. 1950 жылы 27 мың механизатор даярланғанымен тракторшылар мен комбайншылар саны әлі соғысқа дейінгі көлемге жетпеген еді.

Ұсақ колхоздар ауыл шаруашылық өндірісі, ең алдымен механикалық двигателдерді көбейту және жаңа машиналарды енгізу есебінен техникалық қаруланған кезде бұларды игеруге өздерінің қабілеті жетпейтінін көрсетті, оларды ірілендіру мәселесі алға қойылды.

1940 жылы басталған бұл шара негізінен 1951 жылы аяқталды, колхоздар саны (балық аулайтындарды қоспағанда) 6737-ден 3670-ке дейін қысқарды. Ал колхоздардағы қожалықтар саны бір шаруашылықта орта есеппен алғанда 92-ден 160-қа дейін, қой-ешкі 1969-дан 3915-ке дейін көбейді. Колхоз өндірісінің шоғырлануы колхоздардың барша қызметіне игі әсерін тигізді. МТС техникасы да анағұрлым тиімді пайдаланыла бастады.

Осы шаралардың белгілі бір дәрежеде оңды болғанымен, теріс жақтары да байқалды. Әкімшіл-әміршіл жүйе үстемдік етіп тұрған шақта мұндай күрделі іс большевиктік дәстүр бойынша асығыс, науқангерлік түрде жүзеге асырылды, тіпті кейбір жағдайда ол жаппай ұжымдастыру кезіндегідей күштеп жүргізілді: сан мың шаруа үйреншікті жерді, ата қонысын тастап, жаңа жерлерге көшіп баруға мәжбүр болды. Соның салдарынан мыңдаған елді мекендер қаңырап қалды, ондағы мекен-жайлар, қора-қопсы, ауыз су көздері және т. б. іске аспай, жарамсыз күйге түсті. Былай да жетіспей жатқан қиуар қаржы осындай орынсыз қоныстандыру ісіне жұмсалды.

Халық шаруашылығын қалпына келтіру және оның одан әрі дамуы еңбекшілердің тұрмыс дәрежесінің біршама артуына көмектесті. 1947 жылы желтоқсанда ақша реформасы жүргізілді, карточка жүйесі жойылды, халықты азық-түлік және өнеркәсіп тауарларымен жабдықтау жөнінде бірқатар нақты шаралар жүзеге асырылды.

1946 жылы 1 қаңтардан бастап соғыс салығының жойылуы және халықтан дифференциалды табыс салығын алу тәртібін енгізу жұмысшылар мен қызметшілердің нақты ақшамен төленетін еңбек ақысын арттыруға жағдай жасады; жұмысшылар мен қызметшілердің айлық орташа еңбек ақысы 1940 жылғы 29,8-ден 1950 жылы 62 сомға дейін көтерілді.

Қоғамдық шаруашылықтың өсуі нәтижесінде колхозшылардың кірістері көбейді, 1950 жылы колхоздардың 60 %-ке жуығы 1 күнге 1 кг астық берді. Дегенмен селонның тұрмыс дәрежесі қалаға қарағанда төмен қалып қойды.

1946-1950 жылдары қоғамдық тамақтандыруды қосқанда бөлшек сауда көлемі едәуір ұлғайды, жан басына шаққанда ол 1940 жылы 66-дан

1950 жылы 169 сомға жетті. Селолық жерлерде тауарлар сату күрт көбейді, тиісінше — 36-дан 86 сомға дейін өсті.

Еңбекшілердің тұрғын үй жағдайы біртіндеп жақсара бастады. Бес жылда жалпы көлемі 87680 шаршы метр тұрғын үй салынды. 1950 жылдың өзінде 312 мың адам баспана жағдайын жақсартты.

Медициналық қызмет көрсетуді реттеуде ілгері басқандық байқалды, 1360 орындық аурухана мен емхана салынды. Дәрігерлер саны 1950 жылы 6,4 мыңға жетті, 1940 жылы 10 мың адамға, 4,8 дәрігерден келсе, 1950 жылы 6,5-тен болды. Балалар мекемелері, бала бақшалар көбейе түсті.

50-жылдары Одақта «космополитизмге» — батыс мәдениетін дәріптеушілікке қарсы күрес дегенді бетке ұстап, баспасөзде интеллигенцияның жекелеген өкілдерінің шығармашылығына орынсыз қатаң баға беру ұлттық мәдениеттің өркендеуіне салқынын тигізді. Ал Қазақстанда бұған өткендегі тарихты әрлеп көрсету деген айыптау қосылды. Осылайша орталықта және жергілікті жерлерде идеологиялық жұмыста бірқатар асыра сілтеушілікке жол берілді. Өткенге субъективтік тұрғыдан қарау және беталды даттау орын алды, талантты ғалым, мәдениет және әдебиет қайраткерлеріне теріс атақ-айдарлар тағылды. Мысалы, 1950 жылы «Правда» газетінде жарияланған «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалсын» деген мақаланы талқылау барысында тарихи оқиғаларды, дәлірек айтқанда, XIX ғасырдың 30-40 жылдарында қазақтардың Кеңесары Қасымов бастаған азаттық қозғалысын бағалауда жіберілген «елеулі қателіктер» атап көрсетілді. Осындай олқылықтарды түзету жөнінде шаралар қолданбады, кадрларды жерлестік принцип бойынша іріктеді, мемлекеттік қаржыны жұмсауда жіберілген елеулі кемшіліктерге Ғылым Академиясының төралқасы немқұрайлы қараған деп орынсыз жазғыртып, Қ. И. Сәтбаевты орынан алды. 1952 жылғы сәуірде Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып Д. А. Қонаев сайланды.

Бұдан бұрын, 1952 жылы Қазақстанның геологиялық ғылымын дамытуға орасан зор еңбек сіңірген көрнекті ғалым М. П. Русаков, академиядан шығарылған А. Қ. Жұбанов, Қ. Ж. Жұмалиев, тарихшылар Е. Бекмаханов, Б. Сүлейменов, филолог-ғалымдар Е. Исмайылов пен Қ. Мұқаметханов, соңғысы Абайдың әдеби мектебін зерттеу мәселелерінде жіберген ұлтшылдық қателері үшін қамауға алынып, ұзақ мерзімге сотталған.

Сол кездегі ахуалдың төзгісіз болғаны соншалық М. Әуезов, А. Жұбанов және басқа көрнекті ғылым және мәдениет қайраткерлері республикадан кетіп қалды. Жағдай Сталин өлгеннен кейін ғана оңала бастады. 1955 жылы Д. А. Қонаев Министрлер Кеңесінің төрағасы болып бекітілді. Ол Брежневтың қарсы болуына қарамастан, Қ. И. Сәтбаевты қайтадан республика академиясының президенттігіне ұсынды.

СОКП XX съезі (1956 жылғы 14-25 ақпан) жеке адамға табынушылықты әшкерелеп, өкіметтік билікті пайдалануда жіберілген қателіктер мен асыра сілтеушіліктерді жоюдың шараларын белгіледі. Кеңес адамдары жеке адамға табыну жөніндегі батыл әрі әділ сынды бір ауыздан мақұлдады, олар енді елде демократиялық тәртіп орнайды деп сенді. Жоқ, олай болмады. Аз уақыт өткен соң бәрі қалпына түсе бастады: табынудың үлкені де, кішісі де көрініс танытқан. Кеңестердің, кәсіподақтардың, жастар ұйымдарының, еңбекшілердің құқықтары шектеле бастады.

Өткеннің сарқыншақтарымен батыл күресу жөніндегі съезд шешімдерін басшылыққа алған Қазақстанның идеологиялық майданы басындағы жағымпаз білгіштер қазақ халқының ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына қарсы науқан ашты. Сол жылдары ел ішінде ұлттық мектептер жабыла бастады, шалғайдағы малшылар мен шағын елді мекендер тұрғындары балаларын шаруашылық, аудан және облыс орталықтарындағы мектеп-интернаттарға орналастыруға мәжбүр болды, онда сабақ бірыңғай орыс тілінде жүргізілді. Сол кезде барлығы 700-ден астам қазақ мектебі, қазақ тіліндегі облыстық және аудандық газеттер жабылды, олар орысша газеттердің көшірмесі ретінде шығып тұрды. Жүздеген қазақ журналистері, әсіресе тың өлкесіндегілер өз мамандығынан айырылды.

Республиканың ұлттық академиясы ғалым мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің дамуында елеулі рөл атқарды: көптеген білікті кадрлар өсіп, жетілді, ғылыми институттар нығайып, өресі кеңейе түсті. 1950 жылдың аяғында академияның жүйесінде 50 ғылыми-зерттеу мекемесі, оның ішінде 19 институт, 13 сектор, 2 музей, обсерватория, 3 ботаника бағы және 8 ғылыми база болды. Академияда 500-ге жуық аспирант оқыды.

Қазақстандық ғалымдар кеңестік ғылымды дамытуда, атап айтқанда, астрофизика, астроботаника салаларында қыруар жұмыс атқарды. Осында жасалған металлогендік карта жаңа кен орындарын анықтауға және белгілі кен орындарының қорларын қайта бағалауға көмектесті. Гидрогеологтар артезиан бассейндерінің болжам картасын жасауды аяқтады. Энергетиктер, геологтар және басқа түрлі ғылым салаларының ғалымдары Ертістің суын өнеркәсіптегі Қарағанды бассейні аймағына жеткізудің нұсқасын ұсынды.

Ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми мекемелер ауыл шаруашылығы өндірісінің жаңашылдарымен және мамандарымен қоян-қолтық жұмыс істей отырып, түрлі дақылдардың жоғары өнімді сорттарын және қойдың жаңа тұқымы — «қазақтың биязы жүнді» қойын өсіріп шығарды. Алайда ауыл шаруашылығы ғылымы өндірістің қажеттілігінен артта қалып қойған еді.

Соғыстан кейінгі жылдары әдебиет пен мәдениет одан әрі өркендеді. 1947 жылы Мұхтар Әуезов «Абай» роман-эпопеясының екінші кітабын жазып бітсе, 1955 жылы іргелі «Абай жолы» тарихи эпопеясы аяқталды, ол тек оның авторының шығармашылығының ғана емес, сонымен бірге алуан жанрлы бүкіл қазақ әдебиетінің де шыңы болды.

1949 жылы мамырда Мәскеуде қазақ әдебиетінің онкүндігі өтті, онда сөз зергерлері жетістіктерінің байқауы болды. 50-жылдардың аяғында, сталиншілдік жылдары әділетсіз айыпталған С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров есімдері қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетінің тарихына қайта оралды.

50-жылдардың екінші жартысында қазақ өнерінің барлық жанрлық түрлерінің өрлеуі байқалды. Өнердің опера, симфония, кантата сияқты күрделі жанрдағы елеулі табыстары қазақ музыка мәдениетінің шын мәнінде кемелденгенін дәлелдей түсті. М. Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсы өзінің идеялық деңгейі жағынан да, сондай-ақ музыкалық құрылымының даралылығымен де дүниежүзілік музыка өнерінің таңдаулы туындыларымен тең түсті. 1949 жылы ол орыс тіліне аударылды.

Бейнелеу өнері кәсіби деңгейге көтерілді. Республиканың өз мүсіншілері өсіп шықты, монументті және камералы мүсіннің түрлі формалары қалыптасты.

Үкімет үйі, Ғылым Академиясы үйі, Республиканың Орталық стадионы, Өскемендегі мәдениет сарайы және т.б. сәулет өнеріндегі сәтті шыққан ғимараттар ретінде бағаланды.

Қазақ мәдениеті мен өнерінің жетістіктері Мәскеуде өткен (1958 ж.) онкүндікте ерекше айқын көрінді. Егер 1936 жылы қазақ өнерінің онкүндігіне бір ғана театр қатысып, ондағы әртістердің көпшілігі жас, талантты болғанымен, музыкалық және театр талабы тұрғысынан алғанда жеткілікті кәсіби даярлықтан өтпеген болса, бұл жолы өнердің барлық түрлерінің қас шеберлері көрген жұртты риза етті.

Қорытып айтқанда, соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде, оның мәдени дамуында сталиндік тоталитарлық жүйенің үстемдігі нәтижесінде көптеген қарама-қайшылықтар, елеулі көлеңкелі жақтар орын алды. Мұның өзі республикадағы демократиялық қатынастардың тежелуіне, қазақтың ұлттық мәдениетінің одан әрі дамуына үлкен зардаптарын тигізді.

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан тарихы, очерктер. Алматы, «Дәуір», 1994.
2. *Абишев Г.* Казахстан в Великой Отечественной войне. Алма-Ата, 1958.

3. *Балақаев Т. Б., Алдажұманов Х. С.* Қазақстан еңбекшілері — майданға. Алматы, 1985.
4. *Белан П. С.* Участие казахстанцев в завершающих сражениях Великой Отечественной войны (январь-май, 1945 г.). Алма-Ата, 1979.
5. Қазақстанцы — Герой Советского Союза в двух томах. Алма-Ата, 1958.
6. *Козыбаев М. К.* Қазақстан арсенал фронта. Алма-Ата, 1970.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Әбжанов Х.* Қазақстандықтардың жеңіске қосқан үлесі. // Қазақ тарихы, № 4 1996 43-46-б.б.
2. *Әзиев Ә.* Әлия. // Қазақстанская правда. 7 қыркүйек, 1990.
3. *Бақбергенов С.* Қазақстан қаһармандары. // Ақиқат, № 1 1995 91-96-б.б.
4. *Байжасарова К.* Кішкене ауылдың үлкен жүрегі. Тылдағы ауыр еңбек. // Ақиқат, № 5 1995 ж. 23-26-б.б.
5. Дала қыранының түлеуі. Н. Әбдіровтың хаттары. // Ақиқат, № 5 1995, 9-20-б.б.
6. *Зікібаев Е.* Ел намысы – ер намысы (1941-1945 ж.ж.). (Қ. Қайсенов туралы). // Ақиқат, № 5 1995, 3-8-б.б.
7. Қазақ елі майдан тірегі. // Қазақстан коммунисті, № 5, 1990, 40-45-б.б.
8. *Қуатов А.* Жазықсыз жапа шеккендер (соғыс тұтқындары). // Жұлдыз, № 6, 1996 158-167-б.б.
9. *Құспанғалиұлы О.* Жеңіс Мәскеу түбінен басталды. // Ақиқат, № 5, 1995, 21-22-б.б.
10. *Темірғалиев З.* Соры арылмаған соғыс тұтқындары. // Ақиқат, № 5, 1993 91-93-б.б.
11. *Тұранова Ф.* Қоныс аударған немістер мен шешендер (1943-1947 ж.ж.). // Қазақ тарихы, № 4 1995, 57-62 б.б.
12. *Момышұлы Б.* Генерал Панфилов. // Егемен Қазақстан, 9-мамыр, 1997.
13. *Исабай Қалмұқан.* Біз не үшін соғыстық? // Егемен Қазақстан, 9 мамыр 1997

**13-ТАҚЫРЫП ҚАЗАҚСТАН «ХРУЩЕВ ДЕКАДАСЫ»
ЖЫЛДАРЫНДА (1953-1964 жж.).
ҚАЗАҚСТАН 1960 Ж. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН
1980 Ж. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДА**

1. XX ғ. 50-60 жж. Қазақстанның қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайы.
2. XX ғ. 70-80 жж. Қазақстан дамуындағы қарама қайшылықтар мен қиыншылықтар.

1. XX ғ. 50-60 жж. Қазақстанның қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайы

Мәскеу басшылығы Қазақстанда астықтың және басқа ауыл шаруашылық өнімі өндірісін шұғыл арттыра алатын мүмкіндіктер бар деп есептеді. Сондықтан да өкімет билігінің жоғарғы деңгейінде дәнді дақылдар егетін алқаптардың аумағын кеңейту үшін тың және тыңайған жерлерлі игеру идеясы пайда болды. Міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін Н. С. Хрущев республикалық басшылықты «нығайту» керек деп шешті. 1954 жылы ақпанда Қазақстан Компартиясының ОК-нің бірінші хатшылығына Қазақстанда ешкімге белгісіз П. К. Понамаренко сайланды. Ж. Шаяхметовті қызметінен алу мәселесін Кремльде шағын топ қана шешті. Оны қызметінен алуға жай сылтау болған әлдебір кемшіліктер еді. Шын мәнінде Н. Хрущев бұл кезеңде өзінің кадрларын түрлі орындарға қоя бастаған болатын, ал Ж. Шаяхметов болса тың жерлерді тез арада меңгеру идеясын қолдамады.

1954 жылғы қаңтар-наурыз айларында КОКП Орталық Комитетінің Пленумы «Елімізде астық өндіруді одан әрі арттыру, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулы қабылданды.

Тың жерлер игерілетін аймақтар: Қазақстан, Сібір, Орал, Солтүстік Кавказ, Еділ бойы. 1954-1955 жылдары 1 млрд. 100 млн.-1 млрд. 200 млн. пұт астық алу белгіленді. Қазақстандағы тың жерлерді игеретін аудандар: Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Торғай, Павлодар облыстары.

Одақ ведомстволары қабылдаған «Елімізде астық өндіруді одан әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулы бойынша Қазақстанның солтүстік аудандарында, Сібірде, Оралда және Солтүстік Кавказда дәнді дақылдар егуді шұғыл арада арттыру туралы шешім шығарыл-

ды. Жаңа жерлерді игеру есебінен 1954-1955 жылдарда 13 млн. гектар жер жыртылып, 1955 жылы одан 1.100-1.200 млн. пұт астық алу жоспарланды.

КСРО-да тың көтеруге байланысты белгіленген тапсырма 1954 жылғы тамыздың басына қарай орындалды: 13,4 млн гектар жер немесе жоспар бойынша 103,2 %, оның ішінде Қазақстанда 6,5 млн. гектардан аса тың жер жыртылды. Тамызда «Астық өндіруді молайту үшін тың және тыңайған жерлерді одан әрі қарай игеру туралы» жаңа қаулы қабылданды. Онда 1956 жылы тың жерлердегі дәнді дақылдар егуге арналған аудан көлемін 28-30 млн гектарға дейін жеткізу міндеті қойылды. Ғалымдардың тың жерлерді осыншама кең көлемде игеру өзін-өзі ақтамайтындығы туралы пікірлерін ешкім есепке алмады. 1955 жылы тың жерлерде жоспарланған 7,5 млн гектардың орнына 9,4 млн гектар жер жыртылды.

Республика еңбекшілерінің алдында 6,3 млн гектар тың және тыңайған жерді игеру арқылы дәнді дақылдар өнімін арттыру міндеті тұрды.

Партия комитеттерінің қысымымен жалпы жиындарда жоғарылатылған міндеттемелер қабылданды, олар әрдайым орындала бермеді және жүзеге аспады. Нәтижесінде тек 1954 жылдың өзінде қосымша 636 мың гектар тың және тыңайған жерлер жыртылды. Тек сол жылы ғана колхоздар және МТС-тар 4.847 мың, ал совхоздар 3.684 мың гектар жаңа жерлер игерді. Осылайша, тың және тыңайған жерлерді көтеру туралы екі жылға есептелген мемлекеттік жоспар елеулі өсіммен бір жыл ішінде жүзеге асты. Республикада жаппай жолдар салынып, жаңа елді мекендер тұрғызылды.

Тың жерлерді игеру үшін мыңдаған ауыл шаруашылық өндірісінің мамандары, ұйымдастырушылары аттандырылды. 1954 жылдың бірінші жартысында тек Ақмола облысына ғана 20 мыңнан астам адам тың көтеруге келді. Бұған қоса, өнеркәсіп орындарының ұжымдары ауыл шаруашылығында, тың және тыңайған жерлерді игеруге 1 386 маман мен механизаторлар жіберді. Осылайша, мысалы Ақмола облысының ауыл шаруашылық және дайындау кәсіподағының облыстық комитетінен 300, «Қазақсельмаш» зауытынан 121 адам, оның ішінде дипломы бар 5 инженер келді. 1954-1955 жылдары совхоздарға 4,5 мың маман жіберілсе, 1959 жылы оларда 15 мыңнан астам жоғары және орта білімді мамандар еңбек етті. Тек 1953-1958 жылдары ауыл шаруашылығына 266,6 мың механизатор мамандар жіберілді. Ең танымал тың игерушілердің бірі Михаил Довжик болды. Ол Қазақстанға 1954 жылы наурызда алғашқы тың игерушілердің қатарында келді. Сол кезде «Едем мы друзья, в дальние края ...» деген ән кең тарады. Ынтымақты бригада құрған М. Довжик Ақмола облысындағы ауыл шаруашылық техникасын пайдалануда жаңашыл болды. Ерен еңбегі үшін М. Довжик Социалистік Еңбек Ері атағына ие болып, жоғарғы заң шығарушы орган — Қазақстанның Жоғарғы Кеңесіне депутат етіп сайланды.

Еңбекшілерге, келіп жатқан тың игерушілерге елеулі жеңілдіктер көрсету, сондай-ақ өндірістік жоспарды орындаған совхоз жұмысшыларына және олардың еңбек сіңірген жылдары үшін елеулі сый ақылар беру арқылы тың игеруге қолдау көрсетілді. Тың игерушілер қоныстану орнына жеке мүлкімен тегін көшіп келді, отағасына бір жолғы берілетін ақшалай жәрдем көлемі 500-1000, ал отбасының әр мүшесіне берілетін жәрдем көлемі 150-200 сом болды; үй салуға 10 мың сом несие 10 жылға берілді (оның 35 %-ын мемлекет өз мойнына алды), мал алуға 1500-2000 сом көлемінде несие берілді, 1,5 центнер астық немесе ұн түріндегі азық-түлік қарызы беріліп, тың игерушілер ауыл шаруашылығы салығынан 2-5 жылға босатылды. 1954-1959 жылдары Қазақстанның тың жерлерін игеруге 20 млрд-тай сом қаражат жұмсалды.

Өндірістің орасан зор көлемі Қазақстан аумағына жұмыс күшін, көлік құралдарын, құрал-саймандар жұмылдырылды. Осының бәрін үйлестіру, адамдарды орналастырып, оларды азық-түлікпен және тұрғын үймен қамтамасыз ету, мәдени-көпшілік мекемелерінің жүйесін жолға қою қажет болды.

Тың жерлерді игеруге байланысты кеңес кезіндегі еңбектер мен басылымдарда көптеген қателесушілік, бұрмалаушылық және бұра тартушылық айтылмады. Тың игеру тек мамандар мен шынайы энтузиастарды ғана емес, көп ақша табуды ойлаған кездей-соқ адамдарды да өзіне тартты. Мысалы, зерттеушілердің пікірі бойынша, алғашқы 2 жылда Солтүстік Қазақстанға келген 650 мың адамның тек 130 мыңы ғана тың игеру үшін қажет болды. Тың игерілген облыстардың бірқатарында осының салдарынан құқық тәртібі бұзылып, мемлекет қаржысын талан-таражға салу, ұрлау орын алды.

Жаппай тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде дамудың интенсивті жолына түсу туралы жиі айтылды, тыңдағы колхоздар мен совхоздардың материалдық-техникалық базасын күшейтуге байланысты қыруар жұмыстар атқарылғанымен, ауыл шаруашылығы өзінің экстенсивті мәнін жоя алған жоқ. Тыңда ұйымдасқан совхоздарға бөлінген тракторлар мен басқа да машиналар ауыл шаруашылығын интенсивтендіру жолындағы ірі қадам ретінде көп дәріптелгенмен, сол кезде ірілендірілген колхоздарға тозығы жеткен комбайндар, тракторлар мен автомашиналар берілгендігі туралы еш нәрсе айтылмады. Көрсеткішті «жоғарылатып көрсету» үшін орасан зор аумақ жыртылды. Экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы ауыр салдарларға әкеп соқты: топырақ эрозиясы күшейді, топырақтың құнарлы қабатын жел ұшырып кетті. Жалпы жаппай тың игеру үшін егіншілікті жүргізудің тиімді әдістері екі онжылдық өткеннен кейін ғана ұйымдастырыла бастады. Егін үшін жыртылған миллиондаған гектар жер шабындық пен

жайылымдық алқаптардың көлемін тарылтты. Мыңдаған гектар жерлер елді мекендер салуға тартып алынып, олардың инфрақұрылымын жүргізу үшін құнарлы жерлердің елеулі көлемі бөлінді. Нәтижесінде ауыл шаруашылығының дәстүрлі саласы — мал шаруашылығы орны толмас шығынға ұшырады. Мал шаруашылығының даму деңгейінің төмендеуі өз кезегінде республикадағы ет-сүт өнімдерінің тапшылығын туғызды. Мамандар сырттан республикаға ағылып келді. Мұндай жағдай тың игерілген облыстардың бәріне дерлік тән болды.

Ресей зерттеушісі А. Тюринаның пікірі бойынша, «... 50-жылдардың аяғы — 60-жылдардың басында әлі де экономикасы нығаймаған колхоздарға ауыр да әділетсіз шарттармен таратылған МТС-тердің техникасын сату ауыл шаруашылығы өнімдерінің күрт төмендеуіне әкеп соқты. Бұл елдегі ауыл шаруашылық өнімін өндірудегі арқының шұғыл төмендеуіне алып келді. Жетіжылдыққа (1959-1965) белгіленген жалпы өнімді 70 %-ға өсірудің орнына 15 % ғана өнім алынды».

Көптеген уақыт бойы тыңнан тек «қажырсыздар» мен «жігерсіздер» ғана кетті деген ұғым қалыптасқан еді. Бірақ жаңа жерлерді игеру кезінде мамандардың тұрақтамауының себептеріне талдау мұндай адамдардың көп болмағанын көрсетті. Материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыру деңгейі адамдардың үлкен құлшынысына, олардың еңбегінің қоғамдық бағасына сәйкес келмеді. Тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық құрылыстар салу ауыл шаруашылық өндірісі дамуының және халық санының өсуінің қарқындарынан айтарлықтай артта қалды.

Соған қоса, тың жерлерді игеру басқа республикалардан халықтың көшіп келуіне жәрдем жасады, ұлттың салт-дәстүрлердің рөлі төмендеді, қазақ мектептерінің саны күрт азайып, ұлттық әдебиет пен мерзімдік баспасөз басылымы кеміді. Солтүстік облыстарда тілдік және демографиялық проблемалар ушықты.

Қазақстан ежелгі кезден-ақ мал шаруашылығын дамытуға қолайлы өлке болды. Бірақ үкіметтің ауыл шаруашылығында қолданған ойластырылмаған шаралары оған да кері әсерін тигізді. Мал шаруашылығының артта қалуының басты себептері мыналар: өмір шындығына жанасымсыз ғылыми негізделмеген экономикалық заңдардың қолданылуы, саланың нашар материалды-техникалық базасы, жерді жырту нәтижесінде жайылымдықтардың азаюы. Күштеп жүргізілген ұжымдастырудың жағымсыз салдарлары да қолайсыз әсер етті.

1951-1952 жылдары республикада мал басының шығыны көп болды. 1954 жылдың басына қарай мал басы саны алдыңғы жылдармен салыстырғанда мардымсыз ғана өсті. Мал шаруашылығындағы жұмыстың ауыртпалығы мен қиындықтарын шопандар көрді. Олар өте ауыр жағдайларда жұ-

мыс істеді, көптеген өркениет жетістіктерінен қол үзіп қалды, соған қарамастан еңбекте үлкен табыстарға қол жеткізді. Бұл жылдары Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының Айдарлы ауылының шопаны Жазылбек Куанышбаевтың атағы кең жайылды. Бригадада жүйелі селекциялық жұмыстар жүргізу арқылы ол жүннің және қаракөл елтірісінің сапасын елеулі түрде көтере алды. Оның қаракөлі халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелерде көрсетілді. Дели, Бухарест, Познань және Нью-Йорк аукциондарына қойылды. Ерен еңбегі және аса көрнекті табыстары үшін ол 1958 жылы екінші рет елдің жоғары наградасы «Орақ және балға» алтын медалімен марапатталды. Ыбырай Жақаев, Камшат Дөненбаева, И. Головацкий, Я. Геринг және т. б. ауыл еңбекшілері де Социалистік Еңбек Ері деген атаққа ие болды.

60-шы жылдардың бірінші жартысында қоғамдық өзгерістердің ерекше белгісі, оның қайшылығы мен жеке адамға табынуды жою процесінің нақты жетістіктері, сондай-ақ экономикалық дамудың белгілі бір табысты кезеңі болды. Сонымен қатар, бұл кездегі қияли, утопиялық жоспарлар, ішкі партиялық қоғамдар өмірді демократияландыруға қадамдар жасау және Н. С. Хрушевтің өзінің жеке басына табынудың күрт күшеюі сияқты қайшылықтар көрініс берді.

Партияның XXII съезінде (1961 ж.) КОКП-ның жаңа бағдарламасы туралы айта келіп, Хрушев: «бұл коммунизмнің материалдық-техникалық базасын салу бағдарламасы, бұрынғылардан оның өзгешілігі — ол 20 жылға есептелген шынайы бағдарлама». Бұл кезеңнің соңында коммунизмнің базасы жасалып бітеді. Базасы жасалып бітеді, сөйтіп «кеңес адамдардың қазіргі ұрпағы коммунизм тұсында өмір сүретін болады» — деп мәлімдеді. Осынау сөздер ондаған миллион кеңес адамдарын шабыттандырып, оларды жанқиярлықпен еңбек етуге шақырды. Хрушев бүгінгі қиындықтар уақытша, 20 жылдан кейін кеңес адамдарын тек жақсы өмір ғана емес, коммунизмнің басталуы күтіп тұр деп мәлімдеді.

60-шы жылдардың басында өнеркәсіп пен құрылысты экономикалық аудандардың халық шаруашылығы кеңестері арқылы басқару жүйесінің кемшіліктері бірте-бірте айқындала түсті. Өнеркәсіпті басқаруда халық шаруашылығы кеңестерінде толып жатқан жаңа бөлімдерінің құрылуы өнеркәсіп салаларының бөлшектенуіне әкелді. Өндірісті басқарудың, жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың түрлері мен әдістері елдің өндіргіш күштерінің жаңа неғұрлым жоғары дәрежесіне сай келмеді, олардың дамуын тежеді.

Ауыл шаруашылығы өндірісін ойдағыдай дамытудың орасан зор мүмкіндіктерді жете пайдаланылмады. Республикада қоғамдық және жеке мүдделерді ұштастыру, колхоз, совхоз еңбеккерлерінің егіншілік пен мал

шаруашылығы өнімдерін арттыруға деген материалдық ынталылығы принципінің бұзылуына жол берілді. Жоспарлауда, ауыл шаруашылық дақылдарын орналастыруда елеулі кемшіліктер орын алды. Таза жер көлемінің азайтылуы тың жердегі егіншілікті жүргізу жүйесіне зиянын тигізді, егіс алқаптарының қалыптасқан құрылымы бұзылды. Осының салдарынан Қазақстанда астық өндіру төмендеп кетті.

Хрущев Қазақстанды сынақ алаңы ретінде пайдаланып, көптеген тың тәжірибелерді, оның ішінде келешегі жоққа тән тәжірибелерді республикада сынақтан өткізіп байқап көрді. Гидропоникалық әдіспен өсімдік өсіру, жүгеріні жаппай егу, т. б. осы сияқты тәжірибелер Қазақстан шаруашылықтарында байқаудан өтті. Оның айтуымен Республиканың оңтүстіктегі аудандары көршілес республикаларға берілді, өлкелер құрылды. Көптеген қалалардың аттары өзгертілді. Сөйтіп Ақмола — Целиноград аталды. Оңтүстік Қазақстан облысы — Шымкент облысы, ал Батыс Қазақстан облысы — Орал облысы болып өзгертілді. Оған Қазақстанда қарсы келетін адам болған жоқ. Қазақ зиялыларының жағымпаз, жарамсақтарын шешуші бұйындарға орналастырып, олар арқылы қазақ халқын мәңгірттендіріп, орыстың (орыс халқы) патшаларының отарлау саясатын санасыздықпен (саналы түрде деуге болмайды, өйткені ол көп мәселеде интернационалдық, ұлттық теңдікті, достықты жақтады) жандандырды, ол қазақтардан бірін-ғай коммунистік ұлт шығаруды армандады. Хрущевтің жолсыздықтары мен жөнсіз қылықтарын ашып айтпаса да, халық оған наразы болды. Сөйтіп, елдің экономикасын жаңа сатыға көтеру, халық шаруашылығын басқарту, өндірісті жоспарлау мен ынталандыру жүйесін түбегейлі жақсартты, қажеттілігі пісіп-жетіліп келе жатты. Саяси және экономикалық мәселелерді шешуде субъективизмді, волюнтаризмді жою жөнінде кезек күттірмейтін шұғыл шаралар алған КОКП Орталық Комитетінің Қазан /1964 ж/ Пленумы өтті. Бірінші хатшысы және КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметтерін босатты. Оның орнына КОКП Орталық бірінші хатшысы болып Л. И. Брежнев сайланды, ал Кеңес үкіметінің басшысы етіп КСРО Жоғарғы Кеңесі А. Н. Косыгинді тағайындады. Осының артында партия, кеңес және басқа қоғам ұйымдарын 1962 жылы жүзеге асырылған өндірістік қағида бойынша бөлу ойластырылмаған іс деп бағаланып, олардың территориялық өндірістік қағида бойынша құрылуын қалпына келтіру ісі қолға алынды. Сонымен бірге жоспарлау мен экономикалық ынталандыру әдістеріндегі қателер де түзетіле бастады. Дегенмен осы жылдарда іске асырылған шаруашылық реформалар дәйекті жүргізілмегеннің өзінде де елдің экономикасын көтеруге ықпал жасады.

1964-1965 жылдары Қазақстанда халық шаруашылығы Кеңесі және экономикалық аудандардың халық шаруашылығы кеңестері таратылып,

салалық, республикалық одақтық министірліктер мен кәсіпорындар бірлестіктері құрылды.

Қарастырылып отырған кезеңде Орталық партия Комитеті 1965 ж. Наурыз Пленумы шешімдері негізінде ауыл шаруашылығының пайдасына ұлттық табысты қайта бөлу, селонның әлеуметтік мәселелерін дұрыс шешу, ауыл шаруашылық өнімін сатып алу бағалаларын арттыру жөнінде шаралар белгіленді. Бұл реформаның маңызды элементі ауыл шаруашылығын басқарудың әкімшілік әдістерінен демократиялық әдістерге көшудің қажеттігін, сондай-ақ шаруашылық есепті кеңінен негіздеу еді. Жеке, қосалқы шаруашылықты жоюға байланысты өткен жылдарғы асыра сілтеушілік айыпталды. Бұл шаралар ауыл шаруашылығы өндірісін едәуір жандандырды, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуді жақсартуға игі әсерін тигізді.

КОКП Орталық Комитетінің 1965 ж. Қыркүйек айында өткен Пленумының шешімдері бойынша өнеркәсіп салаларында жоспарларды жетілдіру, сондай-ақ, жаңа техниканы енгізу, материалдық ынталандыру бағдарламасын іске асыруға айрықша көңіл бөлінді. Жаңа техниканы енгізу үшін әрбір кәсіпорындарда жоспар жасалды. Ірі кәсіпорындары мен құрылыстарда техникалық прогреске жәрдемдесу жөніндегі арнаулы комиссиялар құрылды. Олар өндірістік процестерді механикаландыру мен автоматтандыру жоспарларының іске асуына ықпал тигізді. Соның нәтижесінде көптеген кәсіпорындар, оның ішіндегі Қарағандының ГРЭС-і мен Бұхтарма ГЭС-і техникалық-экономикалық көрсеткіштері жоғары станцияларға айналды. Екібастұз көмір разрезі өнімділігі жоғары механизмдермен жаракталған көмір өндіретін өркендеген кәсіпорын қатарына қосылды.

Сегізінші бесжылдықты жоспарлау мен экономикалық ынталандырудың жаңа тәртібі бойынша Қазақстанда ондаған өнеркәсіп орындары, соның ішінде Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты, Шымкент цемент зауыты, Алматының Жетісу аяқ киім фабрикасы, Семей шұға комбинаты және басқалары жұмыс істей бастады. 1966 жылы бұл кәсіпорындар өнім өткізу жоспарларын асыра орындап, жоспардан тыс көп пайда тапты, өндірістің тиімділігін күрт арттырды. 1966-1967 жылдарда жаңа жүйе бойынша жұмыс істеуге республикада, неғұрлым ірі және табысы көп кәсіпорындар көшірілді. 1967 жылдың аяғына таман 193 кәсіпорын, яғни республика ірі-ірі кәсіпорындарының жалпы санының 10 пайызы жаңа жүйе бойынша жұмыс істеді. Мұнда барлық қызметкерлердің төрттен бір бөлігі істеп, олар жалпы өнеркәсіп өнімінің үштен біріне жуығын өндірді. 1968-1969 жылдары 13 министірлік пен ведомстволар өз кәсіпорындарын шаруашылықты жүргізудің жаңа жүйесіне көшіруді аяқтады. Жаңа жүйе бойынша жұмысты ұйымдастыру өнеркәсіпте ғана емес, сондай-ақ құрылыс пен транспортқа да енгізілді. Бұған қоса реформа коммуналдық шаруашылық кәсіпорын-

дарын, «Казсельхозтехника» бірлестігінің шаруашылықтарын, байланыс министірлігінде басқармалардың жартысына жуығын, Шығыс Қазақстан геология басқармасын, 323 совхозды, Республиканың сауда жасайтын ұйымдарын қамтыды. Шаруашылықты жүргізудің жаңа жүйесіне көшкен кәсіпорындар мемлекетке өткізілетін өнімнің бестен төрт бөлігінен астамын өндірді. 1970 жылы көмір өнеркәсібінде олар өнімнің 98 пайызын және Қазақстан көмір өнеркәсібінің барлық кәсіпорындарының түсірген пайдасының 17 пайызын берді. Түсті металлургия кәсіпорындары мұның алдындағы бесжылдықпен салыстырғандағы өздерінің қызмет көрсеткіштерін едәуір жақсартты. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 60 пайыздан асты, пайда 100 пайыз еңбек өнімділігі 45 пайыз артты.

Бесжылдықтың аяғында республикада жоспарлау мен материалдық ынталандырудың жаңа жүйесі бойынша 1467 кәсіпорын жұмыс істеді. Олардың үлесіне өткізілген өнімнің 90 пайызға жуығы және табыстың 95 пайызынан астамы тиді. Жаңаша жұмыс істеген кәсіпорындар материалдық ынталандыру қорына қаржы аударуды арттырып, осы арқылы әрбір қызметкердің өз кәсіпорынының сапалық көрсеткіштерін жақсартуға деген мүдделігін күшейтті. Шаруашылық реформасы өнеркәсіптің, құрылыс пен көліктің тез қарқынмен дамуына жағдай жасап, бесжылдықтың тапсырмаларын орындауда елеулі рөл атқарды.

Сөйтіп, сегізінші бесжылдық Қазақстанның өндіргіш күштерінің қауырт дамыған кезеңі болды. Республиканың шаруашылығына мұның алдындағы бесжылдықтағы 17,9 млрд. сомның орнына бес жыл ішінде 23,8 млрд. сом жұмсалды. Ұлттық табыс 41 пайыз, өнеркәсіп өндірісінің көлемі 55 пайыз артты. Тұтас есептегенде бес жыл ішінде осының алдындағы он жыл ішінде өндірілген мөлшерде өнім алынды. 1970 жылы Қазақстан 18,2 млн. тонна темір рудасын, 1,8 млн. тонна шойын, 2,2 млн. тонна болат, 2,5 млн. тонна қара метал прокатын, 61,5 млн. тонна көмір, 13,1 млн. тонна мұнай, 2093 млн. текше метр газ, 34,5 млрд. киловат-сағат электр қуатын өндірді. Еліміздің халық шаруашылығында көмір, темір рудасын өндіруде, болат пен қара металдар прокатын қорытуда Қазақстанның үлес салмағы артты. Республика қорғасын, мыс пен титанның жалпы одақтық өндірісінің едәуір бөлігін берді. Қазақстанның мұнай және химия өнеркәсібі жалпы одақтық маңызға ие болды. Өндіріс құралдары мен тұтыну бұйымдарын өндірудің арасындағы қатынастар едәуір жақсарды.

Өнеркәсіптің салалық құрылымында және территориялық орналастырылуында сапалық өзгерістер байқалды. Жаңа өнеркәсіп аудандары одан ары нығайып дамыды. Пайдалы қазбалардың жаңа кен орындары игеріліп, шаруашылық айналымға тартылды, өндірістік қорлар жоспарлы түрде ұлғайтылып, жаңартылып отырды.

Бесжылдықтың аяғына таман 445 ірі кәсіпорын мен цех қатарға қосылып, жүздеген зауыттар мен фабрикалар қайта құрылды және техникалық жағынан едәуір жақсартылды. Техникалық прогресс ең алдымен өнеркәсіптің энергетика, түсті және қара металлургия, мұнай өңдеу, химия және құрылыс материалдары өнеркәсібі секілді салаларында ілгері басты.

Бұл арада айта кететін бір жайт осы ірі жетістіктер жұмысшылардың үлкен шабыты мен жанқиярлық жасампаз ынта ықыласын жете пайдалану есебінен іске асырылды. Алайда, өнеркәсіп орындарын салуға, оларды іске қосуға Одақтың түкпір-түкпірінен келген маман жұмысшыларға, комсомол шақыруына үн қосып, жаңа жерлерге аттанған жастарға жергілікті жерде тұрмыстық жағдай туғызылмады, олар азық-түлікпен жете қамтамасыз етілген жоқ. 1959 жылы Теміртауда Қарағанды металлургия комбинатын салуға жер-жерден келген жастардың бүліншілік жасауы осы жағдайда байланысты еді. Көтеріліс басылды, кәсіпорындарда жұмысшылар жағдайын жақсарту үшін шаралар алынды. Бірақ бұл оқиға әміршіл-әкімшіл жүйенің іріп-шіріп келе жатқан бір көрінісі еді.

Қазақстанда астық және мал шаруашылығы бағытындағы совхоздардың саны сегізінші бесжылдықта 1512-ден 1625-ке дейін көбейді. Бұған қоса республикада 1970 жылдың аяғында ғылыми-зерттеу институттары жанында 88 тәжірибелік, эксперименттік оқу және басқа совхоздар, сондай-ақ мал семіретін 104 совхоз бар-тын. Олардың шаруашылық есепке көшуі етек алды.

1967-1970 жылдар ішінде Қазақстанның 586 совхозы толық шаруашылық есепке көшті. Бұл жағдай совхоздардың рентабельдік деңгейін едәуір көтерді. Республиканың совхоздарында ауылшаруашылық өнімдерін, әсіресе астық өндіру мол әрі рентабельді салаға айналды. Сегізінші бесжылдық кезінде республика совхоздарының күрделі қаржысы 4,2 млрд. сомға жуық өсті. Совхоздардың негізгі қорларының құны 1965 жылғы 5,6 млрд. сомның орнына 1970 жылы 8,3 млрд. сомға жетті. Бесжылдық жылдарында республика совхоздарында 1 миллион ірі қара малға, 635 мың шошқаға, 8,5 млн. қойға арналған және 700 мыңға жуық құс өсіретін қоралар салынды, басқа да өндірістік және тұрғын үй, тұрмыстық объектілер салу кеңінен өрістеді. Бірақ, өнеркәсіпте, әсіресе ауыл шаруашылығында басталған реформа аяқталмай қалды. Оның басты себебі қолданылған шаралар тиімділігі айтарлықтай болмады. Соның салдарынан бұл саладан жоспарланғандай қайтарым, күткендей өсім алынбады.

XX ғ. 60-шы жылдары КОКП Орталық Комитеті мен Кеңес үкіметі одақтас республикалардың құқығын кеңейтуге бағытталған шараларды жоққа шығара бастады. Экономика саласында жалпы бағытты белгілеу, кадрларды тағайындау мен ауыстыру және басқада көптеген мәселелер

Мәскеуде шағын топтың қолында болды, республикалар бұлардан шет қала берді. Қоғамның құрылымы бұрынғыша жоғарыдан төменге қарай деген принцип негізінде құралған еді. Ол бойынша адамдарға тек жоғарыда қабылданған шешімдерді орындаудан басқа амал қалмады. Іс жүзінде бүкіл үкімет билігі партиялық аппараттар қолына жинақталды. Коммунистік партия, оның жергілікті органдары Кеңестер жұмысына қатаң бақылау жасады, шаруашылық, ғылыми, әскери, оқу, қоғамдық мекемелер мен ұйымдардың жұмысын дербес бағыттап отырды.

1962 жылы КСРО-ның басқа жерлеріндегі сияқты Қазақстанда да облыстық партия комиттері өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы болып, екіге бөлінді. Облыстық партия комитеттерінің ізінше кеңес комсомол және кәсіподақ ұйымдары бөліне бастады. Жариялылықтың, сынның болмауы, КОКП бағдарламасы және хрущевтік реформа жайында айтылған сын-ескертпелер үшін коммунистерді, жеке азаматтарды құдалау елдің еңсесін түсірді. Кеңес әлі әміршіл — әкімшіл жүйе жағдайына, оның партия, мемлекет басшысының толық билігімен өмір сүрді. Хрущевтің айтуымен, республика басшылығының аударыс-төңкерісі жиіледі. Көп жыл Қазақстан партия ұйымының басшысы болып келген Ж. Шаяхметов орнынан алынып, оның орнына келгендер қолғапша ауыстырылды. Шаяхметовтың орнына келген П. К. Понамеренко /XI. 1954 ж. — VII. 1955 ж./ оны ауыстырған Л. И. Брежнев /VII. 1955 ж. — III. 1956 ж./ одан кейін И. Д. Яковлев/ III. 1956 ж. — XII. 1957 ж./ ол түсірілгеннен кейін келген Н. И. Беляев/ XII. 1957 ж. — XII. 1960 ж./ одан кейін Хрущевтің ұнатуымен болған И. Ю. Юсупов/ XII. 1962 ж. — XII. 1964 ж./ республикада партия басшылығының қалыпты жұмыс істеуіне ықпал жасай алмады. Өйткені, олар бұл жұмысқа келмей жатып, кетуге әзірленіп отырды. Юсуповтан кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Бірінші хатшысы болған Д. А. Қонаев 1986 жылдың аяғына дейін істеп, республиканың экономикасы мен мәдениеттің өркендетуге елеулі үлес қосты, оның тұсында Қазақстанның Одақ бойынша алдыңғы қатарға көтерілуі іске асты. Әрине, оның тұсында жершілдік, орыстар айтатын «кумосовты», жең ұшынан жалғасу, кадрларды тамыр-танымтықпен орналастыру, партия ұйымдарындағы өркөкіректік, өрескелдіктер бой көрсетпей қалған жоқ.

Бұл кезде экономикалық реформаларға жасалған сәтсіз талпыныстар, өндіріс күштерінің тиімсіз орналастырылуы, халық шаруашылығын басқару жүйесінің ат үсті және жиі-жиі өзгертілуі республиканың экономикалық дамуына кері зардаптарын тигізді.

Жетіжылдықтың алғашқы үш /1959–1962/ жылында қарқынға айтарлықтай үстеме беруге мүмкіндік туғызған Халық Шаруашылық Кеңестері енді өзінің кейбір жағымсыз жақтарында көрсете бастады. Мысалы, эконо-

микалық аудандарға енгізілген өлкелер мен облыстардың партия басшылығы өз аумақтарын дербес аудандарға бөлуді қолға алды. Халық шаруашылығы кеңестері аппаратының саны тұтас алғанда ел бойынша тез өсіп, әкімшілік шығындар артты.

60-шы жылдары Қазақстандағы халықтық әлеуметтік құрылымында едәуір айтарлықтай өзгерістер жүзеге асырылды. Бүкілодақтық халық санағының мәліметтері бойынша 1970 жылы 15 қаңтарға республикада 13 миллионнан аса адам болған, олардың қалаларда 51 пайызы, селолық жерде 49 пайызы тұрды. 1956 жылмен салыстырғанда қала халқының үлес салмағы 4 пайызға артты. Қала халқы негізінен селолық жерлерден қалаға көшіп келу, қала тұрғындарының табиғи өсуі, ішінара селолық мекендердің қала болып қайта құрылуы есебінен көбейді. Орыстар халықтық — 42,2 пайызын, қазақтар — 32,6 пайызын, украиндар — 7,2 пайызын қамтыды. Басқа республикалардан халықтардың көптен келуімен байланысты республикада қазақ халқының саны едәуір азайып кетті. Ол республикалық демографиялық әлеуметтік жағдайына және ұлттық тілдің жойыла бастауына әсерін тигізді.

Бұл кезде Қазақстан жұмысшыларының қатары сан және сапа жағынан өсті. 1970 ж. 3,4 миллионнан астам жұмысшы болды, бұл 1940 жылдан 5 есе көп еді. Жұмысшы табының ұйтқысы өнеркәсіп жұмысшылары екені мәлім. 1970 ж. Ол оның бүкіл құрамының төрттен бірінен астамын қамтыды. 1960-1970 жж. өнеркәсіп жұмысшылары 530 мыңнан 877 мыңға дейін, немесе 39,6 пайызға өсті. Ауыр индустрияның басым өркендеуінің нәтижесінде өнеркәсіп жұмысшыларының қатарында машина жасау, металл өңдеу, құрылыс материалдары, отын өнеркәсібінің еңбеккерлері жетекші орын алды. Сол сияқты жеңіл өнеркәсіп жұмысшылары олардың үлкен тобын құрады. Әсіресе, жұмысшылардың саны Қарағандыда, Алматыда, Оңтүстік және Шығыс Қазақстанда едәуір өсті. Өнеркәсіпке әйелдерді тарту едәуір көбейді, олардың үлес саны 1957 ж. 37,5 пайыз болса, 1973 ж. 44,4 пайызға дейін көтерілді. Әйелдердің еңбегі дәстүрлі жеңіл және тамақ өнеркәсібі салаларында кеңінен қолданылды. Қазақстан жұмысшы табының ұлттық құрамы да өзгерді, бірақ өнеркәсіпке қазақ халқының өкілдері өте нашар тартылды. Осының салдарынан 1957-1973 жж. жұмысшылардың арасында қазақтардың үлес саны өсудің орнына 17,4 пайыздан 11,7 пайызға дейін азайып кетті. Ұлттық кадрлардың біршама ірі тобы мұнай өндіруде /36,7/, баспаханада /27,8/ тамақ өнеркәсібінде /20,3/ ағаш дайындауда /28,8/ жұмыс істеді. Жұмысшы қазақтардың үлес саны энергетикалық машина жасауда / 1973 ж. — 2,2 %, прибор жасауда 4,7 %, энерготехника өнеркәсібінде 6,6 %, тоқыма 13,6, % тігін өнеркәсібінде 15,7 % төмендейді. Қазақ жұмысшыларының аз болуының басты себебі: жоғарғы бас-

шы органдар жергілікті халықтан маман кадрлар дайындауға қамқорлық жасамады, олар жұмысшы күшін сырттан әкелуді артық көрді.

Әңгіме етіп отырған жылдары Қазақстанның экологиялық жағдайы төмендей түсті. Республиканың барлық өнеркәсіпті қалаларында, әсіресе, Өскеменде, Шымкентте, Жамбылда, Алматыда ауыр экологиялық жағдай қалыптасты. Қазақстан жеріне ядролық қаруларды сынаудың аса ауыр зардабы тиді. 1948 ж. КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысы бойынша үш облыстың: Семей, Павлодар және Қарағанды облыстарының түйіскен жеріне орналасқан ядролық полигон салынды. Оның қоршаған табиғатқа, адамдардың денсаулығына әсері өте қауіпті болған, бұл аудандардың тұрғындары радиациялық сәуледен үлкен зардап шекті. Бірақ осыған қарамастан КСРО Денсаулық сақтау министрлігі бұл өңірде дәрігерлік тексеру жүргізуге тыйым салды, ал әскери дәрігерлер алған мәліметтер қатаң құпияда сақталып, ядролық полигонның қызметі келтірілген зиянның бәрін жасырып отырды. Радиацияға ұшыраған адамдардың денсаулық жағдайын ішінара зерттеу тек 1962 жылдан ғана басталды. Адамдардың жағдайына мұндай көзқарас полигонға жақын тұратын халықтың арасында түрлі аурулар өрши бастауына алып келді. Республикада радиациялық сәуле ауруларының көріністері Семей облысы Абай ауданының Қарағанды облысы Егіндібұлақ тұрғындары арасында жиі байқалды. Полигонның халық денсаулығына тигізіп жатқан әсеріне абыржыған жеке дабылдар ескерусіз қалды. 1969-1970 жж. Маңғыстау облысының жерінде халықтан жасырын жер астында үш рет ядролық жарылыс жасалды. Мұның бәрі сайып келгенде халықтың денсаулығына үлкен зиянын тигізді.

Елдің партиялық-мемлекеттік басшылығы 60-шы жылдары халықтың ақшалай табысын арттыру бағытын ұстады. Мұның өзі халықтың тұрмыс жағдайының 40-50 жылдармен салыстырғанда артуына белгілі дәрежеде оң рөл атқарды.

Тек сегізінші бесжылдық жылдарында Қазақстанның ұлттық табысы 63 пайыз, жан басына шаққанда 48 пайыз, айлық, орташа жалақы 25 пайызға артты. Қалада да, селода да қызметкерлердің төмен және орташа ақы төленетін категориялының жалақысын арттыру жүзеге асырылды. Жалақы минимумы айына 60 сомға дейін, ал қызметкерлердің кейбір категориялары бойынша 70 сомға дейін көтерілді. Колхозшылардың табыстары көбейді. Бес күндік жұмыс аптасының енгізілуінің зор әлеуметтік маңызы болды. Ол жұмысшылар мен қызметшілердің еңбек жағдайларын жеңілдетті, олардың мамандығы мен білім дәрежесін одан ары арттыру үшін көп мүмкіндіктер жасады, еңбекті неғұрлым тиімді ұйымдастыруға жәрдемдесті. Бірақ 60-шы жылдардың басында мәдениеттің дамуына қарама-қайшы айқындалар

пайда болды. Мәдени ортаға жалпы көзқарас бұрынғысынша оны әкімшіл-әміршіл идеологияға қызмет еткізуге ұмтылуымен ерекшеленді.

Тарихи ғылымындағы кейбір еркіндік рухани өмірде маңызды рөл атқарды. Біртіндеп БК/б/П тарихының қысқаша курсының жаттандылығынан аулақта, кеңес мемлекетінің тарихындағы Сталиннің рөліне қайта ұмтылушылық байқалды. Сонымен қатар, асыра сілтеулер де болмай қалған жоқ. Ұлы Отан соғысының тарихы Хрущевтің ыңғайына қарай жазылды. Оның Украинадағы қызметі асыра көрсетіліп, 30-шы жылдардағы қуғын-сүргін үшін оның да жауапкершілігі болуы мүмкін екеніне көзжұмбайлық жасалды.

Қазақстан партия, кеңес ұйымдарының жұмысында да елеулі кемшіліктер орын ала бастады. Өркөкіректік, қарапайым халықты менсінбеушілік, партия ұйымдары басшыларының коммунистердің құқықтарын аяқ асты етуі, орынды сынға құлақ аспауы, кадр мәселелерін жершілдік пен ағайын-туысқандық принципін етек алуы — осының бәрі қоғамда, қалыптасқан басқару жүйесінің тектіктерін сол кезде-ақ босата бастады. Сөйтіп, ол бүкіл Одақтағыдай Қазақстанда да тоқырау және тежеу Құбылыстарының пайда болуына әкелді. Бұл жағдай шаруашылық және әлеуметтік басқару механизмін жетілдіру жөніндегі түбегейлі шешімдерді іске асыруды табанды түрде талап етті.

2. XX ғ. 70-80 жж. Қазақстан дамуындағы қарама қайшылықтар мен қиыншылықтар

XX ғ. 70-ші және 80-ші жж. бірінші жартысында Қазақстанда халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруде бірсыпыра істер атқарылды, республика жұмысшылары мен қызметшілерінің орташа айлық табысы едәуір өсті. Колхозшылардың кепілді еңбек ақысы көбейді, халықтың төмен айлық алатындары орташа айлық алатындар дәрежесіне көтерілді. Осы жылдары халықты қоғамдық тұтыну қоры есебінен қамтамасыз ету біраз жақсарды. Оның едәуір бөлігі жәрдем, зейнетақы және стипендия төлеуге, тегін білім алуға, денсаулық сақтауға, мәдени және тұрмыстық қызмет көрсетуге жұмсалды. 1971 ж. колхозшылар үшін де жұмысшылар мен қызметкерлерге белгіленгендей зейнетақы белгілеу тәртібі енгізілді. 1972-1974 жж. соғыс және еңбек мүгедектеріне айлық орташа зейнетақы 33 пайызға көбейтілді, ал 1975 ж. Отан соғысының мүгедектеріне қосымша жеңілдіктер енгізілді.

Алайда, бұл шаралардың халықтың тұрмыс дәрежесін көтеруге ықпалы аз тиді. Өйткені мемлекеттің және кәсіпорындардың бағаны көтеруі, тауарлар сапасының нашарлауы, тапшылықтың өсуі, ақы төлеудегі теңгермешілік

т. б. халықтың тұрмыс жағдайының төмендеуіне әкеп соқтырды. Оған ақшаның құнсыздануы әсер етті, тек 1970-1986 жж. құнсыздану 20 пайызға өсті. Әлеуметтік саладағы ең өткір мәселенің бірі — тұрғын үй мәселесі. Осы жылдары бұл мәселе бірсыпыра шешуін тапты: миллиондаған адам жаңа пәтер алып, өздерінің тұрғын үй жағдайын жақсартты. Дегенмен халық санының өсуімен байланысты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі аяғына дейін шешілмеді, оған үй салуға бөлінген қаржының азаюы себеп болды, тұрғын үй құрылысының жоспары орындалмады. Тек, он бірінші бесжылдықта ғана республикада 1,2 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілмеді, мектеп, аурухана, балалар бақшасын салу жоспары орындалмады.

Тоқырау кезеңін қамтыған үш бесжылдық аралығында ауыл шаруашылығын 1965 жылдан басталған реформалау әрі жалғастырылды. Аграрлық салаға қаржыны көптеп болу, селоньң әлеуметтік проблемаларын шешу, шаруашылық есепті енгізу, ауыл шаруашылық өнімдерінің сатып алу бағасын арттыру шаралары белгіленді. Осы бағытта тек 1971-1978 жж. ауыл шаруашылық саласына 58,2 млрд. сом бөлінді. Мұның нәтижесінде 1985 ж. дейін негізгі егін шаруашылығы жұмыстары — жер жырту, тұқым себу, дәнді дақылдарды жинау, мал шаруашылығы саласындағы жұмыстар 75-90 пайызға техникаландырылды. Алайда, ауыл шаруашылығы проблемаларын тек күрделі қаржыны көбейту арқылы шешу жолы тиісті нәтиже бермеді. Аграрлық секторда аса маңызды орын алатын жердің құнарлылығын арттыру, электрлендіру, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтайтын және өңдейтін кәсіпорындар жеткілікті дәрежеде салынбады. Сондай-ақ село еңбеккерлерінің әлеуметтік-экономикалық проблемалары шешілмей қалды, сөйтіп бұл салада күткен бетбұрыс болмады, нәтижесінде ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру тұрақсыз болды. Егістіктің шығымдылығы азайды, мал шаруашылық өнімдерін өндіру бірқалыпты жүрмеді.

Бұл кезде ауыл шаруашылығы секторының құрамында едәуір ұйымдық өзгерістер енгізіліп, колхоздардың есебінен совхоздардың саны көбейді. 1960 жылы республикада 879 совхоз бен 1355 колхоз болса, 1985 жылы колхоздар есебінен совхоздар саны 2140-қа өсіп, республикада 388 колхоз қалды. Сөйтіп, меншіктің кооперативтік-колхоздық түрінің үлес салмағы едәуір төмендеді, бірақ осыған қарамастан колхоздық меншіктің одан ары жетілуін көруге болады. 1971-1985 жылдары совхоздардың өнімі көбеймей бір орында қалса, колхоздарда ол орта есеппен 200 мың сомға дейін өсті.

Мал шаруашылығының жем-шөп базасы нығайтылды, жем-шөптік дақылдар егілетін алқаптар ұлғайтылды. Дегенмен мұның барлығы тек экстенсивтік шаруашылық негізінде іске асырылды. Атап айтқанда, жемшөптік дақылдар егілетін алқаптар сегізінші бесжылдықтағы 6678,4 мың гектардың орнына ІХ бесжылдықта 8824,6 мың гектарға дейін жеткізілді. 1985 жылы

жоспарланған 50 млн. қойдың орнына тек қана 35 млн. қой болды. Оған шопанның ауыр еңбегіне немқұрайды қарау, малды күтіп бағудағы қазақтың еңбек дәстүрін елемей, халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан, сыннан өткен технологиясының жоғалып кетуі үлкен әсерін тигізді.

Бір айтып кететін жай, бұл жылдары мал шаруашылығын өнеркәсіптік негізге көшіру басталды. Сондай-ақ ет және сүт өндіретін кешендер мен мал семіртетін алаңдар салынды, малды өсіріп, семіртетін мамандандырылған шаруашылық бірлестіктері, құнажындар өсіретін фермалар құрылды. Жалпы қуаты 23 мың ірі қара малды жедел өсіріп, семіртетін төрт кешен: Алматы облысы бойынша 10 мың басқа арналған «Жетіген», Шығыс Қазақстан облысында 5 мың басқа есептелген «Ждановский», Орал облысында 5 мың басқа арналған «Правда» газеті атындағы, Ақмола облысында 3 мың басқа арналған «Шалқар» кешендері жұмыс істеді. Шошқа өсіріп бордақылайтын «Волынский» /Қарағанды облысы/ кешені қатарға қосылды. 1976 жылдың басына қарай 575 мың бас ірі қара мал, 418 мың шошқа, 1,7 миллионнан астам қой өнеркәсіптік негізде күтіп бағылды.

Бірақ осы жылдарда мал шаруашылығын дамытуда келеңсіз жағдай қалыптаса бастады. Олай дейтініміз, туберкулез және бруцеллезбен ауырған мал кейбір облыстарда 95 пайызға жеткен. 1965-1985 жылдары 4,2 млн. сиыр, 55 млн. бас қой мен ешкі, 5,1 млн. шошқа өлген, ал әрбір 100 саулықтан небары 10 бұзау, 30-дан аса қозы, 69 торай алынған. Азық-түліктік астық өндіру жөнінен одақта алдыңғы орындардың біріне шыққан республика жыл сайын жемге арнап басқа жерлерден миллиондаған тонна астық сатуға алып отырды. Мұнда ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, сақтау, халыққа сату ісі бетімен жіберілді. Көліктің, элеваторлардың, қоймалар мен ыдыстың жетіспеушілігінен, жолдың нашарлығынан жыл сайын жиналып алынған өнімнің 20 пайыздан 40 пайызға дейінгісі ысырапқа түсті. Село тұрғындарының еңбегі бағаланбай, олар қалаларға, басқа жақтарға көшіп кетуге мәжбүр болды. Қаңырап қалған кішігірім ауылдар қатары жүздеп саналды.

Аграрлық сектор саласында енгізілген жаңа сатып алу бағасы көбінесе өнімнің өзіндік құнын ақтамады, қайта зиянмен жұмыс істейтін шаруашылықтардың саны артты. Егер 1970 ж. ондай шаруашылықтардың үлес саны совхоздардың 26 пайызын, колхоздардың 4 пайызын қамтыса, 1985 ж. совхоздардың 53 пайызы, колхоздардың 49 пайызы зиянмен жұмыс істеді. Село еңбекшілеріне еңбекақы төлеуде теңгермешілік күшейді, адамдар көбінесе ақшаны жұмыстың нәтижесі үшін емес, жұмысқа шыққаны үшін алды. Еңбекте ақы төлеу оның өнімділігінің өсуінен басып озды.

Республиканың жергілікті жерлеріндегі ауыл шаруашылығы өндірісін ұтымды ұйымдастыру, оның тиімділігін арттыру бағытындағы кейбір ізденістер басшы органдар тарапынан қолдау таппады. 80-ші жылдардың ба-

сында жүргізілген сансыз көп қайта құрулар, эксперименттердің, бағаның, интеграция мен мамандандырудың жаңа түрлерін және т. б. енгізу ауыл шаруашылығының берекесін кетірді. Одан болдырған ауыл шаруашылығы қатаң әкімшілік бақылауға алынып, аяғында келіп дағдарысқа көшті. Істің жағдайын жаңа шешімдер қабылдау жолымен өзгертуге тырысу елеулі нәтиже бермеді.

Сөйтіп, тоқырау кезіндегі келеңсіз процестер әлеуметтік саланы мықтап шарпыды. Әлеуметтік-мәдени саланы дамытуға қаржы бөлудің «қалдықтық принциптері» қалыптасты, яғни ол салаға таза өндірістік мақсаттардан артылған қаржы ғана бөлінді. Әлеуметтік мәселелер жөнінде «кереңдік» пайда болды, ал өндірістің техникамен жабдықталуы, кадрлардың біліктілігі, ең бастысы — жұмыс сапасы артта қала бастады.

Қалыптасқан басқару жүйесінің демократиялық негіздерінің тар шеңберлігі де жаңа жағдайда мейлінше келеңсіз көрініс берді. Онда еңбекшілердің өзін-өзі басқаруының өрісі тарылды. Қоғамдық меншік өзінің шынайы иесі — еңбекшілерден бірте-бірте оқшаулана түсті. Оны ведомстволық пен жершілдік, әр жаққа тартқылаған жайлар аз болған жоқ, нақты қожайыннан айырылып, «иесіз», тегін жатқан дүниедей көрінді. Шаруалардың бүкіл халықтық игіліктен сырт қалуы, қоғамдық мүдденің еңбеккерлердің жеке мүддесімен ұштастырылмауы барған сайын көбірек байқалды. Шаруашылықты жүргізудің өткен кездегі қалыптасқан жүйесі дамыту факторынан, оның ілгерілеуін тежейтін тұсауға айналды.

Осы жылдарда индустриялық дамудың, кәсіпорындардың көптеп салынуының нәтижесінде қоршаған ортаға орны толмас зиян келтірілді. Сырдария және Әмудария өзендерінің суларын мақта егісіне көптеп бөлуден Арал теңізі тартылып, оның суы азайды. Бұрынғы жағасынан 60-120 шақырымға дейін төмендеген, құрғап қалған жерлерінен құм, шаң, тұз көтеріліп, бұл өңірдегі халыққа өлім ұрығын септі. Ересек халық пен бала өлімі көбейді. Осындай жағдай Семей өңірінде де орын алды.

«Байқоңыр» ғарыш айлағы Төретам станциясынан 18-2 шақырымда орналасқан үлкен бір кешен. Ол дүниежүзіндегі 18 ғарыш аймағының ең ірілерінің бірі. Байқоңырдан жүздеген жер серіктері ұшырылды. «Электрон», «Космос», «Полет», «Прогноз» спутниктерінің «Восток», «Восход», «Союз», «Мир» орбиталық станцияларының және бірегей «Буран» мен «Энергияның» ұшқындары біздерге аян. Байқоңыр 1951 жылы салына бастады. Полигон аймағын бірлі-жарым елді мекендерде қазақтар тұрады. Олардың басты кәсібі мал шаруашылығы. Өңірдің ауа райы өте күрделі. Жаз айларында 40 градус ыстық, қыста 40 градус аяз болады. Жылына небәрі 3-4 рет жаңбыр жауады. Ең бастысы мұнда жердің тартылыс заңы, экваторға жақындығы есепке алынған, аспан әлеміне ғарыш кемелерінің ұшуына ке-

дергі аз жұмсалады. Қондырылатын ғарыш кемелері еш қатер қауіпсіз және І сек-тағы жылдамдықты тағыда 316 метр ұтуға болады. Байқоңыр үлкен космодром ғана емес, ол біржағынан үлкен полигон. Онда елуден астам сынақ алаңдары бар, аралары 20-25 шақырым. Оларда әскери сынақтар жүзеге асырылады.

«Азғыр» атом полигоны мен «Капустин яр» ракеталық-ядролық полигоны қалай қазақ жерінде пайда болды деген сұраққа Қазақстан Парламенті сенатының депутаты Э. Ғаббасов былайша жауап берді: «Қырғи қабақ соғыс пен КСРО жанталаса қарулануға ұмтылған кезде, яғни 50-60 жылдардың басы кезеңі болса керек «Азғыр» атом («Галит») 929 мемлекеттік ұшыру-сынау және 4 мемлекеттік орталық полигондары құрылды. Соңғы екеуі «Капустин Яр» деген жалпы атаумен көбірек мәлім, Қазақстанның Атырау, Ақтөбе, Жезқазған және басқа да облыстарындағы бірқатар полигондар осы жүйеге кіреді. Олардың орталығы Ресей Федерациясында — Актубинск және Капустин Яр қалаларында, ал қару-жарақты, әскери техниканы сынау түгелдей Қазақстан аумағында жүзеге асырылады».

Соңғы елу жылдың ішінде Қазақстанның батысы Нарын аймағында 28 ядролық жарылыс жасалды. Атырау облысы Құрманғазы ауданында «Азғыр» полигонының атом бомбасын жер астында сынау орталығы орналасқан. Жарылыстар арқылы газ бен мұнай сақтауға арналған тоғыз шұңқыр жасалған. «А-9» алаңын жасауда шұңқырдың диаметрі 600, тереңдігі 15 метр апан пайда болған, онда қар мен жаңбыр суы толып қалған. «Капустин Яр» полигонында атмосферада II ядролық жарылыс жасалып, қуаты 10 килотонн алғашқы ядролық заряд 10,4 шақырым биіктегі атмосферада 1957 жылы 19 қаңтарда жарылды, ал қуаттары 40 килотонн ядролық зарядтар атмосфераның 50-ден 300 шақырымға дейінгі жоғарғы қабаттарында жасалды. 1956 жылы ақпанда Арал қаласының солтүстігінде ядролық оғы бар зымыран жарылыс тапты. "Зениткадан" атылып басқарылатын 24 мың зымыран ұшырылып жарылған. Полигонда 177 түрлі қару-жарақ пен әскери техника сыналған. Осы «Капустин Яр», «Азғыр» полигондарының адамдар мен тірі табиғатқа келтірген зияны Семей полигонының зардаптарынан асып түседі.

«Азғыр» атом полигоны қазақ халқына сансыз азап, ауру мен өлім әкелгені бүгінгі күні бәрімізге аян. 1994 жылдың соңында Оңтүстік сейсмикалық станциясы өз жұмысын тоқтатты, ал 1996 жылы Ресей жағы күзетті алып тастап, полигонды қалдырып кетті.

Ондағы радиациялық ахуал, топырақ, тұз, жер асты суларының ластануы радконуклидтердің көшуі мен ауысуын қамтитын ақпараттық материалдар емге жоқ. «Азғыр» полигоны қазіргі кезде қараусыз қалған. Техникалық алаңдар аумақтары қоршаусыз, радиациялық ахуалды тек дозо-

метрлермен ғана жарактанған Азғыр кентінің жұмысшылары ғана жүргізде. Чернобыль апатында халыққа көрсетілген әлеуметтік, денсаулық сақтау іс-қимылдарының бұнда бірде жоқ екендігін зерттеушілер айтып жүр. Тек қана Атырау облысындағы Құрманғазы ауданы және Батыс Қазақстан облысы Орда ауданында «Балқұдық» акционерлік қоғамы анықтаған 90 адамның онкологиялық бейдауа ауруына шалдыққаны белгілі болып отыр.

Жалпы сынаққа бөлінген жердің көлемі 2 млн. 104527 гектар аумақты алып жатыр. Сынақтан пайда болған шұңқырлар, оған толған сулар, жер қыртыстарының эрозиясы, топырақ қабаттары сауықтыруға көнбейтіні белгілі болды. Металл сынықтары өте радиактивті.

Жалпы «Байқоңыр», «Азғыр», «Капустий Яр» полигондары Арал трагедиясын туғызушы, судың булануына әсерін тигізуші залал болып табылып отыр.

Қазіргі кезеңнің өзекті мәселелерінің бірі — радиациялық ластану болып қалып отыр. Радиоактивті ластанумен күресу тек алдын алу сипатында ғана болады. Себебі табиғи ортаның мұндай ластауын нейтралдайтын биологиялық ыдырату әдістері де, басқа да механизмдері де жоқ. Қоректік тізбек бойынша тарала отырып (өсімдіктерден жануарларға) радиоактивті заттар азық-түлік өнімдерімен бірге адам ағзасына түсіп, адам денсаулығына зиянды мөлшерге дейін жиналуы мүмкін.

Қазақстан территориясында қуатты ядролық сынақтардың ең көп мөлшері жасалды. Семей полигонында 1949-дан 1989 жылға дейін 470 ядролық жарылыс, оның 90-ы ауада, 354-і жер астында және 26-ы жер бетінде жүргізілген. Олар Қазақстан территориясының біраз бөлігінің радиациялық ластануына әкелді. Шығыс Қазақстан тұрғындары Хиросимо-Нагасаки мен Чернобыльдан кейінгі ең үлкен иондаушы сәулелену дозасын алған.

Семей ядролық полигоны. 1995 жылы Шығыс Қазақстан облысының Орталық бөлігіндегі жүргізілген аэрограмма, спектрографиялық суреттер жер бетіндегі цезий — 137 активтілігі 65-100 мкp/сағ. болғанын көрсетті.

Кейбір жерлерде 120-500 мкp/сағ. байқалған. Зайсан көлінің Оңтүстік Батыс жағалауында цезий 137 радиациялық фоны 120-150 мкp/сағ. құраған. Строний-90 ең көп мөлшері Сарыөзек жылғасы мен Мұржық тауының етегінде, Мұржық және Дегелең аймағында байқалған. Альфа және бетта белсенділіктің жоғары деңгейі Семей облысының Қайнар селосында, Абыралы колхозындағы барлық дерлік құдық суларында анықталған. Семей және басқа полигондарда барлығы 500-ден аса ядролық қарулар жарылды. Бұл жарылыстардың халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға тигізген зияны мен зардабы туралы ондаған жылдар бойы айтылмады. Ғалымдардың мәліметі бойынша полигонда сынақ жасалған жылдары кемінде 500 мың Семей өңірі тұрғындары ионды радиацияның тұрақты сәулесіне

ұшырады, әсіресе онкологиялық сипаттағы аурулар көп шықты. 1975-1985 жж. бұл аурулардан өлгендер тек Семей облысының өзінде ғана 7 есе өсті, бала туу азайғаны, жынданып ауру және өзін-өзі өлтіру көбейгені байқалды. Семей полигонынан басқа әр жылдарда Республика территориясында 27 жерде қуаты әртүрлі 38 ядролық жарылыс жасалды. Бұндай жарылыстар, әсіресе, Атырау облысында көбірек болды, мұнда жаппай қырып-жоятын қарудың 17-сі сыналған. Сегіз ядролық заряд Орал өңіріндегі полигондарда, қалғандары Ақтөбе, Ақмола, Оңтүстік Қазақстан облыстарында жарылған. Бактериологиялық қарулар сынау полигоны Арал теңізіндегі Барсакелмес аралында жүргізілді.

Осы жылдарда мәдениет саласының материалдық-техникалық негізін нығайтуда біраз жұмыстар істелді. Республикада мәдени объектілердің құрылысы жаңа типтік жоба бойынша, мектеп пен мәдени мекемелерінің алдына өмірдің өзі қойған жаңа талаптар ескеріле отырып жүргізілді.

Тоғызыншы және оныншы бесжылдық кезінде жана баспалар құрылды. Бұлар: «Қайнар», Қазақ Совет Энциклопедиясы, жастарға арналған «Жалын», «Өнер» баспалары. Республикада жылма-жыл қазақ, орыс, ұйғыр, неміс, корей тілдерінде 30 миллиондай дана таралыммен 2 мыңға жуық кітап шығып тұрды. 70-80 жж. бес томдық «Қазақ ССР тарихы», он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», он бір томдық монографиялық жұмыс — «Қазақстанның металлогениясы», тоғыз томдық «Қазақстанның өсімдіктері» және диалектикалық логика жөнінде бірсыпыра іргелі монографиялар жарық көрді. Бір жолғы тиражы 5 миллион дана мен 415 газет, ондаған журнал шығарылды.

Селолық жерлерде 6 мыңнан астам клубтар мен мәдениет сарайлары қызмет көрсетті. Оларда 12 мыңнан астам көркемөнерпаздар ұжымы істеді. Ондаған халық театрлары, ән-би ансамбльдері, қазақ ұлт аспапты халықтық оркестрлері, халық хорлары құрылды.

Қазақстан селоларында мәдени-бұқаралық жұмыстың мәдениет университеттері мен мектептері, көшпелі өнертану кафедралары, көркемдік шығармашылық бірлестіктер, атеизм автоклубтары және т. б. сол секілді жаңа формалары кеңінен тарайды.

Село тұрғындарының тұрмысына телевизия, радио, баспасөз, кино бұрынғыдан да көбірек ене бастады. Ауыл мен деревняның мәдени дәрежесі Қазақстанның село зиялыларының сан және сапа жағынан едәуір өсуімен сипатталды. Орта есеппен бір колхоз бен совхозға 70-ші жылдардың басында 45 жоғары және арнайы орта білімі бар маманнан келді.

1970 жылға қарсы телевизия республиканың барлық облыстарына дерлік енді. Қазақстанда телевизияның 15 программалық орталығы және осынша студиясы, сондай-ақ телевизия бағдарламасын тарататын және қа-

былдап алып қайта тарататын жүйелер істеді. 4 республикалық және 19 облыстық бағдарламалар арқылы радио хабарлары қазақ, орыс, ұйғыр, корей тілдерінде жүргізілді.

1976 жылдың аяғында республикада 10282 кино қондырғысы болып, олар бір жылда 290 миллион кино көрерменіне қызмет көрсетті. Халық ағарту ісі де бірсыпыра алға басты. Мәселен, республиканың жалпы білім беретін 10154 мектебінде 1970 жылы 3 миллион 140,8 мың бала оқыса, 1977 жылы 9217 мектепте 3 миллион 266,1 мың бала оқыды.

1970 жылы Қазақстанда 46 жоғары және 190 арнаулы орта оқу орны болып, оларда 416 мыңнан астам студент білім алды. Студенттерді 160 мамандық бойынша әзірледі. Республиканың техникумдарында жастар 182 мамандық бойынша оқытылды. 1986 жылы республикада жоғары оқу орындарының саны 55-ке, ал арнаулы орта оқу орындарының саны 246-ға жетті. Жоғары оқу орындары мен техникумдарда 550 мыңдай студент оқыды. Республика халқының әрбір 10 мың адамына 160 студенттен келді.

XX ғ. 60-80 жж. қазақ әдебиеті І. Есенберлиннің, Ә. Нұршайықовтың, М. Мақатаевтың, Т. Айбергеновтың, О. Сүлейменовтың, М. Шахановтың, Қ. Мырзалиевтің, Ф. Оңғарсынованың, Ә. Кекілбаевтің, О. Бөкеевтің және басқалардың шығармалары арқасында елеулі табыстарға жетті. Сазгерлер Ш. Қалдаяқовтың, Л. Хамидидің, Н. Тілендиевтің, Ә. Еспаевтың, І. Жақановтың әндері Қазақстанның музыкалық мәдениетінің алтын қорына кірді. Ә. Қашаубаев негізін салып кеткен он өнеріндегі игі дәстүрді Б. Төлегенова, Е. Серкебаев, Ә. Дінішев, Р. Жаманова, Р. Бағланова, Р. Рымбаева т. б. жалғастырып байыта түсті. «Ботагөз», «Аққан жұлдыз», «Менің атым Қожа», «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры», «Транссібір экспресі», «Бейбарыс сұлтан» кинофильмдері республика кино өнерінің таңдаулы туындылары деп бағаланды. Бірақ экономикадағы тежеу мен тоқырау құбылыстары қоғам өмірінің мәдени салаларына да салқынын тигізбей қоймады. Республика экономикасының орталық ведомствоға бағыныштылары, мәдени салалардың мәселелерін жете бағаламау, олардың дамуына қаржыны қалдық принцип бойынша бөлу көпұлтты Қазақстан мәдениетінің кең көлемде дамуына өзінің әсерін тигізді.

Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің әлеуметтік-экономикалық саясаттағы қателері мен кемшіліктері ұлттық қатынасқа да ықпалын тигізбей қойған жоқ. Мемлекет басшылығы ұлт мәселесінде ешқандай проблема жоқ, ол мүлтіксіз шешілген деп санады. Сөйтіп, ұлт мәселесін шешудегі табыстарды асыра бағалау орын алды. Ал іс жүзінде ұлт мәселелері жүйесінде қайшылықтар, келеңсіз жағдайлар қордалана түскен еді. Оған 1922 жылы федерациялық мемлекет болып құрылған КСРО-ның іс жүзінде унитарлық мемлекетке айналып кетуінің үлкен әсері тиді. Одақтас республикалардың

құқықтары шектеліп, нақты егемендігі жоқ автономия ретінде дамыды. Ұлттардың өзі-өзі билеуі өмірлік тәжірибеде ұмыт болды. Оған нақты дәлел ретінде 1937 жылы Қиыр Шығыстан Қазақстанға 100 мыңға жуық корейлерді, 1939 ж. КСРО-ның батыс шекарасынан 102 мың поляктарды күштеп қоныстандырылуын айтуға болады. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы қызып тұрған кезде Еділ бойынан, Украинадан, Солтүстік Кавказдан жарты миллионға жуық немістер Қазақстанға жер аударылды. 1944 ж. Кавказдан жарты миллионнан астам шешендер, ингуштар, қарашайлар, балкарлар, қалмақтар, қырым татарлары, ал 1948 ж. Грузиядан 27,7 мың месхеттік түріктер республика жеріне күштеп көшіріліп келтірілді.

Бұл жылдары интернационализм түсінігі жаттанды идеологиялық құрсауда болатын. Ұлттық проблеманың бәрін тек интернационалдық тәрбиені жақсарту арқылы ғана шешуге болады деп пайымдалды. Міне, осымен байланысты интернационалдық тәрбие ұлттық саясаттың орнына жүрді, немесе оны бүтіндей алмастырды. XX ғ. 70-80 ж.ж. ұлттық салт-санадан гөрі кеңестік салт-сана көбірек дәріптелді, ұлт республикаларында тұратын халықтар мен ұлттардың дамуында орыс мәдениетінің рөлін асыра бағалау процесі жүрді.

Интернационализмді дұрыс түсінбеу Қазақстанда тіл саясатында тек ұлтаралық қатынас тілін ғана қолдап, ал ұлт тілі туралы үндемей қалуға әкеп соқтырды. Республикада кеңінен насихатталғап қос тілділік екі тілге бірдей қараған жоқ. Орыс тілін республика қазақтарының 60 пайызы меңгерсе, қазақ тілін орыстардың 1 пайызынан азы ғана меңгерді. Қазақ тілі тек тұрмыстық саламен шектеліп, іс жүргізуде, мемлекеттік, дипломатиялық және әскери өмірде, сол сияқты жоғары мектептерде қолданылмады. Республикада шыққан кітаптардың 95 пайызы орыс тілінде басылды, теледидар хабарларының 70 пайызы эфирге орыс тілінде берілді.

Ұлт саясатындағы бұрмалаулар, саяси ахуалдың каталдандырылуы, еркін ой-пікір айтуға өкіметтің төзбеушілігі республикада өзінің көлеңкелік жақтарын да көрсете бастады. Атап айтқанда, 1979 ж. жазда Ақмолада қазақтардың неміс автономиясын құруға қарсы шығуы ұлттық қатынастардағы қоза түскен қарама-қайшылықтың көрінісі еді. Мұнда жергілікті халықтың мүддесін есепке алмай, 1979 жылы көктемде Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Саяси Бюросының мәжілісінде Қазақстанда неміс автономиялық облысын құру туралы шешім қабылданды. Бұл автономиялық облысқа Ақмола, Павлодар, Қарағанды және Көкшетау облыстарының бірсыпыра аудандары беріліп, Ерейментау қаласын оның орталығы етіп жасамақ болды. Неміс автономиялық облыс құру туралы мәлімет республикаға тез таралып, қазақ халқының заңды қарсылығын туғызды. 1979 ж. маусымның 16-күні Ақмолада қала жастары орталық

алаңға жиналды. Олар «Қазақстан бөлінбейді», «Неміс автономиясы болмасын!» — деген ұрандар жазылған транспаранттар алып шықты. Маусымның 19-ы күні Ақмолада тағыда бір демонстрация болды. Оны аудандардан келген соғыс және еңбек ардагерлері бастады. Оған 4 мыңдай адам қатысты. Демонстрацияға қатысушылар облыстың басшыларына автономияны құруға қарсы үндеу тапсырды. Ақмоладан кейін шағын митингілер мен демонстрациялар Атбасарда, Ерейментауда, Көкшетауда өтті. Сөйтіп, неміс автономиясын құру мәселесі аяқсыз қалды.

XX ғ. 70-80-ші жылдарында партияның жоғары эшелондарында сөз бен істің бірлігіне шақырған үндеулер барған сайын күштірек естіле бастады. Мұның өзі барып тұрған екіжүзділік үндеу еді. Өйткені оны басшы органдарында отырғандардың орындауы міндетті болмады. Талап тек қана республиканың төменгі буындағы коммунистерге бағытталды. Ішкі партиялық жұмыстарды жақсарту мен жетілдіру жөніндегі көптеген қаулылар көзбояушылық сипат алды. Сондықтан Қазақстандағы төменгі партия органдарының қызметі де барған сайын жасандылыққа бой ұрды. Жергілікті партия басшыларынан қатып қалған жаттандылық және дүмшелік пен цифрлардан, алуан түрлі есеп құрастырудан басқа ешнәрсе талап етілмеді. Партия беделі тез құлдырай түсті. Оның үстіне бұл кезде партиялық-мемлекеттік, әскери, шаруашылық номенклатурасына берілген артықшылықтар ерекше көзге шалынды. Мұндай артықшылықтар әлеуметтік теңсіздіктің арнаулы түрін туғызды. Бюрократия артықшылықтарды бөлуде шендік принципті қатаң сақтады. Олардың көлемі қызмет орнының дәрежесімен белгіленді.

Сонымен, Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев айтқандай, тоқырау өмірдің барлық салаларында — идеологияда да, адамдар арасындағы қарым-қатынаста да орын алды. Брежневтің жеке басына табыну етек алған жағдайда, әсіресе, жетпісінші жылдардың аяғы мен сексенінші жылдардың бас кезінде бұл жағдай барған сайын өрши түсті.

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан тарихы, очерктер. Алматы, «Дәуір», 1994.
2. *Берденова К.* Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуы мен экономикалық даму негіздері. Алматы, 1998.
3. Народное движение за освоение целинных земель в Казахстане. Сборник материалов. М., 1959.
4. О преодолении культа личности и его последствиях: Постановление ЦК КПСС, 30 июня 1956 г. //КПСС в резолюциях. Т. 9. С. 111-129

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Амантай Кәкен*. Неміс автономиясы. Ол қазақ даласында қалай құрыла жаздады? //Егемен Қазақстан, 30-қаңтар, 2002.
2. *Амантай Кәкен.*, Мұқаш Омаров «Познание себя к вопросу о несостоявшейся немецкой автономии в Казахстане». Алматы, 1998.
3. *Көшкімбаева А.* Тоталитарлық жүйенің 1950-1960 жылдардағы қоғамдық ахуалға ықпалы. //Ақиқат, № 4 1995, 46-47-б.б.
4. *Қозыбаев М.* Хрущев және Қазақстан. //Қазақстан коммунисті, № 12, 1990 71-79-б.б.
5. *Қозыбаев М.* Брежнев және Қазақстан. //Қазақстан коммунисті, № 2 1991, 73-76-б.б.
6. Көтерілген тың — достық пен жасампаздық белгісі. Н. Ә. Назарбаевтың тың жерлерді игерудің 50 жылдығына жасаған баяндамасы. //Егемен Қазақстан, 7-ақпан, 2004.
7. *Медеу Сәрсек*. Полигон. //Егемен Қазақстан, 28 қаңтар 2004.
8. Отыз жыл ел басқарған (Д. А. Қонаев туралы). //Ақиқат, № 1, 1992, 35-37-б.б.
9. *Райханов Н.* Тың игерудің оңы мен солы. //Ақиқат, № 5, 1994 19-24-б.б.
10. *Сайланов Б.* Ақиқат пен қасірет (Ауған соғысы туралы). //Ақиқат, № 5 1997, 86-88-б.б.
11. *Сайланов Б.* Ауғаныстан ақиқаты. //Қазақ тарихы, № 4 1996, 47-51-б.б.
12. *Сайланов Б.* Ауған соғысы қалай басталды. //Егемен Қазақстан, 24-қыркүйек, 1997.
13. *Темірбайұлы А.* Даладағы дүбір мен даңғаз даурығулар. //Орталық Қазақстан, 2-наурыз, 2004.
14. Тың және тыңайған жерлерді игеру: тарих және қазіргі заман. Астана, 2004 24-32, 41-50-б.б.

14-ТАҚЫРЫП ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ҚАЙТА ҚҰРУ» САЯСАТЫ (1985-1991 жж.)

1. КОКП ОК 1985 ж. Сәуір Пленумы. Горбачевтік қайта құру: мәні мен негізгі кезеңдері.
2. 1986 ж. Қазақстандағы Желтоқсан оқиғасы: себептері, сипаты мен салдарлары.
3. Кеңестік саяси жүйені реформалау. «Тіл туралы заң». «1990 ж. Мемлекеттік егеменділік туралы Декларация». Қоғамдық-саяси партиялар мен қозғалыстардың дамуы.

1. КОКП ОК 1985 ж. Сәуір Пленумы. Горбачевтік қайта құру: мәні мен негізгі кезеңдері

Сонау 70-ші жылдардың басында жалпы КСРО-дағы ішкі-сыртқы жағдайлардың көбі қоғамды ғылыми түрде өзгертудің орнына формализм мен бюрократизмге әкеліп соқтырды. Бүкіл өкімет шешімдері әкімшілік-бұйрық әдісімен жасалды. Еңбек жемістері жоғарыдан төмен жүретін бұйрықтар негізінде іске асырылды. Осыған орай 70-ші жылдардың алғашқы жартысында-ақ экономикалық дамуда тоқырау нышаны байқалды. Бесжылдық жоспарлар орындалмай жатты.

Ар-ұждан қағидалары аяққа басылып, ел басқарушыларды дәріптеушілік, асыра сілтеушілік, өтірік ақпарат берушілік, кемшіліктерді жасырып қалушылық белең алды. Сөз бен істің арасының алшақтануы, әлеуметтік теңсіздік т. б. қоғам дамуына кесірін тигізді.

Осы кезге тән саясатта, экономикада әлеуметтік өмірде, мәдениетте белең алған кемшіліктер көптеген өнер-білім қайраткерлерін шет елдерге кетуге мәжбүр етті.

80-ші жылдардың ортасында өзгерістер жасауға итермелеген қоғамдық ой-сана М. С. Горбачев сияқты ел басшысының шығуына әкеліп соқтырды. Көптеген жылдар бойы, Кеңес өкіметінің саяси дамуынан, коммунистік партияның көзқарасынан арылу жаңаша іс-қимылға көшуге қиындықтар әкелді. Жаңаша саяси көзқарас қалыптастыруда ел ішінде қоғамдық қозғалыстар, ұйымдар, көппартиялық қоғамға ұштасу дамушылығы белең алды. Көптеген митингілерде, демонстрацияларда, ереуілдерде, үгіт, сайлау науқандары кезінде күнделікті өмір түйіткілдері сөз етіліп, жалпы елдің дамуының болашағы туралы жаңаша көзқарастар қалыптаса бастады.

М. С. Горбачев келген кезеңдегі ел басқарушылық, әлеуметтік-экономикалық қоғам жүйесіне деген ынтызарлық бұрынғы өткен Кеңес өкіметінің, КОКП басшыларының іс-жігері сияқты жоғары қарай қалықтап ұшу рәсімімен жүрді. Искерлік, демократия, реформалар бірінен соң бірі туындады. Әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуларға біздің сол кездегі КСРО-ны «Қайта құру» ұранымен тарихқа енді.

Бұл Қайта құрудың бірінші кезеңі 1985 (Сәуір Пленумы) жылдан 1987 жылдың жазына дейін өтті. Осы кезеңнің деңгейінде «жариялылық» концепцияларын іске асыру қолға алынды. Енді басқарушылар тоқыраудан арылып тезірек маскүнемдікті тоқтатуға Андропов қолданған қатыгез тәртіптілікті орнатуға кірісті. Осындай жұмыстар ғана еңбек өнімділігіне, қоғам дамуына әкелетіндей болып көрінді.

Енді бірде, жеделдетудің ең басты тетігі өндіріс аппаратын (станоктар, құрал жабдықтар, технологиялық бағыттарды т. б.) жаңартудан көрінді. Бұл тұста «Қайта-құрудың архитекторлары» (академик-экономист А. Г. Агенбеганның т. б.) валюталық ресурстардың көмегімен тұтынатын тауарлардың (азық-түлік, аяқ киім т. б.) орына машина жасау импортына көптеп жұмсау арқылы 1990 жылы-ақ машина құрал жабдықтарын дүние жүзілік стандарт деңгейіне жететін жалпы машина жасаудың 90 пайызын иемденбек болды. Осының бәрі еңбек өнімділігі мен жеделдету арқылы келетін болды. Аграрлық салада ауыл шаруашылығын интенсификациялау арқылы ғылым мен техникалық революция жетістіктері арқылы көп байлыққа кенелу көзделді (1985 ж. Целиноград, Шортанды). Нарықтың және жеке меншіктің болмауы, жеделдетудің қайсы бір идеялары болмасын олардың іске аспауын, қиял ғана түрінде болатындығын дәлелдеді. Жапониялық түрде өндірілген бір түстегі, бір технологиядағы өндірілген өнімдер (ол тіпті жапон үлгісімен жасалған телевизор, не автокөлік, ұшақ болсын бәрібір) тұтынушылар көңілінен шықпайтын еді. Бұл өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы үшін бұрынғыша тежеуіш механизмі еді. Ұлт мәселесін шешуде сол кездегі Горбачев басқарған саяси өкімет те ескі қағидамен жүрді. Қазақстанға 20 мин. ішінде сайланған ел басқарушы Г. В. Колбин де формальды түрде сайланып, «Желтоқсан» оқиғасына себепші болды. «Боран» операциясы әкімшілік-бұйрық жүйесінің саяси-қаруы ретінде қазақ халқын қанмен басып жаншу, басқару жүйесін әрі қолдана берушілікті дәріптеді. Қазақ жастарының атына кір келтіретін «санасыздық», «маскүнемдік», «нашақорлық» сияқты жалған аттар тағылып, ол жалпы бүкіл қазақ халқына қарсы қолданылды. Үкімет басына келген орталықтың жандайшабы Колбин валюнтаристік саясат жүргізді. Кадр мәселесінде өз адамдарын сайлап қоя бастады. Ұлттық өнер мен мәдениетте, баспасөзде, оқу орындарында қудалау басталды. Тіпті дандайсып кетушіліктің бір мысалы ретінде «Қазақ

халқын 2000 жылы тұрғын үймен жалпы қамтамасыз етеміз» — деп те жар салды. Партиялық жұмыста қазаққа орысты, орысқа қазақты сүйеу еткізіп өзі тез арада қазақша сөйлеймін деп даурықты.

1987 жылдың жазы мен 1989 жылдың мамыр айы қайта құрудың екінші кезеңіне жатады. Жалпы халықтың өкімет орнату үшін халық депутаттарының сайлаулары өтті. Ол саяси тұғырда әр түрлі баламалар ұсынған сайысқа түсушілерді тудырды. 1989 жылы 25 мамырда Мәскеуде Бүкіл Одақтық КСРО халық депутаттарының съезі басталды. Ол Кеңестік парламент бастамасын жасады. Осы арқылы Одақ Кеңесі және Ұлттар Кеңесі деген екі палатаны өмірге әкелді. Бұл бүкіл өкімет билігін кеңестердің қолына әкелді. Осыдан келіп Коммунистік партияның ролі төмендей бастады.

Қайта құрудың бастапқы кезеңдерінің нәтижесінде экономикалық дамудың реформаға жүгінген әр қилы «косметикасы» өндірістік қатынастарды өзгертпейінше еш бір жетістікке жетуге болмайтындығын дәлелдеді. Ол тек «нарық» арқылы, жеке меншік арқылы, басқа өркениетті мемлекеттердің дамуына ден қоюшылық арқылы келетіндігін көрсетті. Сонда да ел басқарушылар шектен тыс сақтанушылық, лабандық пен дүрексіздік танытты. Қайсы кезеңде олар жалпы жоспар мен нарықты жеке меншікпен аренданы, арендалық подрядты т. б. ойластырды. Заңда мемлекеттік кәсіпорын (бірлестіктер) деген заңдар шығарды. Бұл іс-қимылдар мәдениетке одан әрі бойлап басқа шаралар жасауға итермеледі.

Үшінші кезең 1989 ж. мамыры мен 1991 жылдың тамыз айы аралығын қамтиды. Қайта құру идеясы 1989 ж. көктемдегі халық парламентін сайлау нәтижесінде әрі қарай дамыды. Парламент мінбелерінде халық депутаттары бірінен соң бірі шығып сөйлеуге тырысты. Осы арқылы «нарыққа» өту үшін күрес басталды. Жеке меншік дәріптелді. Тоталитарлық империядан демократиялық азаматтық құқықтық қоғамға өту идеялары туды.

1990 ж. көктемінде бұрынғы одақтық республикалары жоғары және жергілікті халық депутаттығына сайлаулар баламалық негізде өтті. Жаңа Кеңестердің жоғарыдан төмен сайлаулары олардың заңдар жүйесін қайта жасауына әкелді. Өкімшілік-әміршілік жүйесі күйзелді. Басқару механизмін жаңарту ақырын жүргенмен демократиялық нышаны басым болды. Қиындықпен келген бұл жеңіс әлеуметтік қиындықтар мен қоса ұлтаралық қатынастарды асқындытып жіберді. Елдің көптеген аудандарында ереуілдер етті. Ұлтаралық қақтығыстар 100-ге тарта елді мекендерге жер дауына, кек қайтару рәсімінде кіші-гірім соғысқа ұласты. Тек 1990 ж. 782 адам өліп, 3675 адам жараланды. Тәртіп сақшыларынан 100 астамы өліп, 1600 жараланды. 800 мың босқындар пайда болды. Ұлтаралық қақтығыстардың негізі — әлеуметтік-экономикалық ұлттық кемсітушіліктерде жатыр.

Демократиялық процесстердің әрі қарай тереңдей түсуі шектен тыс орталықтандыруға, тоталитаризмге оның түп қазығына балта шабуға. Оған мысал, Қазақстанға уақытша келіп орталықтың сойылын соққан Г. В. Колбиннің орнынан тайдырылуы. 1989 ж. маусым айында Н. Ә. Назарбаев өз елін басқару тізгінін қолына алды. 1991 ж. I желтоқсанда ол республика президенті болып сайланды. Вице президент болып Е. Н. Асанбаев сайланды. Ол республика басшысы болысымен көптеген бағдарламаларды, реформаларды жүзеге асыра бастады. Ең бастысы — Қазақстанның мемлекеттік егемендігін алуы (1990) басты оқиға болды. 16 желтоқсан Республика күні болып жарияланды. Тәуелсіздігімізді 80-нен тарта шет елдер мойындады. Қазақстан 1992 жылы БҰҰ толық мүшесі болды. 1991 ж. 19-21 тамызда Мәскеуде конституцияға қарсы төңкеріс болды. Ол КОКП күйреуіне әкеліп соқтырды. Бұл «тамыз оқиғасынан» кейін елде жаңаша бетбұрыс басталды. Көпшілік республикалар өздерін жеке дара тәуелсіз мемлекеттер ретінде жариялай бастады.

1990-1991 жж. КСРО-ның болашағы туралы мәселеде Қазақстан Республикасы Одақтың бірлігін жақтап шықты. Бірақ бұл конфедеративтік құрылымды жақтаған Қазақстанның басшысының ұсынысы, соңынан Кеңестік ұлы державаның күйреуіне әкеліп соқты. 1991 ж. 21 желтоқсанда Алматыда 11 тәуелсіз мемлекеттердің достық қарым-қатынасқа кіруі келісімінен кейін КСРО тарихы аяқталды.

1991 ж. 25 желтоқсанда ТМД арнасынан М. С. Горбачев КСРО президенті болуын тоқтатты. Осы жылы 10 желтоқсанда Қазақстан парламентінің жарғысы бойынша Қазақ КСР-н Қазақстан Республикасы деп атауға заңға қол қойды. Онда Н.Ә.Назарбаев Республика кешенінде президенттік ант берді.

1991 жылдың 12 желтоқсанында «желтоқсан құрбандарын» ақтауға жарлық берді. 17 желтоқсан күні Республика алаңында мыңдаған митингішілердің алдында сөз сөйлеп, бүкіл қазақстандықтарды республикада тұрақтылық пен келісімшілікке ХХІ ғасырда демократиялық құқықтық мемлекетті құрудың ұлы мақсатын паш етті. Қазақ ұлтының басқа ұлттар сияқты тарихи дамушылығын өз қолына алғандығы 160 мемлекеттің біреуі екендігі әлемге аян. Қазақстан — жер көлемі жағынан 9 орын, халқының саны жөнінен 70 орын, жан басына қоғамдық өнім шығарудан 69 орын алған.

Қазақ ұлтының демографиялық реңі өте жүдеді. Оның себептерін тарихқа көз салып-ақ байқауға болады. М. Тәгімовтың демографиялық есебіне жүгінсек, Қазақ халқы 1465 жылдан 1723 ж. дейін 1.1 млн.-нан 3,3 млн. өскен (3 есе өскен). 1723-1725 жж. ол үштен бірге кеміді. (Жоңғар шапқыншылығы нәтижесінде). 1916-1922 жж. аралығында 950 мың казак, немесе елде тұратындардың 1916 ж. есеп бойынша 5 млн. 650 мың 18-19 пай-

ызы апат болды. Шет елдерге 400 мыңы, немесе халықтың (Қытай, Монғолия, Ауғаныстан, Иран, Туркия) 7-8 пайызы біржола қоныс аударды. Го-лошекиндік «Кіші Қазан» идеясы 2 млн. 300 мың қазақты аштан қырды. 900 мың қазақ (18 пайызы) шет аймаққа — Ресей, Орта Азия, Қытай, Монғолия, Иран, Ауғаныстанға қаша көшті. Қазіргі шет елдердегі 3 млн. 333 мың қазақ диаспорасының денін осы біржола көшіп кеткен халықтың ұрпақтары құрайды.

1916-1945 ж. ішінде Кеңес Одағындағы басқа халықтар 25-30 пайыз өсе, ал қазақтар 45 пайызға кеміген. Осы жылдары қажетті демографиялық өсуден 65 пайызын немесе үштен екісінен айрылған. Қазір, жалпы өлгендері және шет елдерге көшкен қазақтарды қоса есептесек, Қазақстан Республикасының жергілікті халқы өзінің 70 пайыз жуығынан айрылған. (Қазақ, Алматы, 1994 ж. 65-67 бб).

1989 ж. жалпы одақтық санақ бойынша Қазақстанда 6227.5 мың орыстар, 957,5 мың немістер тұрған. Ал 1995 жылғы деректе орыстар 5769,7 мың, немістер 567,2 мың болды. Бұдан шығатыны — орыстар 1989 ж. салыстырғанда 7,4 пайыз, ал немістер 47 пайыз азайған. (Ақиқат, 1996, 98-б.).

2. 1986 ж. Қазақстандағы Желтоқсан оқиғасы: себептері, сипаты мен салдарлары

1986 жылғы Алматы мен басқа қалаларда өткен, «Желтоқсан» қозғалысын батыс елдерінің талдаушылары коммунистік бірыңғай мемлекеттік жүйесімен күрес дәуірінің ең бірінші жемісін берген оқиғасы ретінде таныған. М. Олкот, С. Э. Уимбум т. б. авторлары орыс пен қазақ арасындағы қарама-қайшылықты, антоганизмді анық сипаттаған. С. Э. Уимбум болған оқиғаның себептері туралы былай деп жазды: «Тек өте аңқау оптимист қана орыстардың тәртіпсіздіктің жалғыз себебі Конаевты ауыстыру болды деп ескертпесіне сенер еді. Бұл анық, терең және ұзақ араздықтың нәтижесі. Оның тамырлары 1916 жылғы қазақ пен орыс арасындағы қырқысқа, 1930 жылғы сталиндік ұжымдасу кезеңіне, 1950-1960 жылдардағы орыс эмиграциясына тереңдеп кетеді» (Қазақ. А. Қасымжановтың ред. Алматы. Білім, 1994 ж. 83-б).

1986 ж. 17-18 желтоқсандағы Алматыдағы Брежнев алаңындағы қазақ жастарының көтерілісін Түрік республикасының жазушысы Т. Оралтай дүние жүзіне әйгілі еткен жазушылардың бірі.

Ол бұл қозғалысты 70 жылдай билік жүргізген Кеңес империясының, орыс коммунистерінің іс-әрекетінен тудырады. Осы кезеңде адамгершілік, демократиялық ар-ұждан бостандығын, ұлттық кемсітушіліктің шектен

тыс асқындап кеткендігінен оқиға өршіп ақыры қан төгіске әкелгенін баяндайды. Бұл қозғалыс Қазақстанның алты ірі қалаларында да байқалған. «Рейтер» газетінің тілшісі Гелан Уомак, «Қарағанды қаласында 300-ден аса жастар алаңға шықты» деп растайды. Лондонда шығып тұратын «Гардиан» газетінің тілшісі Мартин Уолкер «Алматыдағы көтеріліске 10 мың адам қатысты» деп көрсетеді. «Өрі қарай сәрсенбі күні түстен кейін Коммунистік партия ғимаратына жастар үш жақтан шабуыл жасаған» — дей келіп, «оны басуға орталықтан 70000 мың солдат, Мәскеуден 15 самолет тергеушілер келтірілді»-деп мәлімдеген. Кейбір агенттердің айтуынша, Алматыдағы көтеріліске 30000 адам қатысқан делінеді. Автор, көтерілістің себебіне «1916 жылғы, 1930 жылдардағы қазақтардың миллиондап қырғынға ұшырауымен қоса, 1986 жылғы Горбачевтың антиисламдық саясаты түрткі болды»-деген ой айтады. Мәскеуде шығып тұратын «Москоу ньюс» газетінде 1987 жылдың 28 маусымындағы санында Валерий Ковенковтың «Алматы ақылға келуде» атты мақаласында, орыс-қазақ коммунистерінің соттаған студент-жастарының тізімі берілген. Онда: Қайрат Рысқұлбеков, Жұмаділбек Тайжумаев, Қайыргелді Күзембаев, Түгелбай Тәшенов, Ертай Көпесбаев есімдері қазақ-түркі жастарының түрлі-түрлі жазаға кесілгендігі көрсетілген. Соның ішінде жасы 18-дегі архитектура институтының студенті Қайрат Рысқұлбековке өлім жазасы берілген. Оның кейін 21 жасында Семей түрмесінде асылып өлгендігі (әлде біреулердің өлтіргені) баршымызға мәлім.

«21-де жасым бар,
Қасқалдақтай қаным бар.
Бозторғадай жаным бар.
Алам десең алыңдар
Қайрат деген атым бар.
Қазақ деген затым бар
Еркек тоқты-құрбандық
Атам десең атыңдар-деген жыр жолдарымен қоса:

Ебелең-ебелең жүгірген
Ебелек отқа семірген
Арғымақ мінген жаратып
Ақ сауыт келген темірден,
Алатаудай бабалар
Аруағың қолдай бер!
Ұлы Ленин бабамыз!
Қатарға ен деп тартқан соң
Компартия басқарып

Достық отын жаққан соң
Аға дедік орысты
Әділдігі жаққан соң
Сөйлесем даусым жетпейтін.
Кез болдым мынау заманға
Шовинизм еді ғой
Батқан тікен табанға.

Қайрат Рысқұлбековтың «Анама», «Қарындасыма», «Көк өрім өңшең көгенкөз, жоқтаусыз кетіп барасың...» т. б. жырлары бар. Ол қазақ халқының «қаһарманы».

«1997 жыл жалпы ұлттық татулықпен саяси-қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» жылы болғандығы баршамызға анық. Осы себепті, «Егемен Қазақстан» газетінің 4 ақпандағы санында Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Жастар одағы және Журналистер одағы сыйлықтарының лауреаты Қайыммұнар Тебейдің «Дар ағашының көлеңкесі» атты мақаласы жарық көрген. Онда ол Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың өмірінің соңғы сәттерінен бейнелеу жазған. Басты көтерген мәселесі «Өзекті жанға бір өлім демекші, мемлекетіміздегі елеулі тұлғалар мен қоғамдық қайраткерлерін сотсыз, тергеусіз, күшпен көзі жойылуда», — деп шындықты бетке басады.

«Біреуден таяқ жеп жатқан өз баласын арашалаудың орнына, біздің қазақ қосыла сабап, Қазақстанның билік қазынасы 1988 жылы 21 мамырда Қ. Рысқұлбековты жусатып салды»-дегенді айтады.

Қ. Рысқұлбековке ату жазасын берген әділетсіз сот В. Грабаник жиһазға толы Алматыдағы үйін, машинасын, сая жайын сатып, бір түнде өз Отанына көшіп кеткен.

Жуырда бірқатар іргелі басылымдарда «Қ. Рысқұлбеков, Л. К. Власенко дейтін рецидивистің қолынан өлтірілді»-деген жаңсақ хабарлар жарияланған. Сірә, түрме, камера ішінде сол кездердегі ұрда-жықтар, өздері өлтіріп жаланы Л. К. Власенкоға күшпен жапса керек. М. Шахановтың жеке Д. К. Власенкодан кейінгі алған жауабында, «олар мені күшпен мойындаты» — деген сөздер бар. Ал, кімдер екендігін, түрін білемін, ал аты-жөндерін айта алмаймын, егер көрсетсем олар мені түрмеден тірі шығармайды — деп өтінген. Сірә, «мен өлтірдім» — деп мойындатып, Қ. Рысқұлбеков Қазақстан жоғары соты арқылы ақталған сәтте, яғни 1992 жылы сәуірде 132 бабпен (ұрлығы үшін) қайта ұсталса керек.

Желтоқсан оқиғасы бойынша тергеу барысында 99 адам сотталған. 264 адам жоғарғы оқу орындарынан, 758 адам комсомолдан шығарылған. 52 адам КОКП-дан шығарылды. Жоғары оқу орындарының 12 ректоры орнынан алынған.

**3. Кеңестік саяси жүйені реформалау. «Тіл туралы заң».
«1990 ж. Мемлекеттік егеменділік туралы Декларация».
Қоғамдық-саяси партиялар мен қозғалыстардың дамуы**

Қазақ халқының этномәдени қайта түлеуі, әсіресе «қазақ тілінің» мемлекеттік тіл дәрежесін алуы басқа ұлттардық деңгейіне дейін көтерілуіне бірден-бір жол болып саналды. Ел ішіндегі халықтар достығы құқылық азаматтық қоғамды орнатуға бәріне өмір сүру жағдайын көтеруге әкеліп соқтырды.

Жариялылық кезең ел ішінде ондаған қоғамдық-саяси қозғалыстар тудырды. Оның қайсы бірі құрамы, ұлттық құрылымы жағынан әр алуан. Мысалы, халықаралық деңгейге көтерілген «Невада-Семей» қозғалысын алуға болады. Республика көлемі бойынша орнығып жатқан ашық сыртқы байланыстағы нарықтар бейбіт саясатты дәріптеді. 1992 ж. Қазақстан Республикасының БҰҰ мүше болып кіруі, ядорлық держава оның ядорлық қаруды таратпау, оның қорларын жою, бірінші қолданбау, халықаралық келіссөздерге қатысу құқықтарына ие етті.

Қазақстандағы саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер және ұлттық мәдени орталықтардың Әділет министрлігіне тіркелген жалпы саны — 55, 1997 ж. 13 ақпанда «Егемен Қазақстан» газетінде осы қозғалыстардың жетекшілері өз ұйымдарының жарғыларын Қазақстан Ата заңының бабтарын негізге ала отырып ынтымақтастық туралы келісім құжатын жариялады.

Онда Қазақстан халқының болашағы үшін жауапкершілік пен ел азаматтарының лайықты тұрмыс жағдайын қамтамасыз ететін мемлекеттік экономикалық және әлеуметтік саясатты жүзеге асыруда жоғарыда сөз еткен ынтымақтастықтың қажет екендігі сөз болды.

Және де, елдегі бірлік, қоғамдық-саяси тұрақтылық, азаматтық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайта отырып, Республика Президентінің «1997 ж. Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы» Жарлығына қол қояды.

Үкімет жанынан Кеңес құру идеясы, бұқаралық тұрақсыздыққа әкеліп соқтыратын шараларды болғызбау әрекетін жасаулар айтылды. Қайсы бір саяси партияларды тізсек, олар: Қазақстан Аграрлық одағы:

Қазақстан Демократиялық партиясы:

«Әділет» тарихи-ағарту қоғамы.

Тәуелсіз кәсіподақтар конфедерациясы.

Қазақстан халық бірлігі партиясы.

Қазақстан Халық конгресі партиясы.

Қазақстан дәуірлеу партиясы.

Республикалық Еңбек саяси партиясы.

Қазақстан Республикалық партиясы.

Қазақстан социалистік партиясы. Қазақстанда мекендейтін ірі ұлттық мәдени бірлестіктер: «Тұран», «Филия», «Вайнах», «Якбун», «Идеал», «Достлик», «Ромэн», «Хунгария» т. б.

Ал, көптеген мәдениет қызметкерлері өз Одақтарын құрды. Мысалы, Сәулетшілер одағы. Дизайнерлер одағы. Журналистер одағы. Киноматографистер одағы. Композиторлар одағы т.б.

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан тарихы. Очерктер. Алматы, 1994. 404-424-б.б.
2. *Абылғожин Ж. Б.* Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық очеркі (20 ғ.) Алматы, 1997.
3. *Берденова К. А.* Қазақ қоғамындағы әкімшілік-шаруашылық жүйелерінің эволюциясы. Алматы, 1999
4. *Верт Н.* История советского государства (1900-1991 г.г.) Алматы, 1992
5. *Кунаев Д. А.* От Сталина до Горбачева. Алматы, 1994.
6. *Кунаев Д. А.* О моем времени. Алматы, 1992.
7. *Қозыбаев М. Қ.* Ақтандақтар ақиқаты. Алматы, 1992.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Алма-Ата. Декабрь. Книга-хроника. Алматы, 1991.
2. Алматы, 1986 Желтоқсан. 2,3-кітап. Алматы, 1992.
3. *Дүкенбай Досжан.* Алаң. Алматы, 1993.
4. *Атшабаров Б.* Қазармалық социализм неге күйреді? // Ақиқат, № 3, 1992,35-38-б.б.
5. Желтоқсанның мұзда жанған алауы (Ләззат Асанова туралы). //Егемен Қазақстан, 25 мамыр 1997.
6. Есім Ғ.Қазақ ұлтшыл емес, сонда кім? (Желтоқсан оқиғасы: саяси тәжірибе және теория). // Ақиқат, № 12 1996, 58-63-б.б.
7. *Қозыбаев М.* 1986, Желтоқсан: дақпырт және шындық. // Қазақ тарихы, № 3, 1997, 51-53-б.б.
8. *Төбей Қ.* Дар ағашының көлеңкесі (Халық қаһарманы Қ. Рысқұлбеков өмірінің соңғы сәттерінен). // Егемен Қазақстан, 4 ақпан, 1997.
9. *Янелис В.* Оқшантайдан шыққан адам (Г. В. Колбин туралы). // Орталық Қазақстан, 2 желтоқсан, 1990.

**15-ТАҚЫРЫП. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ:
ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, РУХАНИ ДАМУЫ.
СЫРТҚЫ САЯСАТЫ**

1. КСРО-ның ыдырауы және егеменді тәуелсіз мемлекеттердің орнығуы.
2. Қазіргі Қазақстанның дамуындағы жаңа экономикалық тенденциялар.
3. Жаңа саяси партиялар мен қозғалыстардың құрылуы.
4. Қазақстан Республикасының ішкі саясаты: экономикалық, қоғамдық-саяси, рухани дамуы.
5. Қазақстанның қазіргі кезеңдегі сыртқы саясаты.

1. КСРО-ның ыдырауы және егеменді тәуелсіз мемлекеттердің орнығуы

Қазақстанның тәуелсіздік алуы бұрынғы Кеңес қоғамында қалыптасқан жүйенің күйреуінің, Кеңес Одағының ыдырауы салдары нәтижесінде іске асты. Кеңес Одағының құлауының саяси себептері туралы айтқанда, ондағы саяси-идеологиялық бірлік пен біртұтастық сол сексенінші жылдардың соңы мен тоқсаныншы жылдардың басында-ақ ғайып болды. Кеңестік кезеңдегі қабылданған мәлімдемелер, тұжырнамалар, бағдарламалар ұлт-аралық қатынастар мен оны шешудің жолдарын нақты көрсетіп бере алмады. Ел басында отырған басшылар ұлт мәселесінің байыбын терең түсінбеді. Ақыр соңында ұлтаралық қайшылықтар тартысқа, ал тартыс қантөгіске әкеліп тіреді. Бұған мысал ретінде Қазақстанда болған 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын айтуға болады. Сондықтан бірқатар ұлт республикалары Одақтан бөлініп шығу, өздерінің егеменді мемлекет болуы жөніндегі талаптар қойды. 1988 жылдың мамыр айларында Балтық жағалауындағы Эстония, Литва, Латвия республикалары өздерінің егемендігі туралы алғашқы құжаттарын қабылдады.

Елдегі мемлекеттік өкімет билігі жүйесі мен экономиканың шұғыл күйреуі жағдайында Қазақстанда саяси және экономикалық өмірді тұрақтандыруға көмектесетін президенттік басқарудың енгізілуі заңды еді. 1990 жылы 24 сәуірде республика Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР-нің Президенті лауазымын белгіледі, парламент сессиясында жасырын дауыс беру нәтижесінде оған Н. Ә. Назарбаев сайланды. Президенттің Семей полигонында ядролық сынаққа тыйым салу, Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен оларға теңестірілген азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету шаралары

туралы жарлықтары — Қазақстанда демократиялық реформалар жүргізудің өзіндік бір белесі болды.

1990 жылы 25 қазанда республика Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылдады. Егемендік алу Қазақстанда жалпы демократиялық үрдістердің барысын шапшаңдатты, мұның өзі елдегі болып жатқан уақиғалармен тығыз байланысты еді. 1991 жылғы Мәскеудегі тамыз бүлігі Қазақстанның тәуелсіздік алуын шапшаңдатты. 1991 жылы 7 қыркүйекте Қазақстан Компартиясы тарихи аренадан кетті. Осындай күрделі жағдайда Қазақ мемлекеттігі шеңберінде Республикадағы жоғары атқарушы және билік жүргізуші өкімет басшысы ретінде Қазақ КСР-нің Президентіне жеткілікті өкілеттік беру қажеттігі пісіп жетілді. Мұндай өкілеттіктер республиканың Жоғарғы Кеңесі 1991 жылы 20 қарашада қабылданған Қазақ КСР-нің «Қазақ КСР-да мемлекеттік өкімет билігі мен басқару құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен қосымшалар енгізу туралы» заңы бойынша берілді.

1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан тарихында тұңғыш рет республика Президентін жалпы халықтық сайлау өтті. Халықтың демократиялық жолмен өз еркін білдіру арқасында Н. Ә. Назарбаев президент болды.

Республикада прокуратура, мемлекеттік қауіпсіздік, ішкі істер, әділет, сот органдары қайта құрылды, Қазақстанның мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды. 1991 жылы 2 қазанда Байқоңыр ғарыш айлағынан ғарышқа бірінші ғарышкер қазақ Т. О. Әубәкіров ұшты. 1991 жылы 10 желтоқсанда Қазақ КСР-ы атауын Қазақстан Республикасы деп өзгертті.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында депутаттар «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қабылданды. Республика тарихында жаңа кезең басталды. 1991 жылы 21 желтоқсанда Алматыда бұрынғы Кеңес Одағының құрамына кірген тәуелсіз мемлекет басшыларының кеңесінде ТМД-ны құру туралы келісімнің хаттамасына қол қойылды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, егемен мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты. 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына кірді, Халықаралық валюта қорының, Халықаралық реконструкция және даму банкісінің, Дүниежүзілік банктің, Халықаралық даму қауымдастығының, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болды. Тәуелсіз Қазақстан Республикасын дүниежүзінің ірі мемлекеттері АҚШ, Германия, Ұлыбритания, Франция және т. б. мойындады. Түркия ең бірінші болып мойындады.

Қазақстан Республикасының алдына үлкен келелі міндеттер қойылды. Олар; Елдің ішкі жағдайында Қазақстан мемлекетінің тұтастығын нығайтып, нарықтық экономикаға көшу, елдің ішінде көп ұлтты халықтардың

бірлігін сақтауда барлық мүмкіндіктерді пайдалану. Қазақстанның сыртқы саясатындағы басты міндеттері — оның бүкіл дүниежүзі елдерімен байланыстарын одан әрі дамытып, алдыңғы қатарлы өркеніетті мемлекеттердің қатарына қосылу, елдің қауіпсіздігін қорғау, әлемде бейбітшілікті сақтай отырып, ядролық соғысты болғызбау.

Қазақстан халықтарының мәдениеті мен дәстүрлері қайта түледі, ұлттық сана өсіп келеді. Қазақ ұлты топтаса бастады, қазақ тілі мемлекеттік тіл болды. Көші-қон және азаматтық туралы заң қабылданды.

1992 жылы Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы өткізіліп, оған 10 миллион қазақ халқының өкілдері жиналды.

2. Қазіргі Қазақстанның дамуындағы жаңа экономикалық тенденциялар

Бұрынғы Кеңес экономикасының ыдырауы салдарынан әлеуметтік-экономикалық ахуалдың шиеленіскен жағдайында Қазақстан нарықтық реформаға көшті. Экономикалық дағдарыс жағдайында республикада табиғи байлықтың аса мол қоры бар екенін негізге алатын экономикалық потенциалды неғұрлым тиімді пайдалану бағыты ұсталды. Республика экономикасының мемлекеттік емес секторы белсенді дамытылды. 1992 ж. Ортасында 35 акционерлік қоғам, 76 салааралық және сыртқы экономтикалық ассоциялар, 30 концерндер мен концерциумдар болды. Республикада 120 коммерциялық банк, 60 биржа, 40 қамсыздандыру және 20 лизингтік компаниялар құрылды.

1993 жылдың наурызында «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» жаңа заңы қабылданды. Ұлттық банк жаңа заңға сәйкес жаңа басқарма сайлады, оның құрамына Президент әкімшілігінен, Парламент аппаратынан, Үкімет пен қаржы министрлігінен өкілдер кірді. Департамент директорынан тұратын Банк директорларының кеңесі құрылды. 1993 жылы қарашаның басында ұлттық валютаның алтын қоры жасалып, Ұлыбританияда теңгені басып шығару туралы тапсырыс берілді. Ал, қағаз тиындардың 6 номиналын дайындауға арналған тапсырыс Алматы қаласындағы құнды қағаздар фабрикасында орындалды.

Ұлттық валютаны жасау еліміздің Президенті Н. Ә. Назарбаевтың жеке басшылығымен жүргізілді және осы мәселе бойынша барлық шаралар қатаң құпияда сақталынды әрі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Ол қысқа мерзімде — бір жыл, екі ай ішінде Англияда аяқталды. 1993 жылы қарашаның 11-і күні кешке теледидардан, радио тораптарынан Президент республика халқына ақша реформасын жүргізу туралы сөз сөйледі. Осының ерте-

сі 12 қарашада Президент Н. Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы №1399 жарлығын жариялайды. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев ұлттық валютаның 1993 жылы 15 қарашасынан айналысқа енгізілетіні туралы Жарлыққа қол қойды. Осылайша 1993 жылдың 15 қарашасы ұлттық валютаның туған күні деп саналды.

Ұлттық валютаны тұрақтандыру жөнінде қадамдар есептелді, теңгенің бағамы сол кезде бір АҚШ доллары үшін 4,6 теңге деңгейінде белгіленді. АҚШ долларына қатысындағы теңге бағамы еліміздің алтын қорының тұрақтануы мен мүмкіндіктерін, экономикалық-әлеуеттік, ақша айналымын ескере отырып есептелінді.

1994 жылы елдің қаржы жүйесінің қалыптасуы онан әрі жалғасын тапты. Ал бұл жүйе аса қиын қаржы-экономикалық жағдайда өрбіп, өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Теңгенің құнсыздануына байланысты айналысқа жаңа банкноттар шығарылды. Мәселен, 1 наурызда 200 теңгелік, 27 шілдеде 500 теңгелік банкноттар пайда болды. Банк инфляциялық процестерге дер кезінде баға беріп отырды. Бүгінгі күні Қазақстан экономикасы дәйекті түрде көтеріліп келеді.

Осы күндері қазақстандықтар жаңа дизайндағы теңгені алғаш көруде. Бұл теңге дизайнның ескі түрден жаңасына ауыстырудың техникалық-экономикалық себептерін айтар болсақ, біріншіден, бұрынғы ақша бетіне салынған мемлекеттік нышандар, тарихи тұлғалардың суреттері, ландшафт, сәулет — мұның бәрі өзімізді әлемге таныту, өзіміз туралы өткеніміз, қазіріміз туралы әлемге паш ету болды. Алайда қазіргі серияда көркемдік тұжырымдамасы жалғасқан да, бірақ аясы тарыла бастаған: бұл әлемнің, Қазақстанның даму барысында технологияның арта түсуімен байланысты.

Екіншіден, біздің теңгеміз әлемдік стандартқа сай келуі тиіс. Үшіншіден, банкноттың басты мәні мемлекеттің бірлігін ұлттық ерекшелігі, экономикалық деңгейін көрсетуі тиіс. Адамдар есейген сияқты еліміз Қазақстан да 20 жылға есейіп өсті.

Жаңа купюрларда нышандар, көркем образдар көп, олардың әрқайсысының өз мағынасы бар, бәрі бірігіп тарихты құрайды. Сол себепті банкноттың негізгі элементі - әлемге ашық алақан. Ашық алақанның тағы да бір нышандық мәні бар: біз - әрқайсымыз өзімізше, бірақ барлығымыз бірге — бірыңғай тұтас елміз, халықпыз.

«Астана Бәйтерек» бар. Олардың бірлесуі бұл — өткеннің, қазіргінің және болашақтың өзара байланысын көсететін өзінше формула. Банкнотта — ресми қаржы құжаты, әлемге белгілі болған нышандар: Елтаңба, Жалау, Әнұран, елдің картадағы контуры бар. Бұл мемлекеттік нышан және ел ту-

ралы, бәріне республиканың азаматтарына және сол сияқты шетелдіктерге қажет ақпарат.

«Бәйтерек» — бұл ұрпақтарға жолдау, болашаққа ұмтылған елдің символы. «Бәйтерек» - ғажап құрылыс, жаңа Елорданың бейнесіне сондай үйлесіммен кірігіп, шын мәнінде бірден оның символы болып қана қоймай, сонымен қатар елдің символына айналды.

Сонымен бірге банкнотта Қазақстан ландшафтының да негізгі типтері бар — таулар, теңіздер мен көлдер, орман, дала көрсетіледі. Мұның мағынасы бір сөзбен келтіргенде Біздің Отанымыз деген патриоттық сезімді көрсетуі тиіс.

3. Жаңа саяси партиялар мен қозғалыстардың құрылуы

1990 жылдың ортасында Қазақстанда Азат қозғалысы пайда болды. «Азат» өзінің басты мақсатын Қазақстанның мемлекеттік егемендігі үшін күрес деп белгіледі. Республикада 1991 жылы барлығы 120-дан астам дербес бірлестіктер болды. Қазақстан Республикасындағы демократиялық үрдістердің бірі көппартиялылық. Оның негізі 1990 жылы салынды. Алғашқы қоғамдық саяси ұйымдар мен қозғалыстарға келсек, 1988 жылы Ақиқат, 1989 жылы Әділет, 1990 жылы Желтоқсан, Алаш, Единство, 1993 жылы Лад славян қозғалыстары т. б. пайда болды. Тарих сахнасына алғашқы партиялардың шығуы 1990 жылдары, бірінші кезеңде социал демократиялылық және Азат азаматтық демократиялылық қозғалысы ұйымдық жағынан негізделді. Көппартиялылықтың екінші кезеңі Қазақстан Коммунистік партиясының 1991 жылдың қыркүйек айында кетуімен байланысты болды. Үшінші кезеңде 1993 жылдан бері Қазақстан халық бірлігі одағы, Аграрлық, Отан, Ақ жол т. б. 2003 жылға дейін елімізде 19 саяси партиялар мен қозғалыстар болды. 2003 жылы партиялар туралы заңға сәйкес Қазақстанда 9 саяси партия қайта тіркеуден өтті.

4. Қазақстан Республикасының ішкі саясаты: экономикалық, қоғамдық — саяси, рухани дамуы

1997 жылдың басында Қазақстан 60-тан астам халықаралық ұйымдарға мүше болып кірді. Соңғы 5-6 жылда еліміздің шет елдермен экономикалық байланыстары арта түсуде, берілетін инвестициялық қаржылардың көлемі өсті. Германия, Түркия, Ұлыбритания т. б. Қазақстанға экономикалық көмек ретінде несие берді. Жапония, АҚШ және басқада донор елдердің үкіметтері Қазақстанмен қаржылық ынтымақтастығын жылдан жылға артты-

рып келеді. Қазақстан өзінің экономикалық мәселелерін шешуде АҚШ-пен қарым-қатынасқа ерекше көңіл бөледі. «Шеврон» компаниясы мен Теңіз мұнай көздерін игеру жөніндегі шартқа қол қойылған. Бұл келісім Америка капиталын Қазақстан экономикасына ірі көлемде тартылуының бастамасы болды. Қазақстан экономикасының дамуында сыртқы сауданың маңызы ерекше зор. Егемендік алған жылдардан бері дүниежүзінің 180-нен астам елімен сауда қатынасын орнатты. Қазақстанның сауда айналымы шамамен 62 пайызы ТМД елдерінің үлесінде, 23-24 пайызы Еуропа елдерінің, 13 пайызы Азия аймағы елдерінің үлесіне тиеді.

Қазақстанның сыртқа шығаратын тауарларының басты түрі металл (34 пайыз) мұнай газ (35 пайыз), азық түлік (12 пайыз), химия тауарлары (9 пайыз), приборлар және аппараттар (5 пайыз). Сырттан алынатын тауарлардың 75 пайызы ТМД елдерінен келеді. Қазақстан географиялық жағынан әлемнің негізгі экономикалық аудандары аралығында орналасқан Азия-Тынық мұхит аралығындағы елдермен сыртқы экономикалық байланыстар орнату тиімді. Қазақстан жерінен өтетін темір жолдың ұзындығы 1,8 мың шақырым. Соның ішінде Достық-Алашанькоу темір жолы 1991 жылы салынды. Бұл жолдың тек Қазақстан үшін ғана емес, халықаралық маңызы зор Достық-Алашанькоу станциясы арқылы 5 млн тоннадан астам жүк өткізеді, ал болашақта оны 12 млн тоннаға жеткізу көзделіп отыр. Қорыта айтқанда 1991 жылдан бері тәуелсіздік тұғырына қонған Қазақстан дүние жүзінің көптеген елдерімен терезесі тең деңгейде дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынас орнатты. Осы уақыт ішінде елдің сыртқы саясаттағы күш жігерінің арқасында орасан зор тарихи маңызы бар міндеттер орындалды. Еліміз дүние жүзілік аренадан беделді орын алды. Қазақстан шекарасының өн бойында берік халықаралық құқықтық негізге сүйенетін қауіпсіздік, тату көршілік және достық белдеуі жасалды.

1992 жылғы маусым айының 4-ші жұлдызы Қазақстан Республикасы тарихындағы ерекше мәртебелі күн. Бұл күн Еліміздің мемлекеттік рәміздері — Туы, Елтаңбасы, Әнұраны дүниеге келген күн ретінде мәңгі есте қалады. Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін де ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек. Елдігіміздің сыналатын бір тұсы осы. Әрбір азамат Қазақстанның Туын, Елтаңбасын, Әнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет.

Дипломатиялық хаттаманың елшілік салтының халықаралық құқықтың негізгі принциптерін нақтылауға және жүзеге асыруға қызмет ететін құрал ретінде айрықша саяси маңызы бар. Ол кез келген мемлекеттің сыртқы саясатына, дипломатиялық қызметіне ықпал ететін факторлардың бірі. Елшілік салтына сәйкес Мемлекеттік туға тағзым ету, Мемлекеттік әнұран-

ның орындалуы тәрізді рәсімдер (хаттамалық этикеттер мен нормалар) мемлекеттің егемендігін танығатын белгілерге жатады. Елшілік орналасқан мекенжайларда мемлекеттің туы желбіреп тұруы, әр алуан ресми кездесулер мен келісімдер кезінде мемлекеттік жалаулар қойылып, соған қарай тиісті орналастыру тәртібі белгіленетіні содан. Қазақстан егемен ел, тәуелсіз мемлекет ретінде дүниежүзілік аренаға шығып, халықаралық қауымдастыққа енуіне орай аспан түстес Туымыздың Біріккен Ұлттар Ұйымынан бастап, көптеген халықаралық мекемелердің, әлемнің әр түкпіріндегі әр түрлі мемлекеттердің төрінде желбіреуі де осының дәлелі. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу жөніндегі халықаралық құқық пен дипломатиялық әдеп-дәстүрі (этикет) әркімнің өз азаматтық борышына сергек қарауы қажеттігін тағы бір дәлелдей түседі.

Еліміздегі демократия және ұлт мәселесі жөнінде айтқанда Қазақстан Халықтары Ассамблеясының қоғамымыздың дамуында қосқан үлесінің маңызы зор екенін көреміз. Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы шешім 1992 жылы желтоқсанда өткен Қазақстан халықтары құрылтайында қабылданды. Ұзақ ізденістердің, ұлттық мәдени орталықтар өкілдерінің, заңгерлердің басқа да салалар мамандарының пікірлерін зерттей келе, Ассамблеяға мемлекет басшысының жанындағы консультативті-кеңесші орган дәрежесін беру ұйғарылды. Нәтижесінде ол өз қызметінің жемісін бере бастады.

1995 жылы Елбасының жарлығымен Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Ассамблея сессияларында біздің елді мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың бірлігі мен татулығы, конституциялық заңдарды сақтау, халықтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайлары және т. б. кейкесті маңызды мәселелер талқыланады.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен шекарасының тұтастығын қорғау үшін өзінің жеке Қарулы Күштерін құрудың үлкен маңызы болды. Оны іске асыру Елбасының 1992 жылғы 7 мамырдағы «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» жарлығымен басталды. Қарулы Күштерді ұйымдастыруда 1993 жылғы ақпанда қабылданған Қазақстан Республикасының әскери доктринасы ерекше серпін берді. Доктрина халықаралық жағдайдың түбірлі өзгеруін, тәуелсіз демократиялық мемлекеттердің құрылуының сол жылдардағы ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстандағы әскери құрылысты ұстап тұру мен негізгі бағыттарын айқындап берді.

2000 жылдың 10 ақпанында Елбасының жарлығымен Қазақстанның 1999-2005 жылдарға арналған жаңа әскери доктринасы және ұлттық қауіпсіздік стратегиясы қабылданды. Осы құжаттарға сәйкес армия елдің ішкі жалпы өнімнің бір пайызынан кем емес көлемде қаржыландыратыны көз-

делді. Армияның ұйымдық-штат құрылымын реформалау аяқталды. Отандық әскери ғылымды дамыту мақсатында тұңғыш рет Қарулы күштердің әскери-ғылыми орталығы ашылды.

Жаңа Әскери доктринада Республика Қарулы Күштерінің дамуын нақты әскери қатерге сәйкестендіру, әскери өнердегі негізгі тенденция мен мемлекеттің экономикалық мүмкіндігін ескеру қажеттілігі үйлесімді байланыс тапқан. Доктрина негізінде Қазақстан жерінде әскери аумақтық құрылымға көшу жүзеге асырылып, елдің барлық аймағын қамтитын Оңтүстік, Шығыс, Батыс және Орталық әскери округтері құрылды. 4 әскери округтердің құрылуы еліміздің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін арттыра түсті.

2007 жылы наурыз айында Қазақстан Армиясының жаңа Әскери доктринасы қабылданды. Қорғаныс саласының бюджеті ішкі жалпы өнімнің 1,2 пайызын құрады. Бүгінгі күні тәуелсіз Қазақстан Республикасында мынандай марапаттау жүйесі қабылданған:

«Алтын Қыран» ордені. “Алтын Қыран” ордені 1995 жылы белгіленді. Бұл орденді азаматтар Қазақстан Республикасына сіңірген айрықша мемлекеттік қызметі үшін марапатталады. «Алтын Қыран» орденімен наградауға лайықтыларды Қазақстан Республикасының Президенті анықтайды. Қазақстан Республикасы Президентінің өзі лауазымы бойынша ерекше үлгідегі «Алтын Қыран» орденінің иегері болып табылады. Орден жұлдыздан және ілмекті алқалық белгіден тұрады.

«Барыс ордені». «Барыс» ордені 1999 жылы белгіленді. Бұл орденмен марапаттау Қазақстан Республикасының мемлекеттілігі мен егемендігіне нығайту ісіне; бейбітшілікті, қоғамның топтасуы мен Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз етуге; мемлекеттік, өндірістік, ғылыми, әлеуметтік-мәдени және қоғамдық қызметте; халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға; ұлттық мәдениеттерді жақындастыру мен өзара байытуға; мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды дамытуға сіңірген ерекше еңбегі үшін жүргізіледі. “Барыс” орденінің үш дәрежесі бар. I дәрежелі «Барыс» ордені жұлдыздан және иыққа асатын лентадағы белгіден.

«Отан» ордені. “Отан” ордені 1993 жылы белгіленді. Бұл орденмен азаматтар мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі, экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті дамытудағы, мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі демократия мен әлеуметтік прогресті дамытудағы ерекше еңбегі үшін марапатталады.

«Халық қаһарманы» атағы. «Халық қаһарманы» атағы 1993 жылы белгіленген. Атақ Қазақстан Республикасының сіңірген аса көрнекті қызметі үшін, оның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы азаматтық және жауапкершілік ерліктері үшін беріледі. «Халық қаһарманы» атағына ие бол-

ған адамдарға айрықша ерекшелік белгісі Алтын жұлдыз және «Отан» ордені тапсырылады.

«Даңқ» ордені. «Даңқ» ордені 1993 жылы белгіленді. «Даңқ» орденімен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының жоғары офицерлік құрамының, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер және басқа органдар басшы құрылымның адамдары әскерлерге басшылық ету мен басқарудағы табыстары, әскердің жоғары жауынгерлік әзірлігі мен елдің қорғаныс қабілетін қоғамсыз еткені үшін, әскери, шекаралық және ішкі қызметті үздік ұйымдастырғаны үшін, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз еткені, заңдылықты және қоғамдық тәртіп күзетін нығайтқаны үшін марапатталады. «Даңқ» орденінің екі: I және II дәрежелі болады. «Даңқ» ордені жұлдыздан және иыққа асатын лентадағы орден белгісінен тұрады.

«Айбын» ордені. «Айбын» ордені 1995 жылы белгіленді. Орденмен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының әскери қызметшілері, сондай-ақ прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарының және басқармаларының қызметкерлері жауынгерлік даярлықта, әскерлердің жоғары жауынгерлік дайындық деңгейін ұстауда, заңдылық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде қол жеткізген табыстары үшін, әскери және қызмет бабындағы парызын өтеудегі көрсеткен батылдығы мен жанқиярлықты, сондай-ақ мемлекеттік мүддесін қорғауда жасаған ерлігі үшін марапатталады. «Айбын» орденінің үш: I, II және III дәрежелі болады. I және II дәрежелі «Айбын» ордендерімен кіші және аға офицерлік құрамындағы адамдар марапатталады. III дәрежелі «Айбын» ордендерімен солдаттар, матростар, сержанттар, старшиналар, прапорщиктер мен лейтенанттар марапатталады.

«Ерлігі үшін» медалі. «Ерлігі үшін» медалі 1993 жылы белгіленді. Медальмен азаматтар төтенше жағдайларда (суда, өрт, табиғат апаты кезінде) адам өмірін құтқаруға байланысты көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы үшін марапатталады.

«Жауынгерлік ерлігі үшін» медалі. «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалі 1995 жылы белгіленді. Медальмен Қарулы Күштердің, Республикалық ұланның, Президенттің Күзет қызметінің, Ішкі және шекара әскерлерінің әскери қызметшілері, прокуратура, ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері әскери бөлімнің, бөлімшенің әскери міндеттерді ойдағыдай орындауына жәрдемдесетін ұрыс кезіндегі, сондай-ақ қылмысқа қарсы күрестегі білгір, алғыр әрі батыл қимылы үшін марапатталады.

Қазақстанның ішкі және сыртқы саясаттағы беделі — 2010 жылы желтоқсан айында 56 мемлекеттің басын қосып, ЕҚЫҰ саммитін өткізуі, со-

нымен қатар 2011 жылы қысқы спорт түрінен барлық әлемді таң қалдырған Азиада қысқы ойындары осының айғақ дәлелі.

5. Қазақстанның қазіргі кезеңдегі сыртқы саясаты

Қазақстан өзінің тәуелсіздік алғаннан кейін, егемен мемлекет ретінде халықаралық байланыс жасауға, сыртқы саясатқа ерекше көңіл бөлді. Қазақстан сыртқы саясатында, әсіресе басты үш мәселеге ерекше назар аударды. Біріншіден, бұрынғы одаққа кірген республикалармен, Азия, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы, Еуропа елдері және АҚШ-пен халықаралық байланыстарды өркендету. Екіншіден, шет елдермен тек дипломатиялық, мәдени-экономикалық байланысты күшейту, сол арқылы алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің қатарына қосылу. Үшіншіден, Қазақстанның қауіпсіздігін сақтау, дүниежүзілік соғысты болғызбау, ядролық қарудан бас тарту.

1991 жылдан тәуелсіз Қазақстан көптеген игі шараларды іске асыруда. Қазақстан республикасын дүниежүзінің 180-нен астам мемлекеті таныды. 2006 жылдың басында Қазақстан 120-дан астам елмен дипломатиялық қатынастар орнатты. Тәуелсіздігімізді алғашқылардың бірі болып Түркия, АҚШ, Франция және т. б. мемлекеттер мойындады. Қазірде Қазақстан шет елдерде 50-ден астам дипломатиялық және консулдық өкілдіктер ашты. Астана мен Алматыда 50-ден астам шетелдік елшілік пен халықаралық ұйымдардың өкілдігі жұмыс істейді.

Қазақстанның сыртқы саясатында басты назар аударып отыратын мәселе, ол — өзінің ең жақын және ірі көрші мемлекеттерімен, солтүстікте Ресеймен, ал шығыста КХР-мен қарым-қатынас орнату. Қазақстан мен Ресей арасындағы 1992 ж. 25 мамырда Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа қол қоюдың зор тарихи маңызы бар. Ал 1995 ж. 20-шы қаңтардағы Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығын кеңейту және тереңдету туралы бірлескен декларацияда екі ел жоғарыдағы қол қойған шарттарды одан әрі бұлжытпай орындап отыратындығы жөнінде мәлімдеді. Бауырлас халықтардың достастығын нығайтуда 1996 ж. 27-ші сәуірде Ресей Федерациясының президенті Б. Ельцин мен Қазақстан президенті Н. Ә. Назарбаев Алматыда кездесіп, бұдан былай екі ел арасындағы егемендікті, тәуелсіздікті құрметтеу, аумақтық тұтастықты, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау принциптерін сақтау негізінде дами беретінін қуаттады. Ресей мен Қазақстан арасында ынтымақтастықтың дамуында 1998 ж. 6-шы шілдеде Мәскеуде қол қойылған ХХІ ғасырға бағдарланған мәңгілік достық пен ынтымақтастық туралы Декларацияның тарихи маңызы ерекше. Оның негізінде Қазақстан мен Ресей Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы,

екі мемлекет арасындағы қаржылық келіспеушілікті реттеу және Байқоңыр космодромын бірлесіп пайдалану мәселелері шешілді.

2000 ж. 25 қаңтарда Н. Ә. Назарбаев пен Ресей президенті В. В. Путинмен кездесу болды. Ал 2002 ж. Н. Ә. Назарбаевтың Мәскеуге ресми сапары барысында Қазақстан мен Ресейдің арасында қалыптасқан достық байланыстарды барынша тереңдетуге, Байқоңыр ғарыш айлағын одан әрі бірлесіп игеру мәселесі сөз болды. Екі жақты деңгейдегі ТМД, ЕурАзЭҚ, ұжымдық қауіпсіздік, ШЫҰ шеңберлеріндегі ынтымақтастық қарым-қатынастар аймақтағы елдер қауіпсіздігінің, интеграциялануының басты кепілі болып табылатынын мәлімдеді.

Қазақстан үшін шығыстағы үлкен көрші Қытайсыз үлкен саясат жүргізу ерекше қиын. Тәуелсіздік тізгіні қолға тиісімен Қытаймен достық байланыстарды орнатуда едәуір табыстарға қол жеткізді. Алғашқы кездегі басты міндет — жан-жақты экономикалық байланыстарды дамытып, шекарадағы шиеленістерді тоқтату еді. Қазақстанның стратегиялық мақсаты — Қытай арқылы дүние жүзінің рыногына шығудың жаңа жолын ашу. Қазақстан президентінің ҚХР-ға 1992 ж. тамызда алғашқы ресми сапарынан бастап, барлық байланыс жолдарын ашудың сәті түсті. 1997 ж. 25 қыркүйекте Алматыда өткен Қазақстан және Қытай делегациялары арасындағы келіссөз барысында Батыс Қазақстан мен Батыс Қытайды жалғастыратын мұнай құбырына шығыстағы көршіміз 9,5 миллиард доллар жөнінде шартқа қол қойды. 1998-1999 жылдары дипломатиялық әрекеттер Қазақстан мен Қытай арасындағы шекараны түбегейлі айқындады. Шекараны межелеу Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне кепілдіктер берілгендігін білдіреді. Бұл осы қуатты мемлекетпен достық және өзара тиімді ынтымақтастық саясатын жалғастырудың негізі болып табылады. Қазақстан президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қытай мемлекетіне 2002 жылдың желтоқсан айында жасаған сапары екі ел арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңін айқындады. Екі мемлекет басшыларының кездесуі барысында бес құжатқа қол қойылды. Оның ең маңыздысы «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарт». Бұл шарт Азия құрлығында ғана емес, әлемде де бейбітшіліктің, қауіпсіздіктің және тұрақтылықтың сақталуына ықпал етеді.

Қазақстанның сыртқы саясатында АҚШ-пен қарым-қатынасының маңызы зор. Бұл қарым-қатынас Америка Құрама Штаттары Қазақстан Республикасын мемлекет ретінде таныған 1991 ж. 25 желтоқсанынан мемлекеттер арасында елшілік дәрежесіндегі толыққанды дипломатиялық қатынастар орнады. Ұлы мемлекеттердің ішінде Қазақстанды алғашқылардың бірі болып таныған АҚШ Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуына мүдделі екенін көрсетті. 1991 жылдың желтоқсанында АҚШ мем-

лекеттік хатшысы Дж. Бейкер Алматыға келіп, Н. Ә. Назарбаев және басқа да ресми адамдармен келіссөздер жүргізді. 1992 жылдың сәуір айында Қазақстанға Еуропадағы қауіпсіздік және қарым-қатынастар жөніндегі АҚШ Конгресі комиссиясының делегациясы келді. Сол жылы мамырда Н. Ә. Назарбаев АҚШ-қа алғашқы ресми сапармен барды. Сапар барысында «Сауда қатынастары жөнінде келісім», «Қазақстан Республикасы және АҚШ үкіметтері арасындағы өзара түсіністік жөніндегі меморандум» және т. б. келісім шарттарға қол қойылды. Сөйтіп, екі жақты қарым-қатынастардың шарттық-құқылық негіздері қаланды. Қазақстан мен АҚШ қарым-қатынастары серпінді түрде дамып келеді. Соның нәтижесінде Қазақстан АҚШ-тың демократиялық әріптесі деңгейіне көтерілді. Қазіргі кезде АҚШ Қазақстан экономикасының аса ірі инвесторы болып отыр. Оның толық дәлелі ретінде 1997 ж. қол қойылған экономикалық әріптестік бағдарламасын, Қарашығанақ кеніші жөніндегі және Каспий қайраңын бөлісу жөніндегі келісімдер. Вашингтон Қазақстанға Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздік тұғыры, өзінің осы аймақтағы басты серіктесі ретінде қарайды. 1999 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Президенті Н. Ә. Назарбаев АҚШ-қа бес күндік сапар жасап, екі мемлекет арасындағы байланысқа жаңа жол ашты.

2001 жылғы 11 қыркүйекте Вашингтон мен Нью-Йоркте орын алған қайғылы оқиғалардан кейін де Қазақстан АҚШ-қа одақтас екенін мәлімдеді. Елбасы Қазақстанның әрдайым лаңкестікке қарсы шығатынын және халықаралық коалицияға қосылуға әзір екенін атап өтті.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің — 10 жылдығына орай жіберген құттықтау хатында АҚШ президенті Дж. Буш Қазақстан Халықаралық қоғамдастық үшін аймақтағы тұрақсыздық пен жанжалдарға қарсы шешуші рөл атқаратындығын қуаттады.

Аталған факторлар Қазақстан Республикасы мен АҚШ арасындағы қатынастарды жоғарғы деңгейге көтеруге негіз жасады. 2001 жылдың желтоқсан айында Н. Ә. Назарбаев АҚШ-қа ресми сапар жасап, екі мемлекет арасында стратегиялық сипат алатын құжаттарға қол қойды.

2006 жылы Н. Ә. Назарбаев АҚШ-қа кезекті аса маңызды ресми сапармен барды. Онда АҚШ президенті Дж. Бушпен және т. б. ресми адамдармен кездесті.

Сыртқы саясатта Қазақстан үшін Түркия, Пакистан, Үндістан, Иран мемлекеттерімен, сондай-ақ Азияның Жапония, Оңтүстік Корея, Сингапур және араб елдерімен байланыс, ынтымақтастық шеңберінде өзара көмек алмасудың маңызы зор болып табылады.

Қазақстанға ортақ шекарасымен, қалыптасқан шаруашылық байланыстарымен, экономикаларының өзара бірін-бірі толықтыруымен қоян-қолтық

араласа отырған, тарихи және мәдени-этникалық игіліктері ортақ Орта Азиядағы — Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, мемлекеттерімен тығыз қарым-қатынас жасау өте маңызды. Осы бағытта 1994 жылы Орталық Азия экономикалық қауымдастығы құрылды. Оған Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, кейіннен 1998 жылы төртінші мемлекет Тәжікстан қосылды. 1994 жылы осы мемлекеттердің Орталық Азия ынтымақтастық және даму банкіні құру туралы келісімге қол қойылды.

ОАЭҚ мемлекет басшыларының 2000 жылғы сәуір, мамыр айларындағы Ташкент және Душанбе кездесулері олардың интеграцияға ұмтылысын растап берді. 2001 жылғы қаңтарда Орталық Азия экономикалық қауымдастығына мүше елдер басшыларының Алматыда болған кездесуінде Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан республикалары бірігіп, Орталық Азияны еркін сауда аймағына айналдыруға келіссөз жүргізді. 2002 жылдың ақпанынан бастап Орталық Азия экономикалық қауымдастығы жаңа келісілген құжат негізінде «Орталық Азия ынтымақтастығы» болып қайта құрылды. 2002 жылы желтоқсан айында Қазақстан Республикасының елордасы — Астанада Орталық Азия ынтымақтастығы елдерінің саммиті өтті. Саммитті ашқан Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев ОАЫ аясында жүргізіліп жатқан жұмыстарға талдау жасай келіп, аймақ мемлекеттерінің ынтымақтастығына оң баға берді. Мемлекет басшылары Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздік Ауғаныстандағы жағдаймен тығыз байланыста екенін атап өтті.

2007 жылдың 28 ақпанында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында Орта Азия мемлекеттерімен ынтымақтастықты тереңдетудің маңызы зор болатынын атап көрсетті.

НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Назарбаев Н. Ә.* «Қазақстан-2030». Алматы, 1997.
2. *Назарбаев Н. Ә.* Тарих толқынында. Алматы, 1999.
3. *Назарбаев Н. Ә.* Сындалы он жыл. Алматы, 2003.
4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация. 25 қазан, 1990 ж. Алматы, 1990.
5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы заң. 16 желтоқсан 1991 ж. Алматы, 1992.
6. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 2007.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Назарбаев Н. Ә.* Тәуелсіздігіміздің бес жылы. Қазақстан Республикасы президентінің баяндамаларынан, сөйлеген сөздері мен мақалаларынан. Алматы, 1996.

2. **Әбдікімов Ә.** Қазақстан тарихы. Алматы, 1997.
3. **Берденова К. Ә.** Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуы мен экономикалық даму негіздері. Алматы, 2000.
4. **Тәтімо М.** «Қазақ әлемі». Алматы, 1993.
5. **Назарбаев Н. Ә.** Бұл құрылтай — қазақ халқының жаңа мыңжылдыққа біртұтас ұлт ретінде нық қадам басқанының белгісі. // Егемен Қазақстан, 24 қазан, 2002.
6. **Бейсенова Ә.** Экология ел тағдыры. // Егемен Қазақстан, 12 наурыз, 2003.

ТЕСТТЕР

1. Қазақстан территориясындағы ежелгі адам іздері қай дәуірге жатады?

- A) Ерте тас дәуірі
- B) Орта тас дәуірі
- C) Кейінгі тас дәуірі
- D) Мезолит дәуірі
- E) Неолит дәуірі

2. Жау қолына түсіп, үстіне жанармай құйып азаптап өлтірілген Қазақстаннан шыққан ер есімі?

- A) А. Ахметов
- B) Қ. Тұрдыев
- C) Ш. Шолтыров
- D) Т. Мырзаев
- E) Қ. Сыпатаев

3. 1938 ж. Қазақ КСР-і Жоғары Кеңесінің бірінші сессиясын кім ашты?

- A) Н. Байғанин
- B) Ж. Жабаев
- C) Мүсірепов
- D) Қ. Аманжолов
- E) Ж. Саин

4. Алтын Орда ханы Батыйдың билік еткен жылдары?

- A) 1155-1227 ж.ж.
- B) 1243-1255 ж.ж.
- C) 1257-1267 ж.ж.
- D) 1267-1280 ж.ж.
- E) 1260-1280 ж.ж.

5. X-XII ғ. түрік тайпалары егіншілікпен айналасты. Сол уақыттағы суармалы егіншіліктің ең ірі орталығы?

- A) Алтын-ақсу
- B) Жетіасар
- C) Суяб
- D) Исфиджаб
- E) Отырар

6. Ақ Орданың негізін қалаушы кім?

- A) Орда Ежен
- B) Сасы Бұға

- C) Ерзен
- D) Орыс
- E) Барак

7. Императрица Анна Иоанновнаның Ұлы жүзді Ресей құрамына қабылдауға келісімі жөніндегі жарлығы қашан қабылданды?

- A) 1733 ж. 15 маусым
- B) 1732 ж. 22 қазан
- C) 1734 ж. 10 маусым
- D) 1735 ж. 14 қаңтар
- E) 1736 ж. 15 қыркүйек

8. «Қалқаман-Мамыр» поэмасының авторы кім?

- A) Ш. Құдайбердиев
- B) С. Торайғыров
- C) М. Жұмабаев
- D) С. Көбеев
- E) Б. Майлин

9. Е. Пугачев көтерілісіне қай жүздердің қазақтары қатысты?

- A) Ұлы және Кіші жүз
- B) Кіші және Орта жүз
- C) Орта және Ұлы жүз
- D) Барлық үш жүз
- E) Тек қана Ұлы жүз

10. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев КОКП ОК-нің Бюро мүшелігі қатарынан қашан шықты?

- A) 1990 ж. қыркүйек
- B) 1991 ж. тамыз
- C) 1992 ж. ақпан
- D) 1993 ж. наурыз
- E) 1993 ж. желтоқсан

11. Бөкей Ордасындағы шаруалар көтерілісінің қай жетекшісі 1791-1838 жылдары өмір сүрді?

- A) Махамбет Өтемісұлы
- B) Исатай Тайманұлы
- C) Жоламан Тіленшіұлы
- D) Омар Оразбайұлы
- E) Тельман Нұрғазыұлы

12. Б.з.б. I ғасыр соңында Қазақстанда қандай тайпалық одақтар пайда болды?

- A) Үйсіндер, қаңлылар, сарматтар
- B) Сақтар, андроновтықтар

- C) Савроматтар, қыпшақтар
- D) Түріктер, қарлұқтар
- E) Массagetтер, исседондар

13. Кіші жүз билеушілерінің бірі Әбілхайыр қай жылы жетекші хан болып танылды?

- A) 1723 ж.
- B) 1724 ж.
- C) 1725 ж.
- D) 1726 ж.
- E) 1727 ж.

14. К. Қасымұлы бастаған көтеріліс Қазақстанның қай өңірін қамтыды?

- A) Орта жүзді
- B) Ұлы жүзді
- C) Кіші жүзді
- D) Кіші мен Отра жүзді
- E) Бүкіл үш жүзді

15. «Азия комитеті» қашан құрылды?

- A) XIX ғ. 10-20 ж.
- B) XIX ғ. 20-30 ж.
- C) XIX ғ. 30-40 ж.
- D) XIX ғ. 40-50 ж.
- E) XIX ғ. 50-60 ж.

16. 1741-1742 ж.ж. қоңтайшы Қалдан-Цэрен екінші «ақтабан шұбырынды» жорықтарын қай жүздерге жасады?

- A) Барлық үш жүзге
- B) Орта және Кіші жүздерге
- C) Кіші және Ұлы жүздерге
- D) Тек қана Орта жүзге
- E) Орта және Ұлы жүздерге

17. 1950 жылдары ұзындығы 483 шақырымдық қандай темір жол іске қосылды?

- A) Мойынты — Шу
- B) Түркістан — Сібір
- C) Қарағанды — Омбы
- D) Жамбыл — Ақсу
- E) Ақмола — Павлодар

18. Қарахан мемлекеті қашан екіге бөлінді?

- A) XI ғ. 30 ж.
- B) X ғ. 20 ж.

- C) XII ғ. 40 ж.
- D) XIII ғ. басы.
- E) XII ғ. аяғы.

19. 1962-1969 ж. қандай кезең деп аталады?

- A) Бетбұрыстар кезеңі
- B) Реформашылдық дүрбелең кезеңі
- C) Демократиялық өзгерістер кезеңі
- D) Қайта құру кезеңі
- E) Экономикалық өрлеу кезеңі

20. Ноғай Ордасының астанасын атаңыз?

- A) Сығанак
- B) Алмалық
- C) Сарайшық
- D) Тұра
- E) Сарай-Берке

21. Кіші жүздің соңғы ханы кім?

- A) Айшуақ
- B) Жантөре
- C) Арынғазы
- D) Шерғазы
- E) Жәңгір

22. Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан Орынборда Ресей билігін қашан мойындады?

- A) 1740 ж. 28 тамыз
- B) 1741 ж. 22 қазан
- C) 1742 ж. 23 тамыз
- D) 1743 ж. 29 тамыз
- E) 1744 ж. 28 қазан

23. 1997 жылғы 15-21 қыркүйек арасында Өзбекстан және НАТО әскери бөлімдерінің қатысуымен әскери жаттығулар қай облыс территориясында өткізілді?

- A) Алматы
- B) Оңтүстік Қазақстан
- C) Тараз
- D) Қызылорда
- E) Талдықорған

24. Қала мәдениетінің өркендеуіне байланысты Түркістанда 30 қала болған деген дерек кімнің еңбегінде айтылған?

- A) Әл-Бируни
- B) Әл-Фараби

- C) Әбілғазы
- D) Әл-Жувейни
- E) Ибн Рузбихан

25. Кеңес Өкіметі Қазақстанда қашан түгел орналды?

- A) 1917 ж. қазан — 1918 ж. наурыз
- B) 1915 ж. ақпан - 1916 ж. қараша
- C) 1917 ж. қараша — 1918 ж. желтоқсан
- D) 1918 ж. қазан — 1919 ж. қаңтар
- E) 1918 ж. маусыым — 1919 ж. шілде

26. Орталық Қазақстаннан табылған ерте палеолит дәуірінің археологиялық ескерткішін анықта?

- A) Қозыбай
- B) Тегіскен
- C) Құдайкөл
- D) Өніжек
- E) Сексеуіл

27. Қай жылы Иран мен Византия өзара келісімге келіп, Византия өзінің Кавказдағы вассалдарын түріктерге қарсы қойды?

- A) 589 ж.
- B) 561 ж.
- C) 567 ж.
- D) 563 ж.
- E) 575 ж.

28. Батыс Сібір қай ұлысқа қарады?

- A) Батый
- B) Жошы
- C) Шағатай
- D) Үгедей
- E) Төле

29. Кеңесары Қасымұлы қай жылдары хан болды?

- A) 1838-1840 ж.ж.
- B) 1841-1847 ж.ж.
- C) 1840-1846 ж.ж.
- D) 1840-1845 ж.ж.
- E) 1839-1844 ж.ж.

30. 1860 ж., 19-21 қазанда қокандықтар мен орыс әскерлері қай жерде шайқасты?

- A) Әулиеата
- B) Тоқмақ
- C) Пішпек

D) Ұзынағаш

E) Шымкент

31. «Қазақ» атауын Жетісуға көшіп кетуші Жәнібек пен Керей бастаған саяси топтың аты ретінде, әуелі «өзбек-қазақ», кейін «қазақ» түрінде қолданған деген пікірді жазған орта ғасырлық тарихшы?

A) Қ. Жалайыри

B) Қ. Қашғари

C) М. Дулати

D) Ибн-Рузбехан

E) Әбілғазы

32. Жазғы көш — жайлауға көшу қай айдан басталды?

A) Ақпан

B) Наурыз

C) Мамыр

D) Сәуір

E) Маусым

33. Жезқазған мыс кенін зерттеген үшін К. И. Сәтбаевқа қашан Мемлекеттік сыйлық берілді?

A) 1942 ж.

B) 1945 ж.

C) 1947 ж.

D) 1949 ж.

E) 1951 ж.

34. Жайықтың оң жағалауына қазақтардың көшіп-қонуына рұқсат берген патша жарлығы қашан шықты?

A) 1797 ж.

B) 1799 ж.

C) 1801 ж.

D) 1802 ж.

E) 1803 ж.

35. 1965 ж. экономиканы басқарудағы енгізілген өзгерістер?

A) Бригадалық көмек

B) Партия комитеттерін салалық ұстаным бойынша бөлу ?

C) Толық түрде өзін-өзі бақылау

D) Одақтық-республикалық министрліктер енгізілді

E) Халық шаруашылық кеңестері енгізілді

36. 1993 ж.9 қазанда Н. Ә. Назарбаевтың қандай еңбегі жарияланды?

A) «Қазақстанның егемен мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен дамуының стратегиясы»

- В) «Сындарлы он жыл»
- С) «Тарих толқынында»
- Д) «Қазақстан болашағы — қоғамның идеялық бірлігінде»
- Е) «Әділеттің ақ жолы»

37. Киіз үйдің қай бөлігі әйелдерге арналған?

- А) Төр
- В) Босаға
- С) Ошак
- Д) Оң қанаты
- Е) Сол қанаты

38. Ортағасырлық жазба әдебиет қашан шықты?

- А) YI ғ.
- В) YII ғ.
- С) YIII ғ.
- Д) IX ғ.
- Е) X ғ.

39. Бородино шайқасындағы ерлігі үшін күміс медальмен марапатталған кім?

- А) Наурызбайұлы
- В) Оспанұлы
- С) Майлыбайұлы
- Д) Омарұлы
- Е) Тельманұлы

40. 1868 ж. 21 қазанда қандай реформа қабылданды?

- А) «Орынбор қазақтарының Жарғысы»
- В) «Сібір қазақтарының Жарғысы»
- С) «Торғай, Ақмола, Семей, Орал облыстарын басқару туралы Ереже»
- Д) «Сырдария мен Жетісу облыстарын басқару туралы Ереже»
- Е) «Түркістан өлкесін басқару туралы Ереже»

41. 1917 ж. 27 сәуір — 7 мамыр айында қазақтардың автономия құру туралы съезі қай жерде болды?

- А) Қызылжарда
- В) Орынборда
- С) Жетісуда
- Д) Ақмолада
- Е) Семейде

42. Шоқан Уәлихановты әлемге әйгілі еткен қандай еңбек?

- А) Манас туралы зерттеу
- В) Қашғар сапарынан туған еңбек
- С) Жоңғар очерктері

- D) Ыстықкөлдi картаға түсіруі
- E) Алатау қырғыздары туралы еңбегі

43. Монғолдар Сібір халықтарын, Енисей қырғыздарын, Шығыс Түркістандағы қай жылдары бағындырды?

- A) 1206-1210 ж.ж.
- B) 1207-1211 ж.ж.
- C) 1208-1213 ж.ж.
- D) 1209-1211 ж.ж.
- E) 1210-1214 ж.ж.

44. 1812 ж. соғыста қазақ мергендерін француздар қалай атаған?

- A) «Қырғыз мергендері»
- B) «Азия барыстары»
- C) «Азиялық мергендер»
- D) «Азиялық амурлар»
- E) «Шығыс Жебелері»

45. Желтоқсан оқиғасына байланысты жауапкершілікке тартылған жастарды ақтау мәселесі қашан қаралды?

- A) 1989 ж. шілде
- B) 1991 ж. желтоқсан
- C) 1992 ж. наурыз
- D) 1993 ж. қаңтар
- E) 1995 ж. тамыз

46. 1845 ж. Кенесары Сарыарқадан қай жаққа бет алды?

- A) Кіші жүз жеріне
- B) Ресейдің орталық аудандарына
- C) Хиуа жеріне
- D) Ұлы жүз жеріне
- E) Қырғыз жеріне

47. Жебелі садақ пен бумеранг қай дәуірде пайда болды?

- A) Палеолитте
- B) Мезолитте
- C) Неолитте
- D) Қола дәуірінде
- E) Темір дәуірінде

48. Ұлы жүздегі басқару органы Ресей приставы қашан және қай жерде құрылды?

- A) 1846 ж. Шымкент
- B) 1848 ж. Лепсі
- C) 1848 ж. Қапал
- D) 1853 ж. Ақмешіт

Е) 1845 ж. Верный

49. Қазақ хандығын 1511-1518 (21) ж.ж. кім басқарды?

А) Бұрындық хан

В) Қасым хан

С) Мамаш хан

Д) Хақназар хан

Е) Тақыр хан

50. «Павлов үйін» қорғауда ерлік көрсеткен Оңтүстік

Қазақстандық жауынгер?

А) Қ. Тұрдиев

В) Н. Әбдіров

С) С. Баймағанбетов

Д) Қ. Сыпатаев

Е) Т. Мырзаев

51. Кейінгі палеолит дәуірінде ежелгі адамның қайсысы қалыптасты?

А) Австралопитек

В) Питекантроп

С) Синантроп

Д) Неандерталдық

Е) Кроманьондық

52. Қаңлылардың тайпалық бірлестігі қашан құрылды?

А) Б.з.б. V ғ.

В) Б.з.б. IV ғ.

С) Б.з.б. III ғ.

Д) Б.з.б. II ғ.

Е) Б.з.б. I ғ.

53. Орта ғасырлардағы әкімшілік, қолөнер, сауда, мәдениет орталығы болған ең ірі қала?

А) Баласағұн

В) Отырар

С) Сайрам

Д) Суяб

Е) Шаш

54. Отырар қаласы қашан қоршалды?

А) 1206 ж. қыркүйек

В) 1210 ж. қыркүйек

С) 1211 ж. қыркүйек

Д) 1218 ж. қыркүйек

Е) 1219 ж. қыркүйек

55. Кенесарының жер ауыстыруы қандай одақтық құрылуына әсер етті?

- A) Бұқар мен Хиуа
- B) Қоқан мен Бұқара
- C) Қырғыздар мен Өзбектер
- D) Қытай мен Қоқан
- E) Ресей мен Хиуа

56. «Қанішер» Абылай қай қаланың билеушісі болған ?

- A) Ташкент
- B) Түркістан
- C) Сайрам
- D) Созак
- E) Самарқанд

57. 1853 ж. қоқандықтардың қай бекінесі Ресейдің қол астына алынды?

- A) Мерке
- B) Сергиопаль
- C) Таушүбек
- D) Ақмешіт
- E) Пішпек

58. Тараз қаласындағы салынған орта ғасырлық кесенені көрсетіңіз?

- A) Дәуітбек кесенесі
- B) Рабиға сұлтан бегім кесенесі
- C) Арыстан баба кесенесі
- D) Жошы хан кесенесі
- E) Алаша хан кесенесі

59. Революция, Отан, бостандық, адамгершілік, махаббат туралы жырлаған қазақ ақындары?

- A) С. Ерубаев, Т. Жароков
- B) Д. Әбілев, Қ. Бекхожин
- C) Ж. Жабаев, Н. Байғанин
- D) Ж. Саин, Қ. Аманжолов
- E) Ә. Тәжібаев, Ә. Сәрсенбаев

60. Бұхарда Махмұд Тараби бастаған билеушілерге қарсы халық көтерілісі қашан болды?

- A) 1270 ж.
- B) 1262 ж.
- C) 1259 ж.
- D) 1238 ж.

Е) 1240 ж.

61. «Көшпелі өзбектер мемлекетінің» алғашқы астаналарын атаңыз?

- А) Сығанақ, Сауран
- В) Орда-Базар, Тұра
- С) Алмалық, Қарақорым
- Д) Сарай, Баласағұн
- Е) Сарайшық, Аркөк

62. КОКП ОК-нің бірінші хатшысы болып Л. И. Брежнев қай жылы тағайындалды?

- А) 1959 ж. наурыз
- В) 1953ж. қыркүйек
- С) 1964 ж. қазан
- Д) 1964 ж. қараша
- Е) 1982 ж. қараша

63. 17 желтоқсан республикада қандай күн деп аталады?

- А) Президентті бүкілхалықтық сайлау
- В) Демократиялық жаңару
- С) Қазақ тілі мәртебесін көтеру
- Д) Халықтар бірлігі, татулық
- Е) Ұлттық аза тұту

64. Араб алфавиті қай ғасырдан бастап кең тарады?

- А) ХҮ ғ.
- В) ХІІІ ғ.
- С) ХІҮ ғ.
- Д) ХІІ ғ.
- Е) ХІ ғ.

65. 1812 ж. Отан соғысына қатысқан қазақтар ішінде патшаның бұйрығымен, 1814 ж. 18 наурызда Парижде жеңімпаздар қатарында кіргендер?

- А) Мұрат Құлшоранұлы, Яков Беляков
- В) Әмен Байбатұлы, Нарынбай
- С) Әли Хамитұлы, Ерлан Қалиұлы
- Д) Сағит Зындағұлұлы, Майлыбайұлы
- Е) Қайрат Қабдешұлы, Үкә Рақымбайұлы

66. Монғолдардың Еуропаға жорығы қашан болды?

- А) 1226-1232 ж.ж.
- В) 1236-1242 ж.ж.
- С) 1246-1252 ж.ж.
- Д) 1216-1222 ж.ж.

Е) 1206-1212 ж.ж.

67. 1822ж. «Сібір қырғыздарының Жарғысының» негізгі авторы?

А) А.Петров

В) П.Эссен

С) М.Сперанский

Д) В.Перовский

Е) Д.Милютин

68. Қазақстанның тың жерлерін игеретін негізгі аудандары қандай?

А) Орал, Торғай, Ақтөбе

В) Көкшетау, Жезказған, Қызылорда

С) Өскемен, Семей, Талдықорған

Д) Қостанай, Ақмола, Павлодар

Е) Жамбыл, Алматы

69. Қазақ хандығында би нені басқарған?

А) Ауылды

В) Ата-аймақты

С) Руды

Д) Арысты

Е) Ұлысты

70. Көкшетау округы қашан құрылды?

А) 1822 ж.

В) 1824 ж.

С) 1826 ж.

Д) 1831 ж.

Е) 1834 ж.

71. 1916 ж. Жетісуда революцияның ең ірі ошағы болған қала?

А) Лепсі

В) Жаркент

С) Қарқара

Д) Шамсы

Е) Қорам

72. 1959 жылы Қазақстан өнім өндіруден нешінші орында болды?

А) төртінші

В) алтыншы

С) үшінші

Д) бесінші

Е) бірінші

73. Экономикалық талаптармен қоса Семей ядролық полигонын жабу мәселесін көтерген?

А) Темиртау қозғалысы

- В) Ақмола ереуілі
- С) Алматы толқуы
- Д) Жаңа өзен толқуы
- Е) Қарағанды ереуілі

74. 1941 ж. қыркүйекте Полтава облысының Шумейково тоғайында ерлікпен қаза тапқан дивизия комиссары, қазақстандық?

- А) Л. А. Владимирский
- В) Е. П. Рыков
- С) А. С. Егоров
- Д) И. В. Карпов
- Е) Н. Наганов

75. Қазіргі Сайрам қаласы бұрынғы қандай қаланың орны?

- А) Сығанақ
- В) Яссы
- С) Баласағұн
- Д) Отырар
- Е) Исфиджаб

76. Еңбек құралдарын дөңгелек өзектастан жасау әдісі қай дәуірде кең тарайды?

- А) Қола дәуірі
- В) Неолит дәуірі
- С) Мезолит дәуірі
- Д) Мустьер дәуірі
- Е) Темір дәуірі

77. Буддизмді таратуда қандай тайпалар басты рөл атқарды?

- А) Найман
- В) Үйсін
- С) Оғыз
- Д) Соғды
- Е) Кидан

78. Баласағұнның «Құтты білік» дастаны қай жылы жазылды?

- А) 1069 ж.
- В) 1047 ж.
- С) 1186 ж.
- Д) 1236 ж.
- Е) 1305 ж.

79. Болат хан өлгеннен кейін, аға хандыққа таласқан қазақ хандары?

- А) Әбілхайыр мен Әбілмәмбет
- В) Семеке мен Әбілхайыр

- C) Семеке мен Әбілмәмбет
- D) Батыр мен тақыр
- E) Әбілхайыр мен Батыр

80. Ақ Ордада Орыс ханның немересі Барақтың билік еткен жылдары?

- A) 1414-1428 ж.ж.
- B) 1416-1428 ж.ж.
- C) 1419-1428 ж.ж.
- D) 1421-1428 ж.ж.
- E) 1423-1428 ж.ж.

81. Патша өкіметі қай өзеннің атын Орал деп өзгертті?

- A) Еділ
- B) Ембі
- C) Жайық
- D) Сағыз
- E) Ертіс

82. Сібір қырғыздарының орталығы қандай қала?

- A) Тобыл
- B) Қызылжар
- C) Орынбор
- D) Қызылорда
- E) Көкшетау

83. 1836 ж. Кенесарының ағасы Саржан қай ханның бұйрығымен өлтірілді?

- A) Қоқан ханы
- B) Хиуа ханы
- C) Бұқар әмірі
- D) Ресей патшасы
- E) Ноғай ханы

84. Әйелдер мен балалар қамқоршысы:

- A) Домалақ Ана
- B) Айша бибі
- C) Фатима Ана
- D) Бабаджа хатун
- E) Ұмай Ана

85. Ұлы Жібек жолымен алғашқы сауда байланысы қашан жасалған?

- A) б.з.б. III-II ғ.ғ.
- B) б.з.б. III-Y ғ.ғ.
- C) б.з.б. III-I ғ.ғ.

D) б.з.б. III-ҮІ ғ.ғ.

E) б.з.б. III-ІҮ ғ.ғ.

86. Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс кімнің ұрпақтары?

A) Қызыл Арыстан

B) Алшын

C) Үйсін

D) Болат

E) Қазақ

87. 1786 ж. Орынборда қандай комиссия құрылды?

A) Губерниялық

B) Округтық

C) Шекаралық

D) Земстволық

E) Ауылдық

88. Ү ғасырда жазылған деректерде қарлұқтарды қалай атаған?

A) Шігіл

B) Яньмо

C) Бұлақ

D) Ташлық

E) Басмыл

89. Исатай мен Махамбет бастаған көтерілісшілер жеңіліске ұшырған

Тастөбе шайқасы қашан болды?

A) 1835 ж. 10 маусым

B) 1838 15 қараша

C) 1839 ж. 22 қазан

D) 1837 15 қараша

E) 1836 19 желтоқсан

90. XVIIғ. 40 жылдары жазылған «Тарих-и-Әбілхайыр хани» еңбе-

гін кім жазды?

A) Әбілғазы Баһадүр

B) Әл-Жувейни

C) Әл-Хорезми

D) Усман Қухистани

E) Бабыр

91. «Шекпенді» қандай малдың жүнінен тоқыған.

A) Қозының жүні

B) Ешкінің түбіті

C) Қойдың жүні

D) Ботаның жүні

E) Түйенің жүні

92. Т. Чебуков қазақ хандығына қашан келді?

- A) 1573 жылы
- B) 1545 жылы
- C) 1557 жылы
- D) 1590 жылы
- E) 1562 жылы

93. Сібір ханы Көшімді «Жылнамалар жинағында» кімнің ұрпағы деп жазады?

- A) Жошы
- B) Шағатай
- C) Шайбани
- D) Ақсақ Темір
- E) Орда Ежен

94. Тәуке хан тұсында ел билігіне араласып, кейін Абылай ханның ақылшысы болған жырау кім?

- A) Үмбетей
- B) Бұқар
- C) Доспамбет
- D) Тәтіқара
- E) Қазтуған

95. 1954-1959 жылдары республикадан тың және тыңайған жерлерді игеруге қанша қаржы жұмсалды?

- A) 100 млн. сом
- B) 200 млн. сом
- C) 45 млрд. сом
- D) 13 млрд. сом
- E) 20 млрд. сом

96. 1927 ж. жарыққа шыққан қай шығармада 1916 ж. ұлт-азаттық, Ақпан, Қазан төңкерістері туралы баяндалады?

- A) «Жұмбақ жалау»
- B) «Қартқожа»
- C) «Өмір мен өлім»
- D) «Тар жол, тайғақ кешу»
- E) «Қилы заман»

97. Көшім хан көрші елдермен қарым-қатынаста болып отырған. Ол өзінің үлкен қызын кімге ұзатқан?

- A) Ноғай князіне
- B) Қазақ хандығына
- C) Қазан ханына
- D) Орыс патшасына

Е) Бұхар шейханасына

98. Орыс көпестері Павлодар жерінде не өндіре бастады?

А) Темір

В) Алтын

С) Тұз

Д) Көмір

Е) Мыс

99. Президенттің халқына Жолдауындағы өзекті сөздерді атаңыз?

А) Әлеуметтік, шындық, патриотизм, кәсіби мемлекет

В) Халықтың әл-ауқатын көтеру

С) Қоғамдық топтасу

Д) Экономикалық тұрақтылық

Е) Халықтың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, әл-ауқатының артуы

100. Республика халық шаруашылығының құлдырауы қашан басталды?

А) 1985 ж.

В) 1986 ж.

С) 1987 ж.

Д) 1990 ж.

Е) 1991 ж.

101. Қай кезеңде шаруашылық еңбек қалыптасып өнім өндіру шықты?

А) Палеолит

В) Мезолит

С) Неолит

Д) Қола

Е) Темір.

102. Үйсіндер қай мемлекетпен дипломатиялық-туыстық қатынаста болды?

А) Рим

В) Мидия

С) Қытай

Д) Византия

Е) Парфия

103. Қай жылы Калка өзені бойындағы шайқаста орыс-қыпшақ әскері жеңіліп, орыс жерінің оңтүстігі бағындырылды?

А) 1220 ж.

В) 1221 ж.

С) 1223 ж.

Д) 1224 ж.

Е) 1225 ж.

104. Билер мәжілісінде Кіші жүзді 3 ордаға бөліп, оның кеңесшісі етіп кімді сайлау туралы шешім қабылданды?

- А) Нұралы ханды
- В) Сырым батырды
- С) Айшуақ сұлтанды
- Д) Саржан сұлтанды
- Е) Жанқожа батырды

105. Е. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі қай жылдары болды?

- А) 1771-1775 ж.ж.
- В) 1773-1775 ж.ж.
- С) 1772-1775 ж.ж.
- Д) 1770-1775 ж.ж.
- Е) 1774-1777 ж.ж.

106. 1891 ж. 25 наурыздағы Ереже бойынша құрылған Дала генерал-губернаторлығына қандай облыстар кірді?

- А) Ақмола, Семей, Жетісу
- В) Орал, Торғай, Қарқаралы
- С) Түркістан, Омбы, Сырдария
- Д) Орынбор, Қапал, Верный
- Е) Қызылжар, Тараз, Орал

107. 1905 ж. Қарқаралыдағы өкіметке қарсы ереуілді кім ұйымдастырды?

- А) М. Дулатов
- В) А. Байтұрсынов
- С) Ы. Алтынсарин
- Д) М. Тынышбаев
- Е) М. Шоқай

108. 1906 ж. іске қосылған темір жолды атаңыз?

- А) Сібір темір жолы
- В) Ташкент-Орынбор темір жолы
- С) Орал-Омбы темір жолы
- Д) Қарағанды — Пішпек темір жолы
- Е) Ақмола-Қызылжар темір жолы

109. Жоңғар мемлекеті толық талқандалып, жойылған жыл?

- А) 1756 ж.
- В) 1757 ж.
- С) 1758 ж.
- Д) 1759 ж.
- Е) 1760 ж.

110. Ұлы жүз қай атадан тарайды?

- A) Ақарыс
- B) Бекарыс
- C) Жанарыс
- D) Үйсін
- E) Алшын

111. Кіші жүздегі Исатай мен Махамбет бастаған шаруалар көтерілісінің жылдары?

- A) 1836-1847 ж.ж.
- B) 1836-1838 ж.ж.
- C) 1836-1845 ж.ж.
- D) 1836-1842 ж.ж.
- E) 1836-1839 ж.ж.

112. Алашорданы тарату туралы шешім қашан қабылданды?

- A) 1919 ж. 21 тамызда
- B) 1920 ж. 9 наурызда
- C) 1921 ж. 30 шілдеде
- D) 1922 ж. 15 ақпанда
- E) 1923 ж. 29 қарашада

113. «Қазақстанның көне заманнан бергі тарихы» еңбегінің авторы кім?

- A) С. Асфендияров
- B) Е. Бекмаханов
- C) М. Қозыбаев
- D) Қ. Жұбанов
- E) А. Байтұрсынов

114. Қарағандылық ұшқыш Н. Әбдіров қандай ерлік жасады?

- A) Ұшағын жау танкілеріне шоғырына құлатты
- B) Жаудың автомашинасын жойды
- C) Неміс траншеясына бірінші болып кірді
- D) Жау бөлімінің штабын жойды
- E) Неміс солдаттарын өлтірді

115. Президенттің Жолдауы бойынша Республикада макроэкономиканы тұрақтандыру үшін не істеу қажет?

- A) Бағаны босату
- B) Мемлекеттік бюджеттің тапшылығын қысқарту, қатал монетарлық және несие саясатын жүргізу
- C) Кедендік істерді реттеу
- D) Салық саясатын реформалау
- E) Салық полициясын құру

116. Билердің қызметі қандай болды?

- A) Белгілі бір заңдық өкілеттігі жоқ, жасына, байлығына, еңбегіне қарай құрметке бөленген адамдар
- B) Жасақты бастаушы қолбасшылар, кәсіби әскери адамдар, жаумен жекпе-жекке шығатын ержүрек адамдар
- C) Ру, тайпа басшылары, заң ілімін меңгеріп, сот қызметін атқарушылар, әскери билік жүргізушілер
- D) Ұлыс билеушісі, хан үшін міндеткерлік атқарудан босатылып, хан болып сайлануға құқылы адамдар
- E) Азаматтық, әкімшілік, соттық, әскери билікті қолына жинақтаған мемлекет басшысы.

117. Үш жүздің құрамына қанша ру-тайпа енген?

- A) 60
- B) 80
- C) 100
- D) 112
- E) 216

118. Қазақ АКСР-ы Одақтас республика болып қашан құрылды?

- A) 1936 ж. наурыз
- B) 1936 ж. шілде
- C) 1936 ж. қыркүйек
- D) 1936 ж. қараша
- E) 1936 ж. желтоқсан

119. Қазақ халқының қалыптасуының бірінші кезеңі-

- A) Б.з.б. IV — б.з.V ғ.ғ.
- B) Б.з.б. V — б.з.V ғ.ғ.
- C) Б.з.б. VI — б.з.V ғ.ғ.
- D) Б.з.б. VII — б.з.V ғ.ғ.
- E) Б.з.б. VIII — б.з.V ғ.ғ.

120. XVII ғ. Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы сауда айналымындағы ақша түрі:

- A) Күміс жалатылған мыс дирхемдер
- B) Мыс фильстер
- C) Алтын динарлар
- D) Соғды теңгелері
- E) Мыс кесектер

121. Шығыс Дешті Қыпшақ жерінде XIII-XV ғасырдың басында өмір сүрген мемлекетті атаңыз?

- A) Алтын Орда
- B) Моғолстан

- C) Әбілхайыр хандығы
- D) Ақ Орда
- E) Ноғай Ордасы

122. Тербеліп тұратын мұнаралары бар қандай қала?

- A) Созақ
- B) Сығанак
- C) Сауран
- D) Аркөк
- E) Аққорған

123. Атырау облыстық мемлекеттік қорғаныс комитеті соғыс жағдайын қашан енгізді?

- A) 1942 ж. 1 қыркүйек
- B) 1942 ж. 15 қыркүйек
- C) 1942 ж. 10 қыркүйек
- D) 1942 ж. 19 қыркүйек
- E) 1942 ж. 28 қыркүйек

124. Сібір хандығының территориясы —

- A) Алтай, Енисей маңы
- B) Орталық Ресей, Шығыс Сібір
- C) Батыс Сібір, Оңтүстік орал, Солтүстік Қазақстан
- D) Каспий, Арал, Жайық бойы
- E) Ертіс, Тобыл, Енисей бойы

125. XX ғ. 70-80 ж.ж. тұрмыс деңгейінің құлдырау себептерін атаңыз?

- A) Қоғамдық меншіктің үстемдегі
- B) Әлеуметтік саланы дамытудағы қалдықты ұстанымның сақталуы
- C) Ақы төлеудегі теңгермешілік
- D) Тауар сапасының төмендеуі
- E) Барлығы дұрыс

126. Тік жүретін адам қай дәуірде өмір сүрді?

- A) Ежелгі палеолит
- B) Мезолит
- C) Мустьер
- D) Неолит
- E) Кейінгі палеолит.

127. Сақ әйелдерінің қандай құқығы болған?

- A) Халық жиналысына қатысуға
- B) Алыс жайылымдарға ерлермен бірге кетуге
- C) Бала тәрбиелеуге
- D) Отбасын билеуге

Е) Ерлермен бірге соғысу құқығы

128. Орта ғасырдағы «саудагерлер қаласы»?

А) Тараз

В) Шаш

С) Отырар

Д) Суяб

Е) Сауран

129. Отырар қаласы қашан қайта қалпына келтірілді?

А) XII ғ.

В) XIII ғ.

С) IX ғ.

Д) XIV ғ.

Е) XV ғ.

130. Орта ғасырларда қағанаттардың негізінен егіншілікпен айналысқан орталықтары?

А) Ертіс, Жайық

В) Шу, Талас

С) Есіл, Тобыл

Д) Сырдария, Амудария

Е) Сілеті, Алакөл

131. Ресей императрицасы Анна Иоанновна Кіші Жүзді Ресей құрамына қабылдау жөніндегі елшілікті қашан қабылдады?

А) 1730 ж. 13 қыркүйекте

В) 1730 ж. 19 ақпанда

С) 1731 ж. 19 ақпанда

Д) 1731 ж. 15 наурызда

Е) 1731 ж. 17 қаңтарда

132. 1867-1868 ж.ж. құрылған генерал-губернаторлықты атаңыз?

А) Орал, Сібір, Жетісу

В) Жетісу, Орынбор, Омбы

С) Орынбор, Батыс Сібір, Түркістан

Д) Сырдария, Семей, Ақмола

Е) Тобыл, Орал

133. 1891 ж. Ереже бойынша облыстар қандай әкімшілік жүйеге бөлінді?

А) Округтерге

В) Уездерге

С) Болыстарға

Д) Ауылдарға

Е) Генерал-губернаторлыққа

134. Сібір хандығында ортаазиялық дінбасылары қандай дін тартты?

- A) Будда діні
- B) Ислам діні
- C) Христиан діні
- D) Каголик діні
- E) Манихейлік дін

135. Қостілділік және ана тілін оқыту әдігемесінің авторы кім?

- A) Ж. Аймауытов
- B) А. Байтұрсынов
- C) Ә. Бекейханов
- D) Қ. Сәтбаев
- E) С. Сейфуллин

136. Тәуекел хан қазақ жерін сақтау мақсатында қай елге 1594 жылы елшілігін жіберді?

- A) Хорезмге
- B) Үргенішке
- C) Хиуаға
- D) Тоқмаққа
- E) Мәскеуге

137. Қарағанды кеншілерінің ереуілі қашан болды?

- A) 1986 ж. желтоқсан
- B) 1987 ж. шілде
- C) 1989 ж. маусым
- D) 1989 ж. шілде
- E) 1990ж. қыркүйек

138. Орал облысы ақ гвардияшылардан қашан толық азат етілді?

- A) 1917 ж. қараша
- B) 1918 ж. басы
- C) 1918 ж. ортасы
- D) 1919 ж. басы
- E) 1919 ж. соңы

139. Көшімді Сібір жерінде кімдер қолдап отырды?

- A) Шыңғыс хан ұрпақтары
- B) Ноғай хандығы
- C) Дінбасылар мен саудагерлер
- D) Сұлтандар мен ақсүйектер
- E) Қарапайым рулар

140. Ока жағасында, Серпухов түбіндегі Воронино қыстағындағы шайқаста 13 фашистің көзін жойып, өзі де ерлікпен қаза тапқан батыр?

- A) Т. Тоқтаров
- B) М. Ғабдуллин
- C) Д. Шыныбеков
- D) Р. Амангелдиев
- E) Ә. Молдағұлова

141. 1991 ж. экономикалық дағдарыс нәтижесінде еңбек өнімділігі қаншаға төмендеді?

- A) 25 %
- B) 22,4 %
- C) 16 %
- D) 10,2 %
- E) 8,7 %

142. ТЖМК демократияны қолдаған қандай газеттердің басылуына тыйым салды?

- A) «Известия КПСС»
- B) «Московские новости»
- C) «Аргументы и факты»
- D) «Труд»
- E) «Правда»

143. Әбілхайырдың билік еткен жылдары?

- A) 1414-1442 ж.
- B) 1418-1438 ж.
- C) 1428-1458 ж.
- D) 1420-1448 ж.
- E) 1428-1468 ж.

144. Қазақ жерінде ең көп аумақты иеленген жүз?

- A) Орта жүз
- B) Кіші жүз
- C) Ұлы жүз
- D) Бөкей Ордасы
- E) Үш жүздің жерлерінің аумағы бірдей

145. Кенесарыны және оның Қоқанға қарсы күресін қолдаған Ұлы жүз батырлары?

- A) Тайшыбек, Саурық, Сұраншы
- B) Ағыбай, Бөгембай, Наурызбай
- C) Жедібай, Иман, Жоламан
- D) Қаташ, Сұраншы, Бұғыбай
- E) Наурызбай, Қабанбай, Бопай

146. 1822 ж. Жарғы бойынша округ қанша болыстан тұрды?

- A) 15-20 болыс

- В) 10-12 болыс
- С) 50-70 болыс
- Д) 100 болыс
- Е) 100-150 болыс

147. Алғаш рет Кеңес Одағының Батыры аталған қазақстандық кім?

- А) А. Семенченко
- В) И. Панфилов
- С) П. Вихрев
- Д) Н. Әбдіров
- Е) Т. Тоқтаров

148. 1967 ж. совхоздардың толық шаруашылық есепке көшуінің нәтижелері?

- А) Совхоздардың жауапкершілігі артты
- В) Ауыл шаруашылық өнімдерін өндірудің өзіндік құны төмендеді
- С) Шаруашылық басшыларының құқығы кеңейтілді
- Д) Ауыл шаруашылығы өнімі артты
- Е) Барлығы дұрыс

149. Керей мемлекеті қашан құлады?

- А) 1203 ж.
- В) 1211 ж.
- С) 1218 ж.
- Д) 1219 ж.
- Е) 1221 ж.

150. Қазақстанда 30 қыркүйек қандай күн деп аталады?

- А) Ұлттық бірлік күні
- В) Мемлекеттік тілдер күні
- С) Демократиялық жаңару күні
- Д) Конституция күні
- Е) Ұлттық аза күні

151. Андроновтықтар үшін ең қасиетті орын не болып есептелді?

- А) Төр
- В) Босаға
- С) Ошақ
- Д) Діңгек
- Е) Шаңырақ

152. Шыңғыс ханның Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алуы қашан болды?

- А) 1212-1215 ж.ж.
- В) 1214-1220 ж.ж.

- C) 1219-1224 ж.ж.
- D) 1222-1227 ж.ж.
- E) 1220-1225 ж.ж.

153. Ғұн түркілердің арғы атасы деп тұжырым жасаған қазақ зиялысы кім?

- A) Ш. Уәлиханов
- B) М. Қозыбаев
- C) Ә. Марғұлан
- D) М. Жұмабаев
- E) С. Асфендияров

154. Моғолстан мемлекетінің астанасы?

- A) Баласағұн
- B) Алмалық
- C) Сауран
- D) Сайрам
- E) Отырар

155. Сырым Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі қай жылдары болды?

- A) 1775-1778 ж.ж.
- B) 1782-1788 ж.ж.
- C) 1785-1798 ж.ж.
- D) 1783-1797 ж.ж.
- E) 1786- 1798 ж.ж.

156. Абылай қайтыс болғаннан кейін 1781 ж. оның орнына хан болған баласы?

- A) Уәли
- B) Қасым
- C) Әбілпейіз
- D) Есенгелді
- E) Бөкей

157. XIX ғ. соңындағы Түркістан өлкесінің орталығы?

- A) Түркістан
- B) Верный
- C) Ташкент
- D) Ақмешіт
- E) Қапал

158. Қырғыз (Қазақ) АКСР-і Орталық Атқару комитетінің төрағасы кім?

- A) В. А. Радус-Зенькович
- B) М. Сералин

- C) С. Пестковский
- D) С. Мендешев
- E) М. Тұнғаншин

159. Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызы?

- A) Партиялық басшылық қателігін түзетті
- B) Қоғамдағы экономикалық дағдарыс жойылды
- C) Қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылуына жол ашты
- D) Саяси және әлеуметтік өмірдегі қайшылықтар шешілді
- E) Г. В. Колбин республика басшылығы қызметінен алынды

160. «Сібір қырғыздарының жарғысы» қашан шықты?

- A) 1822 ж.
- B) 1824 ж.
- C) 1825 ж.
- D) 1828 ж.
- E) 1812 ж.

161. XX ғ. 30 жылдары тоталитарлық, казармалық жүйені енгізген қайраткер кім?

- A) И. В. Сталин
- B) Н. С. Хрущев
- C) В. И. Ленин
- D) М. Троцкий
- E) Ф. И. Голощекин

162. Ресейдің Батыс Сібірді өзіне қаратып алудағы мақсаты неде?

- A) Қазақ жерлерін тартып алу
- B) Қазақ даласы арқылы Орта Азиямен сауданы дамыту
- C) Табиғи қазбаларды зерттеп, тасымалдау
- D) Ресейді Орта Азиямен байланыстыратын темір жол салу
- E) Берілген жауаптардың бәрі дұрыс

163. Қазақ ауылдарын жаппай электрлендіру жорығы қашан басталды?

- A) 1946 ж.
- B) 1948 ж.
- C) 1950 ж.
- D) 1954 ж.
- E) 1960 ж.

164. «Асыл сүйектерге» кімдер жатады?

- A) Ақсақалдар, әскербасылары
- B) Уәзір, саудагерлер
- C) Батыр, сұлтандар
- D) Билер, байлар

Е) Мұсылман дін басылары мен Шыңғыс ұрпақтары

165. Орта ғасырда қандай қаладағы жәрменкелерде айырбас сауда болған?

- A) Қашғар, Сауран
- B) Алмалық, Жаңакент
- C) Тараз, Баласағұн
- D) Суяб, Қоянды
- E) Исфиджаб, Отырар

166. XX ғ. 80-жылдардағы қазақ әдебиетінің өкілдерін атаңыз?

- A) Т. Ахтанов, І. Есенберлин
- B) М. Әуезов, Ә. Тәжібаев
- C) Т. Жароков, Е. Мұстафин
- D) О. Сүлейменов, Ж. Саин
- E) Қ. Мырзалиев, С. Мұқанов

167. ХУІІІ ғ. Қазақ хандығына солтүстіктен қауіп төндірген кімдер?

- A) Башқұрттар
- B) Сібір казактары
- C) Қокан хандығы
- D) Жоңғария
- E) Қытай

168. Қазақ жеріндегі тұңғыш сауда жәрменкесі Кіші Орда ставкасында қай жылы ашылды?

- A) 1820 ж.
- B) 1821 ж.
- C) 1822 ж.
- D) 1835 ж.
- E) 1848 ж.

169. 1821 ж. Орта Азия хандықтарына қарсы Ұлы Жүздегі қазақ шаруаларының көтерілісін кім басқарды?

- A) Жоламан Тіленшіұлы
- B) Жаңқожа Нұрмұхамедұлы
- C) Есет батыр
- D) Тентектөре батыр
- E) Сүйік Абылайханұлы

170. Сығанақ қай хандықтың астанасы?

- A) Ақ Орда
- B) Моғолстан
- C) Ноғай Ордасы
- D) Сібір хандығы
- E) Алтын Орда

171. Батыс Сібір ханы Махмуд Қожаны Әбілхайыр қашан өлтірді?

- A) 1428 ж.
- B) 1430 ж.
- C) 1446 ж.
- D) 1457 ж.
- E) 1468 ж.

172. XX ғ. 80-ж. басындағы саяси саладағы дағдарыстық белгіні анықтаңыз?

- A) Тауар зәрулігі
- B) Шаруашылықты жүргізудің шығындық тәсілі?
- C) Партиялық және мемлекеттік функциялардың бірігуі мен төрешілденуі
- D) Тұрмыс деңгейінің нашарлауы
- E) Материалдық игіліктерді бөлудегі теңгерменшілдік.

173. Жылқының пірін атаңыз:

- A) Шопан Ата
- B) Диқан Баба
- C) Ойсыл Қара
- D) Қамбар Ата
- E) Зеңгі Баба

174. 1979 жылы Ақмола қаласында жастардың шеруге шығуына не себеп болды?

- A) Елдің экономикалық жағдайы
- B) Экологиялық мәселелер
- C) Неміс автономиясын құру
- D) Тіл мен мәдениеттің төмендеуі
- E) Ұлтаралық қақтығыс

175. Каспий алабына соғыс жағдайы қашан енгізілді?

- A) 1941 ж. күз
- B) 1941 ж. қыс
- C) 1943 ж. күз
- D) 1942 ж. жаз
- E) 1944 ж. күз

МАЗМҰНЫ

1-тақырып. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА КІРІСПЕ. «ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» КУРСЫНЫҢ ПӘНІ, МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	1
1. Қазақстан тарихы бойынша дәрістің негізгі мақсаты мен міндеттері.....	4
2. Қазақстан тарихын дәуірлеу.....	5
3. Қазақстан тарихының аса маңызды мәселелері.....	10
2-тақырып. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ТАРИХЫ. ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ЕРТЕ ДӘУІР	17
1. Қазақстан территориясындағы ерте дәуір.....	17
2. Қола дәуірі (б.з.б. XVIII-IX ғғ.).....	21
3. Қазақстан территориясындағы тайпалар одақтары мен ежелгі мемлекеттер: сақтар, үйсіндер, қаңлылар, ғұндар.....	26
3-тақырып. ЕРТЕ ЖӘНЕ ДАМЫҒАН ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР (VI-XIII ҒҒ. БАСЫ).....	46
1. Түрік және Батыс түрік қағанаттары.....	46
2. Түргештер. Қарлықтар.....	52
3. Оғыз мемлекеті.....	53
4. Қымақтар мен қыпшақтар мемлекеттері.....	54
5. Найман атты тайпалар одағы.....	57
6. Қарахандар мемлекеті. Қидандар.....	58
7. Қытшақ хандығы (XI-ғасырдың басы-1219 жыл).....	59
4-тақырып. ҚАЗАҚСТАН МОҢҒОЛ ЖАУЛАУШЫЛЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕ (XIII Ғ.). АЛТЫН ОРДА (1243 Ж. — XV Ғ. ОРТАСЫ). XIV-XV ҒҒ. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕР.....	63
1. Шыңғысханның Қазақстан мен Орта Азия территорияларын жаулауы. Ұлыстардың құрылуы.....	63
2. Алтын Орда (1243 ж. — XV ғ. ортасы).....	67
3. XIV-XV ғғ. Ортағасырлық мемлекеттер.....	68
5-тақырып. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ. «ҚАЗАҚ» ЭТНОНИМІ. ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІ.....	77
1. Қазақ халқының құрылуы.....	77
2. «Қазақ» этнонимі.....	86
3. Қазақ жүздері.....	89
6-тақырып. XV–XVIII ғасырдың БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ	95
1. Қазақ хандығының құрылуы және нығайуы.....	95
2. XVI ғ. екінші жартысындағы Қазақ хандығы.....	98

3. XVII ғ. мен XVIII ғ. басындағы Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық және саяси хал-ахуалы	99
7-тақырып. ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙ ЖАҢА ЗАМАН ЖАҒДАЙЫНДА. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТАРШЫЛДЫҚ ДӘУІРДІҢ БАСТАЛУЫ.....	103
1. XVII-XVIII ғғ. басындағы қазақ-жоңғар соғыстары. «Ақтабан шұбырынды ...» жылдары	103
2. Қазақстанның Ресейге бодандыққа түсуінің экономикалық және саяси алғы-шарттары.....	109
3. Қазақ жүздерінің Ресей бодандығын қабылдауы. Қазақстандағы Ресей патшалығының отаршылдық саясатының басталуы.....	113
4. Қазақ халқының халық-азаттық қозғалыстары (1731-1837 жж.)	117
8-тақырып XIX-XX ғғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ДАМУЫ	123
1. XIX-XX ғғ. басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы	123
2. 1905-1907 жж. орыс революциясы және оның Қазақстанға тигізген әсері	126
3. Халық азаттық қозғалыстағы қазақ интеллигенциясының ролі....	128
4. 1917 ж. Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңіндегі Қазақстан.....	128
9-тақырып. ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ (XVIII-XX ҒҒ. БАСЫ)	132
1. Қазақстандағы халық білімін дамыту	132
2. Өлкені ғылыми зерттеу және Қазақстан ғылымы	137
3. Қазақтың жазба әдебиеті.....	145
4. Қазақ халқының саз өнерінің мұралары.....	148
5. Қазақтардың материалдық мәдениеті	152
10-тақырып. 1917 ж. ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ. АЗАМАТ СОҒЫСЫ. ХАЛЫҚ ҚАСІРЕТІ.....	161
1. 1917 ж. Қазан төңкерісі. Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы және оның ерекшеліктері	161
2. Қазақ өлкесіндегі саяси-әлеуметтік хал-ахуал	162
3. Қазақстан Азамат соғысы жылдарында (1918-1920 жж.).....	164
11-тақырып. ӨЛКЕДЕГІ КЕҢЕСТІК МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ ҚҰРЫЛУЫ: АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУ — ҚАЗАҚСТАН ШАРУАЛАРЫНЫҢ ҚАСІРЕТІ. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ: СИПАТЫ, ҚАРҚЫНЫ, МАШТАБЫ	167
1. Қазақстандағы ЖЭС кезеңі.....	167
2. 1926-1940 жж. Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру.....	173

3. 1920-1930 жж. Қазақстандағы мәдени құрылыстар. Сталиндік тоталитарлық тәртіптің жаппай қуғын-сүргіні	178
12-тақырып ҚАЗАҚСТАН 1941-1945 жж. ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ КЕЗЕҢІНДЕ. ҚАЗАҚСТАН СОҒЫСТАН KEЙІНГІ ЖЫЛДАРДА (1946-1953 жж.).....	185
1. Соғыстың басталуы мен сипаты	185
2. Қазақстанды соғыс жағдайына байланысты қайта құру.....	187
3. Ұлы Отан соғысы майдандарындағы қазақстандықтар	188
4. Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946-1953 жж.).....	196
13-тақырып ҚАЗАҚСТАН «ХРУЩЕВ ДЕКАДАСЫ» ЖЫЛДАРЫНДА (1953-1964 жж.). ҚАЗАҚСТАН 1960 ж. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН 1980 ж. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДА	205
1. XX ғ. 50-60 жж. Қазақстанның қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайы.....	205
2. XX ғ. 70-80 жж. Қазақстан дамуындағы қарама қайшылықтар мен қиыншылықтар	217
14-тақырып ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ҚАЙТА ҚҰРУ» САЯСАТЫ (1985-1991 жж.)	228
1. КОКП ОК 1985 ж. Сәуір Пленумы. Горбачевтік қайта құру: мәні мен негізгі кезеңдері	228
2. 1986 ж. Қазақстандағы Желтоқсан оқиғасы: себептері, сипаты мен салдарлары.....	232
3. Кеңестік саяси жүйені реформалау. «Тіл туралы заң». «1990 ж. Мемлекеттік егеменділік туралы Декларация». Қоғамдық-саяси партиялар мен қозғалыстардың дамуы.....	235
15-тақырып. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, РУХАНИ ДАМУЫ. СЫРТҚЫ САЯСАТЫ.....	237
1. КСРО-ның ыдырауы және егеменді тәуелсіз мемлекеттердің орнығуы	237
2. Қазіргі Қазақстанның дамуындағы жаңа экономикалық тенденциялар.....	239
3. Жаңа саяси партиялар мен қозғалыстардың құрылуы.....	241
4. Қазақстан Республикасының ішкі саясаты: экономикалық, қоғамдық — саяси, рухани дамуы	241
5. Қазақстанның қазіргі кезеңдегі сыртқы саясаты	246
ТЕСТТЕР	251

Манан Ерсайынұлы Уалиев

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Дәрістер курсы

Техникалық редакторы: *С. М. Әубәкірова*

Редакторы: Ә. Д. Тұрғанбеков

Теруге 12.03.2012 ж. тапсырылды. Басуға 28.05.2012 ж. қол қойылды.

Шартты баспатабағы 16,4. Есепті баспатабғы 15.

Қалыбы 60×84 ¹/₁₆. Офсеттік баспа. Бумаға офсетті қағаз.

Таралымы 100 дана. Тапсырыс № 1680. Бағасы келісімді.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы

Қарағанды академиясының ғылыми-зерттеу

және редакциялық-баспа жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы

Қарағанды академиясының 2012 жылғы ведомстволық әдебиеттер

басып шығару тақырыптық жоспарының № 41 позициясы.

Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек Бейсенов атындағы

Қарағанды академиясының баспаханасында басылды

Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 124